«Коммуникация каналдарының дамуы, ақпараттың жеткізілуі мен оны қабылдау үрдісінің жаңа деңгейге көтерілуі әлемдік эволюцияның жаңа сатысына алып келді. Бұл саты ақпараттық қоғамды «smart society», яғни смарт қоғамға трансформацияландырды. Осы шешім қазіргі таңда халықаралық деңгейде қарастырыла отырып, заманауи әлемге ең жақын стратегия ретінде танылып отыр» [4, 18 б.].

Смарт қоғамның басты ерекшелігі – адам факторының өте жоғары бағалануы болуы тиіс. Қоғамның жаңа қарқында дамуы адамға өзінің тұлғалық қасиеттерін дамытуына,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

бойындағы адамгершілік қасиеттерін бекем ұстануына, тең жағдайда білім алуына және бақытты болуына қажетті барлық мүмкіншілік жасайды. Мұндай қоғамда технологиялар ақпарат пен білімге сүйене отырып, адамдарға тәжірибесімен бөлісуге және таным үрдісіне барынша ашық болуына көмек береді. Бұл іс-әрекеттер ауыр еңбекті, ақылды іс-әрекетке айналдыра отырып, басқару нышанына әлдеқайда инновациялық өзгерістер қалыптастырады. Осының нәтижесінде смарт қоғам тұрғындары шығармашылық ой-қорытуға, ой-талқылау шеңберінің кеңдігіне қол жеткізе алады. Қоғамдағы басты құндылық – адам және оның адамгершілік құндылықтары екенін естен шығармау қажет. Смарт қоғам мәселесімен айналысып жүрген ғалымдар кейбір қоғамдардың осы ұстанымды естен шығарғаны туралы дұрыс айтып жүр. Техника мен технологиялар қаншама жақсы дамығанымен, смарт ортада өмір сүретін басты объект – адам екендігін ұмытпау керек.

Креативтілікке және интеллектуалды парасатқа ие кадрларды дайындау қазіргі таңда басты мәселелердің біріне айналып отыр. Смарт қоғам – адам өмірінің жаңа сапасы. Бұндай қоғамда арнайы дайындығы бар адамдардың техникалық құралдарды, ақпаратты-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып жасайтын қызметі арқылы субъектілер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға болады. Мұндай өзгерістер қоғамдық өмірде жаңа нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Смарт қоғамды қоғамдық дамудың ақпараттық қоғамнан кейінгі келесі сатысы деп сипаттауға болады. Смарт қоғам идеясының негізінде ақпаратты-коммуникативті технологиялардың адам өмірінің барлық аспектілерін жақсартуға бағытталғанын байқауға болады. Бұл саясат әлем бойынша интернет лидер АҚШ үшін эталон. Сонымен қатар, мынадай дамыған мемлекеттерді де атап өтуге болады: Корея, Еуропа елдері, Жапония. Смарт қоғамның қалыптасуы бірте-бірте жаһандық үрдіске айналуда» [5]. Өркениет биігіне ұмтылған дамыған елдерде «ақылды» қалалар қалыптастыру бүгінде әлемдік құбылысқа айналған. Бұл үрдісті ұстанған елдердің басты мақсаты қалалардың тұрмыстық қызмет көрсету деңгейін барынша дамыту арқылы тұрғындардың өмір сүру дәрежесін биік деңгейге көтеру болып табылады. «Ақылды» қалалар қатарына экономикалық, экологиялық және әлеуметтік деңгейлері тұрақты, қызмет көрсету инфрақұрылымы дамыған қалалар жатады. Өз кезегінде «ақылды» қала жобасына қосылған қалаларға дарынды мамандар және заманауи инновациялар көптеп тартылады.

Статистикалық мәліметтер бойынша, әлемде бүгінгі күні смарт-қалалардың 150-ден астам жобасы бар – Токио, Монако, Лондон, Торонто, Нью-Йорк, Берлин, Вена, Копенгаген... Олардың қатарына жақын арада Астана да қосылады. Смарт қоғам идеясы алдына биік мақсаттар қойған Қазақстан үшін аса маңызды. 2011 жылы Қазақстанда Смарт Астана жобасы басталды. Бұл жоба бойынша Астана мықты дамушы қаладан қала өмірінде соңғы инновациялық жаңалықтар табысты қолданылып отырған «ақылды» қалаға айналуы тиіс. Бұл өзгерістердің нәтижесінде «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтетін 2017 жылы Астана қарапайым қалалықтар үшін қауіпсіз, ұтқыр, эргономді және жайлы қалаға айналады. Смарт Астана жобасының «Жол картасын» жасау және іс жүзіне асыру жұмыстарына кеңесші ретінде дүние жүзіне кеңінен танымал Pricewater house Coopers (PwC) компаниясы тартылды. Бұл компания дүние жүзінде Smart City жобаларын жүзеге асыруда жоғары кәсіби деңгейдегі консалтингтік және аудиттік қызмет көрсетеді. Компания әлемдегі аудиттік компаниялардың «үлкен төрттігінің» құрамына кіреді және әлемнің 158



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

мемлекетінің 180 мың маманын біріктіреді. Бұл компанияның алғашқы жобалары табысты жүзеге асыра бастады [6].

Бірақ смарт-қалалар мен смарт қоғамдардың қазіргі заманғы жобаларының маңызды кемшілігі бар: смарт-қалалар көбіне смарт-технологиялар ретінде түсініледі де, бұл смарт қоғамда өмір сүріп отырған адамдар ұмыт болады. Шындығында, мәңгілік, адамгершіліктік, мығым құндылықтарды ешқашан да басқа бірдеңелермен алмастыру мүмкін емес, смарт қоғам дегеніміз – ең әуелі онда өмір сүріп отырған адамдар. Бұл сұрақ Қазақстан қоғамының жас ұрпағына ерекше қатысты. Осы ой смарт қоғам идеясының негізінде еліміздің жоғары білім жүйесінің үздігі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде іске қосылған «Al-Farabi university – smart city» атты ғылыми-инновациялық жобасының басты ұстанымы.

Университет ректоры, академик Ғ.М.Мұтанов ұсынған бұл жоба ұлы ойшыл

Әбу Нәсір әл-Фарабидің ізгілік қаласы туралы іліміне негізделген. Қазіргі заман талаптарына сай университеттің жаңа формациясын құру мақсатында жасалған жоба бойынша технологиялық және рухани-ізгіліктік ұстанымдардың синергизмінің негізінде қоғам дамуының инновациялық жолдарын жоғары оқу орнының қабырғасында қалыптастыру міндеті қойылды және ол біртіндеп жүзеге асырылуда [7, 206 б.]. Әл-Фарабидің философиялық ілімінде «қала» түсінігі біріккен ортаны, қоғамды немесе мемлекетті сипаттайды. Өз трактаттарында Әл-Фараби ізгілік қаласы деп мінездеме берген қала – әділетті және игілікті. Оның ең негізгі сипаты – *әмбебап рухани құндылықтар мен жақсы өмір жағдайының ажырамас тұтастығы*.

Осы идеяға сараптама жасай отырып, оның қазіргі заманмен тығыз байланысын байқаймыз. Мұндай қоғамда өмір сүрген адам ең негізгі ізгілік – *бақытқа* жете алады. Бақыт – әл-Фараби философиясының басты категориясы. Шынайы бақытқа жеткізетін жол әлем туралы дұрыс метафизикалық бейне қалыптастыру арқылы ашылады. Өзін-өзі білімге жетелеген және мінез-пейілін жақсы жаққа бұрған адам шынайы бақытты. Осындай бақытты қоғамға жету жолында әл-Фараби ең алдымен *қала басшысының* рөлін атап көрсетеді. Сондықтан да түркі ғұламасының басшы туралы ілімі ақтық нәтижеге бағытталған басқару тәсілінің негізі ретінде алынды. Смарт қала құрылымының әрбір жетекшісі қала басшысының әл-Фараби айтқан он екі қасиетіне ие болуы тиіс. Олардың қатарында денсаулық, есте сақтау қабілеті, танымға құштарлық, шешен сөйлеу білу, әділеттілік, батылдық секілді қазіргі заман басшысына аса қажет қасиеттер бар. Осындай қасиеттерге сай басшы ғана өз ұжымын жақсы нәтижелерге жетелей алады және университет құрылымдары басшыларының басым бөлігі осы талаптарға сай деуімізге болады.

Әл-Фарабидің ізгілік қаласы іліміне қатысты атап көрсететін тағы бір мәселе – университет қызметінің екі құрамдас бөлігі – *технологиялық және рухани-адамгершілік платформа* қатар дамып отыр. «Ақылды университет» тұрғындарының, ең алдымен студенттердің жайлы өмірін өмірін қамтамасыз ететін смарт-кітапхана, смарт-кампус, смарт-корпоративтік желі, студенттерге қызмет көрсететін орталық – «Керемет», технопарк, бизнес-инкубатор, жүзу бассейні және тағы басқа ақылды жүйелер іске қосылды. Жақында «Жасыл технологиялар Орталығы» де «ақылды қала» тұрғындарына есігін айқара ашпақ. Яғни, «ақылды қаланың» ғылыми-технологиялық платформасы қалыптасты. Бірақ, жоғарыда айтып кеткеніміздей, ол рухани-адамгершілік платформасымен ұштаспаса, ақтық нәтижелер жеміссіз болып шығады. Сондықтан да университетімізде оқытушылар мен студенттердің арнамыс кодексіне негізделген жаңа корпоративтік идеология, студенттерді тәрбиелеудің жаңа





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

сапасына жетуді көздеген әлеуметтік жобалар – «Айналанды нұрландыр!» «100 кітап», «Саламатты өмір салты», «Green Campus» және т.б. жобалар енгізілді. Бүгінгі күні бұл жобалар өздерінің жағымды нәтижесін беріп отыр деп айта аламыз. Студенттеріміздің рухани келбеті мүлдем өзгерді, өздерінің өмірлік мақсаттарын анықтап, терең түсінуге ұмтылған жаңа ұрпақ университетімізде қалыптасып келеді. Яғни, Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген қағидаты біздің ең басты ұстанымымыз болып отыр

Әл-Фарабидің ізгілік іліміне негізделген смарт университет – интеллектуалды ұлт қалыптастырудың сенімді кепілі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сияқты университеттер смарт қалалардың негізі бола отырып, болашақта смарт Қазақстанды қалыптастырады. 2017 жылдың 31 қаңтарында жарияланған Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанды Үшінші жаңғырту міндетін қойып, елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет деп, негізгі бес басымдықты ұсынды және оның төртіншісі – адам капиталын құру [8]. Бұл идея қазіргі заманғы технологиялар жаңа экономиканы және өз азаматтарының өмірінің жаңа сапасын қалыптастыратын смарт қоғам теориясымен үндес. Жолдауда ғылымға негізделген экономика құру идеясына да ерекше назар аударылған. ҚазҰУ Қазақ Ұлттық университеті осы бағытта белсенді жұмыс жасауда. Зор ғылыми потенциалға және заманауи инфрақұрылымға ие университетімізді мемлекеттің экономикасының инновациялық дамуының және адам капиталын жетілдірудің сенімді кепілі деуге болады.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

info@iksad.org

www.iksadkongre.org

KAZNU

### PARÇALANMIŞ AİLE YAPISININ ÇOCUKLARIN SUÇA SÜRÜKLENMESİNDEKİ ROLÜ

### THE ROLE OF FRAGMENTED FAMILY STRUCTURE IN CHILDREN'S TENDENCY TO CRIME

Doç.Dr. Ahmet ÖZKİRAZ

Gaziosmanpaşa Üniversitesi, ahmet.ozkiraz@gop.edu.tr

Yrd.Doç.Dr. Müşfika Nazan ARSLANEL

Gaziosmanpaşa Üniversitesi, mnazan.arslanel@gop.edu.tr

Yüksek Lisans Öğrencisi Gül İŞÇİ BAŞ

Gaziosmanpaşa Üniversitesi, gul.iscibas@gop.edu.tr

#### ÖZET

Bu çalışmada aile yapısı ile çocukların suçları arasındaki ilişki ele alınmaktadır. Çalışmanın amacı, çocuk suçlarının bireysel ve toplumsal etkilerine değinerek aile yapıları ile çocuk suçları arasında var olduğunu iddia ettiğimiz ilişkiyi betimlemek ve çocuk suçlarının giderilmesi adına aile yapısındaki çözülmeyi önleyici çözüm önerileri sunmaktır. Yöntem olarak anlayıcı yorumlayıcı bakış açısından hareketle, öncelikle ilgili kavramlar tanımlanmakta, yasal mevzuatta yer alan düzenlemeler incelenmekte, suç ile aile yapısı arasındaki ilişkinin sosyolojik boyutu ele alınmakta, Türkiye'de çocuk koruma hizmetlerine değinilmekte ve son olarak çözüm önerilerine yer verilmektedir. Çalışmanın verileri ikincil kaynakların incelenmesine ve yıllarca yapmış olduğumuz düzensiz gözlemlere dayanmaktadır.

**Anahtar Kelimeler:** Parçalanmış aile, çocuk, suç.

#### ABSTRACT

The present study is to discuss the relationship between family structures and children crimes. We aim to examine the individual and social effects of children crimes and to depict the alleged relationship between family structures and children crimes. We will also propose some solutions for preventing the family fragmentation to remove children crimes. From an interpretive perspective, we will first define the relevant concepts and examine the legal regulations and the sociological aspect of the relation between family and crime. Later, we will discuss the Turkish services for the protection of children and recommend some solutions. The data of the research is based on the review of secondary sources and on our long standing irregular observations.

**Keywords:** Fragmented Family, Children, Crime



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

www.iksad.org

info@iksad.org

www.iksadkongre.org

**KAZNU**

### KURUMSAL YÖNETİM DERECELENDİRME NOTU İLE PAY GETİRİLERİ ARASINDAKİ İLİŞKİ: BİST KURUMSAL YÖNETİM ENDEKSİNDE BİR OLAY ANALİZİ

### THE RELATIONSHIP BETWEEN CORPORATE GOVERNANCE RATING SCORES AND STOCK RETURNS: AN EVENT STUDY ON BIST CORPORATE GOVERNANCE INDEX

Sevda METİN

Yüksek Lisans Öğrencisi, Mersin Üniversitesi, sevda.metin06@gmail.com

Öznur Dilara TAŞ

Doktora Öğrencisi, Mersin Üniversitesi, dilara\_linn@hotmail.com

#### ÖZET

Bu çalışmada, payları BİST’de işlem gören ve 2010-2015 yıllarında ilk defa iyi kurumsal yönetim derecelendirme notu alarak BİST Kurumsal Yönetim Endeksi’ne alınan firmaların derecelendirme notunun kamuoyuna duyurulması olayı ile pay getirileri arasındaki ilişki incelenmiştir. Bu amaç doğrultusunda, 2010-2015 yıllarında iyi kurumsal yönetim derecelendirme notu alarak BİST Kurumsal Yönetim Endeksi’ne alınan firmalara ait veriler kullanılmıştır. Olay çalışması (event study) yöntemi kullanılarak yapılan analizde iyi kurumsal yönetim derecelendirme notunun ilanı ile pay getirileri arasındaki ilişkinin varlığı analiz edilmiştir. Yapılan olay çalışması sonuçlarına göre, özellikle olayın açıklanmasından birkaç gün önce ve olaydan sonraki üç günde pay getirilerinde diğer günlere oranla bir artış meydana gelmiştir. Çalışmanın diğer bir sonucu da, incelenen dönemlerin tamamında BİST’in Etkin Piyasalar Hipotezinin yarı güçlü formunda etkin olmadığına ilişkin bulgulara ulaşılmıştır.

**Anahtar Kelimeler:** Kurumsal Yönetim, Kurumsal Yönetim Derecelendirme Notu, Olay Çalışması, BİST XKURY

#### ABSTRACT

In this study, the relationship between the announcement of the rating scores of the companies that are trading in the BIST and taken to the BIST Corporate Governance Index for the first time in the years 2010-2015 by getting a good corporate governance rating score and stock returns is analyzed. For this purpose, the data of the companies that are taken to the BIST Corporate Governance Index by getting a good corporate governance score in the years 2010-2015 is used. In the analysis using the event study method, the existence of the relationship between corporate governance rating scores and the stock returns are analyzed. As a result of the event study, stock returns has increased especially in a few days before the event and three days after the event compared to the other days. Another finding of the study is that BIST is not efficient in the semi-strong form of the Efficient Market Hypothesis in all the periods that has been analyzed.

**Keywords:** Corporate Governance, Corporate Governance Rating Score, Case Study, BİST XKURY



ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ШАМАНДЫҚ СЕНІМНІҢ КӨРІНІСІ  
TURKIC RELIGIOUS EXPRESSION FRAZEOLOGİZMDERİNDEGİ SHAMAN

Қ.С.ҚАЛЫБАЕВА

ф.ғ.д , профессор, Қазақмемқызпу, kalamkas1965@mail.ru

М.ЖҮНІСОВА

ф.ғ.к., профессор м.а., Абай ат.ҚазҰПУ, zhmaira\_71@mail@ru

**Түйіндеме**

Тамыры тереңде жатқан түркілік таным сабақтастығын анықтауда Сібір түркілерінің мәдениетін саралаудың орны ерекше. Себебі, түркі тілінде сөйлейтін халықтардың алғашқы кезіндегі көне діні деп танылып жүрген-шамандықтың түп төркінін біз бүгінде осы Сібір түркілерінің танымынан табамыз. Жалпы шамандық діні–алғашқы діндердің күрделісі. Оның барлық тайпаларға ортақ белгісі , формасы – көкке, тәңірге табыну болып табылады. Кілт сөздер: түркі, тамыры, таным, дін, тәңір, халық.

**Summary**

Roots, being on an abyss of Turkic culture of Siberia Turkic qualifications of knowledge of continuity establishment the special place. And we for today from understanding that a bottom the place because in Turkish, the speaking people of Siberia of the Turkic shamanism is entered, at religion and we will find. Somehow the general shamanism the religion is entered religions. The form - on all it in tribes, the general a sign to pray to God.

Keywords: knowledge Turkic, roots, religions, please, people.

Тамыры тереңде жатқан түркілік таным сабақтастығын анықтауда Сібір түркілерінің мәдениетін саралаудың орны ерекше. Себебі, түркі тілінде сөйлейтін халықтардың алғашқы кезіндегі көне діні деп танылып жүрген-шамандықтың түп төркінін біз бүгінде осы Сібір түркілерінің танымынан табамыз. Жалпы шамандық діні–алғашқы діндердің күрделісі. Оның барлық тайпаларға ортақ белгісі , формасы – көкке, тәңірге табыну болып табылады. Ол жайында Ш. Уалиханов былай деген: «Шаманизм дегеніміз - әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат, өлгеннің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау» [1,45]. Осы белгі бүгінде ислам дінінен өзге сенім түрлерін қабылдаған түркі халықтарының тілдік деректерінде көрініс береді.

Мысалы, түркі тілінде сөйлейтін халықтар ерте замандарда «тәңірге табынып, аруакка сиынып, Аспанды – ата, Жерді – ана деп ардақтаған. Бүгінгі қарашай- балқар, башқұрт, татар сикты тілдерінің материалдарында тіршіліктің пайда болу сырын Жер мен Көктің қосылуының нәтижесі деп түсіндіретін көне мифтік пайымдаудан туған *Жерді ана* ретінде, *Көкті әке* ретінде бағалау жақсы сақталған. Зерттеушілер бұл ұғым негізінен отырықшы өмір салтындағы славян халықтарына тән дегенді айтады: «У славян - земледельцев все календарные земледельческие праздники пронизаны сельскохозяйственной магией, связанной с почитанием обожествленной природы, которой, как к сверхъестественной силе обращаются участники магических действий. Во время сева практиковалось обрядовое совокупление на поле что, являлось симптоматическим средством магического оплодотворения Земли и символизировало космический брак Неба и Земли, считавшийся причиной плодородия» [2, с. 36]. Шындығында да Жер өңдеу магиясы түркі халықтарында соншалық үлкен орын алмағанымен, отырықшылыққа ертерек көшкен түркі халықтарында бұл көрініс тапқан. Мысалы, Қарашай- балқар, Құмық халқтарында Жерге табынып, мол егін жинау үшін оған құрбандық шалу салты орын алған. Осымен байланысты ол тілдерде Жер анасы, Су анасы деген фраземалары қолданылады. Яғни, Жер анасы бүкіл тіршіліктің бастау



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

көзі, негізі ретінде пайымдалса, құмықтардың танымында Су анасының да алар орны болған [2, с. 37]. Су анасы су құдайы ретінде (славян халқындағы русалка) танылып, кешкі уақыттарда су аларда оған табынбаса қауіп туғызады деп ұғынған. Құмық тілі материалдарында *Суванасы, Суванасы, Дуньяны алтын бағбанасы, кьой сув алмагъа бизин* деп табыну, жалбарыну осының көрінісі болса керек. Құмық халқында *жаңбыр құдайы Земуре* деп аталады: «Как это показывает этнографический материал, представлялась кумыкам божественной силой, олицетворяющейся в образе женщины, полной, крупной. В древнем языческом пантеоне она, очевидно, играла роль богини дождя» [3, с. 38].

Осындай әдет-ғұрыптардың бірі қырғыздардағы –Жер, су құдайына құрбан шалу – «*Жер Суу тйуу*». Бұл салт жылына 2 рет орындалған: көктемде, көк шыққан, қой төлдету басталған кезде; күздің соңында – жайлаудан қыстауға көшкен, қысқа дайындық уақытта.

Түркілер жер қыртыстарының әлденеше қабаттардан тұратынын ғылыми тұрғыдан таныған. Қазақ тіліндегі *жеті қат жер астындағыны білу* «білмейтіні жоқ», башқұрт тілінде *ете кат ер астында*, татар тілінде *жиде кат жир аштыда* т.б. оралымдар бізге осыны дәлелдейді.

Ескеретін бір жайт, космологиялық мифологияның аясына кіретін түсініктер түрлі уақыттың өлшемінен өзгеріске ұшыраған. Ғарыш әлемінің ең өзегі – аспан дейтін болсақ, аспан ұғымы ежелгі наным бойынша жараталыстың бастауы деген мағына берген. Немесе *Көк Тәңір* деген атау көк аспан деген ұғыммен синонимдес болды. Тәңірлік діннің кезінде аспан адамзат баласын, барлық дүниені жарылқаушы, жаратушы есебінде ұғынылып, кастер тұтылды, аспанға қарап бар үмітін, тілегін білдірді, аспанға сыйынды, өйткені Тәңірдің мекені аспан деп ойлады. Сонда ежелгі түсінік бойынша аспанда да қазақтар тұрады, олардың тұрмыс-тіршілігі өздеріне ұқсайды деп сенген.

Түркілер Айды да қасиетті деп санап, жеке планета, оны жеке бір дербес әлем деп есептеген. Әлі күнге дейін үлкен кісілер жаңа туған айға сәлем беріп, иіліп, ізет етеді. Айға көп қарап тұрмаған, қолды шошайтуға болмайды деген. Оның себебін Ш.Уәлиханов былай дейді: «*Қазақтар айға ұзақ қарап тұрмайды, сескенеді. Айдағы кемпір кірпікті санап қояды деп, егер санап қойса, адам өледі*» [1,12]. Осы сияқты халық танымында айда пері болады деп есептеп, түнде терезелерді қымтап жауып қоятын болған. Бұл салт әлі күнге дейін бар. Түн баласы ауғанда немесе түннің қақ ортасында адам жаман түс көріп немесе ауытқуы бар адамдар ұйқы сұрап шошынып, оқыстан тұрса, айдағы пері адамды қағып кетеді, ауру қылады дейді. Бұның барлығы – Айдың қасиеттілігін мойындайтын белгілер.

Түркілердің танымында Күн нұры да киелі деп танылған. Оған қатысты мынадай аңыз айтылады: «Ертеде бір ханның керемет сұлу қызы болыпты. Хан қызының елдің көзінен қызғанып, қараңғы темір үйге тығып қойыпты. Оған тек бір қайсаған кәрі кемпір ғана қызмет етеді екен. Қыз білгісі келіп, «Қайда барып жүрсің?» деп сұрағанда, ол «Жарық дүние бар, қызым, сонда барамын», - деп жауап береді. Қыз сол жарықты көрсетуін өтініп қоймаған соң, бірде кемпір оны сыртқа алып шығады. Күннің жарық сәулесін көрген бойда қыздың басы айналып, есінен танып құлап қалыпты. Біраз уақыт өткен соң ол өзінің жүкті екенін сезіпті. Сөйтсе, мұның себебі Күн нұрының киесі екен» [4,12].

Бүгінде Күннің киесіне табынудың бір көрінісін біз саха халқының мәдениетіндегі *Ысыах* мерекесінен көреміз. Бұл халықта күннің ең ұзарған тұсына сай арнайы Күнді қарсы алу мерекесі аталып өтеді. Оның элементтері қазақы танымда да сақталып отыр. Мысалы, әйгілі Шыңғысхан, Адай (ру басы) секілді тұлғалар күннің нұрынан жаратылған деген түсінік бар.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

Бұл түсінік ырымға да жалғасып кеткен. Күндіз ұйықтаған кезде, үйдегі үлкен, егде адамдар «терезені жауып жат», «үстіңді жауып жат» деген тыйым сөздер айтады, сонда бұның астарынан да күн нұрынан «сақтану», оны кие тұтып, адамның бетіне «тіке келтірмеу» деген сипатта жүзеге асқан.

Түркілік танымда жұлдыздар да киелі деп саналған. Бұл халық санасында әр адамның өзінің жұлдызы болады, жер бетінде қанша адам болса, сонша жұлдыз бар есептегендіктен туған дүние. Ел арасындағы «*менің жұлдызым*», «*жұлдызың оңынан тусын*» немесе «*жұлдызы жанған*» деген тіркестер осының айғағы. Татар халқының мәдениеті мифологиялық сенім нанымдарға қатысты қалыптасқан фразеологизмдерден де байқалады. Әсіресе, Татар халқының жұлдыздарға деген ұғымдары халықтың мифологиялық сенімін танытады. Мысалы, *йолдызлы булу*, «*Бәхетле йолдоз астында туган*». Егер адамның жұлдызы жарқырап айқын жанса, онда жердегі жұлдыздың иесі бақытты адам деп есептеген. Адам өлгенде, оның жұлдызы ағып түседі деген. Мұндай түсініктер – ежелгі анимистік танымның көкжиегінен туындап қалыптасқан ұғымдар деуге болады.

Желге табыну негізінен алтайлық түркілерде жақсы сақталған дағы, Азиялық түркілерде ұмытыла бастаған. Ертедегі түркілердің сенімі бойынша жел құдайы көк тәңіріне ғана бағынған. Алтайлық түркілердің танымында «*Адам тәні топырақтан, жаны желден жаралған*» деген ұғым қалыптасқан. Бұл ұғым бойынша адам табиғаттың құранды бір бөлігі, адам табиғаттың өзі, адамға табиғаттың барлық құбылысы жат емес, адамның тәні-топырақ, сүйегі-ағаш, тынысы-жел деп ұғынылған. Мысалы хакас халқының танымында «жел адамның тынысы» деп бағаланады. Әсіресе құйын желден халық қатты қорыққан, құйын жел адамның құтын ұшырып алып кетеді деп сенген. Соның бір көріністері башқұрт, татар халықтары тіліндегі қайсібір фразеологизмдерінен сезіледі. Мысалы, башқұрт тілінде *ауызыңды ел алһын* деген фразеологизм жағымсыз хабар айтқан адамға айтылады. Яғни халықтың сенімінде жағымсыз хабарды желдің күші алып кетуі мүмкін деген сенім болғандығынан хабар береді. Желге табыну қыпшақ тобындағы түркілердің ішінде татар және башқұрт халқында жақсы сақталған. Түркі халықтарының бірінде сақталып, бірінде сақталмай отырған жел құдайына табыну сенімі бүкіл түркі халықтарының алтайлық кезеңдегі таным ортақтығына жетелейді.

Оттың киелі деп саналуы жалпы түркілік танымның ежелгі ортақтығын танытады. Жалпы, от Тәңірі жарықтың, күннің рухы саналатын Тәңірге құрмет көрсету мен түнекті серпу, іңірді жарықпен әшекейлеудің символы ретінде бағаланған. Сібірлік халықтар өз шаңырағының отын біруге беруге болмайды деп есептейді. Отты беру арқылы үйдің құт-берекесінен, от иесінен айрылып қаламыз деп қорқады. Ал, шаңырақтың мүшелері үйленіп, жеке отау құрғанда, үлкен үй, мүліктермен бірге, жанып тұрған отты да бөліп беретін болған.

Алтайлық түркілерде «*отты тамақтандыру*» рәсімі сәлемдесумен қатар жүретін дәстүр. Себебі сібір түркілері (якуттар, алтайлықтар, хакастар) әр шаңырақтың өз оты болады деп сенеді. От өзі сол шаңырақтың мүшелерін қоршап, қорғап тұрады. Ал, басқа адам сол шаңыраққа келгенде «от иесін» сыйлап, қоректендіруі тиіс. Оттың лаулап жанғандығы, от иесінің сол адамды қабылдағаны болып есептеледі. Үйге келген қонақтар «от иесін» ашуландырып алмау үшін, сәлемдесуден соң отқа май салады, яғни отты қоректендіреді. Сонда сол шаңырақтағы оттың иесі келуші қонақтарды ренжітпей қабылдайды деп сенеді.

Түркілер танымында от үйдің иесі, отбасы ұғымымен астастырылатыны осыдан байқалады. Жаңа түскен келін де сол шаңыраққа толығымен мүше болып енуі үшін, алдымен



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

шаңырақтағы «от иесіне» май салып қоректендіруі керек. *Отқа табыну, отқа май құю* элементтерінің Сібір түркі халықтарында жақсы сақталған, ал Орта Азиялық түркілерде бұл танымның тек жекелеген элементтері ғана кездеседі. Соның бірі-жаңа түскен келінге табалдырық аттамас бұрын, отқа май салғызуы. Мысалы, қазақтарда да *отқа май құю* ырымы да сол алтайлық кезеңдегі түркілік бірліктің бір көрінісі ретінде сақталып отыр. Ал, қырғыздарда отқа құрмет әлі күнге қолданыста бар. Олар, жаңа түскен келінге «*отко киргизу*» рәсімін орындайды. Яғни, жаңа түскен келінді туыстары өз шаңырақтарына таныстыру мақсатында шақырады, жас келін әр шаңырақтың от иесмен тіл табысады. Қазақ тіліндегі «*оты*», «*от ағасы*», «*отбасы*» бірліктеріндегі от компонентінде де осы шаңырақ ұғымының алтайлық негізі сақталып қалғанын байқауымызға болады. Қарашай-балқар тіліндегі *оту ерге жанмайды, отлары жанмайды* яғни, «*тіл табыса алмау*» мағынасындағы оралымдарында да от ұғымының шаңырақ құра алмау, үй бола алмау семасы сақталып отырғанын аңғаруымызға болады.

Сонымен қатар хакастар мен якуттар отты Ана ұғымымен байланыстырады. Ол адамды бәле-жаладан, жаманшылықтан сақтап тұрады деп сенеді. Аталған халықтарда ата-ана баласын өздері жоқта сақтап, қорғап жүрсін деп, отпен тіл табысу үшін аластайтын болған. Қырғыздар жаңа жылды қарсы алу кезінде ауылдың барлық тұрғындары үйлерін, киіз үйді, малдарын аршаның түтінімен аластайды. Жаңа киімдерін киіп, бір-бірін жаңа жылмен құттықтайды, Наурыз көже ішердің алдында от жағады, балалар сол оттың үстімен секіреді, от оларды тазалайтын және сауықтыратын күшке ие деп сенді. Бүгінде барша түркі халықтарында сақталып отырған *отпен аластау* осы танымның көрінісі.

Ал, қарашай-балқар халықтарында оттың өшірілуінен қорқады. Үйде оттың жанып тұрғандығы үй ішінің мәңгілік амандығын, беріктігін көрсететін көрсеткіш болған. Сондықтан үй ішінде отты өшірмеуге тырысқан. Демек, отқа табынудың көне түркі монғолдық, тіпті алтайлық негізі бүгінгі түркі халықтарының бәрінде әртүрлі дәрежеде сақталып отыр

Тарихи даму барысында түркі халықтарының әрқайсысында саяси және экономикалық, діни, әлеуметтік жағдайлардың үнемі өзгеріп, дамуымен бірге түрлі дәрежеде өзгерістер пайда болды. Мысалы, қарашай халқының мәдениетінде жалпы түркілік көшпенді мәдениет негіздерімен бірге автохондық кавказ мәдениетінің әсерлерін байқаймыз. Осы екі мәдени компоненттің бірлігі қарашай-балқар, құмық халқының мәдени танымдық ерекшелігін айқындайды. Әрине, бұл халықтардың танымында түркілік мәдениет ақпараты негізгі арқау ретінде танылады. Дегенмен кавказдық мәдениет негіздері де біртіндеп халық санасынан көрініс тапқан. Мысалы, түркі халықтарында тасқа киелі деп табыну сақталған. Аталған сенімнің көрінісі татар, башқұрт, қарашай балқар, құмық, ноғай халықтарында сақталып отыр. Ол жайында М.Хайруллин былай дейді: «Мотив превращения человека в камень, другие неодушевленные предметы можно рассматривать как реликт самых архаичных мировоззренческих устоев». [5,138]. Қазақ тіліндегі «*тіл-көзің тасқа*» деген қарғыс мәні жоғарыда келтірілген мысалдармен ашыла түседі. Мұнда айтылған сөздің ағашқа немесе басқа затқа емес, тасқа сіңуі тастың күштілік қасиетін меңзесе керек.

Қарашай -балқар халқында тау- тасқа табынудың элементтері әлі күнге жақсы сақталған. Бұл халықта халық табынатын Налат-таш (ар ұят тасы) дәстүрі сақталған. Ұят тірлік жасаған адамды осы тасқа байлап, масқаралайтын болған. Бұл тілдегі *сабырлығы таиха байланған* «сабырлы» фраземасы осы дәстүрге байланысты қалыптасса керек.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Әрине бүгінде Налат-таши (нәлет тасы) өз мағынасын жоғалтқан, соған қарамастан ел аузында бұл ұғым сақталып қалып отыр [9, с. 13]. Сол секілді Қарашай балқар халқының мәдениетінде "қычырығу таш" ұғымы да қолданылады. Бұл ертедегі ауыл ақсақалдарының кеңесетін орны болған. Шамасы жиылу үшін ертеде осы тастың үстіне шығып, айғайлап хабар таратқан болса керек. Бұл халықта әрбір ауылда, тіпті әрбір әулеттің арасында табынатын өз тастары қойылған. Бұдан біз тасқа деген ерекше көзқарас қарашай балқар халқының өмірінде ерекше орын алғанын байқаймыз.

Атаулы халықта *ана құдайы Мариям немесе Байрым* деген ұғым сақталған. Бұл ұғым христиан дінінен келген культтік ұғым болып табылады. Қарашай мен балқарияда барлық ауылдарда осы Байрым есімімен байланысты діни үйлер бар. Жалпы, Қарашай -балқар елінде мұндай тастар әрбір ауылда бар. Халықтың мұсылман дініне көшкеніне бірнеше ғасыр өтсе де халық *Байрым тасына* сыйынуды доғарған емес. Мұнда баласыз әйелдер бала сұрап жалбарынады., түрлі құрбандықтар шалады. Айтылып отырған киелі Байрым ( дева Мария) көне түркілік-монғолдық Умай ана есімімен байланысты болуы да мүмкін. Себебі, кейбір тілдік деректерде христиандық Мария ұғымы біртіндеп шамандық элементтерді де қамти бастағаны байқалады.

Жақын туыстас халықтардың тілдегі танымдық ерекшеліктерін осылайша әр қырынан зерттеу арқылы әр ұлттың өзіне ғана тән ерекше болмыс-бітімін, қасиеттерін, басқа халықтардан негізгі ұлттық айырмашылықтарын, ерекше ойлау жүйесін, яғни менталитетін ажыратуға болады деп ойлаймыз. Уақыт өткен сайын түркілердің жүріп өткен тарих бойындағы бастан кешкен түрлі оқиғалары әр халықтың мәдени таным-түсінігі арасындағы елеулі айырмашылықтар қалыптастырған. Мұның барлығы да-- әр халықтың қоғамдық - әлеуметтік жағдайы, орналасқан жер жағдайы, көршілес елдердің тілдік әсері секілді т.б. толып жатқан экстралингвистикалық факторлар өз кезегінде олардың тілінде көрініс тапқан. Соған байланысты түркілер бірлесіп тіршілік еткен аралықта қалыптасқан тілдік бірліктерді, я болмаса одан кейінгі дәуірлерде рухани сабақтастықтың әсерімен пайда болған тілдік бірліктерді салыстыра қарастыру арқылы біз әр түркі жұртының өзіндік ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын, оның түркілік ортақ дінгеіне апарар жолды анықтауға мүмкіндік аламыз. Себебі, тіл-үлкен қазына. Ол қазынаның бойында әлі ашылмаған талай асылдарымыз жатыр. Демек, түбі бір, дінгеі ортақ түркі халықтарының таным ортақтығына жетелейтін сөз маржандарының қыр- сыры бұл айтылғандармен бітпейді. Бұл мәселе келешекте өз алдына арнайы зерттелуі қажет деп ойлаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – А.: Ғылым, 1985. – 560 б.
2. Рыбаков Б. А. Язычество древних славян. М., 1994.
3. Аджиев А.М., Кадыраджиев К.С. Опыт реконструкции мифологических представлений и верований кумыков // Проблемы мифологии и верований народов Дагестана. Махачкала. 1988. С.72.
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. Алматы: Дайк-Пресс, 2004, 512 б.
5. Хайруллин Р.Х. Фразеологическая картина мира:от миравидения к мирапониманию.- Уфа,2000.-285





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



İKSAD

www.iksad.org

info@iksad.org

www.iksadkongre.org

KAZNU

### MEZHEBİ ANLAYIŞIN TEFSİRE YANSIMALARI: AHFEŞ EL-EVSAT (ö. 215/831) ÖRNEĞİ

### REFLECTION OF THE SECT'S THOUGHT TO EXEGESIS: AHFASH AL AWSAT AS AN EXAMPLE

Yrd. Doç. Dr. Naif YAŞAR  
Adıyaman Üniversitesi, naifyasar@gmail.com

#### ÖZET

İslami ilimlerin gelişimi ve sistematize edilişi açısından ilk üç asır büyük bir öneme sahiptir. Bu dönemde yaşanan sosyo-kültürel, ekonomik ve siyasi olaylar İslami fikriyatı ciddi anlamda etkilemiştir. Bundan dolayı o dönemlerde yapılan Kur'ân yorumları, saf bir akılla Kur'ân'ı anlama çabasına değil, yorumcunun kendisini bağlı hissettiği mezhebe göre yapılmış olabilmektedir. Biz bu çalışmamızda hicri ikinci ve üçüncü asırda yaşamış olan Ahfeş el-Evsat'ın Kur'ân'a mezhebî yaklaşımını ele alacağız. Böylece Kur'ân tefsirlerinin tamamen saf ve tarafsız yoruma değil; içinde yaşanan ortama ve mezhebi tutumlara bağlı olarak şekillenebileceğini görmüş olacağız.

**Anahtar Kelimeler:** Ahfeş el-Evsat, Mezhebî Tefsir, Tefsir, Kelamî Tartışmalar

#### ABSTRACT

The first three centuries are very important in terms of formation of the Islamic thoughts. Because the essential Islamic sciences have born and become systematized in this era. Economic, socio-cultural and political events which have aroused at these centuries have affected the Islamic thoughts very much. That's why the interpretations that have put forward at that time may have aroused from the main ideas of the school of thought of the commentator. In this study we will touch on the Ahfash al-Awsat's interpretations of the Qur'ân in terms of his sect that he follows. So, we will see that the interpretations of the Qur'ân do not arouse from pure reason but on the contrary from the situation and belief that the commentator lives in.

**Keywords:** Ahfash al-Awsat, Exegeses of Sects, Tafsir, Conflicts in Kalam



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[info@iksad.org](mailto:info@iksad.org)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

### TEACING FOREIGN LANGUAGES USING PROVERBS AND SAYINGS

Sholpan ARGINGAZINA

Candidate of Sciences in Philology, Lecturer

KIMEP University, Language Center

[argingaz@kimep.kz](mailto:argingaz@kimep.kz)

#### Abstract

Proverbs and sayings, as a whole, cover a large part of the human experience. The use of proverbs and sayings in teaching foreign language will undoubtedly contribute to a better mastery of the subject, expanding the knowledge of the language, vocabulary and features of its functioning. The problem is how can a language teacher use proverbs and sayings in teaching foreign language and help students to learn language? Work with proverbs and sayings at the classes not only helps to diversify educational process and to make its brighter and interesting. Moreover it helps to solve a number of very important educational problems: proverbs in the classroom can improve students' learning experiences, their language skills, and their understanding of themselves and the world. Proverbs provide an opportunity for students to be knowledgeable experts as well as learners, to learn about each other and their shared values, to gain insight as they discuss their experiences and work out their understanding of proverb meanings, to improve critical-thinking and writing as students both provide and receive information. Proverbs have a long history. They are brief and well-polished expressions embedded in philosophical ideas concerning different aspects of life. They are the summary of people experience in everyday life, so they originated from people's daily life and experience. To be specific, they come from folk life, religion, mythology, literary works, other languages, famous writers' wisdom, a nation's history and so on. To sum up it should be said that language is dynamic. It changes with demands of society migrations, popular culture, and even technological innovations. Consequently, we should not ignore a chance to use proverbs and sayings in teaching foreign language.

**Keywords:** teaching, foreign language, proverbs and sayings, values, experience, practice

Proverbs and sayings – a widely spread genre of oral nation creativity. Proverbs are a part of every language as well as every culture. Proverbs have been used to spread knowledge, wisdom and truths about life from ancient times up until now. They have been considered an important part of the fostering of children, as they signal moral values and exhort common behavior. Proverbs belong to the traditional verbal folklore genres and the wisdom of proverbs has been guidance for people worldwide in their social interaction throughout the ages. Proverbs are concise, easy to remember and useful in every situation in life due to their content of everyday experiences.

Proverbs have a long history. They are brief and well-polished expressions embedded in philosophical ideas concerning different aspects of life. They are the summary of people experience in everyday life, so they originated from people's daily life and experience. To be specific, they come from folk life, religion, mythology, literary works, other languages, famous writers' wisdom, a nation's history and so on.

*Early to bed, and early to rise, make a man healthy, wealthy and wise.* This is an old proverb well known in many countries that has not passed from its usage. Proverbs, both old and new, continue to serve us well as concise statements of apparent truths.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

Proverbs being the integral attribute of national folklore are the reflection of life of that nation they belong. The correct and pertinent use of proverbs gives unique originality and special expressiveness. Proverbs, being phraseological units with a sentence structure, represent special complexity while being translated from one language on another.

So it should be said that on the basis of the functional characteristics of English proverbs, it is easy for students to learn them by heart. They can easily recite them so as to overcome the psychological fear of learning English.

The use of proverbs and its declining in the teaching of modern languages has long been discussed. Cooper, J. [1] points at some arguments pro the use of proverbs in language teaching. He says that proverbs “stick in the mind”, “build up vocabulary”, “illustrate admirably the phraseology and idiomatic expressions of the foreign tongue”, “contribute gradually to a surer feeling for the foreign tongue” and proverbs “consume very little time” [1, pp. 89-90].

Cooper, J. states his arguments for proverbs as a teaching device. Proverbs are not only melodic and witty, possessed with rhythm and imagery; proverbs also reflect “patterns of thought” [1, p 88]. As proverbs are universal, there are analogous proverbs in different nations that have related cultural patterns. Proverbs are therefore useful in the students’ discussions of cultural ideas when they compare the proverbs’ equivalents in different languages. Cooper, J. exhorts: “Let each student seek and discover meanings, beauty or wit or culture in his own manner by suggestion and inference in accordance with his background” [1, p. 58].

Charteris-Black, Jonathan [2] investigates how proverbs can be used as curriculum. He claims that both the structure and the content of proverbs are useful in teaching especially when it comes to teaching and understanding of culture, as proverbs conveys the values and metaphors shared by a culture. Proverbs are also useful in teaching the differences between spoken and written language, something that often confuses language learners; they use conversational style when they write. Proverbs are one way to help the students to clarify the distinction between oral and written English. It includes inquiries of how proverbs are a part of convincing language, e.g. in advertisements and propaganda, but also as a cultural resource, when the students bring proverbs from their home languages to share in the classroom.

The analysis of the contexts in which the proverbs occur was carried out in order to find out what the purposes of using the proverbs in the textbooks are. The purposes have been determined to the following seven categories that comprise:

**Introduction:** Proverbs introduce chapters about critical thinking and poetry, a theme about moral, and texts about love, personal style and fashion, e.g. *All that glitters is not gold*; *Crime never pays*; and *Clothes make the man*.

**Grammar:** Proverbs exemplify grammatical issues, i.e. definite article *Love is blind*; the difference between lay and lie: *You shouldn't kill the goose that (lays/lies) the golden egg*; and the difference between the use of singular and plural in English and Kazakh *No news is good news*.

**Explanation:** Proverbs are explained in the wordlists. One is used in a text to explain an abbreviation in computer language, GIGO *Garbage in, garbage out*.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

**Exercise:** Exercises are used to match the proverbs with a statement and to translate. One proverb is suggested to be used as both subject and heading for a writing exercise; *Blood Is Thicker Than Water*.

**Heading:** Proverbs are used as headings for chapters on critical thinking and on relationships; for a discussion on friendship; of an article in a debate about child abuse; of a page for grammar exercises.

**Text:** Proverbs occur in texts of different sorts. The subjects of the texts deal with issues concerning teenage pregnancy and marriage, fashion and personal style, life and death in poetry, and love problems.

**Discussion:** Proverbs are used as bases for discussions. The subjects for discussion involve relations, moral, first impression, love, fashion and style. The students are also asked to discuss and explain the meaning of six proverbs and to look for the Kazakh equivalents. Four proverbs are to be matched with texts about family, work places and being away from home. Three times proverbs are named and used as idioms for discussions about forgiveness, culture and jobs; *When in Rome...[do as the Romans do]*; and *Jack-of-all-trades (but master of none)*.

Proverbs add familiarity and comfort to an often strange and stressful situation for older English learners. Proverbs can capture a point of view in vivid words. We learn proverbs our entire lives - from our relatives, our teachers, our friends, the media, and our literature. These classic sayings contain folk wisdom gathered through time and experience. They often capture a common human experience across cultures and languages thanks to their authenticity.

We always have to choose between the two sides of the coin. This can also be applied in the decision of whether the teacher will or will not make use of authentic texts in teaching language. Students learn important topics through materials like audio, video, books, journals, magazines, newspapers and online resources. It is a well-known fact that with reading and listening learning is increased. Teachers make use of many strategies to foster students' knowledge. Not too many students who learn a language will have the chance to immerse with the people in the target language.

Proverbs are used in a wide range of situations and according to Mieder there are no limits to the use of the proverb. They can be used to "strengthen the arguments, express certain generalizations, influence or manipulate other people, question certain behavioral patterns, satirize social ills, poke fun at ridiculous situations" [3]; "advise, console, inspire, comment on events, interpret behavior and foster attitudes, such as optimism, pessimism and humility". They are authentic texts and though their vocabulary and grammar are not simplified for learner's level, they are more or less accessible for classroom use; they are usually very short and use simple language. Another characteristic is an ability to focus on a specific instance of culture and "common sense" in the form of pieces of advice.

Proverbs and sayings, as a whole, cover a large part of the human experience. Due to the generalized nature of proverbs and sayings they can be used in all classes, for teaching the art of allegory, illustrate one's point and summarize it in a concise form. The use of proverbs and sayings in teaching foreign language will undoubtedly contribute to a better mastery of the subject, expanding the knowledge of the language, vocabulary and features of its functioning.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

There are a number of positive reasons for an inclusion of them in the lesson plans.

“Let each student seek and discover meanings, beauty or wit or culture in his own manner by suggestion and inference in accordance with his background” [4].

Work with proverbs and sayings at the lessons not only helps to diversify educational process and to make its brighter and interesting. Moreover it helps to solve a number of very important educational problems: proverbs in the classroom can improve students’ learning experiences, their language skills, and their understanding of themselves and the world. This happens because:

The female characters in a theatrical play show the society's perception of women. It is possible to see a nation's social history in pieces of literature. Events and value system of society are muses of different female characters. These characters that have cultural, psychological and sociological depth in theatrical pieces are the reflection of society. Musahipzade Celal combined properties of traditional and western style theatre successfully using different types of female characters. In his plays, he showed the social life and changes of his period. He discussed various topics in his pieces; disappearance of traditional arts, break down of administrative order, superstitions and mentality changes of ordinary people. In this study, we focus on thirteen theatrical pieces of Musahipzade Celal. These are Atlı Ases, Aynaroz Kadısı, Balaban Ağa, Bir Kavuk Devrildi, Demirbaş Şarl, Fermanlı Deli Hazretleri, Gül ve Gönül, Gülsüm, İstanbul Efendisi, Kaşıkçılar, Kafes Arkasında, Köprülüler, Lale Devri. We evaluate these plays using document inspection method. We investigate and categorize the female characters in Musahipzade Celal's theatrical plays according to periods social structure; ideal wife and mother, ideal lover, prostitute, enticing and sinful woman.

**Keywords:** Musahipzade Celal, Characters, Female.



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ФАРАБИТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ACTUAL PROBLEMS OF AL-FARABI STUDY IN KAZAKHSTAN

Әсет ҚҰРАНБЕК

философия ғылымдарының кандидаты,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

akuranbek@gmail.com

Самат ҚАЙРАТУҰЛЫ

философия магистрі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

әл-Фараби орталығының қызметкері

samat.kayratuly@gmail.com

#### Түйіндеме

Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы – әлемдік философияның шексіз мұхитына айналған рухани қазына. Әл-Фараби мұрасының зерттелуінде көптеген мәселелер шешімін тапты десек те, назар аударуды қажет ететін тұстары да аз емес. Осы орайда, Қазақстанда фарабитанудың жай-жапсарына ойлана көңіл бөлсек, зерттеу ісінде ғалымдарды сан толғанып, сан түйін жасатқан ғылыми пайымдаулар жөнінде біраз деректер жүйеленіп берілді. Бұл бағдарлы зерттеулердің жүзеге асуындағы басты міндет – Фарабидың рухани мәдениет кеңістігінің көкжиегіне бойлап, мәнін ашу, рухани, ғылыми, гуманистік тағылымын тану, деректілік өзегін ғылыми тұрғыда дәлелдеу болып табылады. Мақалада Қазақстандағы фарабитанудың өзекті мәселелері мен міндеттерін жан-жақты айқындау алға қойылған.

**Түйін сөздер:** Әл-Фараби мұрасы, философия, фарабитану, методология, руханилық, тарихи сана, интеллектуалдық дәстүрлер, ұлттық бренд.

#### Abstract

The article widely discussed actual problems and tasks of Farabi study in Kazakhstan. In the framework of the topic studied actual problems of the contribution al-Farabi in the development of the Turko-Islamic culture and world civilization in terms of determining the basis of formation of intellectual traditions; identifying the contemporary meaning of the basic ideas, principles and theoretical basis of social-philosophical views presented in the works of al-Farabi in a context of world philosophy and science; disclosure of the historical and philosophical origins of the formation and development of the spiritual world of modern Kazakh people, the study of the philosophical heritage of al-Farabi; use methodological content of the ideas of al-Farabi and humanitarian values in his work in innovative educational processes and scientific research.

**Key words:** heritage of Al-Farabi, philosophy, Farabi study, methodology, spirituality, historical consciousness, intellectual traditions, national brand.

Ұлттың жоғалмайтын жадын түзуде, тарихын таразылауда бұрындары ескерілмей қалып кеткен қабаттарын қатарға қосып, жаңаша бағамдау, сын тезінен өткізу – бүгінгі ұрпақтың өз мәдениеті алдындағы киелі парызы. Бұл тұрғыда көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев: «Біздің тарих – тақсиретті тарих. Сондықтан да оның ащы-тұщы тағлымы мол. Дәурендеген замандарымызды айтып дарақыланбай, дәурен тайған замандарымызды айтып қаралай сарыуайым сапырмай, оның қалай болып, қалай қойғанын терең пайымдап, озған тұстарымыздан өнеге тауып, опық жеген тұстарымыздан қорытынды шығарып, жан-жақты тағлым алмайынша, бүгінгі жасампаздық керек салиқалы ұлттық санаға қол жеткізе



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

алмаймыз», – деп салмақты пікір ұсынса, Ағын Қасымжановтың да: «Әл-Фарабиді адамзат ұрпағының рухани ағартушысы ретінде түсіну – оның творчествосының негізін түсіну болып шығады. Қандай да болмасын күрделі, дерексіз мәселелермен айналысса да ойшыл басты мақсатты көре білді. Ғылымның әрбір саласы өзінше «бастаманың бастамасын, себептің себебін» іздей отырып бір нәрсеге – адамның теориялық және практикалық жетілуіне, бақытына қызмет етеді. Ақиқатқа жетудің теориялық қажеттілігінің өзі де адамның іс-әрекетіне келіп тіреледі: жақсылық пен сұлулыққа, жалпы ізгілікті адамгершілікке талпынбайынша, ақиқатқа, даналыққа жету мүмкін емес. Ал жақсылықтың өзі ақыл-парасатсыз, іс-әрекетке сын көзбен қарамайынша іске аспайды», – деп байыпты байлам жасауы ойландырады.

Жазушы Әбіш Кекілбаев пен философ Ағын Қасымжановтың түйіндеген тұжырымды ойлары мақаламыздың идеялық мәні мен мазмұнын айқындап беріп отырған секілді. Сондықтан дүниежүзілік фарабитану емес, отандық фарабитану тарихы мен оның қазіргі түйткілді мәселелері туралы сырымызды шертіп, шерімізді тарқату үшін кішігірім ізденіс жемісі осы мақаламызды назарларыңызға ұсындық.

Қазақстандағы фарабитану ғылымының академиялық биік тұғырында Ақжан Машани ақсақал тұрғанын еске алмасақ, қазақ фарабитануына жасаған қиянатымыз болар еді. Ғибратты ғұмырын рухани салаға арнаған ғұлама ақсақалдың ғылымдағы жанкешті еңбегін қазір біреулер білсе, өкінішке орай, біреулер білмейді. Өзінің қайталанбас қаламгерлік мол мұрасымен талант даралығын таныта білген Машанидің «фарабитану бойынша 16 томдық еңбегі жинақталып, ол түгелдей 2011 жылы оқушысына жетті [18]. Ұлттың сарқылмас тарихын түгендеп, тоқтамдар айту үшін де зерделі білім, азаматтық дидар керек екені айқын. Бұл ғалымның парасат кеңдігімен ұлт алдындағы азаматтық парызын өтеуіндегі текті еңбегі деп білеміз. Ұлт алдындағы, Ұстаз алдындағы да парызын адалдықпен атқарған, кеше ғана арамыздан бақилыққа аттанған марқұм ғалым Шәмшиден Әбдіраман ағамызды да құрметпен еске аламыз.

Фарабитануға Ағын Қасымжанов: «Фарабитану – әлемдік ғылымда ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасып, Қазақстанда жетпісінші жылдардан бастап дамыған ғылым саласы. Фарабидің дүниежүзілік мәдениет пен ғылымға қосқан үлесін зерттеудің маңызын алғаш рет шет ел ғалымдары Г. Сартон, Д. Беркал және А. Койре негіздеп берді», – деп анықтама береді [2]. Алайда математик-фарабитанушы Ауданбек Көбесов Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеу қажеттігіне ертеден-ақ көңіл бөліне бастағанын, 1000 жыл бойына дүние жүзінің әртүрлі халықтарынан шыққан ғалымдар Фараби еңбектерін тынбастан зерттеумен келе жатқанын айтады. «Олардың ішінде араб-парсы тілдерінде жазған Ибн әл-Надим (995), әл-Байхаки (1169), Ибн әл-Кифти (1241), Хаджи Халифа (1657), латын тілінде Веника (1484), Камерариус (1638), француз тілінде Козегартен (1840), неміс тілінде Генрих Зутер (1902), ағылшын тілінде Георг Сартон (1927), түрік тілінде Ч. Үлкен (1950), орыс тілінде С.Н. Григорьян (1958), өзбек тілінде М. Хайруллаев (1963), қазақ тілінде М. Ысқақов (1967)», – деп фарабитануды тұтас қарап, тарихын кеңейте түседі [3].

Дегенмен Ағын Қасымжанов та, Ауданбек Көбесов те Фараби мұраларымен тікелей және жанама түрде болса да қазіргі қазақ даласында өмір кешкен ойшылдар таныс екенін кеш білсе керек. Мәселен, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы [4], Қазыбек бек Тауасарұлы [5], Абай Құнанбайұлы [6-8], Мағжан Жұмабайұлы [9], Мұстафа Шоқай [10], Мұхтар Әуезов [11] және басқа да дегдар тұлғаларымыз.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Отандық академиялық фарабитану тарихына түбегейлі зер салып, қолға тиген мәліметтерді тарқата баяндалық. 1967 жылы 16 қарашада Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы болып өтеді. Академик Шахмардан Есенов басқарған Президиумда Қазақ ССР Ғылым академиясының Философия және құқық институтының жанынан Фарабидің ғылыми мұраларын зерттеу тобын құру мәселесі көтеріледі [12].

«Осыған байланысты Қазақ КСР Ғылым академиясының төралқасы әл-Фараби ғылыми мұрасын зерттеу бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының төралқасы жанында комиссия ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады; оның құрамы: ҚазКСР ҒА академигі Ж.С. Тәкібаев (төраға), ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.Ж. Машанов (төраға орынбасары), ҚазКСР ҒА академигі С.Б. Балмұқанов, ҚазКСР ҒА академигі Ө.А. Жәутіков, ҚазКСР ҒА академигі А.Қ. Жұбанов, ҚазКСР ҒА академигі С.З. Зиманов, ҚазКСР ҒА академигі А.Н. Нүсіпбеков, физика-математика ғылымдарының докторы Д.А. Рожковский, философия ғылымдарының кандидаты А. Қасымжанов (хатшы).

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.Ж. Машановтың басшылығымен әл-Фараби ғылыми мұрасын зерттеу бойынша Философия және құқық институтының әлеуметтік және философиялық ой тарихы бөлімі жанынан 1968 жылдың 1 қаңтарынан бастап проблемалық топ құру шешілді.

Әл-Фараби ғылыми мұрасын зерттеу комиссиясына Философия және құқық институтымен және басқа институттармен бірге олардың жұмыс жоспарына әл-Фараби ғылыми мұрасын зерттеу бойынша тақырыптар енгізу туралы ұсыныстар дайындау; әл-Фараби ғылыми мұрасын зерттеу бойынша құрылған топтың ғылыми жұмысының бағытын анықтау; әл-Фарабидің туылғанына 1100 жыл толуын атап өту және оны мәңгі есте сақтау туралы ұсыныстарды дайындау; 1970 жылы әл-Фарабидің бір томдық таңдамалы еңбектерін және ол туралы ғылыми мақалалар жинағын басып шығару тапсырылды [13].

Ғылымды тұтас арнаға түсіріп, бағамдап, реттеп отыру ғалымдардың еншісінде болса, осы ретте Фараби еңбектерін әлем кітапханалары мен мұрағаттарынан іздеу, көшірмелерін алу, алып келу сынды күрделі үдеріс басталып та кетеді. «Академик С. Балмұқанов Түркияның Анкара қаласынан әл-Фарабидің екі кітабын, академик Ш. Есенов Канададан бір кітабын, А. Көбесов астрономиялық, физика-математикалық еңбектерінің көшірмелерін алдырған болса, А. Машанов Париж қаласынан музыка кітабын, А. Қасымжанов Чехословакияның Братислава университетінің кітапханасынан логикаға байланысты сегіз кітабын алдырды. Соның арқасында ғалымдардың топшылап жүрген әл-Фарабидің жүзден астам ғылыми еңбектерінің елуден астамы Қазақ КСР Ғылым академиясының фондына келіп түсті» [12]. Фарабитану мен оның қазыналы қорын саралаған сындарлы ой иелері – фарабитанушылар тарихы көрсеткендей-ақ сол жүктелген тапсырмалардың барлығына қол жеткізілген еді. Мәселен, 1975 жылы әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына орай «Әл-Фараби және Шығыс халықтарының ғылымы мен мәдениетінің дамуы» атты халықаралық конференция болып өткенін осы күнгі қауымдастық біледі. Сол конференцияның қандай деңгейде өткенін мына деректен аңғаруға болады: «Конференция жұмысына РКФСР, Қазақстан, Орта Азия республикаларынан, сонымен қатар ГДР, Венгрия, Румыния, Чехословакия, Иран, Ирак, Йемен, Кувейт, Ливия, Судан, Мароккодан келген 800-ге жуық ғалымдар қатысты» [14].

Сонымен, зерттеу тобы құрылды. Енді оның құрылымы қандай болды, жұмысы қай бағытта өрбіді деген сауалдардың жауабына аздап тоқталып, шолу жасап өтелік.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

Фарабитанушы Ауданбек Көбесов 1969 жылы берген сұхбатында: «Фараби еңбектерін жинастырып, зерттейтін топтың құрылғанына оншама көп уақыт өткен жоқ. Сөйтсе де осы салада бірқатар міндеттерді белгілеп алдық. Қазір жұмысты екі бағытта жүргізудеміз. Бірінші, Фарабидің қоғамдық ғылымдар саласындағы еңбектерін жинап, зерттеу. Бұл топқа философия ғылымдарының докторы Ағын Қасымжанов жетекшілік етеді. Екінші, Фарабидің табиғат ғылымдары саласындағы еңбектерін жинап-зерттеу. Фараби физика, математика, астрономия-астрология ғылымдары саласында бағалы еңбектер жазған. Бұның бәрі де араб тілінде жазылған. Өкінішке орай, араб тілін білетін математик ғалымдар аз», – деп баяндай отырып, мәселе көтереді [15]. Шынтуайтында, Ақжан Машани мен Ауданбек Көбесовтің бастамасымен, табанды ыждағатымен қолға алынған әл-Фарабидің жаратылыстануға қатысты баға жетпес мұраларын зерттеу барысы осы күнде тоқтап қалғаны, ол салада мамандардың тапшы екендігі жасырын емес. Ал «А.Х. Қасымжановтың жетекшілігімен басталып, М.С. Бурабаевтың жетекшілігімен жалғасқан әл-Фарабидің мұрасын аудару және ғылыми-зерттеу жөніндегі жұмыстар қазіргі кезде ... ойшылдың жаңа трактаттарын тәржімалаумен, оның мұрасына арналған жаңа ұжымдық монографияларды жариялаумен ғана шектеліп қоймай, «Әл-Фараби» атты философиялық-саясаттанымдық және рухани-танымдық журналды шығарумен толықты. ... Қазақстанда әл-Фараби сияқты әлемдік деңгейдегі ұлы ойшылға деген қызығушылықтың өшпей, қайта ұлғая түсуі – негізінен республиканың фарабитанушыларының жемісті еңбегінің нәтижесі» [16, 6-7 б.]. Бұған зерделі зерттеудің өзіндік жолын салып, зейін аударған қазіргі ҚР БЖҒМ Философия, саясаттану және дінтану институтындағы «Фарабитану» секторының меңгерушісі Ғалия Құрманғалиеваның фарабитану бойынша ерен еңбегі, оның бүкіл ғұмырын сол салаға арнап келе жатқаны дәлел болса керек.

Фарабитану бойынша жарты ғасырлық тарихы бар академиялық орталық ғалымдарының ізденістері терең тарихқа айналғаны сонша, өзекті ахуалды дәл танытатын осы күнге дейін жарыққа шыққан жекелеген және ұжымдық монографиялар мен антологияларды кешенді қорытып, зерделеу ауқымды ғылыми талаптар мен еңбектерді қажет етеді. Бұл ойымызға қатысты академик Әбдімәлік Нысанбаевтың сана сүзгісіне салған толымды пікірін ескермесе болмайды, ол академиялық топтың, отандық фарабитанудың шығармашылық эпицентрінің тарихын, зерттеу әдіснамаларын орынды түрде жүйелейді: «Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеуді тарихи динамикада қарастыра отырып, бірінен-бірі дүниетаным және зерттеу әдістемесі бойынша байыпты ерекшеленетін, екі тарихи кезеңді атап өтуге болады. Біріншісі, марксистік-лениндік дүниетаным мен диалектикалық материалистік әдістеменің тоталдық үстемдігімен байланысты, бұл орайда ол әл-Фарабидің мұрасына қатысты көрініс тапқан дүниетанымда материалистік бағдарды іздеу және онтологияда, гносеологияда, әлеуметтік философияда, жан ілімінде және т.б. идеализмге қарай жіберілген шегіністерде. Осындай дүниетанымдық тұғырнама және зерттеу әдістемесі бүкіл кеңестік философияға, оның 70 жылдан артық тарихына тән, сондықтан мұны қазақстандық фарабитану да аттап өте алмады.

XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңынан және тоқсаныншы жылдардан бастап, тоталитаризмнің қирауы мен Қазақстанның тәуелсіздікке жетуіне байланысты, әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасын зерттеудің екінші, түбегейлі жаңа кезеңі басталады. Ол өзгерген әлеуметтік-саяси жағдайлармен-лениндік әдістеменің және дүниетанымның тоталдық қысымынан кетумен, бұрын қазақстандық фарабитануда қолданылмаған, жаңа әдістемелік



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

тәсілдерді пайдаланумен, әл-Фарабидің философиялық мұрасын, зерделеудің объективті факторы болып табылатын исламдық дүниетаным мен исламдық руханилық кеңмәтінінде зерттеумен себептелген» [17, 426-427 б.]. Бұл ретте Зифа-Алуа Әуезова келесідегідей жайттарға назар аудару қажеттілігін маңызды санайды. Біріншіден, «Қазақстан және кеңірек алғанда, пост-кеңестік кеңістіктегі әл-Фараби мұрасын зерттеудегі іркіліске әл-Фараби дүниетанымында көрініс тапқан *интеллектуалды дәстүрді зерттеу үшін* кеңестік философиялық дискурста *идеологиялық кеңістіктің қалмауы себеп* болғандығы айқын. Кеңестік гуманитарлық ғылымның саяси-тәрбиелік риторикасының сарынымен әл-Фараби мұрасын зерделеуде бірінші кезекке оның әлеуметтік көзқарастары шығарылды және ол көбіне-көп ойшылдың жалпы «әлем суреттемесінен» тыс түсіндірілді» [18]. Екіншіден, шетелдік, соның ішінде батыстық зерттеулерге де мән беру және толыққанды сұхбаттастықты жолға қою. Зерттеушінің өз сөзімен келтіргенде: «әл-Фараби еңбектерін талдауды Аристотель, Платон, жаңаплатоншылардан бастайтын және ойшылдың жалпы «Ғалам суреттемесін» тұтас қамтуға ұмтылыс жасайтын батыс зерттеушілерінің еңбектерінен ерекшелігі – кеңестік ғылымда ғалым мұрасының математика, музыка, поэзия, логика сынды жеке тақырыптық салаларына егжей-тегжейлі назар аудару мақсатында оның тұтас дүниетанымын үзік-үзік етіп зерттеу басым болды, зерттеу көп жағдайда мәтінді талдаудан басталып, ары қарай жекеден жалпыға ауысып отырды (дегенмен, әрқашан бұлай болған емес). Батыс пен Шығыс арасындағы ақпарат пен жарияланымды өзара алмасу әл-Фараби мұрасы туралы білімді арттыруға және сұқбатқа қатысушылардың барлығы үшін оның тарихын тереңдетуге көмектесетіндігі шүбәсіз» [18].

Осы тұрғыда Зифа-Алуа Әуезова әл-Фараби мұрасының жиырмасыншы ғасырдағы кеңестік қоғамдағы зерттелуінің жай-жапсарына қатысты былай деп жазады: «Қазақстанда әл-Фараби есімі ХХ ғасырдың ортасынан бастап ерекше танымалдылыққа ие болды, бұл ең алдымен, әл-Фараби биографтарының, оның отаны ІХ-Х ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағында орналасқан Фараб қаласы болған деп есептеуімен де байланысты еді. Әл-Фараби еңбектерін орыс тіліне аудару бойынша қызу жұмыс басталды, оның мұрасына арналған көптеген мақалалар мен бірқатар көркем шығармалар жазылды, оның есімімен көшелер мен ғылыми орталықтар аталды, алайда кеңес ғылымында жетпісінші жылдардан кейінгі кезеңдердегі оның мұрасына деген бетбұрыс қандай-да бір маңызды жаңалықтарға алып келген жоқ. Жетпісінші жылдардың өзінде жасалған дүние тек философтар мен шығыстанушылардың біраз бөлігі үшін ғана түсінікті болды, бірақ жалпы білім беретін философия тарихы немесе ғылыми атеизм секілді оқу курстары арқылы адекватты деңгейде таратылмады. Мұнда әл-Фараби туралы материал негізінен оның өмірбаяндық мәліметтері мен «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатына» көбірек назар аударып, практикалық философиясына сілтеме жасаумен шектелді» [18]. Расымен, кеңестік кезеңде әл-Фараби мұрасының ресми идеологияға сәйкес насихатталғандығы анық. Алайда философтың кеңестік қалыпқа сай келмейтін еңбектері берілген және ойшыл мұрасын объективті түрде ғылыми бағалаған Мұрат Әуезов пен Болат Тайжанов құрастырған, арнаулы редакторы Ағын Қасымжанов болған «Ұстаздың оралуы. Фарабидің өмірі мен шығармашылығы туралы» [19] кітабының бүкіл тиражы қидаланып, саяси цензураның тыйым таңбасы басылды. Сондықтанда ғалымдарымыздың Фараби мұрасын зерттеуде кеңінен көсілуіне кеңестік идеология тұсау салып отырғандығын тағы да ескергеніміз жөн.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

Демек кеңестік кезеңдегі фарабитану бір бағытта өрбіген емес еді. Біздің ойымызша, ойшылдың жаратылыстану саласы бойынша мұраларын зерттеу де идеологиялық иінге қайыспай, объективтілігін сақтады. Мағынасы мазмұндас үш мәселелі деректі сарапқа салып көрелік:

Біріншіден, академик Сайым Балмұханов: «Фараби – табиғаттың дамуын дұрыс түсініп, таныған ғалым. Кеңестік пен табиғат арасында қандай байланыс бар? Бұл мәселе ерте дүние ғылымында да түйінді проблеманың бірі болған. Табиғат тану ғылымының осындай өзекті мәселесін Фараби өз дәуірінде дұрыс шешіп, нақтылы тұжырымдар жасай алды. Әрине, мұндай құнды тұжырымдар жасау үшін белгілі бір жағдай, орта әсер ететіні белгілі. Сырдария өзенінің бойын ертеректе мекен еткен рулар мен тайпалардың дамыған ғылымы мен мәдениеті болған. Орта Азиядағы Хорезм қаласында Үргеніш академиясының ашылуы да осындай тұжырым жасауға тірек болатын секілді. Ендеше, Фараби үлкен білім орталығында өсіп, өшпес еңбектер жазды деуге хақымыз бар» [20].

Екіншіден, академик Әлкей Марғұлан: «...Фараби өркенді ортада өскендіктен ғана ғылым шыңына көтерілді. Әйгілі ғалым Шоқан демократиялық озық ойлы ортамен тығыз қатынаста болмаса биік сатыға көтерілер ме еді? Ғұлама ғалым Фарабидің тууына да сондай игі орта әсер еткен. Ешқандай өнері, білімі мен ғылымы дамымаған елде мұндай ғалымның өшпес мұралар қалдыруы мүмкін емес. Демек, Фарабидің өмір сүрген дәуірінде Отырар қаласы мен Орта Азия ғылым мен мәдениеттің бесігі болды. Фараби мұраларын тиянақты зерттеп, кәдеге жарату Қазақстан жерінде білім мен мәдениеттің, ғылымның ешқандай үлгілері болмай келген еді деген кейбір пікірлерді жоққа шығарады. Өнер мен ғылымның айдыны кең «Отырари» деген жазулар орта ғасыр жазбаларында өте көп кездесіп отырады. Ондай кітаптарды оқығанда бір Отырар қаласында ғана емес, сол тұстағы мәдениет үлгілеріне тегіс көз тастап, жан-жақты зерттеген пайда» [21].

Үшіншіден, Ауданбек Көбесов: «Фарабидің өз еңбектерімен қоса оған ұстаз және шәкірт саналатын Шығыс пен Батыстың көптеген оқымыстыларының еңбектерін онымен байланысты зерттеу міндеті қойылады. ... Фараби мұраларын зерттеу, жинақтау барысында жүзеге асыратын қиындықтар аз емес. Оның ең бастысы – ғылым кадры мәселесі. Ескі араб тілін және басқа тілдерді білетін, ғылымның тарихы мен қазіргі жағдайынан хабардар маман зерттеушілердің жоқтығынан фарабитану тобына белгіленген көрнекті штатты толық пайдалана алмай отырмыз. Осы мәселеге айрықша назар аударып, мамандар санын көбейту жағын ойластырмай болмайды. Ол үшін мамандар дайындауды таяу уақытта қолға алу керек шығар. Фараби тобына арнап жыл сайын ғылым тарихы бойынша аспиранттар қабылдап отыруымыз қажет. Біздің кейбір ғалымдарымыздың осы уақытқа дейін ғылым тарихына селқос қарайтындығы байқалады. «Ғылым тарихының керегі қанша?» дейтіндер де бар. Бүгіндері республикамызда ғылым тарихымен айналысатын ғалымдар жоқтың қасы. Еске алатын бір жәйт, қоғамдық негіздегі ғылым мен техника тарихы жайлы республикалық комитет әлі күнге дейін құрылмай келеді. Бұл туралы бұдан біраз жыл бұрын Одақтағы ғылым мен техника жөніндегі комитет біздің ғылым академиямызға хат жолдаған болатын. Ол хатты алғаннан кейін де еш нәтиже шықпады. Ғылым тарихын зерттегенде біз жалғыз Фарабимен шектеліп қала алмаймыз. Бір ғана Отырардың өзінен бірнеше ғалымның шыққаны қазір белгілі болып отыр. Олар – көрнекті математик Ғаббас Жаухари, атақты тіл маманы Исмаил Жаухари және басқалар. Ғаббас Жаухаридың математикалық бір еңбегі Стамбулда сақтаулы екен. Ал Исмаил Жаухари болса, араб тіліндегі көлемді түсіндірме





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

сөздіктің авторы. Жамал Түркістани дейтін бір автордың математикалық қолжазбасы Ленинградта сақталыпты. Бұлардың барлығы – зерттелмеген дүниелер. Біз тек Қазақстаннан шыққан ғылым өкілдерімен ғана шектелуге тиіс емеспіз. Ғылым мен философия тарихын терең зерттеп білу үшін орта ғасырлардағы шығыс ғалымдары еңбектерін бір-бірімен байланыстырып тұтас қарау керек. Бір мысал: басқа ғалымдарды былай қойғанның өзінде IX-XV ғасырларда физика, математика ғылымдары бойынша шығыста ірілі-ұсақты 700-ге тарта автор қалам тартқан. Бұлардың еңбектерінің көбі зерттелмеген күйінде белгісіз боп жатыр. Сондықтан да «Фарабитану тобын» түбінде Орта Азия мен Қазақстан ғылымы тарихын зерттейтін бөлімге айналдыру жағын ойластыруымыз жөн сияқты» [3].

Дегенмен, фарабитанудың алғашқы толқынында көтерілген отырарлық ғалымдар мұраларын жаңғырту мәселесі өз жалғасын осы күнге дейін тауып келеді. Отырарлық ғалымдар ізін қазіргі қазақ ғылымында жаңғырту мәселесінде ерен еңбектерімен ғылыми қауымдастықтың назарын аударып жүрген Әбсаттар қажы Дербісәлі жаңалықтарына өкінішке орай мойын бұрмай келеміз [22]. Ал оқушы кезімізде Ауданбек Көбесовтің жазған «Сөнбес жұлдыздар» [23] атты ортағасырлық Қазақстан мен Орталық Азия ғұламалары туралы танымдық кітабының біраз арман мен қиялға жетелегенін, өкінішке орай, ондай желідегі жазбалардың қазіргі таңда елімізде кенже қалып отырғанын айтқанды жөн санадық.

Отандық фарабитанудағы алғашқы лектің ғылыми өнімін қысқаша қорытындыласақ, тұтас сол топтың даму эволюциясындағы қажырлы аудармашылық еңбектері [24-31] мен көптеген іргелі зерттеулерінің жемісі осы күнге дейін қазіргі фарабитанушылар мен ғалым зерттеушілерге азық боп келе жатқаны жаңалық емес. Осы тұста отандық фарабитануда философ-аудармашы Клара Тәжікованың да жеке энтузиастық аудармашылық жұмыстарын атап өтпеске болмайды [32].

Енді, отандық фарабитанудың және бір арналы ағысына түсіп көрелік. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1993 жылдың 1 қаңтарында «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» атты республикалық ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталық ашылды. «Орталық» жұмысы отандық фарабитануда тәжірибесі мол философ Ағын Қасымжановқа жүктелді, оған кеңес және көмек көрсету мақсатында Ә.Б.Дербісәлі, А.Қ. Көбесов, М.С. Бурабаев, Ө.Н. Күмісбаев, А.Қ. Қасабек, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.А. Алтаев сынды университет ғалымдарынан тұратын кеңес құрылды.

Орталықтың алғашқы он жылдығы әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұраларына байланысты көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстармен мазмұндалды. Ағын Қасымжановтың «Қазақ халқының рухани мұрасы» (1991), «Қазақ» (1993), «Портреті: Штрихи к истории Степи» (1995, 1997) қазақ және орыс тілдерінде, «Аль-Фараби» (1997) екінші басылымы, «Стелы Кошо-Цайдама» (1998), «Портреті. Степь глазами извне: от Геродота до Гумбольдта» (2001) атты кітаптары жарық көрді. Алайда Ағын Қасымжанов ағамыздай заңғар таланттың шығармашылық ізденіс-табыстарындағы бұл іргелі жобалардың жалғасын таппай бейтарап қалғаны қазақ философиялық қауымдастығынан бұрын өзімізді қынжылтады.

Орталық 1994 жылы 9-10 желтоқсанда «Әл-Фараби Шығыс халықтарының ғылымы мен мәдениетінің тарихындағы орны» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция жұмысын ұйымдастырды. Конференция жұмысына отандық және АҚШ, Әзірбайжан, Иран, Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түркия, Түрікменстан, Украина, Франция



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

мемлекеттерінен келген фарабитанушылар қатысты. 1997 жылы «Әл-Фараби мұрасы және қазақ халқының рухани мәдениеті» атты жалпы университеттік жаңа курс енгізілді.

2000 жылы Ағын Қасымжанов дүниеден озуына байланысты Орталық жұмысын Әнел Әзімхан өзге форматта жалғады. 2001 жылы 22 наурызда «Зороастризмнің философиялық дәстүрлері: тарих пен қазіргі кезең» атты ғылыми семинар өткізді. Оған отандық және Иран мен Түркиядан келген ғалымдар қатысты. Әнел Әзімханның «Философское приношение аль-Фараби» (2006) атты кітабы жарық көрді. Кітапта фарабитану бойынша жаңа зерттеулер мен батыстық ғалымдардың еңбектері кеңінен сарапталды.

Орталықты 2008 жылдан философ Ағын Қасымжановтың шәкірті Жақыпбек Алтаев жаңа тұрпатта үйлестіріп келеді. Ұстазға тағзым ретінде «Қасымжанов оқуларын» екі жылда бір рет өткізу дәстүрге айналғалы «VI Қасымжанов оқулары» өткен. 2009 жылы 18 наурызда «Әл-Фараби: Философия. Мәдениет. Дін» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына Орталық өз үлесін қосты. Алқалы жиында отандық және Ресей, Иран, Мысыр, Түркия фарабитанушылары философия, мәдениет, дін хақында ойлары мен тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ 2010 жылы 18 қарашада Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы өкілдігімен бірлесе отырып, Париж қаласындағы ЮНЕСКО штаб-пәтерінде «Әл-Фараби және Еуропалық ренессанс» халықаралық дөңгелек үстел жұмысының ұйымдастырылу алқасының мүшесі болды. Дөңгелек үстел жұмысына Франция, Сирия, Испания, Әзірбайжан, Швейцария, Сауд Арабия, Иран, Италия мемлекеттерінің фарабитанушылары қатысты. 2013 жылы 6-7 желтоқсанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Иран Ислам Республикасы елшілігі жанындағы мәдени өкілдік бірлесе отырып өткізген «Әл-Фараби мұрасы және қазіргі заман» халықаралық ғылыми-теориялық конференция жұмысына септігін тигізді. Университетіміздің жаңа Ғылыми кітапханасында Орталық пен Университет музейі жаңа «әл-Фараби» мұражайын салуды ұсынып, ғылыми-концептуалды негіздемесін және экспозициялық жұмыстарын жасақтады. Осының негізінде «Әл-Фараби» мұражайы ашылды.

Орталық ҚР БҒМ қолданбалы зерттеулер жұмыстары аясындағы «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті» (2009-2011 жж.), «Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі: әлеуметтік-философиялық аспект» (2012-2014 жж.), «Заманауи әлемдік және қазақстандық мәдениеттің дамуындағы әл-Фараби мұрасы» (2015-2017) гранттық жобаларын жүзеге асырып келеді.

2014-2015 жылдары университет ректоры, академик Ғ.М. Мұтанов мырзаның қолдауымен әл-Фараби орталығы халықаралық Абай клубымен бірлесе отырып, кеңестік кезеңде аударылған, академиялық нұсқалары жоқтың қасына айналған әл-Фараби трактаттарын қайта басып шығарды: «Добродетельный город» (2014), «Книга о музыке» (2014), «Книга об аль-Фараби» (2014), «Книга о разуме» (2014), «The Book of Mind» (2014), «Бақыт туралы кітап» (2015).

Орталық – әл-Фараби мұраларын насихаттауға, заманауи Қазақстан қоғамының рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін дамытуға, ойшыл мұраларын елімізде және алыс-жақын шет елдерде танытуға бағытталған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2014 жылы негізі қаланған және әр жыл сайын өтетін, дәстүрге айналған «Халықаралық Фараби оқулары» аясындағы Халықаралық Фараби форумын ұйымдастыру алқасының белсенді мүшесі.

Қазақ ұлттық университетінде «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» атты өресі кең, болашағы кемел Қазақстан мен Орталық Азиядағы тұңғыш ғылыми-инновациялық жоба



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

қолға алынып, іске қосылуда. Әл-Фарабидің әмбебап рухани құндылықтар негізінде тұрған әлеуметтік идеал – «қайырымды қала» идеясы осы жобаның маңызды рухани-адамгершілік бастау-бұлағы болып табылатыны сөзсіз [33, 11 б.]. Әрине, бұл «қайырымды қала» идеясы әл-Фараби әлеуметтік идеалдарының бірі ғана болса, оның мемлекеттік-стратегиялық ұстын ретінде жаңғыруы күтіп тұрғандығы анық. Мәселен, кезінде әл-Фараби орталығының қызметкері Әлиев Шаттықтың: «Әбу Насыр әл-Фарабидің өз жерлесіміз екенін біз мақтан тұтамыз. Тек мақтан тұтып қана қоймай, ұлттық бренд ретінде әлемге паш етуіміз қажет» [34], – деген көңілге қонымды идеясы бүгінде біртіндеп жүзеге асып келеді.

Міне, фарабитанушы Ғалия Құрманғалиеваның пікірімен келтіргенде, «Біріншіден, Қазақстан ғалымдарының кәсіби еңбектері мен насихат жұмыстарының арқасында әл-Фараби біздің мәдени рәмізімізге, ал оның мәдени мұрасы тамыры түркі мәдениеті мен руханиятынан бастау алатын қазақ мәдениетінің қайнары ретінде ұлттық мақтаншықа айналды. Екіншіден, ортағасырлық энциклопедистің көпқырлы еңбектерін ең алғаш рет зерттеу жұмыстары барысында айқындалған траектория мен бағыт өз жалғасын табуда. Ол келесі тармақтарға бөлінген: фарабитанудың библиографиялық базасы, ғылыми зерттеу, әл-Фарабидің энциклопедиялық мұраларын насихаттау. Үшіншіден, әл-Фараби мұраларын зерттеу қазақстандық философияға аса маңызды тарихи-философиялық бағыт ретінде енді» [35, 19-20 б.].

Отандық фарабитану аясын сараптай, зерделей отырып, қарымды қадам жасаудағы ендігі игерілер кең ауқымды істерге тереңдей ену барысында ұштай түсетін мәселелер:

– әл-Фараби мұрасы бойынша араб және өзге шет тілдерді білетін кәсіби сала мамандарының тапшылығы мен жаңа сыни аудармалардың жоқтығы, аудармашылар сабақтастығының болмауы;

– Ортағасырлық Орталық Азия ғұламаларының мирастарын және сол тұста білім мен ғылымның қалыптасуына ықпал еткен тетіктерді кешенді түрде зерттеу уақыты пісіп жетілді деп ойлаймыз;

– әл-Фараби мұрасы санқырлы қазына болса, оның рухани шәкірттері мен ізбасарларының мирастары елімізде өз деңгейінде зерттелмей келеді;

– әл-Фараби мұрасын антика және ислам дүниесі аясында кешенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізу маңызы артып отыр;

– әл-Фараби мұрасы шет елдік зерттеулердегі сараптамасын зерделеу маңызды шаралардың біріне айналуы тиіс;

– әл-Фараби мұрасын айшықтай түсуде отандық және шет елдік сипатта пәнаралық зерттеулер мен сұхбаттар жетіспейді;

– әл-Фараби мұрасын жаратылыстану саласы бойынша зерттеу жұмыстарын қайта жаңғырту;

– әл-Фарабидің логикалық мұрасын кешенді түрде зерделейтін кез келді деп ойлаймыз;

– кеңестік академиялық кезеңге дейінгі қазақ рухани жадындағы Фараби есімі мен мұрасы жеткілікті зерделенбей келеді;

– кеңестік академиялық кезеңдегі фарабитану ғылыми електен осы күнге дейін толығымен өткен жоқ;

– тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан осы күнге дейінгі фарабитанудың бағыт-бағдарлары бір қорытындыны талап етеді.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Осы және бұл арнадағы мәселелерді қолға алмасақ Фарабитану саласындағы отандық зерттеулеріміз баяулап қалатындығы анық. Мұндағы мәселе бақталастық, жарыста емес, ғылыми зерделі зерттеулерде болып тұр. Иә, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өткенімізбен қайта қауыштық. Жаңа көзқарас, жаңа методология, жаңаша бағалаудың қажеттігін ғылыми қауымдастық батыл қозғай бастады. Отарланған жер-су, елдімекендер, ұйымдар аттары өзгертіле бастады. 1991 жылы қазақ жоғары білімінің ордасы ҚазМУ-ге Әбу Насыр әл-Фараби есімі берілді. 1993 жылы ұлттық теңгенің айналымға енгізілуі, ондағы ұлт алыптарының бейнелері сол тұстағы көңілі алаң жұртымызға рухани дем берді. Теңгедегі Әбу Насыр әл-Фарабидің бейнесі мен Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің рухани мәні тіпті де айрықша болды. Ұлтымыздың қасиетті тұғырларын қайдан табу керектігін меңзеді. Өткенімізді тануға өзіндік жол сілтеді. Ұлттық идеяға айналды. 2015 жылы еліміздің ғылым мен техника саласындағы ең жоғарғы Мемлекеттік сыйлығы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен «Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы» болып бекітілді. «Екінші Ұстаз» есімі берілген көптеген көше аттары, мекемелер де жетерлік. Елімізде әл-Фараби мұраларын зерттеудің имидждік жақтарының алдыңғы орынға шыққаны дұрыс, бірақ ең алдымен, сапалық негіздеріне жете назар аударылуы тиіс. Мәселен, әл-Фараби энциклопедизмі осы уақытқа дейін жаппай қоғамдық сана қалыптастыра қоймады, мүмкін Фараби мұрасы бойынша әлі де қозғаушы күш керек шығар. Азаматтық көзқарасы айқын философ-публицист Әбдірашит Бәкірұлы: «...қазіргі қазақ философиясының алдында атақты әл-Фараби бабамыздың философиялық мұрасына жаңа уақыт тұрғысынан комментарийлер беру міндеті тұр (кезінде әл-Фарабидің Аристотель іліміне комментарий бергені секілді). Бұл не үшін қажет? Ол, алдымен, әл-Фараби ілімін қазақ даналығымен біріктіру және оның ілімі мен ғылыми тұлғасын «қазақтандыру» үшін қажет. Екіншіден, осы комментарийлер арқылы біз қазақ даналығының «проблемалық тарихына» жол аша алар едік. Қазір болса, біз, қазақ даналығы тарихы (қазақ философиясы тарихы) туралы айтқанда шашыраңқы күйден аспай келеміз. Концептуалды деңгейде әлі де жете алмаудамыз» [36], – деп кеңесі мен сынын қатар ұсынады.

Ұлттың арын арлауда, озық үлгілерін насихаттауда алдымызда атқарылар ұлан ғайыр істер күтіп тұр. Ұлт руханиятының, соның ішінде фарабитану бойынша құнды жәдігелерімізді айналымға қосып, өркендеу жолын, тарихи тағдырын байыппен барлауда қажырлы ізденіс қажет. Баға жетпес рухани бай мұраларымызды Ел игілігіне жарата алу, оған өзіндік үлес қосып, келер ұрпаққа келелі іс қалдыруға деген «мұрагерлер парызы» осылай болса керек.

### Әдебиеттер:

1. Әбдіраманов Ш. Әл-Фараби және Ақжан Машани // Қазақ әдебиеті. – 2012. – 18 қазан.
2. Қасымжанов А. Фарабитану // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия – Алматы, 1989. – 4-том. – 686 б.
3. Көбесов А. Фараби және фарабитану жайлы сөз // Қазақ әдебиеті. – 1968. – 25 мамыр.
4. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: Жалын, 1996. – 18 б.
5. Тауасарұлы Қ. Түп-тұқияннан өзіме шейін: 1776 жылы жазылған қазақ тарихы. – Алматы: Жалын. – 1993. – 148-152 б.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

6. Көбесов А. Фараби – Дауани – Абай // Қазақ әдебиеті. – 1973. – 6 шілде.
7. Машанов А. Әл-Фараби және Абай // Өркен. – 1989. – 17 маусым.
8. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 446 б.
10. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы: Жалын, 1992. – 51-52 б.
11. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 170 б.
12. Сарғожин Р. Ғалым мұрасы – ұқыпты қолда // Білім және еңбек. – 1973. – №12. – 17 б.
13. Об изучении научного наследия аль-Фараби // Вестник АН КазССР. – 1968. – №1(273). – С. 74.
14. Академия наук Казахской ССР / сост.: А.К. Куванышев, И.И. Маляр. – Алма-Ата, 1978. – С. 48.
15. Көбесов А. Мұрагерлер парызы // Лениншіл жас. – 1969. – №69(7237). – 3 б.
16. Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ. Әл-Фараби мұрасының Қазақстанда зерттелуі // Фарабитану. Жиырма томдық. 16-том. – Астана: Аударма, 2006. – 5-13 б.
17. Нысанбаев Ә. Елімізде фарабитанудың қалыптасуы мен дамуы: қорытындылар және болашақ бағдарлар // Фарабитану. Жиырма томдық. 16-том. – Астана: Аударма, 2006. – 423-434 б.
18. Ауэзова З.-А.М. Наследие аль-Фараби в двадцатом веке: особенности «репатриации» // Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы және қазіргі заман: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 12-13 желтоқсан 2013 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 45-49 б.
19. Возвращение Учителя. О жизни и творчестве Фараби. – Алма-Ата, «Жазушы», 1975. – 200 с.
20. Балмұқанов С. Мұрагерлер парызы // Лениншіл жас. – 1969. – №69 (7237). – 3 б.
21. Марғұлан Ә. Мұрагерлер парызы // Лениншіл жас. – 1969. – №69 (7237). – 3 б.
22. Дербісәлі Ә. Отырар өркениеті және Отырарлық ғалымдар. Әбу Насыр әл-Фараби // Ислам әлемі. – 2000. – №4. – 1-4 б.
23. Көбесов А. Сөнбес жұлдыздар. – Алматы: Жазушы, 1973. – 160 б.
24. Аль-Фараби. Философские трактаты. [Пер. с арабского]. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 430 с.
25. Аль-Фараби. Математические трактаты. [Пер. с арабского]. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 321 с.
26. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. [Пер. с арабского]. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
27. Аль-Фараби. Логические трактаты. [Пер. с арабского]. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 672 с.
28. Аль-Фараби. Комментарии к «Альмагесту» Птолемея. [Пер. с арабского]. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 523 с.
29. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. [Пер. с арабского]. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 624 с.
30. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. [Пер. с арабского]. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 495 с.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

31. Аль-Фараби Трактаты о музыке и поэзии. [Пер. с арабского]. – Алматы: Ғылым, 1993. – 452 с.
32. Аль-Фараби. Книга букв / пер., прим. и вводная статья К.Х. Таджиковой. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 220 с.
33. Мұтанов Ғ.М. Ұлы баба ұлағаты // Бақыт туралы кітап: таңдамалы трактаттар / Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 10-13 б.
34. Әлиев Ш. Ұлттық брендке айналдыруымыз қажет // Аңыз адам. – 2011. – №17(29). – 16 б.
35. Курманғалиева Г.К. Аль-Фараби в казахстанской философии: настоящее и перспективы будущего / Творчество аль-Фараби в социокультурном измерении Востока и Запада: к 10-летию журнала «аль-Фараби». Материалы международного «круглого стола» / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 300 с.
36. Бәкірұлы Ә. Әлемді мойындатқан қазақ философы неге жоқ? // Ақиқат. – 2015. – №1. – 40-46 б.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

info@iksad.org

www.iksadkongre.org

KAZNU

### KENT UYGARLIĞI VE DEMOKRASİ ÜZERİNE BİR İNCELEME

Doç.Dr. Şafak KAYPAK

Mustafa Kemal Üniversitesi, skaypak@gmail.com

Ahmet GÜNDÜZ

Yüksek Lisans Öğrencisi, Mustafa Kemal Üniversitesi

#### ÖZET

Bu çalışma, kent, uygarlık ve demokrasi ilişkilerini incelemeyi amaçlamaktadır. Bir yaşam biçimi olan uygarlık, demokrasi ile bir anlam kazanıyor ise, bu en iyi bir biçimde kentsel yerleşim alanlarında hayata geçirilmiştir. Öteden beri, toplumların yaşam biçimlerinin, yani uygarlık düzeylerinin onların üretim biçimleriyle yakın ilişkisi olduğu ifade edilmektedir. Yaşam biçimlerimiz ile yaşadığımız ortamlar arasında da doğrudan bir etkileşim vardır. Kent, uygarlık ve demokrasi olguları; yerleşik toplulukların ürünü olan itaate dayalı düşünceyle, göçebe toplulukların benimsediği kendi kendine yeterli ve bireysel çabaya dayanan irade gibi birbirine karşıt görünen iki fikrin bileşiminden doğmuştur. İnsanlık tarihine yön veren Neolitik ve Sanayi Devrimi gibi iki büyük devrimin ürünleridir. Bu bileşim; binlerce yıl sürecek mücadelelerin sonucu olacak ve kent devrimleriyle boyut kazanacaktır. Neolitik Devrimiyle insanoğlu toprağı ekip biçerek yiyeceğini karşılamayı öğrenmiş, kurduğu kentlerle uygarlığın ürünlerini ve oturduğu alanı korumak için de su kanalları ve setler yaparak devletin temellerini atmıştır. Bulduğu icatlar, keşfettiği mekânlar, ortaya koyduğu fikirler insanın yaşamında bir çığır açmış, hayatı kolaylaştırmış, ufku genişletmiştir. Ortaya çıkan kentler, kurulan uygarlıklar ve demokratik yaşam çok büyük kazanımlardır. Çünkü ilk ortaya çıktıklarından beri kentler, insanın özgürleştiği, katılmanın ve demokrasinin hayata geçtiği alanlar olarak değerlendirilmişlerdir. Uygarlığın getirileri kentlerde demokrasi içinde hayata aktarıldığında kalıcı olmuş ve yaşamaya devam etmiştir. Demokrasiyi en iyi hale getirme çalışmaları sürmüştür. Öte yandan, içinde bulunduğu koşullar insanın hep geleceğini etkilemiştir. Gerek özgürlük ve demokrasi adına olsun, gerekse ekonomik, siyasal, toplumsal koşullar açısından olsun ikmal yolları tıkandığında bir çıkış yolu bulmuş; ama zaman zaman bulduğu çıkış yollarını kendisi için yeniden tutsaklığa, savaşlara, yıkımlara dönüştürebilmiştir. Elbette yeni bir yol bulmak sayesinde insanoğlunun ilerlemesini sağlayan süreç, onu düşünmeye iten etmenlerle gerçekleşmiştir. İcat edilen her şey hatta her fikir dahi, hangi saikle kullanılmışsa, o amaca hizmet etmiştir. Elde edilen kazanımlar en azından geliştirilerek sonraki nesillere, daha büyük uygarlıklar kurulması adına, ilerlemek gayesiyle teslim edilmelidir. Miras bırakılan şey, yıkımlar olduğu müddetçe; işe hep en başından başlamak gerekecek; gelecek sorunları yaratarak insan uygarlığını tartışılır hale getirebilecektir. Çalışma, ilgili kaynakların taranması yöntemine dayanmaktadır.

**Anahtar Kelimeler:** Kent, Kentsel Devrim, Uygarlık ve Demokrasi



**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПМӘДЕНИЕТТІЛІКТІҢ (МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМНЫҢ)  
ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**THE LEGAL ASPECTS OF MULTICULTURALISM IN REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN**

А.А.ОТЫНШИЕВА

2- курс докторанты

А.С.ИБРАЕВА

з.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Заң факультеті  
aidana-best91@mail.ru

**Түйіндеме**

Автор бұл мақалада қазіргі кезеңдегі демократиялық, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық Қазақстан Республикасындағы көпмәдениеттілік немесе мультикультурализм концепциясының түп тамырын, оның ішінде пайда болу тарихын, теориялық тұрғыда дамуын, басқа шет мемлекеттерде мультикультурализмнің қолданылу және таралу аясын қарастырады. Сонымен қатар, осы ауқымды да өзекті тақырыпты негізгі идеясымен ұштастыра отырып, мәнін ашу барысында, жалпы мультикультурализм концепциясы Қазақстанға керек пе деген сұрақтың түйінін шешу де қамтылды. Көпмәдениеттілік жайлы заңнамалардың құқықтық аспектілері, жан-жақты саяси және құқықтық пікірлер, жария талқылаулар қарастырылды.

**Түйін сөздер:** мультикультурализм, ұлт, бірегейлік, адам және азамат.

“Мультикультурализм” термині тұңғыш рет ХХ ғасырдың 40-жылдары Канадада пайда болды, алайда 1960 жылдардан бастап қана өзекті тақырып бола бастады. Құқықтанушылар мен саясаттанушылар қауымының ойынша, мультикультурализм деп ашық қоғам мен түрлі ұлттардың сол мекен етіп жатқан қоғам аясындағы түрлілігін, сан алуандығын айтады. Мультикультурализм саясаты мен идеологиясы түрлі этникалық топтар мәдениетінің әртүрлілігін сақтауды, өз мәдени орталықтарын, мысалы, білім ошақтарын ашып, тілін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын дамытуын білдіреді.

Harper Collins атты Әлеуметтану сөздігінде бұл концепцияны былай түсіндірген: “Мультикультурализм – бұл көптеген қоғамдардың айқын белгісі ретінде мәдени плюрализмді танып, мойындап, насихаттайды. Мультикультурализм мәдени саналуандылықты қорғауға негізделеді. Сонымен қатар, ол мемлекеттегі өмір сүріп жатқан негізгі ұлттар мен азшылық ұлттар арасында жиі белең алатын тең емес қарым-қатынастарға ерекше көңіл бөледі”. Жалпы, мультикультурализм концепциясы либералдылыққа, ізгілік (гуманизм), адамгершілік құндылықтарына негізделген.





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



İKSAD

www.iksad.org

info@iksad.org

www.iksadkongre.org

KAZNU

### KAPADOKYA'DAKİ BİZANS ESERLERİNİN TURİZM İÇİNDEKİ YERİ: IHLARA VADİSİ ÖRNEĞİ

### THE LOCATION OF BYZANTINE MONUMENTS IN TOURISM IN CAPPADOCIA: SAMPLE OF IHLARA VALLEY

Doç.Dr. Sevcan YILDIZ

Akdeniz Üniversitesi, sevcanyildiz@akdeniz.edu.tr

Öğr.Gör. Dr. Engin DERMAN

Akdeniz Üniversitesi, ederman@akdeniz.edu.tr

#### ÖZET

Bizans İmparatorluğu dünya tarihinde en uzun süre hüküm sürmüş devletlerden bir tanesidir. Anadolu toprakları önemli Bizans eserlerine sahiptir. Kapadokya bölgesi bu bakımdan çok zengindir. Çalışmada bu bölge içerisinde yer alan Ihlara Vadisi ele alınmış, bu alandaki Bizans eserleri literatür taraması ile ortaya konmuştur. Özellikle inanç ve kültür turizmi bakımından büyük önem taşıyan bu kaynakların Türk turizmindeki rolünü vurgulamak amaçlanmıştır.

**Anahtar Kelimeler:** Kapadokya, Bizans Eserleri, Turizm, Ihlara Vadisi.

#### ABSTRACT

The Byzantine Empire is one of the longest running states in world history. Anatolian lands have important Byzantine monuments. Cappadocia region is very rich in this respect. Ihlara Valley in this region was considered in the study and Byzantine monuments in this area have been revealed by literature review. It is aimed to emphasize the role of these resources, which have great importance in terms of faith and culture tourism in Turkish tourism.

The article considers the importance of professional situational exercises for the development of language skills of the future specialist. The practice tests are based on the results of the scientists' opinion specifically investigated this question. The influence of it proved the learner's future professional active vocabulary development. Different types of case studies and implementation of situational tasks influence on assimilation of the cognitive and the different professional actions, skills. It activates learner's professional language adaptation. The right decision in various matters, professional activities, analysis, writing business letters, self-expression and as evidence of its competence in the development form future specialist's professional skills. The practical use of the case and situational actions are explained by the specific examples in the present research article. Apart from case it is said about the small business situations and the great role of them for the future specialist's professional language development. Specific examples proved that the situational exercises are different by the property of all actions.

**Key words:** professional language, situational exercises, professional competence, future specialist. universal property

Қоғамда нарық заңдылықтары туғызып отырған оң өзгерістер білім беру саласында да сапалы білімді қажет етуде. Тыңдаушы немесе тіл үйренуші озық үлгідегі сапалы білім алғысы келеді. Сондықтан оқытушы бұл талап тұрғысынан шығу үшін үлкен ізденіс пен тынымсыз еңбектенуіне тура келеді. Әрбір оқытушыға сапалы білім беру мақсатында әлемдік деңгейде қолданылып жүрген жаңа әдістемелерді тынбай ізденіп, зерттеп қолдану талабы туындайды. Жаңа замандағы қоғамдық өмірге келген әрбір жаңалық, оң өзгерістердің бәрі де ғылым мен техника жетістігі. Бүгінгі қарыштап дамып отырған заман талабы қазақ тілін оқыту саласына да сол жетістіктердің ықпалын тигізуде. Соңғы



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

жылдарда тіл үйретуші мамандар қазақ тілін оқытуда шет тілдерін оқыту әдістемесін басты назарда ұстануда. Зерттеушілер мен тіл үйретуші мамандар әлемдік тәжірибе арқылы көп деңгейлі оқыту әдістемесін қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, жан -жақты дамытып, зерттеу үстінде. Түрлі оқу құралдары, ғылыми мақалалар жарық көріп, көпшілік талқысына түсуде. Осы тұрғыда кәсіби тілдің жетілдірілуі де маңызды мәселе. Алайда тілді оқыту мәселесінде болашақ кәсіби құзіретті тілдік тұлға қалыптастыру өз деңгейіне көтірле алмай отыр. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан болашақ маманның тілдік дағдысының жетілуіне толық жағдай жасалуы тиіс. Бұл үшін жоғары талап пен деңгей тұрғысынан оқытудың әдістемесі жан жақты зерттелуі керек. Сонда ғана кәсіби тілдік құзіреті толық жетілген маман дайындау мүмкіндігі ашылады. Тілді жаңа технологиямен оқытуды жетілдіру – Қазақстан Республикасында алда тұрған негізгі міндеттердің бірі. ҚР Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқына өз жолдауында: «Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді. Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу құралдарын, аудио-бейне материалдарды әзірлеу керек», /1/- деп айрықша атап кетуі бүгінгі тіл үйретіп жүрген және зерттеуші мамандарға жүктелген жауапты міндет. Сондықтан әрбір оқытушы тәжірибеде сыналған озық, жаңаша әдістерді баспасөзде, конференцияларда ортаға салар болса, әдістеме ғылымына қосылған үлкен үлес болар еді.

Бұл шағын мақалада өз тәжірибемізде сынақтан өткен жағдаяттық тапсырмалардың кәсіби тілдік дағды қалыптастырушылық қызметі туралы әңгіме қозғамақпыз. Біз қозғап отырған тақырып өз бастауын батыстық Case study әдісінен алады.

Case study (кейс-стади) – бұл нақты практикалық жағдаяттарды (*конкретных ситуаций* (*кейсов*)) талқылауға негізделген әдіс түрі. Аталған әдіс Гарвард университетінің бизнес мектебінде заңгерлер мен менеджерлер дайындау барысында XX ғасырдың басында пайда болған. Бұл әдістің өзіндік ерекшелігі - негізгі күштің студенттің өз бетінше жұмыс жасауына, ізденуіне жұмылдырылуында. Интерактивті әдістемеге құрылған кейс тәсілін біз өз пәніміздің ыңғайына қарай және Case study (кейс-стади) – бұл нақты практикалық жағдаяттарды (*конкретных ситуаций* (*кейсов*)) талқылауға негізделген әдіс түрі болғандықтан бұл сөзді ретіне қарай *кейс те, -жағдаят* та деп алуды дұрыс деп шештік. Әрине, *нақты жағдаят* деп алсақ та болар еді, дегенмен интернационалды бастапқы *кейс* атауын сол күйінде қалдырып, қажет тұстарда *жағдаят* деп те қолдануды жөн көрдік. Себебі, тілдік дағды қалыптасыру барысында қолданылған жағдаяттардың өзі шағын түрі және көлемді түрі болды. Олар мазмұнына қарай проблемалы немесе күнделікті жұмыс барысындағы қалыпты жағдаяттар болуы мүмкін. Қалыпты жағдаяттарда мәселе болғанымен ол проблема туғызбайтын сипатта өтуі мүмкін. Екі жағдаятты мысалға алайық:

**1-жағдаят:** Тақырыбы: Материалдық ынталандыру.

*Сіздің компанияның көптеген қызметкерлері бәсекелес компанияның жалақысы жоғары болғандықтан сол жаққа қызметке кетуде. Тез уақыт аралығында бұл мәселемен айналыспасаңыздар тағы да екі үш мықты маман кетіп қалу қаупі бар. Қандай шаралар қолданасыз?*

**2-жағдаят:** Тақырыбы: Материалдық емес ынталандыру.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

*Сіз компанияның департамент директорысыз. Өз департаментіңіздегі қызметкерлер жұмысына көңіліңіз толады. Ынталандыру үшін сыйақы да төлегіңіз келеді. Бірақ қаржылық тапшылыққа байланысты бұл мүмкін болмай тұр. Департамент қызметкерлерін ынталандыру формаларын ойлап табыңыз./Тапсырма ауызша және жазбаша түрде орындалады./*

Бірінші жағдаят бойынша қомақты проблема, компаниядағы экономикалық, қаржылық, кадрлық қиындықтар туындап тұрғанын көру қиын емес. Бұл кейс үшін студенттерді компания басшылығы, компания қаржыгер-есепшілері және қатардағы қызметкерлер ретінде бірнеше топқа бөліп, әр топ өз ұсыныстарын дайындауды тапсыру мәселені оңтайлы шешуге жол көрсетеді. Студенттер ізденіс барысында тәжірибелі қызметкерлерден ақыл-кеңес алады, интернет материалдары бойынша оңтайлы шешімдер іздейді. Осы дайындық болашақ маманның тілдік дағдысын жетілдіріп қана қоймай, шешім қабылдау, салалық білімін дамытуға да жол ашады.

Екінші жағдаят бойынша, бірнеше қызықты жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады. Өз тәжірибемізде:

а/Ынталандыру ретінде жұмыс аптасы соңында департамент басшысының жазған алығыс айту хатын әр қызметкердің поштасына жіберу/алғысхат жаздырту/;

ә/Ынталандыру мақсатындағы түрлі аталымдар мен конкурстар ұйымдастыру: «Ең креативті маман», «Әмбебап маман», «Өз ісінің нағыз шебері». Бұл тапсырмада аталым талаптарын дайындайды. Жоғарыда жазылған алғысхат мәтінін ішара өзгерістермен пайдалана алады. Және марапаттау рәсімін жасайды. Корпоративтік мәдениетті үйренеді.

Ұсынылған жағдаяттарды сипатына қарай бірінші жағдаятты кейс деп, ал екінші мысалды **жағдаят** деп атауға болады. Бірінші мысалды **кейс** атауымызға себеп болған оқиғада шешімі қиындық тудырып отырған мәселенің болуы. Бұл мәселені шешудің амалдары да сенімді, дәлелді болуы тиіс. Ал екінші мысалдағы жағдаяттың шешімі аса қиындық туғызбайды. Сондықтан жағдаят деп атауға болады.

Қазақ тілін мамандыққа, кәсіпке сай оқыту мәселесін зерттеген ғалым Р.Шаханова: «Қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың әдістемелік жүйесін жаңа технолоиямен толықтырып, дамытып, жетілдіріп отыру тілдің қатысымдық қызыметін нәтижелі меңгертуге негіз қалайды»/2/ деген пікірі бар. Біз өз тәжірибемізде осы әдісті пән ерекшелігіне бейімдей, дамыта, түрлендіре пайдалануға тырыстық.

Сабақ барысында кейс-жағдаяттарды қарастыру болашақ маманның кәсіби тілдік дағды қалыптастыру қызметімен қоса өз мамандығы бойынша білімін байытуға, тереңдетуге де септігін тигізеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл тәсілді «Кәсіби тілдік курстардың барлық деңгейлерінде және іскерлік деңгейінде қолдануға болатындығын сабақта қолданылған кейс-жағдаяттар дәлелдеп отыр. Студенттер жағдаяттарды талдау арқылы тіл дамытып қана қоймай, келешекте қызмет барысында кездесуі ықтимал түрлі мәселелерді шешу, маман ретінде өз пікірін білдіру сыни тұрғыдан терең ойлау, мәдениетті пікірталасқа түсу т.б мәселелер арқылы білік -дағдысын дамыта алады. «Кәсіби қазақ тілі» курстарында қолданылған күрделілігі әр түрлі жағдаяттардың сабақта студент белсенділігін арттырумен қоса, сөйлеуге мәжбүрлейтін тиімді тәсіл екендігін өткізілген сабақтар дәлелдеді. Кейс материалдары алдын ала таратылады. Немесе жағдаятты студенттер өздері табады. Жағдаят бойынша студенттер рөлдерге бөліне отырып та тапсырманы орындай алады. Егер рөлдік ойын түрінде болса, ресми сарапшының да болғанын ескерген жөн. Өйткені



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

қорытынды кезінде сарапшы сауатты да тиімді пікір білдіре алады. Аудиторияда ойын түрінде ұсынылған жағдаят сюжеті толықтай рөлдік ойын түрінде көрсетіледі. Көптеген кейсте мәселе әбден шиеленіседі. Тығырыққа тірелген мәселені дұрыс шешу үшін топтағы студенттердің бірнеше топқа бөлініп жұмыс жасауы оң нәтижеге апарары сөзсіз. Кейс мазмұны тыңдалмас бұрын оқытушы тақтада қажет болуы мүмкін тірек сөздер мен сөз тіркестерді, сөйлемдерді ұсынғаны дұрыс. Әр топ ақылдаса келе өз шешімдерін, ұсыныстарын ортаға салады. Кейсті жергілікті Қазақстандық компанияларда болған жағдаяттар бойынша да өткізуге болады. Кейс –жағдаяттарды интернет сайттарынан алынған, кең ауқымда талқыланған, компаниялар тәжірибесінен өткен оқиғалар негізінде алынғаны нәтижелі болады.

Бұл жұмыс барысында білім алушының болашақ мамандығының салалық лексикалық қорын толықтыруы, кәсіби терминдерді пайдалануы да мотивация тудырады. Ал танымдық әрекеттері кәсіптің қыр-сырын меңгертуге ықпал етеді. Кәсіби іске тілдік бейімделу әрекеті жанданады. Тіл үйренуді іс-әрекет деп алатын болсақ, осындай жауапты әрекетке жақсы дайындық пен үлкен жауапкершілік қажет. Психологтар тіл үйренуде «іс-әрекет әдісін» алға тартады. Жағдаяттық жаттығуларды орындау барысында тілдік әрекеттер белсене түседі. Тек сөйлесім әрекетінен бөлек жазылым, тыңдалым, оқылым да қатар орындалады. Бұл саладағы ғалым А.А. Леонтьев: «Іс-әрекет әдісі білімді игеруге дұрыс бағыт беріп қоймайды, ойлаудың тәсілдеріне және үлгілеріне, іс-әрекетіне, баланы шығармашылық күш-қайраты мен таным күшінің дамуына да бағыт сілтеп, игеру жолдарын да анықтайды. Олай болса, баланың тілін дамыту осы іс-әрекет теориясы бойынша қарастырылады»/3/ дейтін болса, 3. Леонтьев А.А. Речь и общения(общая психология). –М.: Наука, 1983. – 320с. 19-беттен 4. Қ.Б. Жарықбаев тұжырымында: «Іс-әрекет деп түрлі қажеттерді өтеуге байланысты түрлі мақсатқа жетуге бағытталған үдерісті айтамыз»/4/ дейді. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 261 б. \92-беттен\ Кез келген мәселеде көзделген мақсатқа жетудің басы қажеттіліктен туындайтыны белгілі. А.А. Леонтьев: «...әрекет «қажеттіліктен» келіп шығатындығын айтады. Бірақ «қажеттілік» әрекеттің көзі, қозғаушы күші бола алмайтындығын, тек ол әрекеттің қалай бағытталғанын, затын анықтайтындығын ескертеді. Леонтьев А.А. Речь и общения(общая психология). –М.: Наука, 1983. – 320с. 19-беттен

КИМЭП Университеті тәжірибесінде кәсіби тілдік дағды қалыптастыру мақсатында «Кәсіби қазақ тілі-1», «Кәсіби қазақ тілі-2», «Кәсіби қазақ тілі-3», «Кәсіби қазақ тілі-4» және «Іскерлік қазақ тілі-1», «Іскерлік қазақ тілі-2» курстары ұсынылады. Аталған курстар болашақ маманның кәсіби-іскери дағдысын жетілдіру мақсатын көздейді. Тілді кәсіби бағытта оқытудың мақсаты болашақ маманды өзінің нақты кәсіби саласында, іскери және әлеуметтік ортаға толық бейімделген тұлға дәрежесіне көтеру болып табылады. Курс бағдарламасындағы лексикалық тақырыптар, студенттің өзіндік жұмысы, түрлі тақырыптағы презентациялар, бақылау түрлері толықтай кәсіби қызмет аясында кездесетін кәсіби тілдік жағдаятқа құрылғаны жөн. Кәсіби тілдік жағдаят дегенде, тар аяда қарастырмай, тілдік әрекеттің барлық түрінде орындалатын тапсырмаларды арнайы тақырыптар арқылы түрлі мәселелерді ұсынуға болады. Бұл тілдік жағдаяттар аясында қажетті іскерлік құжаттарды жаздырып үйрету де қамтылады. Өз тәжірибеміздегі кәсіби тілдік жағдаяттар тақырыбын ықшамдап ұсынар болсақ:

-Таныстыру сипатындағы жағдаяттар(түйіндеме жазу, өзін таныстыру, жұмысқа тұру интервью, компанияны/қызметін, тауарын т.б. таныстыру);



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

- *Өтініш сипатындағы жағдаяттар*(*өтініш жазу, әріптесіне, серіктес компанияға түрлі мәселелермен өтініш жасау, сұраныс жасау т.б*);
- *Баяндау сипатындағы жағдаяттар* (*қызмет ағымындағы мәселелерді баяндау т.б*);
- *Бұйыру сипатындағы*(*бұйрық мәнді тапсырмалар, бұйрықтар т.б*);
- *Хабарлау сипатындағы*(*хабарландырулар т.б*);
- *Жарнамалау сипатындағы*(*тауар, қызмет, компания жарнамасы*);
- *Есеп беру*(*атқарылған жұмыс есебі, есеп түрлері т.б*);
- *Ұсыныс*(*түрлі мәселелермен ұсыныс жасау т.б*);
- *Кеңес*(*кеңес алу, кеңес беру т.б*);
- *Келіссөз*(*бітімге келу, келіссөз жасау, келісімішартқа отыру т.б*);
- *Шағым*(*арыздану, шағымдану, қайшылықты жағдайды шешу мәселелері және т.б бойынша*);

-*Ризашылық*(*ынталандыру, құттықтау, марапаттау*) сипатындағы.

Қандай да болмасын оқыту әдістемесі студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өзін өзі жан-жақты жетілдіруге, белсенділікке, сапалы білімге ұмтылуына, кәсіби тілдік дағды қалыптастыруға бағытталғаны қажет. Ол қазіргі таңда кең қолданысқа ие болып отырған оқытудың белсенді креативті технологиясына негізделгені дұрыс. Студент бұл сипаттағы тапсырмаларда жеке де, топпен де жұмыс істеу мүмкіндігін алады. Орындау ізденуге жұмсалған уақыт кәсіби тілдік білімін ғана емес, кәсіби мәдениетін де, білігін де қалыптастыруға жол ашады. Жағдаяттық тапсырмаларды орындау нәтижесі бойынша студенттерге ұсынылған: «*Сізге кейстер мен жағдаяттық тапсырмалар не бере алды?*» деген сауалнама нәтижесін жинақтағанда жиі қайталанған жауаптар сипаты төмендегіше болды:

Кәсіби тілдік қорым молайды, жаңа сөздер мен терминдерді меңгердім;  
Проблемалы мәселелердің оңтайлы шешімін табуды үйрендім;  
Болашақ қызметімде қателіктер жібермеуді үйрендім;  
Қазметкерлерге қойылатын талаптар мен жауапкершілікті сезіндім;  
Кәсіби білімімді дамыттым;  
Қызметтік хаттарды жазуды үйрендім;  
Әріптестермен, басшылықпен қалай қарым қатынас жасауды білдім.

Бұл шағын мақалада кейс және жағдаят атауларының өз тәжірибеміздегі қолданысын нақты мысалдармен ажыратып түсіндіре алдық, деп есептейміз. Біздің тәжірибемізде қызмет барысында кедесетін шағын жағдаяттардың да кәсіби тілді дамытуда тілдік әрекеттердің қай түрінде де әмбебаптық рөл атқара алатындығына көз жеткіздік.

### Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Қазақстан халқына жолдауы. 2008 ж.
2. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: Пед.ғыл.док... дисс.- Алматы, 2002. -327 б.
3. Леонтьев А.А. Речь и общения(общая психология). –М.: Наука,1983. – 320с.
4. Жарықбаев Қ.Б. Психология. –Алматы: Білім, 1993. – 261 б.



## ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ - БОПАЙ ХАНШАЙЫМ

Л.Т.ҚОЖАКЕЕВА

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті

Қ.Қ.ЖЫЛҚЫШЫБАЕВА

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Омер Халисдемир Университеті

Қ.Д.РАИСОВ

педагогикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, karluwa\_70@mail.ru

**Түйіндеме:** Мақалада қазақ тарихында халқымыздың жауларына қарсы күрескен батыр қыздарының бірегейі, қазақтың соңғы және заңды ханы Кенесарының туған қарындасы Бопай ханым туралы зерттелінеді. Қазақ халқының тарихында есімдері қалған әйелдердің даналығы мен ерлік-істері байырғы қазақ жерінде мемлекеттіктің қалыптасуына ықпал етті.

Бопайдың азаттық үшін күрестегі қайсарлық бейнесі жөніндегі мәселелер қарастырылған.

**Тірек сөздер:** *Кенесары хан, қазақ қыздары, шайқас, отарлау саясаты, хандар, тарих.*

### Кіріспе

Қазақ халқының тарихында есімдері қалған әйелдердің даналығы мен ерлік-істері туралы ақиқаттар қаншама ұрпақ алмасқанда да көмескі тартпай, саф алтындай жалтырап, ғасырдан ғасырға жетуі бүгінгі ұрпақтың бойында ұлттық рухты асқақтатып, байырғы қазақ жерінде мемлекеттіктің қалыптасуына ықпал етті. Сонау Сақ дәуірінде одан кейінгі кезеңдерде Ұлы далада билік құрған, елін-жерін жаудан қорғаған батыр аналарды атайтын болсақ: Томирис - Тұран патшасы Афрасиябтың ел басқарған батыр қызы. Зарина - Сақ патшасының қызы. Бөрте ханым - Шыңғыс ханның әйелі. Қоңырат тайпасынан шыққан жат елдікке серік болғанда да, ұрпақ тәрбиелеуде қазақтың ұлттық тағлымын сіңірген.

Есенбике - Қарасай батырдың қызы, Олжабай батырдың анасы. Гауһар - Малайсары батырдың қарындасы, Қабанбай батырдың жары. Айбике - Бұланбай батырдың жары, барлаушы сарбаздардың басшысы. Айтолқын - Абылай ханның қызы және қазақ тарихында халқымыздың жауларына қарсы күрескен батыр қыздарының бірегейі, қазақтың соңғы және заңды ханы Кенесарының туған қарындасы - Бопай ханым.

Кей деректерде оны «Бопай ханша», «Бопы» деп те атаған. Кезінде жар сүйіп, ана болған Бопайдың қазақ әйелдерінің қалыпты тұрмысына мойынсұнып, "отбасы, ошақ қасында" қалуы мүмкін-ді. Алайда жаратылысынан қайсар жан басқа тағдырды таңдады...

Қазақ хандарының көп әйел алғаны мәлім. Абылайдың ұлы Қасымның бәйбішесі Айкүмістен алты бала өмірге келіпті. Олар: Кенесары, Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай және Бопай. Тарихи деректерге қарағанда, Саржан мен Есенгелді өзбек құсбегілерінің қолынан ажал тапса, Кенесары мен Бопай орыс отаршылдарына қарсы күресте елге танылған.

Қаһарлы Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошыдан тараған қазақ хандары туралы көрнекті жазушы Илияс Есенберлин ешкімнен кем жазған жоқ. Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында жарық көрген "Қаһар" романы түгелдей Кенесары Қасымұлының отаршылдарға қарсы ерлік күресіне арнаған. Романда жазушының Кенесары бастаған 1837-1847



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісіне іш тартуы сезілмей қалған емес. Рас, өзінен бұрын Кенесары тақырыбына түрен тартқан Е.Бекмахановтай аяусыз қудалауға ұшырамады. Тарихи деректерге негізделген "Қаһарда" көбіне хан Кене сөз етіледі де, Бопай ханым жөніндегі мәліметтер аздау. Сірә, жазушының шығармашылық қиялын тек басты кейіпкер ғана баураса керек. Сондықтан қазақтың осы батыр қызы туралы қалам тербегенде, тарихшы - ғалым Айткүл Махаеваның "Тойшыбек би және оның заманы" атты монографиясына сілтеме жасағымыз келеді. Бірден айтарымыз, Бопайдың қай жылы өмірге келіп, қай жылы дүниеден озғаны туралы дәл дерек жоқ Соның салдарынан тек ересек өмірі жөнінде сөз етеміз.

Төре тұқымынан шыққасын болар, Бопай бала кезінен сұлулығымен, өжеттігімен көзге түскен. Бойжеткенде де сол қалпынан айнымаса керек. Бопай бойжеткен шағында Әбілқайырдың Сәмеке деген ұлына ұзатылады. Тіпті, күйеуі Сәмекеге ұзатылғаннан кейін де үнемі атқа отырып, "еркекшора" атаныпты. Сонда да ол жұбайлық парызын ұмытпай, Сәмекеге шекесі торсықтай алты ұл сыйлайды. Кейін алты ұл ержетіп, анасымен бірге атқа қонып, ел қорғауға аттанды.

Кейбіреулер Кенесарыны отаршылдарға қарсы бірден соғыс ашты деп есептейді. Қате түсінік. Ол 1837 жылға дейін жағдайды бейбіт түрде реттеу үшін бар күш-жігерін аямаған. Алайда ақ патша мен жымысқы отаршылдардың озбырлығы шектен шыққасын, амалсыздан қолына қару алды. Хан Кененің батырлығы мен қайсарлығына кәміл сенген үш жүздің билері 1841 жылы қыркүйекте оны ақ киізге көтеріп, қазақтың ортақ билеушісі етіп сайлаған. Сөйтіп, уақытша болса да, Қазақ хандығын қалпына келтірген. Ал бұған алпыс екі айлалы Ресей империясы көніп отыра ала ма?! Дұшпандығын онан сайын үдетті. Міне, он жылға созылған сол соғыста Бопай Кенесарының барлық ірі шайқастарына қатысып, сәл саябыр сәттерде қол бастап, партизандық жорықтар да жасапты. Сөйтіп батыр сардарлардың қатарын толықтырса керек.

Күресті жақтамаған күйеуі Сәмеке мен оның туыстарынан ат құйрығын үзген Бопай қанды шайқастарда сарбаздары және ұлдарымен бірге талай көзсіз ерліктерге барды.

Патшалық Ресейдің отарлық әрекеттеріне қарсы ашылған майданда Бопайдың қол бастағандығына көптеген тарихи деректер келтіруге болады. Мәселен, 1838 жылы 7 тамызда Бопай ханшайым өзінің 200 сарбаздан құрылған отрядымен Қараөткел (Ақмола) бекінісіне Кенесары қолымен бірге шабуыл жасап, сонда бекінген патша әскеріне үлкен соққы берді. Қараөткел сынды ірі және басқа да қатардағы бекіністерді атойлаған, гүрсілдеген зеңбіректер мен қалың мылтықтың оғының өтіне тіке шапқан әйелді байқап қалып, кейбір орыс жауынгерлері аяп, оқ атпаған да сыңайлы. Сірә, әйел екенін байқап қалған. Сонда да қантөгістің аты қантөгіс. Астындағы аты да талай оққа ұшып, жаумен жекпе-жек жанталасқан екен қазақтың қайсар қызы. Тап сол заманда алыстағы Үндістанда да ұлтының ержүрек қызы Лакшми Бай да ағылшын отаршылдарына қарсы күресте жан алысып, жан берісіп жатты. Осылай Азияның батыр қыздары нәсілшіл еуропалықтардың алдында намысын жоғары ұстады. Тек айырмашылығы – Лакшми Бай жауын жағасынан ала, қапыда қаза тапты....

Соның арқасында Қараөткел аймағы басқыншылардан азат етілді. Бұл жеңіс Кенесарыны да, Бопайды да рухтандырып, кіші жүзге қарай шегінген жау әскерін Орынборға дейін





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

ығыстырды. Одан әрі Бопай Батыс Сібір генерал - губернаторлығының батыс, теріскей аймақтарына жорық жасап, қазақ жеріне бет ала бастаған патшалық әскери күштерге тойтарыс берді.

Қайда жүрсе де, қарындасын көзінен таса қылмаған Кенесары көп ұзамай Бопайды зекет жинайтын және көтеріліске қарсы төрелер мен ауқаттылардың мал-мүлкін тартып алатын 600 адамдық жасақтың сардары етіп қойды. Бұдан басқа, Бопай Қасымқызының ұйымдастыруымен Кенесарының қолында қыз-келіншектердің жасағы да болыпты. Саяси қылмыскер ретінде қазақ даласына жер аударылған, поляк А.Янушкевич 1846 жылы 4 шілдеде күнделігіне "...Кенесарының 1500 сарбазынан өлідей екі зеңбірегі мен 500 қызынан айрылғаны айтылды. Қол санын молайту мақсатында оның әскері еркекше киінген көп әйел мен қыздан құралған", – деп жазған болатын. Басқа деректерде Кенесары сарбаздарының арасындағы қазақ қыздарының қолға түскен кезде "Мен-қызбын" деп шашын жайып, өлімнен аман қалып, қырғызбен соғыста оларға кейін келін болып кеткені де айтылады. "Оның (Бопайдың) жанында жүретін Арғынның қызы Алтыншаш пен Табынның қызы Ақбөкен де өзі сияқты ерге ердей, серіге серідей жолдас бола білетін қайратты да айбатты қыздар еді",- деп жазған қазақ ханымдарының өмірін зерттеп жүрген С.Ақтаев. Бопай Кенесары хан Жетісуге келгенде де зекет жинайтын топты басқарған. Сонымен бірге Жетісудың да батыр қыздарын көтеріліске тартты. Міне, осылай қазақтың талай есімі бізге белгілі және белгісіз қыздары 1837-1847 жылдары азаттық соғысында намыстарын қайраққа жанып, ерлікпен қаза тапты немесе даңққа бөленді.

Бопай қатысқан шайқастардың ішіндегі ең ірісі- 1838 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторлығының терістік батыс аудандарына бағытталған Аманқарағай дуанына шабуылы. Көптеген мал айдап әкетілді. Кері қайтқан жолында Сырымбет елді мекенін қоныстанған өзінің бұрынғы күйеуінің туысқандарының ауылдарын да шапқыншылыққа ұшыратты. Осы жағдайға байланысты заседатель Редько Талызинге былай деп хабарлады: "Сұлтанша Бопай Қасимова өзінің 200 адамымен Аманқарағай округінің қырғыздарынан көптеген малды тартып әкетті және қайтар жолында, Сырымбет елді мекеніне келіп, қойманың құлпы мен есігін бұзып, киіздерді, елтірілерді және көп азық-түлік қорын алып кеткен». Бопайдың бұл шабуылынан есеңгіреп қалған патша әскерлеріне қазақ жеріне басып кіру әрекетінен біраз уақыт бас тартуға тура келді. Бірақ, ол көп уақытқа созылмады. Патшалық отаршылдық әрекет қайта жанданды. Кенесары мен Бопайдың сарбаздары қаруларын қайтадан қолға алуға мәжбүр болды. Әскери қару - жарақтары басым жаумен кескілескен күрес 1840 жылға дейін созылды. Бұл күрестерде Бопай әрдайым өз сарбаздарының алдында жүріп ерліктің үлгісін көрсетті. Жауға қарсы күреске Бопай өзінің 17 жасар баласы Нұрханды да алып шықты. Ол да өзінің жастығына қарамай жаумен күресте ерен ерлігімен танылды. Оның анасы Бопай балам соғыста өледі-ау деп уайымдамай, қайта ұлының елінің азаттығы үшін жаумен күрестегі батырлығына ризашылықпен, мақтанышпен қарады. Жау жағы да оның ерлік күресін бағалай білді. Жаумен кескілескен бір ұрыста қызулықпен жау ортасына түсіп қалған Нұрхан туралы патша әскерінің жүзбасысы Лебедев: «В наших руках находится ныне схваченный родной племянник разбойника Кенесары (патша өкіметі оны солай атаған) сын родной его сестры Бопай - Султан Тюрехан Самекин (Нұрхан)... который при отчаянном своем действии и сопротивлении сильно изранен» (қараңыз:Е. Бекмаханов, Казахстан в 20-40 годы ХХІвека.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Алма-Ата, 1947, 211-6). Бұл Нұрханның соғыста ауыр жарақаттанып, есінен таңғаннан кейін ғана тұтқындалғанын көрсетеді.

Кенесарымен Бопайдың жаумен шайқасы 1840-жылдың басына дейін созылады. Патша өкіметі Кенесарыға кешірім жасайтынын айтып келісімге шақырады. Бірақ хан Кене Бопай екеуі оған бас иемей ұлы жүзге - Жетісу өлкесіне өтеді.

Кенесарының қырғызға қарсы жорығы оның өлімін тездеткен ең соңғы және қатерлі қадамы болатын. Осы жорыққа Сыпатай би, Рүстем төре, Бөгенбай сынды беделді азаматтар үзілді-кесілді қарсы шығып, ханнан бөлініп кетті. Бопай ханым ағасын мақұлдамауы былай тұрсын, қолға түскен қырғыздың батыры Жаманқараны өлтіруге үзілді - кесілді қарсы болды. Тіпті ол жорық алдында "Түсімде шашым ағарып кетіпті" деп, Кенесарыдан шабуылды тоқтатуын сұраған. Алайда хан Кене тыңдамады. Оның бір топ төрелермен қолға түскенін естіп, қайғы жұтқан Бопай дереу аттанғанымен, үлгере алмады. Енді қырғыздың ханы Орманнан: "Өлген жандар өліпті, қалған жандар қалыпты, соларды қор қылмай, алып қайтуға болар ма екен?!" –деп, алдына бас ұрып, рұқсат сұраған. Бір қызығы сол, Орман келісіп, Бопаймен бірге тұтқындарды кері қайтарыпты. Мұның өзінен Бопай ханымның тек ержүрек сарбаз ғана емес, мәмілегер жан екендігін көруге болады.

Мәселен Бопайдың жас кезінде Қоқан ханына барып, қапыда қолға түскен әкесі Қасым мен бауырларын босатып алуы туралы да дерек бар.

Кенесарының өкінішті өлімінен соң, қайғы жұтып, он жыл бойы аттан түспей, елінің азаттығы жолында жорықтың ыстық-суығын ер-азаматтармен бірдей бөліскен Бопай ханым да бір сәтте ай маңдайын әжім басқан кемпірге айналып, атамекеніне оралған. Әлі күнге дейін айбатты ананың қашан өмірден өткені белгісіз болуы өкінішті-ақ. Алайда оның есімі ұмытылған жоқ. Қазақ қызының қайсарлығы мен ерлігінің бейнесі ретінде тарихта мәңгілікке қалды.

Бопайдың азаттық үшін күрестегі қайсарлық бейнесі халықтың жүрегінде сақталып қалды. Ол ақындардың жырына айналды. Бопай сияқты қазақ қызының батырлық дәстүрін кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұловалар жалғастырды. Сондықтан қазақтың батыр қыздарының есімдерін келешек ұрпақтың есінде мәңгі сақталуы үшін ұлықтайық.

### References:

1. A. Makhaeva. "Toishybek bi zhane оның Zaman" monogr. Almaty: Bayanzhyrek 2006, 201.
2. I. Shamshatyly. Bopai hanshaiym// Aruzhan, 2006, №3, 5 b.
3. I. Shamshatyly. Bopai hanshaiym// Aruzhan, 2006, №3, 5 b.
4. S. Bekmahanov. Kazakhstan 20-40 years of the nineteenth century. Almaty. "Sanat", 1994, 237.
5. S. Bekmahanov. Kazakhstan 20-40 years of the nineteenth century Almaty. "Sanat", 1994, 237. 6
6. National Encyclopedia of Kazakhstan. Almaty. 1998, 720.



## ТУЫСТАС ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІ ОРТАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Д. ЫСҚАҚҰЛЫ

ф.ғ.д., профессор, danday\_09@mail.ru

Ж.Н. СҮЛЕЙМЕНОВА

п.ғ.д., профессор, zharkyn123@mail.ru

А.Б.САРБАЛИНА

PHD докторант, Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті

sarbalina.a@mail.ru

### Түйіндеме

Мақалада туыстас түркі тілдеріндегі терминтанушы ғалымдардың пікірлерін зерттеп-зерделеп, саралауға тырыстық. Терминдердің қайсысы түркі тілдерінде көп қолданады, қайсысының тұлғалық түрі терминдік мағынаны дәл береді деген өлшемдер шешуші рөл атқарады. Қазақ тіліндегі *грамматика* түрік тілінде *граммер* болып жүр. Бұл екеуінің де тұлғасы – жат жұрттық. Қазақшадағы *грамматика* орыс тілінен алынса, түрік тіліне *граммер* ағылшыннан келген. Грамматика – шет тілдерінің көпшілігінде кездесетін халықаралық термин. Қазақ, түрік тілдерінің филологиялық терминдеріне көз жібере отырып, бұлардың көпшілігінің төркіні түркілік емес, яғни шет, оның ішінде араб-парсы, одан кейін батыс тілдерінен енген халықаралық терминдер екендігіне көз жетеді. Туыстас тілдердегі терминдердің жай-күйін анықтау үшін нақтылы мысалдарға жүгіне отырып, тіл білімінде қолданылатын терминдерінің көп елдерде, оның ішінде қазақ, түрік тілдеріндегі терминдер бірдей болмағанымен де екі тілде де түсінікті. Осы сияқты бір мағынаны білдіріп, екі тілде де (басқа түркі тілдерінде де) ұғынықты болып тұрған атау сөздердің бірін ғалымдар ақылдаса отырып таңдаса, қолданысқа ұсынса, ол біртіндеп қалыптасып кетер еді.

**Тірек сөздер:** Терминология, лингвистика, түркі тілі, сөздік

### ABSTRACT

Article related Turkic languages, terminology tried to scientists studying the opinion and analysis. The terms, which uses a lot of Turkic languages, whose personality type would give the same meaning of the term measurements play a key role. Kazakh language grammar grams are in Turkish. This person - a sojourner of both. It received from Russian grammar, grams from English into Turkish. Grammar - in the majority of foreign languages in international terms. Kazakh and Turkish languages, with philological make sure the terms of non-Turkic roots, the majority of them foreign, including Arabic and Persian, and then into Western languages will be sure that in international terms. To determine the status of terms related languages, often with specific examples, linguistics terms used in many countries, including Kazakh and Turkish languages are not the same terms in two languages is clear. Similarly, one of the meanings of the two languages (other Turkic languages), which is understood to name one of the words chosen in consultation with scientists, and it would be gradually formed.

**Key Words:** Terminology, linguistics, turkic language, dictionary

Ғасырлар бойы тәуелсіздігін жоғалтпай, көзінің қарашығындай сақтап келген Анадолы елінде түрік терминологиясы тамырын тереңге жіберіп, бұрыннан ұлттық ғылымға, ұлттық мүддеге адал қызмет етіп келеді. Ал тәуелсіздігін тоқсаныншы жылдары алған



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан сияқты елдер де ұлттық даму жолдарына түсумен бірге терминологияны да осы бағытқа қарай бұрды. Қазір бұл елдердің терминологиясы жаппай ұлттандыру үдерісін басынан кешіріп отыр. Түркі халықтары терминологиясының ұлттық тілдің ізімен дамуының екі түрлі жағы бар. Біріншіден, белгілі бір ұлт тілінің мемлекеттік мәртебелі толыққанды өмір сүруі үшін оның бірнеше шарттары орындалуы керек. Соның ең негізгілерінің бірі – ғылым тілі болуы. Ғылым тілі бола алмаған тіл – әлсіз тіл, ауру тіл. Бодан ұлттардың тілі ғылым тілі бола алмайтындығы белгілі. Әр нәрсенің жақсы жағымен бірге көлеңкесі де қатар жүреді. Терминология саласындағы ұлттық дамудың кері әсері деп, мұның өзі түбі бір түркі тектес халықтардың тілдерін бір-бірінен жасанды түрде алшақтата түсуге алып баратындығын айтар едік. Бізге туысқан халықтарды бөлшектеп, ажырататын емес, жақындататын тіл қажет. 200 миллионнан астам түркі халықтары бір-бірімен еркін түсінісе алатын ортақ түркі терминологиясы керек. «Бүкіл түркі жұртының болашағы, мәдениетінің сақталып, өсіп-өркендеуі – белгілі бір деңгейде ортақ терминологиясын, ортақ ғылым тілін қалыптастыруға байланысты. Бұлай болмаған жағдайда, олар бөлшектеніп, бірте-бірте дамыған мәдениеттерге сіңіп, жұтылып кетуі ықтимал. Осындай үлкен мақсат жолында әрбір түркі елінің іргелі мемлекетке айналып, тұтас түркі әлемін қалыптастыру үшін түркі тектес жұрағаттарымыздың парасат биігінен көрінетініне сеніміміз мол» [1, 315].

«Бөлінгенді бөрі жейді» дейді халық даналығы. Осыны қазіргі таңдағы жағдайға орай, ұлтаралық қарым-қатынастарға қарай бұрсақ, түркі тектес халықтардың ертеңі оның бірлігімен тығыз байланысты. Олай болмаса, әлемдегі ұлттардың екі аптада бірін жұтып, жалмап келе жатқан жаһандандудың жұмырында кету анық. Түркілік бірліктің бастауы тілде, сол тілде жасалынған ортақ рухани құндылықтарда жатыр. Тіл дегенде, түбі бір тілдеріміздің ортақ түркілік негіздерін көбірек іске қосып, бір кездері барша түркі халықтарына ортақ болып, қызмет еткен көне тілімізді жаңа жағдайға орай жаңғыртып, бүгінгі күннің игілігіне айналдыру, яғни қазақ терминдерін түркілік бағытта біріздендіру аса зәру мәселенің бірі ретінде күн тәртібіне қойылып отыр. «Мысалы, ғылым-білім, қоғамдық өмір мен саясат атауларын түзу кезінде өз тілімізде жоқ, ұлттық баламасы табылмаған, тыңнан жасауға келмеген атаулар орнына Еуропа тілдері сөздерін ала бергеннен гөрі, бар болса, басқа түркі тілдеріндегі бұрыннан қолданылып келе жатқан немесе жаңадан жасалған сөздерді, сөз үлгілерін алған жөн болады» [2, 75].

Туыстас тілдердегі терминдердің жай-күйін анықтау үшін нақтылы мысалдарға жүгіне отырып, тіл білімінде қолданылатын терминдерінің көп елдерде, оның ішінде қазақ, түрік тілдеріндегі *шылау – байлаш, ғылыми тіл – білім тілі, тіл білімі – діл білгісі, нүкте – нокта, қос нүкте – екі нокта, зат есім – исім, дыбыс – сес, сын есім – сифат, термин – терім, шақ – заман*, т.б. терминдер бірдей болмағанымен де екі тілде де түсінікті. Осы сияқты бір мағынаны білдіріп, екі тілде де (басқа түркі тілдерінде де) ұғынықты болып тұрған атау сөздердің бірін ғалымдар ақылдаса отырып таңдаса, қолданысқа ұсынса, ол біртіндеп қалыптасып кетер еді. Туыстас түркі тілдеріндегі терминтанушы ғалымдардың пікірлерін саралауға тырысамыз. Бұл ретте бұл терминдердің қайсысы түркі тілдерінде көп қолданады, қайсысының тұлғалық түрі терминдік мағынаны дәл береді деген өлшемдер шешуші рөл атқаруы тиіс.

Қазақ тіліндегі *грамматика* түрік тілінде *граммер* болып жүр. Бұл екеуінің де тұлғасы – жат жұрттық. Қазақшадағы *грамматика* орыс тілінен алынса, түрік тіліне *граммер*



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

ағылшыннан келген. Грамматика – шет тілдерінің көпшілігінде кездесетін халықаралық термин.

Қазақ, түрік тілдерінің филологиялық терминдеріне көз жібере отырып, бұлардың көпшілігінің төркіні түркілік емес, яғни шет, оның ішінде араб-парсы, одан кейін батыс тілдерінен енген халықаралық терминдер екендігіне көз жетеді.

Тіл білімі саласындағы екі тілде де бірдей мынадай атауларды кездестірдік: *am (amaу), акустика, әліпби, аморф сөздер, ана тілі, аналиткалық тілдер, магна, апостроф, аралық тіл, арготизм, арго, әдеби тіл, әріп, бас әріп, болымды, граматика, ғылыми граматика, ғылыми тіл, дифтонг, иероглиф, категория, морфем, морфология, нүкте, ортақ тіл, өлі тілдер, параграф, ресми тіл, сөз, термин, тіл құрылысы, тіл тарихы, филология, фонетика, фонология, халық тілі, этимология, т.б.* Бұл мысалдардан тіл білімі саласында екі тілге де ортақ терминдердің аздығы бірден байқалады. Тілтану саласындағы халықаралық терминдердің көпшілігі түрік тілінде ұлттық атауға ие болған. *Архаизм – ескі келіме, ассимиляция – бензеиме, вокализм – сеслилер курамы, диалект – леһче, диалектология – леһче білімі, диссимиляция – башкаламаша, контекст – бағлам, лексикология – келіме білімі, сөзлік – білім, морфология – шекіл білгісі, омоним – еш сеслі, орфография – імле, синтаксис – сөз дізімі, структурализм – иапысалджлық, фонетика – сес білгісі, фонема – сес бірімі, этимология – көкен білімі, этнолингвистика – көкен діл білімі* секілді атау сөздер таза түрікше сөйлеп тұр. Түрік тілінен келтірілген бұл мысалдар аударуға келмейді деген халықаралық терминдерді түркі тілдерінде де сөйлетуге болатындығының айқын мысалы бола алады.

Осы сияқты мәселелердің қазақ тіл білімінде қалай шешім тауып жатқандығына назар аударатын болсақ, 2005 жылы Алматыда жарық көрген Ғ. Қалиевтің «Тіл білім терминдерінің түсіндірме сөздігінде» «А» әрпі бойынша берілген 165 атаудың 93-і шет, 30-ы шет және қазақ сөзінен тұратын аралас сөздер болып келсе, тек 42-сі ғана таза терминдер болып шыққан. Ал «ф» әрпімен берілген 44, «э» әрпінің 36 атаулар орыс тіліндегі нұсқасында, не болмаса, аралас тіркес түрінде жазылған. Сол сияқты «ц», «ч», «я» харіптерімен басталған сөздер де қазақ тіліне жат тұлғада орын алыпты.

Терминжасамның өзіндік заңдылықтары бар. Термин алдымен, ана тілінде жасалуы керек. Баламасы табылмаған жағдайда түрлі амалдармен жаңа ұғымды толық беретін жаңадан сөз жасалынады. Бұл да нәтиже бермеген кезде ғана барып, сырттан келіп, есік қағып тұрған терминді ішке қалай кіргізу жағын ойластыра бастайды. Бізде бұрындары басты көп ауырта бермей, орыс тілінде дайын тұрған терминді ала салатынбыз. Кеңестік кезеңде ұлттық терминологияда интернационалдық терминдерге басымдық берілгендіктен де төл тілде баламасы болса да оны термин ретінде алмай, орыс тіліндегісін қабылдады. Басқа елдерден келгендері де ішке тек орыс тілі арқылы енді. Өйткені, орыс тілі әлемдік империяның тілі болды да оның үстемдігі КСРО қарамағындағы ұлттардың тілдеріне ешбір даусыз жүріп жатты. Халықаралық терминдерді қабылдау тәртібін кезінде қазақтың алашшыл оқығандары белгілеп беріп кеткен болатын. М. Дулатов «Біз сөз іздегенде, ең алдымен, қазақшаның өзінен іздейміз. Қазақшада керек мәнге сөз табылмаса, бізге жақын түрік елдерінен іздейміз. Оларда табылмаса, ауропа сөзін аламыз» – десе, Х. Досмұхамедұлы 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ білімпаздарының құрылтайында сөйлеген сөзінде «Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алуымыз керек» - деп, тайға таңба басқандай, шеттен енетін сөздерді қабылдау ретін көрсеткен болатын.

Съезде Елдес Омарұлы жасаған «Қазақша пән сөздері» баяндамасы бойынша қабылданған қаулыда «Қазақтың өз сөздерінен табылмаған пән сөздері басқа түрік халықтарынан ізделсін, басқа түрік тілінде пән сөздері жалпы түрік сөздері болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» – деп бұл мәселе нақтылана түскен болатын. Орынборда (1924) өткен съезде сөйлеген сөзінде және 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың бірінші құрылтайында «Пән сөздерінің жүйесі туралы» жасаған баяндамасында А. Байтұрсынов түркітөктес халықтардың терминология жасаудағы негізгі ұстанымдарын айқындап, нақтылап берді. Терминжасамдағы Ахаң ұсынған ұстанымдар төмендегіше:

а) қазақ тіліндегі сөздерге басымдық беру;

ә) қазақ тілінде мұндай сөздер табылмаған жағдайда туыстас тілдерден алу;

б) кеңінен қолданылып жүрген әлемдік терминдер қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертіліп, алынады;

в) қазақ тілінің табиғатына сәйкес келе бермейтін барлық шет сөздер қазақ тілінің айтылуына орай дыбыстық, грамматикалық жағынан толық өзгеріске түсіп қана қабылданады [3,45-46]. Бұлай жасау тілді варваризмнен сақтайды деп ескерткен.

Кеңес өкіметі жылдарында орыс тілінің басқа тілдерге үстемдігін қамтамасыз ету мақсатымен мұндағы туыстас түркі тілдерінің орнын орыс тілі басып, ұлттық терминологияның аса бір маңызды ұстанымын бұзып, кеңестік дәуірдегі қазақ терминологиясының дамуына орасан зор нұқсан келтірді. Осындай қитұрқы саясат жүргізу барысында қазақ терминологиясының негізін орыс сөздері құрап, түркілік табиғаты әлсіреп, олармен аралары алшақтай түсті. Сондықтан да түбі бір болғанымен де, қазіргі түркі халықтарының ғылыми терминологияларында оларды жақындататын түркілік негіздерден гөрі оларды бір-бірінен алыстата түсетін славяндық сыпаттардың басым жатқандығы таң қалдырмайды.

Тоқсаныншы жылдары бірсыпыра түркі елдерінің, атап айтқанда, әзірбайжан, қазақ, қырғыз, түркімен, өзбек халықтарының тәуелсіздік алуына қарамастан, табиғи түрде жүруі тиіс түркі тілдерінің арасындағы термин алмасу, түркілік біріздендіру үдерісі өз дәрежесінде жүрмей, Батыстан терминнің киімін киіп, қаптап еніп жатқан сөздердің топаны әлі күнге дейін толастар емес. Екпінінің қаттылығы соншалық, тіліңе, одан қалды ұлт болашағына балта шаба бастады. Сондықтан да тілдің, ұлттың төбесіне қара бұлт үйріліп, оның келешегіне қауіп төндіре бастаған кезде, қамсыз қалудың өзі қылмыспен бірдей.

Түркі халықтарының бірлігі, бұл мақсатқа жету жолындағы түсіністікке алып баратын ортақ тіл, оның негізі түркілік терминология жасау мәселесі өткен ғасырдың басында қызу қолға алынып, басталғанымен де түрлі саяси жағдайлардың салдарынан оның жүзеге асуы ұзақ уақыттар бойы тоқтап қалды. XX ғасырдың соңына қарай бірнеше түркі елінің тәуелсіздігін алып, тарих сахнасына қайта шығып, қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты бұл мәселе қайта көтеріліп, күн тәртібінен түспей келеді. Бұрындары жекелеген ғалымдардың, елдердің ұсыныс бастамалары түрінде қозғалып келген бұл мәселе енді жалпытүркілік сыпат алып, түркілік ауқымға шықты. Қазір Түркі кеңесінің жанынан құрылған терминологиялық комитет түркітілді елдерге ортақ терминдер түзу, оны қолданысқа енгізу мәселелерімен айналысуда. Осы комитеттің алғашқы жиындарында



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

түркілік ортақ терминдер жасау аса маңызды мәселе ретінде көтеріліп, алға нақтылы міндеттер қойылды. Осындай жиындардың бірі 2011 жылы Астана қаласында өтті. ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті, Түркия Республикасының Тіл комитеті мен Түркия ақпараттық технологиялар қоғамы мұрындық болған халықаралық конференцияда екі елдің ғалымдары бас қосып, осы мәселе төңірегінде кеңінен пікір алысты. Аталған жиында негізгі баяндаманы жасаған ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің төрағасы профессор Ш. Құрманбайұлы түркі бірлігі үшін түркі халықтары терминологиясын біріздендіру мәселесінің аса маңыздылығына назар аудара келіп: «Қазіргі қазақ терминологиясының 70-80, кей салада 90 пайыздайы орыс тілімен түгелдей сәйкеседі.

Лингвист ғалымдардың зерттеулері бойынша, қазіргі заманда кез келген тілдің лексикалық қорын байытып отырған жаңа сөздердің 80 пайыздан астамын неонимдер, яғни жаңадан енген сөздер құрайды екен. Сондықтан да біз ұлт тілінде термин жасайтын болсақ, өз тіліміздің табиғатын сақтай отырып, оны байытамыз. Керісінше, қай тілде көбірек сөз қабылдасақ, сонымен жақындасамыз, сонымен ортақтастығымыз арта түседі. Ендеше, орыстан қашып, тарихы тамырлас, түбіріміз туыстас түркі тілдерін бір-бірімізге жақындата беруге тиіспіз. Ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан тарихи сабақтастық сақталып, термин алмасу арқылы тілдерді бір-біріне жақындастыруға ұмтылуға тиіспіз» – деді [4] Жиында шығып сйлеген түркі елдерінен келген ғалымдар бұл мәселені ары қарай тереңдете түсіп, мұны жүзеге асырудың саяси-ұйымдастырушылық, тәжірибелік, ғылыми жақтарын талқылады.

Түркі тілдеріне ортақ лингвистикалық терминқор қалыптастыруда сөздік құрастырудың маңызы зор. Түркі тілдерінің ортақ терминдер қорын жасау мәселесі түркі мемлекеттерінің тәуелсіздік алған кезеңіне ғана басталды. Алғаш рет түркітілдес мелмекет ғалымдарының 1997 жылы көптілді терминологиялық салыстырмалы сөздіктерін жасаудан бастауы-осының дәлелі. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі жылдары алғаш бұл игі іс 1997 жылы Түркістан жеріндегі Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университеті бастамасын алды да, іс тамамдалмай, аяқсыз қалды. Бұл іске Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Татарстан, Башқұртстан, Қарақалпақстаннан ғалымдар қатысқан болатын.

«Түркі тілдерінің ғылыми саласындағы ынтымақтастығы, байланысы әлсіз. Соның салдарынан түбі бір түркі тілдерінің ғылыми тілі, теориясы жақындаудың орнына жылдан-жылға алшақтап барады. Бұл үдеріс біртіндеп бір тілдік топқа және сол топ ішіндегі шағын топқа (подгруппа) кіретін тілдердің де айырмашылықтарының ұлғая беруіне апарды». Белгілі татар ғалымы М.Зәкиев терминологиялық сөздіктер жасау ісіне атсалысқан ғалымдардың бірі болды. Ол аталған мәселенің түркі халықтарының сақталуы мен дамуында маңызды рөл атқаратындығына баса мән бере отырып, ең алдымен барлық салалар бойынша салыстырмалы көптілді терминологиялық сөздіктерін жасаудан бастау қажеттігін айтады. Сөздіктер жасау барысында ғылыми терминдердің жалпытүркілік қорын түркі тілдерінің және топтары үшін мәселен, оғыз немесе қыпшақ тілдері бойынша жасау мүмкіндіктерін анықтау мақсатын басты етіп қояды.

1997 жылдары басталған әлеуметтану, саясаттану, құқықтану және экономика салалары бойынша он түркі тіліндегі (қазақ, түрік, азербайжан, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, түрікмен және ұйғыр) даярланды. Татар ғалымы М.Закиев баяндамасында аталаған



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

бағыттар бойынша даярланған сөздіктерді лексикографтарға өз тіліндегі терминқорға мүмкіндігінше жақындатау үшін (ұқстауға) тарату қажеттігін айта отырып, белгілі себептермен еңбек баспаға даярлану кезінде тоқтап қалғандығын қынжыла баяндайды. Ол бұл жұмыстағы маңызды мәселе деп ғылымның барлық салалары бойынша көптілді терминологиялық сөздік жасау үшін түркі тілдерінің дамыған терминқорының бар-жоқтығы мәселесін қояды [5,56].

Güven boyutunun SERVQUAL skorları incelendiğinde ise, en yüksek skorun 0,3247 ile on yedinci (Öğretmenler ve çalışanlar öğrencilerin sorularına cevap verecek bilgiye sahiptirler) ifadede olduğu görülmektedir. Dolayısıyla öğrenci velileri açısından Güven boyutunda hizmet kalitesi olarak beklentileri en fazla karşılayan ifade budur. En düşük skor ise, 0,0259 ile on beşinci (öğrenci velileri öğretmen ve çalışanlarla olan ilişkilerinde kendini güvende hisseder.) ifadeye aittir. Yani, bu boyutta öğrenci velileri açısından beklentileri en az karşılayan ifade on beşinci ifadedir

### Empati Boyutu

Empati boyutunun SERVQUAL skorları incelendiğinde, en yüksek skorun 0,4675 ile yirmi birinci (Öğretmenler ve çalışanlar öğrencilerin özel isteklerini anlarlar) ifadede olduğu görülmektedir. Dolayısıyla öğrenci velileri açısından Empati boyutunda hizmet kalitesi olarak beklentileri en fazla karşılayan ifade budur. En düşük skor ise -0,052 ile on sekizinci (Çalışanlar her öğrenciyle tek tek ilgilenir) ifadeye aittir. Yani bu boyutta öğrenci velileri açısından beklentileri en az karşılayan ifade on sekizinci ifadedir.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### TARTIŞMA VE SONUÇ

Bu araştırmaya göre Okul öncesi eğitim kurumlarında öğrencisi olan velilerin mükemmel okul öncesi eğitim kurumlarından beklentileri ve çocuklarının öğrenim gördükleri okul öncesi eğitim kurumu hakkında ki algıları arasındaki farklar; “Fiziki görünüm, Güvenilirlik, Heveslilik, Güven ve Empati” boyutlarına göre değerlendirilmiştir. Boyutlara göre velilerin mükemmel bir anaokulundan beklentileri ve algılama durumları arasında ki ilişki ile ilgili çıkarılan sonuçlar şu şekildedir;

Fiziksel özellikler kapsamında ulaşılan sonuca göre, velilerin beklenti ve algıları arasındaki skorun 0,43 ile yüksek olduğu

Güvenilirlik boyutu, 0,01 skor ile öğrenci velileri açısından beklentileri en az karşılayan boyut olduğu

Heveslilik boyutu, 0,05 skor ile velilerin beklentilerini en az karşılayan ikinci boyut olduğu

Güven boyutu, 0,10 skor ile veli beklentilerine en az cevap veren üçüncü boyut olduğu

Empati boyutu, 0,20 skor ile velilerin beklentilerini en iyi karşılayan ikinci boyut olduğu değerlendirilmiştir.

Çocuğu okul öncesi eğitim kurumuna devam eden velilerin, beklentilerini en yüksek skorla(0,58) karşılayan boyut fiziksel özellikler boyutu ve “Öğretmenler ve diğer çalışanlar temiz ve düzgün görünüşlüdürler” maddesi olmuştur.

Velilerin beklentilerini en düşük skorla(-0,15) karşılayan boyut heveslilik boyutu ve “Öğretmenler ve çalışanlar her zaman öğrencilere yardımcı olmaya gönüllüdürler” maddesi olmuştur.

Bu konuyla ilgili Akpınar ve Akgül’ün ailelerin kurumlardaki algıladıkları hizmet kalitesi ve kurum imajı konulu araştırması da bizim araştırmamızla örtüşmektedir

### ÖNERİLER

Bu araştırma çocuğu okul öncesi eğitim kurumuna devam eden velilerin kurumdan beklentileri ve kurumu algılama arasındaki servqual skorunu belirlemektir. Araştırma konusu ile ilgili olarak;

Okul ile ebeveynlerin işbirliğini kuvvetlendirici ve velileri de eğitime dahil edici aile katılımlı etkinliklerin artırılması

MEB’in okul öncesi eğitim kurumlarının fiziki ve sosyal imkanlarını geliştirici faaliyette bulunması okul öncesi eğitimin kalite standartlarını arttırmakta faydalı olacaktır.

Araştırmacılar için;

Kurumun çalışanlarının memnuniyeti, kuruma bağlılıkları, yöneticilerin liderlik özellikleri gibi faktörlerin etkileri

Kamu ve özel sektörde yer alan okul öncesi eğitim kurumlarında bu ilişkilerin karşılaştırılmalı analizleri yapılabilir.

### KAYNAKLAR



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**İKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

Filiz, Z., Yılmaz, V. & Yağızır, C. (2010). Belediyelerde Hizmet Kalitesinin SERVQUAL Analizi İle Ölçümü: Eskişehir Belediyelerinde Bir Uygulama", Anadolu Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 10(3): 59-76

Sherry Carol, Ravi Bhat, Bop Beaver, Anthony Ling 'Students' As Customers: The Expectations And Perceptions Of Local And International Students', [www.herdsa2004.curtin.edu.my/Contributions/RPapers/P017-jt.pdf](http://www.herdsa2004.curtin.edu.my/Contributions/RPapers/P017-jt.pdf); Kay C Tan, , Sei W. Kek, 'Service Quality in Higer Education Using an Enhanced Servqual Approach' Quality in Higer Education, 10 (1), April, 2004, ss. 17-24.

Yılmaz, İ. (2007). Otel İşletmelerinde Hizmet Kalitesinin Müşteriler Ve Yöneticiler Açısından Ölçülmesi: İzmir Örneği, Dokuz Eylül Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yayınlanmamış Doktora Tezi, İzmir, Turkey.

Kalaycı, Ş. (2006). SPSS Uygulamalı Çok Değişkenli İstatistik Teknikleri. Asil Yayıncılık, Ankara.



## **ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

**Қ.Т. АТЕМОВА**

п.ғ.д., профессор

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Kalipa\_atemova@mail.ru

### **ТҮЙІНДЕМЕ**

Мақалада түріктің ұлы ғұлама ғалымы әл-Фараби мұралары педагогикалық тұрғыдан талданып, оның отбасы тәрбиесін ұйымдастыру туралы көзқарастары жүйеленеді. Онда әл-Фараби дің «отбасы» ұғымына берген сипаттамасы мен оның басшысының отбасын басқару қабілеті туралы ойлары бүгінгі күннің тұрғысынан түсіндіріледі. Сонымен қатар, отбасында баланы тұлға деп қарай отырып, оны болашақ ел басқаратын басшы ретінде қалыптастыру талаптары көрсетіледі. Әл-Фараби көзқарасындағы отбасылық тәрбие дәстүрлері ғылыми негізде сипатталып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыру жолдары жүйелі баяндалады.

**Кілт сөздер:** отбасы, тәрбие, кемел адам тұлғасы, мінез-құлық, тәрбие әдістері

### **ABSTRACT**

The article is devoted to the heritage of the Turkic outstanding scientist Al-Farabi also analyzed and classified his pedagogical points of view on the organization of family upbringing. In the article is given also the notion of the word “family”, it is explained in the context of today al-Farabi’s thoughts on the description his ability to control the head of the family. So, it is given some requirements because the baby is a person who will be formatted in the future as the country leader.

**Keywords:** behavior, education education methods, mature person person, families,

Отбасы – тәрбиенің бастау көзі. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алып, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын дәстүрлер мен ізгі мұраттар да тек отбасында ғана дамып, байытыла түседі. Отбасы баланың өмір жолын бастайтын және қоршаған шындық, орта туралы тиянақты да терең әсер алатын ұжымы, соның негізінде онда білім, әдет, мінез-құлық пен өмірге деген көзқарас қалыптасады.

Отбасы тәрбиесі мәселелері қоғамның қай кезеңінде болсын күн тәртібінен түскен емес. Әсіресе ортағасыр ғұламалары мұралары отбасы тәрбиесі идеяларына толы. Сондықтан бұл мақалада ұлы ғұлама әл-Фараби мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының өміршеңдігі мен өзектілігі жайлы айтамыз.

Ұлы ғұлама әл - Фараби мемлекетті басқару үшін ең алдымен кіші мемлекет болып табылатын отбасын басқару маңызды деп біледі. Ол отбасын былай сипаттайды: „Үй белгілі бір бөлшектерден құралады. Олар: ері мен әйелі; қожайыны мен қызметшісі; әке - шешесі мен балалары; мүлкі мен мүлік иесі. Кімде кім осы бөлшектер арасындағы бірлікті орнатып, ынтымағын жарастырып отырса, ол осы үйдің әкімі болады, оны „қожайын“ деп айтамыз[1]. Әйтсе де, ғұлама отбасы қожайынын нақтылы көрсетпейді. Осы пайымдаулары арқылы ғалым заманның ағымына қарай отбасының өзі де, оның құрылымы мен мазмұны да сан қилы өзгеріске ұшырайтынын болжағандай.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Сондай – ақ, әл - Фараби отбасы басшысының ақыл-парасатының жоғары болуы ондағы өмірді дұрыс ұйымдастыруға және отбасы мүшелерін бақытты тұрмыс кешуге бастайтын қабілетімен байланысты деп біледі. Сөйтіп, оны пайымдағыштық сапалармен түсіндіреді. Ол: "Пайымдағыштардың түрі көп болады. Үйдің іштерін басқару тәсілдері жөніндегі тамаша пайымдау - бұл отбасындағы пайымдағыштық. Отбасы шағын болса, онша аса көп пайымдағыштық қажет емес. Үлкен отбасын басқару үшін көп пайымдағыштық қажет болады. Оны қатардағы адамдар ақыл деп атайды",-дейді[2].

Отбасының басты міндеттерінің бірі өмірге келген ұпақ тәрбиесімен айналысу. Осы тұста ғұлама әл-Фараби баланы тәрбиелеуде қандай мақсат қойылу керектігінен бастайды. Оның көзқарасы бойынша әрбір отбасында тәрбиеленіп жатқан бала тәрбиесінде біз оны елді соңынан бақытты өмір сүруге бастайтын бірінші басшы тұлғасын қалыптастыруды мақсат етіп алуымыздың маңыздылығын алға қояды. Сөйтіп, Әл - Фараби араб халифатында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басқаруға лайық "Сегіз қырлы бір сырлы" - білім - парасаты, мінез - құлқы барынша кемел азаматты тәрбиелеп шығарудың кезеңді жолдарын тамаша сипаттап ұсынған. Ол үшін әл-Фараби жас кезінен бойына дарытылып егілетін он екі қасиеттің атын атайды. Олар төмендегідей:

- адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда егер осы адам әлде бір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір істі істемек болса, ол мұны оп - оңай атқаратын болады;
- жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай - жапсарына сәйкес ұғып алатын болуы керек;
- өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек;
- әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әктерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт;
- өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан - анық айтып бере алатын тілмар болуы шарт;
- өнер - білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап - шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек;
- тағамға, ішімдік ішуге келгенде қанағатшыл болуы керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт;
- шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік - жалған мен суайттарды жек көру керек, жаны асқақ және ар - намысын ардақтайтын болуы шарт;
- оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болуға тиіс;
- дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да төл нәрселеріне жирене қарап, жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көретін болуы керек, жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділдікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет;
- әділ болу керек, бірақ қыңыр болмау керек, әділеттілік алдында қияс мінез көрсетіп қасарыспау керек;



# AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com


www.iksadkongre.org

KAZNU

- әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болуы шарт, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанша шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болу керек.

Осы қасиеттердің бәрін бала бойында қалыптастыра отырып "Кемел адам" тұлғасын тәрбиелеп шығарамыз деп тұжырым жасайды. (№1 - сурет).

Ұлы ғұлама әл - Фараби баланы жастайынан ізгі мұраттарға тәрбиелеу оның өскен шағында іс - әрекетінен көрініп тұратынын түсіндіре келе, адамның ой салауаттылығы мен мінезінің қалыпты болуы отбасы тәрбиесіндегі психикалық ахуалға тәуелді қалыптасады дегенді айтады. Ол өзінің "Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері" деген еңбегінде: "Дене сияқты жанда да өзіне тән денсаулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі жамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол, оның өзінің және бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады", - деп адам әрекетінің бәрі белгілі бір әсерлер жиынтығының нәтижесі екенін көрсетеді[3]. Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері - ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істері мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары - сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып шығады. Сондықтан да балалық шағында отбасы тәрбиесінде алған мейірімділік пен көмек қана баланы өскенде ізгілікке жетелейтін сезімдер қалыптастыра алады дейді ғұлама әл-Фараби



1-сурет. Ел басқаратын кемел адам моделі

Әл-Фарабидің бұл көзқарасы кеңес дәуірінің педагогы В.А.Сухомлинский көзқарасынан сабақтастық тапқан. Ол өзінің педагогикалық шығармаларының жинағында "Рухани қозғау дегеніміз - "мәпелеу" деп, балғын шағында мәпелеу көрмеген бала жеткіншек кезі мен жаңа есейе бастаған уақытында дөрекі, тас бауыр болып кететінін, мұндай жағдайлардың бой көрсету себебі ата - аналардың билікті дұрыс қолдана білмеуінен", - деп түсіндіреді. Сөйтіп,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

ата - аналарға: "Баланың жақсы болғысы келетін тілегін қастерлеңіз, ол қылығын адам жанының аса бір нәзік рухани қозғалысы ретінде аялаңыз, билігіңізді шектен тыс қолдана көрмеңіз, ата - ана билігінің парасаттылығын рахымсыз, есерсоқтыққа ауыстырып алмаңыз", - деп кеңес береді[4].

Әл - Фараби отбасы тәрбиесінде баланы ең алдымен еңбек етуге тәрбиелеу оның бақытты болуына жеткізер бірден - бір қасиет деп санайды. Сондай - ақ, еңбек баланың мінез - құлқын да шыңдай түседі. Әл - Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті - тәрбиенің алғы шарты етіп алды. "Тәрбиені неден бастау керек?" деген еңбегінде ғылымды, оқу - ағартуды меңгеруді, білім - тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны үйрену үшін адамның ар тазалығын, оның жеке басының тазалығын, еңбек сүйгіштігі мен қызығушылығын бірінші орынға қояды. Осыдан келіп, мұның барлығын меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді[5].

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Әл - Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез - құлық тәрбиесін қояды. Ол өзінің „Бақытқа жету жолында“ деген еңбегінде: „Адам бұл өмірге бақытты болу үшін келеді. Бақытты болудың бірден бір шарты- жақсы мінездің болуы“ деп түсіндіреді[6]. Кең мағынада алып қарағанда, ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, ізгілік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізеді. Әл-Фараби мінез - құлық тәрбиесінің құралы, әдістерін белгілеуде Аристотельдің адамдағы барлық мінез - құлық қасиеттерді туа біткен емес, жаттығу, әдеттену, машықтану, нәтижесі деген қағиданы басшылыққа алады. Ол адамда жақсы мінез - құлықты қалыптастыруда ерік - қайратына көп мән береді, өйткені, сезім мен рухани нәпсі және парасат мұқтаждықтары бір - біріне қарама - қарсы келгенде санамен шешу ерікке, өзіне - өзі билеуге тіреледі. Мұндай жақсы ниет, оң істер бара - бара адамның дағдысына, жақсы қасиетіне айналып, ол тәрбиелі жақсы мінез - құлықты болып өседі. Бұл туралы ғұлама: "Жақсы мінез - құлық пен ақыл күші - бұл адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуі арқасында адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез - құлқымыз мақтаулы болады",-дейді[7].

Адамның белгілі бір мінез - құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез - құлықтың басқа бір мінез - құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе әдет болады, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі - жиі және ұзақ уақыт қайталауын айтамын", - деп пікірін білдіреді. Осыдан байқайтынымыз, Әл - Фараби отбасы тәрбиесі жағдайында баланың мінезіндегі әрбір өзгерістер мен теріс қылықтарды дер кезінде байқап отыру және оның мінез - құлқының үнемі бір қалыпты болуын қадағалап, талап ету де мінез - құлық дағдысын қалыптастыруға алып келетінін ескертеді. Ол үшін әл-Фараби нақтылы бір тәрбие әдістерін қолдануды ұсынады. Олар "қатаң", "жұмсақ", "тезге салып түзету", жаттығу, сендіру, машықтану, үлгі - өнеге көрсету, өзін - өзі тәрбиелеу және т.б. әдістер. Мысалы, "тезге салып түзету" әдісін қолдану тәртібін әл - Фараби былайша көрсетеді: мінез - құлықтағы олқылықтар мен артықшылықтарды "алтын орта" қалыпқа келтіруге талпыну қажет. Мінез - құлықтағы олқылық артық болса оны кемітіп, ал мінездегі қажетті қасиеттер кем болса, оны арттырып отыру ғана орта қалыпты қалыптастырады деп түсіндіреді.

Бұл көп жағдайда мінез - құлықтағы "кеселді" ауру денені, организмді емдеуге қолданылатын медициналық тәсілдерге ұқсас әдістермен сауықтыруды ұсынады. Басқаша





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

айтқанда, әл - Фараби жан саулығы мен тән саулығын салыстыра, қатар алып қарастыруды ұсынады, - деп тұжырым жасайды ғалым А.Көбесов[8] . Өйткені, адамның жетілуі оның мінез - құлқының жетілуіне сайма - сай келеді.

Сонымен қатар, Әл - Фараби тәрбиешілер мен ата - аналарға балаларды тәрбиелегенде мінез - құлықтағы орта шаманы, яғни қалыпты жағдайды табу туралы да кеңестер береді. "Тең орта" шаманы табу алғаш қарағанда өте қиын болғандықтан, адам өзінің мінез - құлқын бір қалыпқа келтіруге мүмкіндігінше жақындатуға бағытталған амалдарды пайдаланады. Мысалы, мінез - құлықтың орташа шамасына жету үшін қолданылатын амалдар өзімізде дағдыға айналған мінез - құлықты қарастыру болып табылады, егер мінез - құлқымызға тән нәрсе артық кету болса, жетімсіз болудан түсетін әрекеттерге баулимыз, егер мінез - құлқымызға жетімсіздік тән болса, онда өзімізді артық кетуге сәйкес әрекеттерге баулимыз. Сонан соң, біз өзімізге қандай мінез - құлық қалыптасып шыққанын ойластырып қарастырамыз, - дейді. Мұндай мінез - құлықтардың артық - кемін реттеу арқылы қалыпқа түсірудің дұрыстығы немесе бақытқа жеткізер пайдасы туралы халқымызда мынадай мақал айталыды: "Күле - күле күлкім жетті басыма, күлмей жүрсем кім келеді қасыма". Бұл мақалдан байқағанымыздай халықтық даналар мен әл - Фараби түсініктеріндегі бала мінезінің қалыпты нормада болуы яғни ұшып-қонып, тым жеңілтек болуы да, тым салмақтылық та өз ортасында жағымсыз қарым - қатынасты қалыптастыратындықтан, бір қалыпты сабырлылық - бақытқа қол жеткізетін негізгі қасиет ретінде сипатталады[9].

Қалыптасып шыққан мінез - құлық үш түрлі халдің бірінде болады, - деп түсіндіреді әл - Фараби. Ол: не орташа халде, не орташадан асыңқы халде немесе орташаға жақын халде. Егер хал орташаға жақын болса, бірақ, екінші қарама-қарсы жағына қарай жақындап одан асып түспесе, онда қашан орташа халге жеткенше тағы біраз сол әрекеттерді жасай береміз.


Фарабидің ілімі бойынша адамның рухани бет - пердесі, мінезі мен жүріс - тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі, ауру сияқты көптеген объективті және субъективті себептерге байланысты өзгереді. Фарабидің пікірінше тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге келмейтін, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек.

Фараби ұстаз бен шәкірт, тәрбиеші мен тәрбиеленуші, сондай - ақ, ата - ана мен балалар арасындағы қарым - қатынас өзара түсіністікке негізделуі үшін ересектер тарапынан болатын қарым-қатынас стилі тым қатал да, тым жұмсақ та болмауға тиіс, - дейгенді ұсынады[10]. Өйткені, егер қарым - қатынас тым қатал болса, онда тәрбиеленушілер немесе балалар бойын қорқыныш сезімі билейді, олар ересек адамды сол қылығы үшін жек көреді, оған сенбейтін болады. Бірақ қарым - қатынас міндетті болғандықтан, оларда екі жүзділік пайда болады. Егер қарым - қатынас тым жұмсақ болса, онда тәрбиешілер немесе отбасындағы балалар тарапынан оның ересектер талабына деген немқұрайдылық пайда болып, оның өзіне деген құрмет төмендейді, - деп талаптың қалыпты болғанын қажет деп санайды.

Отбасы тәрбиесінде қалыптастырылатын тағы бір қасиет балаларды батырлыққа, батылдыққа, шешімшілдікке, ержүректікке тәрбиелеу деп көрсетеді. Оны да өз мөлшерінде қолданбайтын болсақ, кері әсер мен нәтиже беретінін түсіндіреді ғұлама. Мысалы, ержүректілік жақсы қасиет болып саналғанымен шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа, ал оның жетінкіремеуі қорқақтыққа алып келеді.



Әл - Фарабидің педагогикалық мұраларын жүйелей келе, отбасы тәрбиесінің басты мақсаты мен оның жүзеге асырылу жолдарын №2 - суреттедігей етіп көрсетуге болады.



2-сурет. Әл-Фараби көзқарасындағы отбасы тәрбиесінің жүйесі.

Сонымен, ұлы ғұлама Әл - Фарабидің мұраларындағы көзқарастарынан оның отбасы тәрбиесінің барлық мәселелерін назардан тыс қалдырмағандығын аңғарамыз. Ғұлама ғалымның бала тәрбиесіндегі өсиеттері мен насихаттары тек ізгілікке бағытталып, оның негізі тек отбасынан бастау алатынын аңғартады. Отбасы тәрбиесі жағдайында қалыптасқан адамдық қасиеттер негізінде мемлекетті басқару немесе мемлекеттік тұрғыда қарым - қатынас пен қоғамға қызмет ету жүзеге асырылады. Олай болса, қоғамның болашағы мен бақытқа қол жеткізу отбасы өмірі мен ондағы тәрбиенің ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Әл-Фараби. Мемлекет қайтаркерлерінің нақыл сөздері. Әлеуметтік - этикалық трактаттарында. - Алматы: Ғылым. 1975. - 5- 28 с.

2. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Философиялық - әлеуметтік трактатында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

3. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

4. Сухомлинский А.В. Балаға жүрек жылуы. Шығармалар толық жинағы –Алматы, 1987.- 476 б.

5. Әл-Фараби. Тәрбиені неден бастау керек. Әлеуметтік - этикалық трактаттарында. - Алматы: Ғылым, 1975. -305 б.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**İKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

6. Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Философиялық - әлеуметтік трактатында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.
7. Әл-Фараби. Избранные трактаты. - Алматы. 1994. - 5- 28 с.
8. Көбесов А. Әл - Фарабидің ашылмаған әлемі. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 2002. - 176 б.
9. Қазақ мақал - мәтелдері /құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.
10. Әбиев Ж., Нұрланова Г. Әбу Насыр әл-Фарабидің тәрбие және еңбек тәрбиесінің теориясын жасауы. //Ұлағат. - 1997. №1(2). -91- 97 б.



ДРАМАТУРГ Ә. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ӨМІР ШЫНДЫҒЫН СУРЕТТЕУДЕГІ  
ІЗДЕНІСТЕРІ

DRAMATIST A. TAZHIBAYEV'S SEARCH IN DESCRIBING OF THE LIFE

**Сұлтанова Жаңагүл Сердалықызы** – өнертану ғылымдарының магистрі

**Шорабек Әділхан Дүйсенбекұлы** – өнертану ғылымдарының магистрі

**Намазбекова Әсем Чапайқызы** - өнертану ғылымдарының магистрі

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

e-mail: [zhanagul\\_sultan@list.ru](mailto:zhanagul_sultan@list.ru), [khan\\_adil@mail.ru](mailto:khan_adil@mail.ru), [namazbek@list.ru](mailto:namazbek@list.ru)

**Түйіндеме:** Мақалада Әбділда Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығының жан-жақты талдауы ұсынылған. Ақынның өмір жолы сипаттала келе, шығармашылық жолында етек алған оқиғалардың шығармаларында тапқан орны қарастырылған. Мақалада Ә.Тәжібаевты ақын, жазушы ғана емес, қазақ театрының дамуына сіңірген еңбегі зор драматург, қоғам қайраткері ретінде танысытыру көзделген.

**Кілт сөздер:** Ә.Тәжібаев, қазақ театры, драматургия, поэма, пьеса, драматург.

**Abstract:** This article provides versatile analysis on Abdilda Tazhibayev's life and his works. Having described the poet's way of life, authors show, that things happened in his life are reflected in his works. This paper aims to present A. Tazhibayev not only as a poet and writer, but also dramaturgist, who made a great contribution to the development of Kazakh theatre, and a significant social figure.

**Key words:** A. Tazhibayev, Kazakh theatre, dramaturgy, poem, play, dramaturgist, playwright.

«Кешегінің жасы едім, қазіргілердің кәрісімін. Ал кеше мен қазірдің арасы отыз-ақ жыл. Адам үшін бұл көп уақыт екен», – деп жазады қазақ әдебиеті классиктерінің бірі Әбділда Тәжібаев өзінің «Өмір және поэзия» деп аталатын монографиясында [1, 9].

Қайраткер қаламгер бұдан әрі былай деп толғайды: «– Бізге бәрін істеу керек, – дейтін Сәкен. Бұған Бейімбет, Сәбит, Ілиястар жақсы түсінетін. Олар да бәрін істейтін. Қазақстанға театр керек. Пьеса қайда? Жазушыда Сәкен мен Бейімбет отыра қалып, өлеңнен драмаға ауысады. Өйткені, пьесасыз театр жоқ. Ілияс үлкен ақын, жақсы фельетоншы, өзіне салса, өлеңді ғана қуар еді. Бірақ амал жоқ, журналист Ілиясқа жұрттың басқа қажетін де өтемеске мүмкін емес. Жаңа заман, жаңа дүниеге жарамсыздарды бүгін әшкерелеу керек; әйтпесе кешігесің». «Бақытсыз ғашықтар туралы тамаша поэма жазып, атын «Сұлушаш» қойған Сәбит екінші поэмаға ауысуға әзір. Бірақ оған мұрша жоқ». [1, 2]. Дәл осы жолдарды жазып отырған 60-шы жылдары жасы елуден жаңа асқан жазушы 1998 жылы жасы 90-ға қараған шағында дүниеден озды. Бірақ ұлы Абайдың қанатты қағидадай етіп: «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» жазып кеткеніндей, соңында халқы ұдайы рухани нәр алып жүретіндей есепсіз мол мұра қалдырды. Жоғарыдағы қаламдас ағаларының біріне-бірі міндет түрінде айтып өткен жоспар-жобаларын кейін өзіне аманат секілді қабылдаған ол қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қоса білді. Сондықтан да ол осы жолда тынымсыз еңбек етіп, қолынан келгенінің бәрін жасады, оябына келетін істің бәріне аянбай атсалысты және бәріне де үлгеріп жатты.

Осының нәтижесінде туған халқы Әбділда Тәжібаевты тек жырмен жауһар кестелеп, сұлу сөздің мәйегін тамызатын керемет лирик әрі эпик ақын деп қана білмейді, сонымен қатар, оны дарынды драматург және сарабал әдебиет зерттеуші ғалым ретінде де таниды. Ол – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Оның қаламынан туған 30-дан астам поэма мен өте көп мөлшердегі өлеңдері қазақ әдебиетінің қыруар қазынасына қымбат дүниелердің бірі болып қосылды. Соның ішінде «Күй атасы», «Ақын», «Абыл», «Портреттер», «Оркестр», «Толағай», «Мархума» деп аталатын дастандарын ерекше атап өтпеске болмайды. Бұлардың бәрі, ақынның көптеген сыршыл өлеңдері сияқты, әдебиетіміздегі лирикалық поэмалардың озық үлгілері болып табылады. Қалың оқырман қауым бұл шығармалардың денін кезінде «Жаңа ырғақ», «Аралдар», «Кешеден бүгінге», «Жартас», «Жаңа өрімдер», «Құрдастар», «Толағай» тәрізді жыр кітаптары, бес томдық шығармалар жинағы арқылы оқып тұрды. Бұлардан бөлек, ақын-драматургтің «Жомарттың кілемі», «Гүлден, дала!», «Дубай Шубаевич», «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Той боларда», «Көңілдерестер», «Халқым туралы аңыз», «Жартас», «Қыз бен солдат», «Монологтар» секілді пьесалары әр жылдары, кейде тіпті әртүрлі варианттармен М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры мен Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ академиялық жастар мен балалар театрының сахналарында бірнеше дүркін қойылды. Мұның арғы жағында ол ғалым ретінде дүниеге «Өмір және поэзия», «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы», «Жылдар, ойлар» деген секілді бірқатар байыпты да салиқалы талдау еңбектерін әкелді. Аталған жұмыстардың туған әдебиетіміз бен оның сын жанрын, драматургия мен театрды дамытуға қосқан үлестері ұшан-теңіз болды. Бұдан әрі зерттеуші Абай мұраларының ерекшеліктері мен құндылықтарын халыққа кеңінен жеткізу мақсатында айтарлықтай өнімді жұмыс жасады. Атап айтқанда, «Абай және қазақ әдебиеті» («Социалистік Қазақстан», 1945 жыл, 19 тамыз), «Абай және қазақ совет поэзиясы» («Екпінді», 1940 жыл, 17 қазан) деп аталатын мақалаларында ол қазақтың жазба поэзиясының негізін қалаған ұлы ақын өлеңдерінің көркемдік сипаттары мен шеберлігі өлшемдерін кеңінен сөз етті. Ақын-ғалым мұнымен шектеліп қалған жоқ, ол бұдан әрі күнделікті баспасөз беттерінде жарияланып тұрған мақалаларында Абай мұрасын ұдайы жинастырып, оны дұрыс талдай білуді, оқырман қауымға соның тиімді жақтарын үзбей жеткізіп тұруды мәселе етіп көтеріп отырды. Бұл үшін алдымен Абай мұрасын жүйелі зерттеумен шұғылданатын арнайы ғылыми мекеме болуы керек. Қазіргі жағдайда ондай орталықтың қызметін ақын музейі атқара алады. Қоғам алдына осындай міндет жүктей білген зерттеуші ғалым хакім Абай жырларын зерттеп, талдаушылардың алдыңғы қатарынан табылды. Осының негізінде кейін «Өмір және поэзия» деген атпен қайта басылып шығатын «Қазақ лирикасы тарихынан» деген монографиялық еңбек пайда болды. Аталмыш кітаптың екінші тарауы түгелдей дерлік Абайдың әсем сазды лирикасын талдауға арналды.

Ақын-ғалым Әбділда Тәжібаевтың бүкіл ғұмыры бойына жазған барша елеулі еңбектері арасында оның 1971 жылы баспадан шыққан «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиясының алатын орны зор. Ол қазақ тілінде бұл саладағы ең алғаш шыққан толымды зерттеу еңбектерінің бірі болды. Қаламгер докторлық диссертациясының негізінде жазылған бұл зерттеуінде көне грек дәуіріндегі мәдениет ошағының қалай бұрқ етіп жанғанынан тартып, өткен ғасырдың екінші он жылдығы шамасында қазақ жерінде де бұршік ата бастаған театр мен драматургияның тарихын тереңінен қаузыдайды. Өзінің бастауын халықтық салтанатты салт-ғұрып ойындарынан алатын, негізін көп адамның қосылуымен шырқалатын хор құрайтын грек драмасына ұқсастықтарды қазақ сахна өнерінен табылып қалатынын барынша ыждағатты тілмен баяндап береді. Жазушы-ғалымның кейін, 1981 жылы шыққан бес томдық шығармалар жинағының 4-томына



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

«Өмір және драматургия» атпен енгізілген бұл еңбекте әдебиет зерттеушісі ежелгі Эллада жеріндегі «акрополь биігіндегі Афина храмы, Парфенон уақыт салмағынан, дәуірлер құбылыстарынан қанша тозса да, бүгінге еңсесін көтерген күйінде» [2, 5] жеткен мәдениет тарихынан бастау алатын драма жанрының қазақ топырағына да сіңісті болып кеткенін кеңінен талдап, байыбымен баяндайды. Ал 1960 жылы баспа жүзін көрген «Өмір және поэзия» атты монографиясы қазақ лирикасының шығу тегі, тақырыбы мен көтеретін мәселесінен бастап, оның даму кезеңдеріне терең шолу жасап өткен нағыз кесекті дүние есебінде есте қалды. Бұл кітаптың тағы бір құнды жағы, ол орыстың ұлы сыншысы Виссарион Белинскийдің лирика туралы аса бағалы тұжырымдары мен толғаныстарын қазақ тілінде сөйлеткен бірінші еңбек болды. Осының бәрі біз сөз етіп отырған ақын, драматург, ғалым және өнер зерттеушісінің толымды тұлғасын одан бетер асқақтата түседі.

Сонау өткен ғасырдың 20-шы жылдарының ортасына қарай қалың жұртшылыққа енді таныла бастаған Әбділда Тәжібаев әдебиетке өзіндік үнімен, өзіндік жырымен келді.

Сондықтан да оның:

Білем сені, сүйем сені,

Сырдың суы – қарт анам,

Сенсің мені әлдилеген,

Туған сенен мен балаң.

Сүйсе Гейне, анам десе,

Сүйген суы Рейнесін,

Сырдың суы туған ол да

Өз ақынын – Гейнесін.

Жазса Тарас Днепрді,

Жазса Пушкин Еділді,

Неге маған жырламасқа,

Сырда туған елімді, –

деп айтуға толық хақы бар-тын.

Әбділда Тәжібаев 30-шы жылдардың басынан бастап әдебиетпен кәсіби деңгейде дендеп айналыса бастайды. Жезқазған жерінде 3-4 жыл еңбек еткен ол 1933 жылы Алматыға оралады. Алғаш діндеп келген жері «Лениншіл жас» газеті болыпты. Мұнда ол редактордың орынбасары болып бір жылдан аса уақыт қызмет істейді де, 1934 жылы 25 жасында Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, ал 1939 жылы төрағасы болып сайланады. Алайда, сол тұста басталған ел мен әдебиет төңірегіндегі зобалаңдар мен дүрлігістер Әбекеңді де айналып өте алмады. Ол көп жағдайда соның бел ортасында жүрді. Арасында қателескен кездері де болды, қатарластарына қолдау көрсеткен кездері де болды. Өйткені,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

белсенді өмір сүрген Әбділда ақын өзін қоршаған қоғамның әрбір үні мен ызыңына құлақ түруге мәжбүр еді, сондықтан сол қоғамға қызмет ете жүріп адасты, алданды, адымын талай шалыс басты, соның әсерінен сүрінді, құлады, сосын қайта тұрды. Дегенмен, биік адамдық қалпынан айныған жоқ, өзіндік парасатын жоғалта қойған жоқ. Бұл бір нағыз ердің еріне сын болған сұмпайы кезең еді. Белгілі сыншы, әдебиет зерттеушісі Құлбек Ергөбек атап көрсеткендей, ол «XX ғасырдағы орысқа бодан қазақ қоғамының қатайған тұсында өмір аренасына шығып ақын болып сайраған, қайраткер болып қаламын қайраған, ұранды өлеңдер, ұрма мақалалар жазған, алдындағы ағалары, қадірмен замандастары көңіліне тиген, қоғамның жылымық күнге жетіп босаңсыған сәттерінде өз ісіне өзі өкінген, өкінген де сыршыл ақын болып қайта түлеген, өз күнәсін өзгелердің күнәсін қоса жуғысы келіп азаматтық өреде сөйлеген, сөйлей алған, ғасыр трагедиясын айтқан, айтқаны үшін тағы да жазықты болып жапа шеккен ұлы ақынымыз... еді» [3].

Осылайша «Тасты басып кетілген, сазды басып жетілген арғымақ ақынымыз» Әбділда Тәжібаев заманның біраз шырғалаңынан өтіп келіп, 40-шы жылдардың басына да тұяқ іліктіреді. Осы тұстан бастап ұстазы Мұхтар Әуезовтің жебеуімен әдебиеттің поэзия, проза, драматургия, әдебиет сыны жанларында қатар еңбек ете бастайды. Ұлы жазушымен мойынқос болып жазған «Ақ қайың» пьесасы республикалық бәйгеде озып шығады. Ол енді өсіп-жетіліп келе жатқан жас дарынға жаңа жанр мүмкіндігін көрсетіп, көзеп жібергендей әсер етеді.

Ұлы Отан соғысы басталып кеткен кез. Қазақстанға Ресей, Украина, Белоруссия, Литва республикаларынан эвакуация жасалған көптеген елдерден айтулы өнерпаздар, қарымды қаламгерлер, оқымысты ғалымдар келеді. Қазақстан Жазушылар одағының басшысы ретінде Әбділда Тәжібаев оларды Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов секілді қаламдас ағаларымен бірге күтіп алып, жан-жаққа жайғастыруға кіріседі. Шаруа онымен де бітпейді, енді келген жазушы, өнерпаздарды шығармашылық жұмыспен қамтамасыз етудің машақаты қосылады. Осы тұста М.Әуезов пен С.Мұқанов келген қайраткерлердің туындыларын тәржімалауға отырады, атақты Галина Уланова Абай атындағы опера және балет театрында режиссерлік етеді, Наталия Сац қазақ жастар театрын құруға бет алады. Сол дәуірдегі Ә.Тәжібаевтың өзіне де лайықты жұмыс табыла кетеді. Ол белгілі театр маманы, режиссер Григорий Рошальмен бірлесіп, өзінің «Жомарттың кілемі» деген келесі пьесасын жазады.

Ақынның қаламынан туған «Оркестр» деп аталатын романтикалық поэмасын да осы жылдардың жемісі деуіміз керек. Ал бұған ерекше тоқталып отырған себебіміз, ұлттық мінез бен халықтық рухты көрсеткен бұл дастанның соңын ала өмірге жоғарыда айтылған «Жомарттың кілемімен» бірге, «Көтерілген күмбез», «Біз де қазақпыз» туындылары келеді. Бұл пьесалар үштігінің орны ерекше болатыны олар да халықтың еңсесін көтеруге бағытталды. Бұларда қазақтың бодандыққа бас байлап қалған шағынан шығып, ұлттық рухты сақтап қалудың әртүрлі әдеби тәсілдерін іздеуге талпыныс бар. Соның ішінде айрықша көзге түскені «Біз де қазақпыз» поэтикалық драмасы еді. Өлеңмен жазылған пьесаны бірден Бүкілодақтық репертуарлық алқа қабылдап, одақтас республикалардың барлығының театрларына қоюға рұқсат береді. Міне, көктен түсіп келгендей болған бұл жолдама Әбекеңнің ел ішінде жүрген бірер ағаларының іштеріне пышақ айналдырмай қойса керек. Сол қызғаныштың ақыры жоғарыға дабыл тастатып, оны алдымен республиканың өз



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

ішінде талқылап алу деген желеумен кері қайтартады. Мұның тұжырымы пьесаны құлату болғаны онсыз да түсінікті еді.

Бұл оқиғаны Қ.Ергөбек былай жеткізеді: «Қазақ жұрты ғана емес, Әбділда ақынды Ресей, Украина, Белоруссия, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, бурят та жап-жақсы білді. Өзі айтқандай, өлеңдерінің соңына түсіп, сабылып аудармашы іздеп өзге тілге аударылуын қадағалаған жаннан емес Әбекең. Өлеңдерін И.Сельвинский, Я.Смеляков, М.Луконин, М.Львов орыс тіліне аударды. Үздік дарын А.Межиров алаңсыз кіріспекші еді Әбекең өлеңдерін орыс тіліне аударуға. Сол тұста машинасымен келе жатып Мәскеу көшесінде кісі қағып кетіп, соның зардабынан заң орындарында ұзақ бөгесінге ұшырады. Ақыры Кеңестер Одағынан сырт елге кетіп тынды. Ақын келісімі адыра қалды. «Жомарттың кілемі» Бүкілодақтық репертуарлық қорға қабылданған кезінде. Бүкілодақтық репертуарға қабылданған ақын-драматург пьесасының екіншісі – «Біз де қазақпыз». Бірнеше елдің театрлары сұрап алып, өз республикалары театрларына дайындап жатқан қуанышты сәттерде өзі ағалап құдайдай сеніп жүрген үлкен қазақ қаламгері, өзі ұстаз тұтқан Сәбең – Сәбит Мұқанов жарықтықтың қызғанышынан «Біз де қазақпыз» «құлап» тынды уақытында. Ұлтшыл рухты пьесасы үстінен Мәскеуге арыз аттанып кетіп, ақыр аяғы әлденеше республика театрларында сахнаға дайындық үстіндегі шығарма сыпырылып алынып қалды» [3].

Аталмыш пьесаның дақырты 1946 жылдың 26 тамызында БКП (б) Орталық комитеті ұйымдастыру бюросының «Драма театрларының репертуары және оны жақсартудың шаралары туралы» деп аталатын әйгілі қаулыны қабылдауына апарып соқтырады. Қаулыда Мәскеу және Ленинград сияқты бірнеше ірі қалалардағы театрлар репертуарында тақырып таңдауда жіберілген бірқатар кемшіліктер жалпылама айтылып келеді де, негізгі соққы одақтас республикалардағы ұлттық театрларға беріледі. «Өнер және драмалық театрлар істері жөніндегі комитетінің қызметіндегі ең ірі кемшілік оның тарихи тақырыптардағы пьесаларды қоюға шамадан тыс беріліп кеткенінде болып отыр, – делінген осы қаулыда. – Қазір театрларда жүріп жатқан ешқандай тарихи және тәрбиелік мәні жоқ бірқатар пьесаларда патшалар, хандар, бектер (Скрибтің «Маргарита Наварсскаяның новеллалары», Хаджи Шукуровтің «Хорезмі», Қасымовтың «Ходженттік Тахмосы», Тәжібаевтың «Біз де қазақпызы», Бурунгуловтың «Идукай мен Мудамы») асқақтатылып көрсетіледі» [4]. Партияның қаулысы бұдан әрі «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Труд», «Советское искусство» және «Литературная газета» секілді орталық басылымдарды аталған пьесаларға қарсы науқанды бастап кетуге тапсырма береді. Мұның қабатында республикалық, өлкелік және облыстық газеттерді осы дүрбелеңге қосылуға міндеттейді. Мұның ақыры неге апарып соқтырғанын, оның бәрі Әбділда Тәжібаев үшін қандай сұрапыл соққы болып тигенін пайымдау қиын емес.

Ал «Біз де қазақпыз» поэтикалық драмасының бұлай құлайтындай себептері де бар еді. Соның біріншісі, әлбетте, аталмыш пьесаның арқасында қатар жүрген қаламгер Әбділда Тәжібаевтың оқтай атылып, бірден алға шыға бастауы, соның арқасында осы кезге дейін басқа ешкімнің қолы жетпеген биіктік – Бүкілодақтық репертуарлық алқада қабылдануы, сол арқылы одақтас республикалар театрларына қойылуға ұсынылуы, екіншісі оның көтеріп отырған тақырыбының өте терең, батыл, айрықша астарлы екендігі болса керек. Оның желісінде тастай қараңғы түнекте тіршілік етіп жатқан бір белгісіздеу тайпаның өмірі





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

көрсетіледі. Тайпа адамдарының бәрі Бура есімді хандарынан өлердей қорқады. Себебі, солай қорқатын етіп қойған. Ханның өзі. Ол бір тажал сияқты. Айналасына ылғи зәрін шашып жүреді. Бұл да ештеңе емес, әлгі Бура қарауындағы қараша халыққа кәдімгі күннің өзінің көзін көрсетпей қояды. Себебі, олар күннің көзін көрсе, өсіп кетулері мүмкін. Сол кезде ханға бағынбай қоюлары ықтимал. Күн көзін көрсе өсіп кетеді, әкім ұлықпанға қолдары жетіп қояды. Олар айналада нендей тіршіліктердің болып жатқанын да білетін болады. Ол кезде ханға оларды бағындырып ұстап тұру қиямет-қайымға айналар еді. Бірақ болатын нәрсе бәрібір болмай қоймайды. Күндердің күнінде тайпаның намысқа жігерлерін суарып алған Балталы секілді марғасқа жігіттері жұртты Бура ханға қарсы бастап көтеріледі. Оның соңы ханды өлтіріп, күннің көзіне шығумен аяқталады. Поэтикалық драманың мазмұны осындай. Түптеп келгенде, бұл сол кездегі кеңестік социалистік қоғамдық жүйені сынға алу еді. Тіпті қазіргі күннің тұрғысынан қарасаң да, мұның қаншалықты батыл сын болғанын пайымдау қиын емес. Сол кездегі ел көсемі Сталинді, тоталитарлық жүйені бұдан артық талқандап сынау болар ма!

Қазір қарап тұрсақ, Әбділда Тәжібаев осындай ауыр соққылардан кейін боркеміктеніп, кері кетпей, қайта өршелене алға ұмтылған сияқты. Ол елуінші жылдардың ортасына қарай шығармашылық жағынан нағыз кемеліне келді. Мұндай кемелдену оның поэзиясынан да, драматургиясынан да көрінді. Ол поэзияда бұл өрлеуді Еуропаны аралап келгеннен кейін қағазға түсірген «Аралдар» деген өлеңінен бастады. Бұл туралы алдымен Сәбит Мұқанов: «Ал 1956 жылғы Европа саяхатынан туған «Аралдар» кітабының шоқтығы өзгеше биік. Бұл жинақтағы өлеңдердің көркемдік қуаты айрықша күшті, әсерлі», – деп жазды. «Елуінші жылдардың орта кезінде Әбділда Тәжібаев поэзияда ерлік жасады. Үлкен өлмейтін ерлік жасады. Сол кезде өлеңге келген бізге Қасым шығармаларымен қатар, иықтас тұрған бір ғана кітап бардай көрініп еді. Ол – Әбділда ақынның «Аралдар» атты кітабы еді», – деп осы ойды жалғады Тұманбай Молдағалиев. Ал Қадыр Мырзалиев: «Мен үшін ақын Әбділда «Аралдардан» басталады», – ағынан ақтарылды. Бұлардың соңын ала Жарасқан Әбдірашев: «Аралдар» атты өлеңнің әлгіндей әрбір шумағынан бойыңа шым-шымдап сіңген азаматтық сезім кем-кемнен өзінді бүкіл адамзат баласының алдындағы ардақты трибунаға еріксіз сүйреп әкелгенін аңғармай қаласың», – деген ойларын маржандай тізді. Осы елуінші жылдары «Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактор қызмет атқарған Әбділда Тәжібаев қарақан басының қамын ғана күйттеп қалған жоқ, үлкен әлеуметтік мәні бар мәселелерге де біртіндеп құлаш ұра бастады.

Осының екпінімен әдебиет газетінің басшысы орыстар мен еврейлер шет елге асып кеткен ақындары Иван Бунинді ақтап алып жатқанда, қазақтың неге Шәкәрімді ақтап ала алмайтынын айғайлап тұрып жеткізді. Бұл үшін ол ақынның баласы Ахаттан әкесінің бір топ өлеңін алдырып, 1954 жылы «Қазақ әдебиетінің» бір бетіне тұтас төгілдіре салды. Әдеби орта гу етті. Дос санатындағылар бұған мән болып қуанса, таса тұрып тас ататындар өздеріне лайықты тірліктерін істеп жатты. Мұның ақырында Әбділда-редактор Орталық Комитеттің хатшысына шақырылды. Барса, онда мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бір азаматы бір бума қағазын арқалап келіп отыр екен. Хатшы салған жерден дүрсе қоя берді. «Әбеке, үлкен қателікке ұрындыңыз. Оңбастай қате жасадыңыз. Мұныңыз енді саяси сауатсыздық, саяси қылмыс. Шәкәрім – халық жауы», халық жауы ғана емес, халық жауларының ағасы, жетекшісі... Мұныңыз ақылға сыйымсыз. Міне, мынадай құжат бар ол кісі жөнінде. Тағы мынадай да құжат тұр...». Ол қаптың аузын ашып, жалалы қағаздардың бірінен кейін бірін



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

шығарып жатыр. Ақынға көзге шұқығандай етіп көрсетуде. Бұған өршіл ақын бір кезде шыдамай, көтеріліп кетті. Ол орнынан атып тұрып, қолындағы таяғын үстелге бір қойды. «Қарағым-ау, не сонда сен 1937 жылды қайта шақырғың келіп отыр ма? Атаңның басы шақырасың. Сендер коммунистік партияның беделін төгіп болған...», – деді ол ақырып қалып. Мұны көрген комитетші сасқалақтап қалды. Сол бойда қобыраған қағаздарын қайтадан қабына тыққыштай бастайды. Бас редактор сол сөйлеген қалпы сыртқа шығып кетеді. Мұның соңы оның қызметінен босатылуымен аяқталады. Бірақ осындай ерлікке барған ақын өкінбепті. Өлеңін бұрқыратып жазып, жата беріпті. Сол жылы Әбділда Тәжібаев Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтына аттанады. Өзінің айтуына қарағанда, ақын бұл жылдары әлем әдебиетінің озық үлгілерімен тереңірек танысып қайтуға мол мүмкіндік алыпты.

Ақынның ортадан дәккі көруі кейінгі жылдары да жалғасып жатты. Осыған орай жазушы Төлепберген Тобағабылов осы кезеңдері «домалақ арыз Әбділданы да домалатып» жатқанын атап өтті. «Сондай донғалақсыз домалақ арыздардың бірі «Москва. Кремль. КПСС Орталық Комитетіне» деп жол тартар еді, – деп келесі бір оқиғаның арқауын ширатып өтеді ол. – Аты жоқ затсыз қазақтың Әбділдаға орталықтан ор қазбақ болған орысшасын ана тілімізге жолма-жол, сөзбе-сөз аударар болсақ, былай боп шығар еді: «Жамбыл деген дүниеде ақын жоқ. Ол – блеф, оны ойлап шығарып жүрген айлакер Әбділда Тәжібаев. Біз Әбділда Тәжібаевты әшкерелей отырып, оған қатал жаза берілуін сұраймыз».

Арада көп уақыт өтпей Мәскеуге домалап барған домалақ арыз Алматыға домалап кері қайтар еді. «Жамбылды қолдан жасаған» Әбділда өзіміздің Орталық комитет бюросына шақырылар еді.

– Ұлы жырау, ұлы ақын Жамбылдың хат танитын көзіне, жазатын қолына айналғаным рас, – деді Әбділда талқылау соңында. – Бұл тек революциядан кейін ғана қолымыз жеткен табысымыз, сауатсыз кәрі мен сауатты жас буынның жарастығы еді. Мұндай ұрпақтар гармониясы бізде бұрын болған емес. Революция мені оқытып, Жамбылға берді, ал Жамбыл көл-көсір жырын ревоюцияға арнады. Осы да блеф бола ма?.. –деп дауылдата, жауындата сөйлеген Тәжібаев тым ашулы еді, Журин: – Түсінікті. Сабыр етіңіз. Болды. Рахмет, –деп жаймашуақ бола қалды. Бюроға шақырылғандар осылай тарасқан» [5].

Біз мұның бәрін ақын, жазушы, драматург, ғалым, әдебиет зерттеушісі Әбділда Тәжібаевтың өзі жеткен биігіне оңайлықпен келе салмағанын, оның да бұл жолда тартқан қиямет-қайымы аз болмағанын байқату үшін әңгімелеп шықтық. Оның азаматтығын өзінің алдында жүрген, өзімен қатар жүрген аға-замандас қаламдастарын ұдайы ұмытпай, олар туралы жазумен өткендігі, өзінен кейін өсіп келе жатқан жас ұрпаққа көрсетіп өткен қамқорлығы толық дәлелдеп бере алады.

«Сексенінші жылдары Бурятияға барғанда Улан-Удэде Әбекеңнің пьесасы бойынша спектакль қойылғанын көзіммен көрдім, – деп жазады Құлбек Ергөбек. – Қырғызстанға қазақ әдебиеті күндерін өткізуге барғанда ағайын жұрттың алдымыздан Әбекеңнің:

Басыма кидім ақ қалпақ,

Оюлап шетін сырғызған.

Менің де бетім жап-жалпақ,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Айырмам қайсы қырғыздан? –

деп өлеңін әнге айналдырып шырқап қарсы алғаны бар. Қашан қайтар-қайтқанша осы өлең жолдары ауыздан түспей айтылумен болды. Қазақ ақыны Әбділда Тәжібайұлының осы бір өлеңі бізді қырғыз елімен әбден бауырластырып жіберді. Қашан қайтар-қайтқанша әнұранға айналып бізбен бірге жүрді. Біз сапардан өз ақынымызды өзіміз жаңа қырынан ашып, бұрынғыдан да жақсы көріп, бұрынғыдан да сүйіп қайттық» [3].

Тегінде, Әбділда Тәжібаевтың қандай бір шығармашылығы болмасын, біздің әдебиеттану ғылымы үшін оншалықты тың тақырып емес. Оның көркем поэтикалық тілі мен сыршыл лирикалық жырларына кезінде М.Әуезов, С.Мәуленов, С.Ордалиев, Р.Нұрғалиев, Қ.Қуандықов, Қ.Ергөбек, Б.Құндақбайұлы, Ә.Сығай, А.Қадыров сынды белгілі өнертанушылар мен әдебиеттанушылар, театртанушылар мен филологтар өздерінің бағаларын беріп қойған. Бұдан бөлек, оның жекелеген драмалық туындыларын зерттеу еңбектері мен мақалалар да баршылық. Драматург ақынның азаматтық тұлғасына тоқталып, оның сан қырын ашып көрсетуге талпыныс жасаған дүниелер де кездеседі. Алайда, оның әдебиет саласына сіңірген барлық еңбектерін, соның ішінде драматургиялық туындылары – драмалары мен комедияларын тұтастай алып қарастырып, зерттеушілік әлі болған жоқ.

Шын мәнінде де жазушы-ғалымның ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетін биік белестерге көтерумен бірге, қазақ театрының дамуына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Бұған қоса, ақынның өзінен кейін өсіп келе жатқан жас толқынның үздік өкілдеріне көрсеткен қамқорлықтары мен жақсылықтарының өзі бір төбе. Осындай халқының сүйіктісі бола білген арқалы ақынның көптеген шығармалары уақытында бірқатар басқа тілдерге аударылып, Ресей, Украина, Белоруссия, Қырғызстан, Өзбекстан республикалары мен Ресейдің Татарстан, Башқұртстан, Бурятия автономияларына кеңінен тараған. Осының өзі қай тілде жазылғанына қарамастан, жүректен шыққан жырдың жүрекке жететінін білдіреді. Мұнда Ә.Тәжібаевтың дүниетанымдық көзқарасын зерттеп, өлеңдерін орыс тілінде сөйлеткен И.Сельвинский, Я.Смеляков, М.Луконин, М.Львов секілді тәржімашылардың сіңірген еңбектері зор. Сонымен қатар, драматургтің қазақ театрының сахнасына қосқан үлесі мол. Ол драма, комедия жанрлары мен аңыздық-мифтік үлгіде пьесалар да жазды. Осы ретте оның сахнаға поэтикалық туындыларды әкелу арқылы оның сипаты жаңара түсуіне өзіндік үлес қосқанына тағы да айтар едік.

Ә. Тәжібаевтың драматургиялық шығармаларының арасында, әрине, қазақтың әнші қызы Майра Уәлиқызының өмірінен жазылған «Майра» драмасының шоқтығы биік. Сол сияқты жоғарыда айтылған туындыларынан бөлек, «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдерестер», «Қыз бен солдат», «Монологтар» атты драмалары мен «Той боларда», «Дубай Шубаевич» деген комедиялары әр жылдары қазақ сахнасында табысты қойылды.

Ә.Тәжібаевтың пьесалары аса мықты тартыстан тұрмаса да, қызу шиеленістерге құралған. Оның драмалық шығармалары жайлы белгілі театр сыншысы Б.Құндақбаев: «Ә.Тәжібаевтың драмалық шығармалары оқиғаның қызықтылығымен, көркемдік әсерлілігімен жұртшылықтың жүрегіне жол табады. Ақынның бұл саладағы шығармаларынан поэзия самалы есіп тұрады, ой еркіндігі сезіледі. Сондықтан монолог пен диалогтарда ішкі қуат, екпін күшті. Және соның барлығы жанр табиғатына саяды.» [6] – деп драматург пьесаларының ерекшеліктерін дөп басқан. Енді осы ойды жалғастыра кетсек, Ә.Тәжібаев кейіпкер мінездерін қарама-қарсы қойып, қақтығыс тудыратын оқиға әрекетін шарықтау



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

шегіне дейін бірте-бірте өрбітеді. Оның суреттеуіндегі әрбір бейненің қоғамдағы өзіндік орны, анықталған әлеуметтік сатысы, тұрмыстық жағдайына қарай өзіндік ой-тұжырымы бар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә.Тәжібаев. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том, А., «Жазушы», 1981. «Өмір және поэзия», 9-бет.
2. Ә.Тәжібаев. «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы». А., «Жазушы», 1971, 5-бет.
3. «Сыр бойы» газеті, 2009 жыл, 3 қазан.
4. Постановление Оргбюро ЦК ВКП(б) «О репертуаре драматических театров и мерах по его улучшению», журнал «Большевик», 1946 г., № 16. стр. 593.
5. «Егемен Қазақстан» газеті. 16 қазан, 2009 жыл.
6. «Қазақ әдебиеті», № 17 (1930) 8 ақпан, 1969 жыл.



ПРИНЦИПЫ НЕЛИНЕЙНОГО ВРЕМЕНИ В ЛИРИЧЕСКОМ ЦИКЛЕ КАЗАХСТАНА  
КОНЦА XX – НАЧАЛА XXI ВВ.

PRINCIPLES OF NON-LINEAR TIME IN THE LYRIC CYCLE

Толысбаева Жанна Женисовна - доктор филологических наук, профессор  
Шорабек Әділхан Дүйсенбекұлы – магистр искусствоведческих наук  
Аймбетова Улбосын Утегеновна – доктор философских наук PhD  
НАО «Казахская национальная академия хореографии»  
Республика Казахстан, г. Астана  
e-mail: zh\_kazpoetry@inbox.ru, khan\_adil@mail.ru, aim\_bat@mail.ru

ЛИРИКАЛЫҚ ЦИКЛДЕГІ СЫЗЫҚТЫ ЕМЕС УАҚЫТТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Толысбаева Жанна Жеңісқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор  
Шорабек Әділхан Дүйсенбекұлы – өнертану ғылымдарының магистрі  
Айымбетова Ұлбосын Өтегенқызы – философия ғылымдарының докторы PhD

**Түйіндеме:** Берілген мақалада түрлі циклдардың пайда болуына негіз болған лирикалық цикл, оның пайда болуы мен дамуы сөз етіледі. Лирикалық циклдың кез-келген циклдық контекстің жанрын анықтаудағы маңыздылығы айтылады. Бірқатар шығармаларда циклдік процестің көрініс табуы мен оның әрі қарай өрбуі қарастырылған. Мақалада, әсіресе, жанрлық кеңістіктік-уақыттық парадигмалардың өзара әсері мен қазіргі заманғы поэзияның қалыптасуына зерттеу жүргізілген.

**Тірек сөздер:** цикл, лирикалық цикл, жанр, поэзия, кеңістіктік-уақыттық парадигма, заманауи поэзия.

**Abstract:** The article considers lyrical cycle, its formation and development which served as a basis for the establishment of different cycles. Moreover, it includes the importance of lyrical cycle in defining genre of cycle context. Cycle process and its further evolution in many compositions are discussed. The article emphasizes the mutual influence of space-time genre paradigms and the establishment of contemporary poetry.

**Key words:** cycle, lyrical cycle, genre, poetry, space-time paradigm, contemporary poetry.

В 1980 – 2000 годы к жанру лирического цикла (далее – ЛЦ) обратились казахстанские и российские поэты разных поколений. Классической ясностью и гармоничной соразмерностью элементов контекста отличаются циклы поэтов старшего поколения Р.Казаковой, А.Вознесенского, В. Антонова, К. Бакбергенова, А. Еженовой, Б. Каирбекова, Б. Канапьянова, В. Киктенко, И. Потахиной, А. Соловьева, Н. Черновой, Л. Медведева, Л. Шашковой, А. Ширяева, О. Шиленко. Virtuозность формы, эпатажность стиля, оригинальность поэтических приемов становятся дифференцирующими признаками циклов, созданных во второй половине 1990 – 2000 годах такими поэтами, как Е. Ашим, С. Багай, Е. Барабанщиков, М. Варов, Т. Дельцова, Е. Зейферт, Г. Имамбаев, А. Кусаинова, А. Мариева, К. Омар, И. Полуяхтов, К. С.Фарай, Р.Жуманова и многими другими. В это же время в поэзии наметилась тенденция на усложнение жанровой природы ЛЦ.

Одной из причин активизации циклического мышления является тот факт, что закономерности нелинейной организации циклического контекста заняли доминирующую позицию в процессе образования новых жанров. Так мотивируется создание так называемых



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

“сонетных”, “элегических”, “эпистолярных”, “фрагментарных” циклов. Поэтами рубежа тысячелетий апробированы более масштабные жанровые образования, базирующиеся на циклическом принципе построения: “эпический” ЛЦ Л. Медведевой “Час молитвы”, “Волшебная книга” циклов А. Соловьева, “книга детства” В. Киктенко “Световид”, “Тетрадь на двоих” И. Полуяхтова и Ю. Леонова. В каждом из циклических контекстов, использующих в качестве первичного материала традиционные жанровые мирообразы и формы, происходит перераспределение функций между компонентами жанра, в результате которого образуется не только циклическая целостность высшего уровня, но исходный жанр обретает дополнительные, ранее не свойственные ему признаки.

Изложим основные положения концепции жанра ЛЦ. **Лирическим циклом** называем произведение, состоящее из некоторого ряда интертекстуально связанных стихотворений, объединенных общим заглавием, и воссоздающее модель циклической организации одной или нескольких граней Бытия. Собственно ЛЦ считаем авторский стихотворный цикл как высший и структурно более четко выраженный тип контекста, позволяющий понять саму жанровую природу циклического контекста. Наблюдаемое в определении ЛЦ тавтологическое наложение понятий обусловлено совпадением термина и его этимологического значения, что акустически «выдвигает» типологический жанровый признак ЛЦ – его установку на воспроизведение архетипа мифологического мышления.

Жанровым компонентом ЛЦ, выполняющим конструктивную роль в процессе создания эпического мирообраза, является пространственно-временная организация художественного текста. Специфику художественности ЛЦ составляет сохраняющаяся идея прамифологической цикличности, проявляющаяся в произведении через взаимодействующие принципы целостности, повторения, тождества, замкнутости. Идея возвратно-поступательного движения реализуется в комплексе взаимосвязанных, взаимообусловленных признаков цикличности, но при этом в эстетическом фокусе может находиться только один из них. Так, например, сюжеты «лирических дневников» Р. Тамариной «Письма разлуки» и «Наедине с любовью» определены логикой временного кругооборота; чувства героини проходят сложный круг развития в течение календарного года: от апреля до апреля в ЛЦ «Наедине с любовью» и от декабря до декабря в «Письмах разлуки». Движение по циклически завершеному отрезку календарного времени становится одним из проявлений постоянства отношений между мужчиной и женщиной в циклическом контексте Л. Медведевой «Час молитвы». Логiku «посезонного» движения времени номинативно декларирует ЛЦ О. Сулейменова «От января до апреля», а также циклы «Письма с Понта» А. Ширяева, «Август» Н. Черновой.

Следует отметить специфичность принципа замкнутости, который проявляется в том, что характеризует один этап в многократном акте познания. С принципом циклической замкнутости коррелирует так называемое явление «открытого финала» ЛЦ. В этом отношении показательным может стать анализ любого цикла. Интерес представляют те контексты, в заглавии которых задана установка на незавершенность действия. Например, «Степные этюды» и «Следы» И. Потахиной, «Блики» Л. Медведевой, «Сны» Т. Дельцовой. Интересно, что потенциально бесконечные круги возвратно-поступательного движения образов в названных ЛЦ «удерживаются» четкой композицией контекста. Так, в ЛЦ Л. Медведевой «Блики» в 1-ой строфе субъект цикла обосновывает тезу:

*Ничего не будет лучше*

*Этой нежности певучей*



*В сердце радужного дня... [1, с.74],*

*во 2-12 стихах созерцает явления природы и человеческой жизни, а в 13-14 фрагментах контекста “стягиваются” ведущими циклообразующими мотивами. В последнем стихотворении этого же цикла подведен итог, который указывает и на потенциальную возможность нового витка-медитации: “Ворохнулась, проснулась душа...”.*

*Идея цикличности, проявляющаяся в произведениях через ведущий принцип повтора, чаще всего реализуется или в сюжетных ситуациях бесконечных уходов-возвращений, или в зеркально-асимметрической композиции ЛЦ. Так ситуациями многократных перемещений лирического героя в пространстве характеризуется сюжет “Сонетов В.Баевскому” А. Жовтиса. Пройдя несколько витков духовной эволюции, выходит на принципиально иной, значительно больший масштаб мировидения лирическая героиня цикла А. Куцаиновой “Взгляд Бога на пылающие угли”, а субъект мысли “Писем с Понта” А. Ширяева обретает способность критической самооценки.*

*Многократность встреч и расставаний, духовных “взлетов” и “падений” претендует не столько на воссоздание процессуальности, сколько “провоцирует” рефлексию субъекта повествования. В “Тетради на двоих” И. Полуяхтова и Ю. Леонова, также развивающей мотивы зеркального отражения, симметрии, обусловленности явлений, контекст конкретизирует представление о гармонии как союзе противоположностей. Особенную значимость в цикле обретают образы, сближающие антиномии. Образы-“промежутки” (мост, сон, первая звезда, радуга) выполняют роль скрепы, “припаивающей” одну половинку круга к другой.*

*Два типа сознания ведут лирическое повествование в «книге детства» В. Киктенко «Световид». Параллельное развитие одних и тех же тем “выталкивает” на поверхность читательского восприятия так называемые образы-посредники, вокруг которых кумулируется “опрошенная” и философски-нагруженная мысли. Мифологическая природа названных образов и система повторов, в которую они вовлечены, удачно актуализируют идею цикличности.*

*Образ нити как образный эквивалент идеи бесконечности появляется в финале ЛЦ “Пролог” В. Киктенко. Конец цикла подчеркнуто сводит начала и концы этой нити, реконструируя праобраз циклического кругооборота:*

*Мужику – бороться,  
Женщине – огонь хранить.*

*Так и вьется эта нить...*

*...Сыновья*

*Да дочери [2, с.11].*

*Актуальным представляется стремление некоторых исследователей осмыслить «нелинейное» композиционное строение ЛЦ. Устойчивым структурным признаком циклического единства являются отношения подвижной субординации между его компонентами: содержание каждого стихотворения, вовлеченного в процесс формирования циклической интертекстуальности, функционирует одновременно как определяемое и определяющее. Идея нелинейной композиционной организации ЛЦ не может быть “считана” с логики изменения времени, перемещения в пространстве или с так называемого “романного” сюжета. В то же время установление ключевых текстов, порядкового счета, введение сюжетности не искажают идею нелинейного строения цикла, но способствуют более быстрому вхождению в художественный мир ЛЦ. Так в цикле Д.Самойлова “Беатриче”*



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

три "ключевые" сцены дискретно воспроизводят сюжетный кругооборот: от появления Беатриче (1) через "Реплику Данте" (17) к "Последнему проходу Беатриче" (35). В цикле "Россия воскресе" А.Вознесенский актуализировал идею "круглого" строения, увеличив число циклообразующих введением порядкового счета речевых фрагментов (от "1" до "200" и от "-200" до "1"), таким образом повторив в числовых смещениях движение по полукружиям. Десакрализация принципа кругооборота в этом же цикле зафиксирована в "Ментальных комментариях" - во второй части ЛЦ, - где оговорена форма видеомата (автор расположил стихотворения на гипсовой инсталляции в форме полусферы).

Вовлечение вопроса о жанровой природе ЛЦ в общую теорию жанров позволило пересмотреть традиционную концепцию жанра ЛЦ и предложить новую систему жанроразличительных признаков, которая включает субъектный, пространственно-временной, номинативный, речевой, объемный компоненты. Каждый из перечисленных жанровых признаков задействованы в формировании маргинальной лиро-эпической природы ЛЦ. При этом способы самовыражения лирического героя, тип организации речевого материала, характер взаимодействия текстов и внетекстовых рядов, проявляющийся в заглавии цикла, являются показателями интенсивности лирического начала. Принцип пространственно-временной организации циклической целостности и категория объема репрезентуют масштабы эпического мировидения. Семантический компонент, сосредоточенный в возвратно-поступательном движении хронотопа, реализуется на всех уровнях ЛЦ во всех жанрово-типологических разновидностях циклического контекста.

*Результаты наблюдений также дают основания для разработки семиотического подхода к проблеме жанровой природы ЛЦ. Изучая принципы создания целостности цикла XIX–начала XX веков, исследователи неоднократно апеллировали к кругу как знаку, отражающему основную закономерность циклического "сцепления" тем, образов, художественных приемов, хронотопа и реконструирующему модель циклического мирозобраза. С точки зрения М.Н. Дарвина, "...идея круга, воплощающего единство конечного и бесконечного, открытого и замкнутого времени и пространства, ... нашла своё отражение в циклах разных эпох и народов..." [3, с.43]. Исследователи Л.Е.Ляпина и Е.С.Хаев предлагают выделять два типа композиционной организации циклов, основанной на жанрово-семиотической модели круга: "центробежной" и "центростремительной" [4, с.165], или "радиальной" и "концентрической" [5, с.62].*

*Действительно, в ЛЦ XX века идея круга становится масштабнее и структурно более четко организует художественный материал. Востребованность "круглого" мышления объясняется главенствующим в начале XX века ритмологическим мировоззрением, основные положения которого изложены в философских трудах П.А. Флоренского. Ритмология, обоснованная математическими открытиями и усиленная эсхатологическими предощущениями, актуализировала принцип нелинейного строения художественного текста, когда произведение допускает входение в него с разных сторон, а процесс понимания представляется как "...сложное движение по радиальным направлениям с возвратами и переходами..." [6, с.14]. По мнению Ж. Деррида, уникальность децентрированной художественной структуры состоит в том, что "...в отсутствии центра или начала – решительно всё становится дискурсом..." [7, с.172].*

*Подобное структурирование художественного целого получило предельно полное воплощение на всех уровнях циклического целого (от идейно-тематического до рифменного), но, на наш взгляд, строение ЛЦ наиболее объективно укладывается в понятие*





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

*нелинейности. Эта идея станет более ясной, если вспомнить об открытиях ученых XX века, которые в корне изменили представление о природе физического времени и его отношении к пространству.*

Так, Л. Больцман, а вслед за ним Г. Рейхенбах, Н. Винер, Э. Васмут и другие физики обосновали наличие связи между временной необратимостью и возрастанием энтропии в мире. Для науки XX столетия определяющими также стали теорема Курта Гёделя о том, что “действительность шире любой описывающей её системы” [8, с.8], принцип дополненности, сформулированный Нильсом Бором (“...чтобы адекватно описать какой-либо объект действительности, необходимо, чтобы он был описан в двух противоположных системах описания...” [8, с.9], теория “соотношения неопределенностей” Вернера Гейзенберга (“невозможно одновременно точно описать два взаимозависимых объекта” [8, с.9]. Названные открытия следует принять в качестве методологических принципов, поднимающих исследовательскую мысль на более современный уровень развития.

Развитие независимых научных направлений (кибернетики, термодинамики, экологии, геометрии) привело к созданию синергетики – междисциплинарного исследовательского направления, позволяющего описывать явления разной природы (изучаемых как естественными, так и гуманитарными науками) с помощью близких математических моделей. В основе синергетики как концепции самоорганизации лежат традиционные философские принципы развития, из которых два имеют математическое обоснование и особенно важное значение в понимании нашей проблемы. “...Принцип перехода количественных изменений в качественные описывает бифуркационные периоды, когда при плавном увеличении какого-либо параметра происходит качественная перестройка поведения системы...; принцип единства и борьбы противоположностей отражает то свойство сложных систем, что без наличия как минимум двух качественно различных типов взаимодействий ...никакая самоорганизация и, следовательно, никакое развитие не произойдет...” [9, с.14].

Концепт нелинейного движения развивает в своих работах Рене Генон, представляя истину о времени через концепцию “качественного времени” (или “геометрического” представления о времени).

В работе В.П.Руднева “Прочь от реальности”, созданной на пересечении разных областей знания, совершена попытка ввести художественный текст в онтологически переосмысленное пространство физического времени и обнаружить ранее скрытые возможности и функции текста. В частности, интересным и перспективным в масштабах настоящего исследования является суждение автора о том, что «...вещи увеличивают энтропию, тексты увеличивают информацию. Вещи движутся в положительном времени, тексты – в отрицательном... Мировая линия событий в физическом мире представляет собой не луч прямой от менее энтропийного состояния к более энтропийному, но кривую, где при общей тенденции к возрастанию энтропии имеются отрезки, на протяжении которых энтропия понижается...» [8, с.15]. В семиотическом поле культуры код “текста” воспринимается как идентичный “жанру”. Взаимозаменяемость понятий позволяет прочесть вышеприведенную цитату как оригинальное суждение о памяти жанра, о содержании текущего литературного процесса.

Специфичность нелинейной модели пространства и времени, востребованной поэзией рубежа XX-XXI веков, заключается в том, что эпоха вызвала к жизни сразу несколько



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

концептов пространства и времени, где приоритет остается за параметрами времени в соответствии с природой поэзии как словесного вида искусства. Одни и те же процессы в политико-экономической, духовной, научной жизни XX века мотивировали одновременный интерес к нелинейному циклическому (мифологическому) и энтропийному мышлению. Если Е.М.Мелетинский фактором «крутой ремифологизации» назвал кризис цивилизации, проявившийся в разочаровании позитивистским рационализмом и эволюционизмом, либеральной концепцией социального прогресса, недоверием к истории, открытием неклассических теорий в области точных наук, новыми идеями в психологии и этнологии, шоком первой мировой войны, обострившей ощущение зыбкости современной цивилизации, то эти же факторы актуализировали постмодернистский нелинейный способ художественного воссоздания действительности.

Единомоментная эстетическая актуализация линейной, циклически-мифологической и энтропийной моделей времени интересно просматривается в категории синтетических жанровых образований. Конец XX века, отмеченный постмодернистской деконструкцией всей системы культурных ценностей, актуализировал мышление жанрами как тип поэтического творчества, сознательно или бессознательно нацеленный на выравнивание энтропийных процессов в литературе. Жанр как текст, способный кумулировать культурную информацию, является универсальной художественно-эстетической категорией, способной активно противостоять процессу размывания ценностей. Более того, эпоха тотальных разломов и разрушений выявила до конца способность жанров гармонизировать хтонизм окружающей действительности. Хронотопическая парадигма каждого жанра имеет свойство по-своему «собирать», упорядочивать картину мира. Но внутренний мир некоторых жанровых структур (например, элегий, поэм, толгау (жанр казахского искусства слова), баллад) образуется на встречном движении противоположных пространственно-временных рядов, из которых один более насыщен дисгармоничной информацией, другой нацелен на воспроизведение идиллически-бесконфликтного пространства. Разрешение противоречия, обнаруживаемое в одухотворяющем катарсисе, – яркое подтверждение антиэнтропийной стабилизирующей роли жанров.

Взаимовлияние жанровых пространственно-временных парадигм ведет к созданию синтетических жанровых конструкций, характеризует особенности современного поэтического процесса. Так, содержанием сонета многократно наделяются картины мира других жанров (векзаметра, поэмы, цикла). Другой вид взаимообусловленности рождается в ситуации актуализации двух жанров: элегии и толгау. Названные жанры существуют в синергетическом единстве, поскольку описывают одну и ту же эстетическую действительность, но вводят последнюю в принципиально разные жанровые модели.

Отличительной чертой нелинейной организации циклических контекстов рубежа XX-XXI веков является то, что М.М.Бахтин назвал «творческим хронотопом» [10, с.403]. Важнейшая черта этого хронотопа состоит в том, что он «...программно переносит ценностный центр искусства на сам незавершенный процесс творчества. Именно его незавершенность и приобретает в новейшей (после-постмодернистской) литературе онтологическую ценность, выступая в качестве универсальной метафоры и человеческой жизни, и жизни культуры, и бытия в целом...» [11, с.24].



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

Как видим, результат открытий естествознания напрямую соотносится с духовными процессами общества: то, что ученые-физики запечатлели на языке формул и теорем, поэты XX столетия выразили художественно. На наш взгляд, очень значим момент синхронного движения науки и искусства к общей цели – к Познанию Абсолютного Нечто. В истории науки и искусства были периоды, когда одно было оторвано от другого или по воле руководящих политических сил, или по другим, субъективным, причинам. Вхождение физиков и лириков в единое пространство Поиска – свидетельство реального обновления общества

### Литература:

1. Медведева Л. Сокровенное солнце. - Усть-Каменогорск: ВКГУ, 2000. – 130 с.
2. Киктенко В. Световид. - Алма-Ата: Жазушы, 1990. – 184 с.
3. Дарвин М.Н. Изучение лирического цикла сегодня.// Вопросы литературы. – 1986. - №10.
4. Ляпина Л.Е. Проблема целостности лирического цикла// Целостность художественного произведения и проблемы его анализа в школьном и вузовском изучении литературы. Донецк, 1977, С.164-166.
5. Хаев Е.С. Проблема композиции лирического цикла (Б.Пастернак «Тема с вариациями») // Природа художественного целого и литературный процесс. Кемерово, 1980, С.56-68.
6. Дубровская В.В. Нелинейность литературного произведения в трудах П.А. Флоренского // Культура и текст. Вып.1: Литературоведение. - СПб. – Барнаул, 1997. - Ч.1. - С. 12-15.
7. Деррида Ж. Структура, знак и игра в дискурсе гуманитарных наук // ВМУ. Сер.9. Филология, 1995, №5, С.170-173.
8. Руднев В.П. Прочь от реальности. - М., 2000.
9. Егоров М.// Философия науки. - 2003. - №1(16). - С.3-15.
10. Бахтин 1975: Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. М., 1975. С.234-407.
11. Лейдерман 1995: Русская литература XX века. Вып.2. Екатеринбург, 1995. С.3-19.



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПМӘДЕНИЕТТІЛІКТІҢ (МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМНЫҢ) ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### THE LEGAL ASPECTS OF MULTICULTURALISM IN REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Отыншиева А.А.

Ибраева А.С.

2 курс докторанты; з.ғ.д., профессор  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Заң факультеті  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы  
\*aidana-best91@mail.ru

#### Түйіндеме

Автор бұл мақалада қазіргі кезеңдегі демократиялық, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық Қазақстан Республикасындағы көпмәдениеттілік немесе мультикультурализм концепциясының түп тамырын, оның ішінде пайда болу тарихын, теориялық тұрғыда дамуын, басқа шет мемлекеттерде мультикультурализмнің қолданылу және таралу аясын қарастырады. Сонымен қатар, осы ауқымды да өзекті тақырыпты негізгі идеясымен ұштастыра отырып, мәнін ашу барысында, жалпы мультикультурализм концепциясы Қазақстанға керек пе деген сұрақтың түйінін шешу де қамтылды. Көпмәдениеттілік жайлы заңнамалардың құқықтық аспектілері, жан-жақты саяси және құқықтық пікірлер, жария талқылаулар қарастырылды.

**Түйін сөздер:** мультикультурализм, ұлт, бірегейлік, адам және азамат.

#### Abstract

The author considers the root of the multiculturalism conception in democratic, secular, social and legal state – in Republic of Kazakhstan. The article also covers the history and theoretical development of multiculturalism, the usage and scope of multiculturalism in other foreign countries. Moreover, some predictable answers were provided to the question of whether Kazakhstan needs development of multiculturalism. The legal aspects of multiculturalism in legislation, in comprehensive political and legal reviews, in public discussions were examined properly.

**Key words:** multiculturalism, nation, identity, individual and citizen.

“Мультикультурализм” термині тұңғыш рет ХХ ғасырдың 40-жылдары Канадада пайда болды, алайда 1960 жылдардан бастап қана өзекті тақырып бола бастады.[1] Құқықтанушылар мен саясаттанушылар қауымының ойынша, мультикультурализм деп ашық қоғам мен түрлі ұлттардың сол мекен етіп жатқан қоғам аясындағы түрлілігін, сан алуандығын айтады. Мультикультурализм саясаты мен идеологиясы түрлі этникалық топтар мәдениетінің әртүрлілігін сақтауды, өз мәдени орталықтарын, мысалы, білім ошақтарын ашып, тілін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын дамытуын білдіреді.

Harper Collins атты Әлеуметтану сөздігінде бұл концепцияны былай түсіндірген: “Мультикультурализм – бұл көптеген қоғамдардың айқын белгісі ретінде мәдени плюрализмді танып, мойындап, насихаттайды. Мультикультурализм мәдени саналуандылықты қорғауға негізделеді. Сонымен қатар, ол мемлекеттегі өмір сүріп жатқан негізгі ұлттар мен азшылық ұлттар арасында жиі белең алатын тең емес қарым-қатынастарға ерекше көңіл бөледі”. [2] Жалпы, мультикультурализм концепциясы либералдылыққа, ізгілік (гуманизм), адамгершілік құндылықтарына негізделген.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Мультикультурализм концепциясын түп-тамырымен зерттеген ғалымдар қатарына У.Кимлика, С. Бенхабиб, М. Вевьёрка, С. Фиш, М. Уолцер [3] және т.б. кіреді. Қазірде, отандық және ресейлік ғалымдардың да бірқатары осы концепцияны жүзеге асырудың артықшықшылығы мен пайдасы, зияны мен кесірін жан-жақты зерттеуде. Заңгерлер, мәдениеттанушылар мен саясаттанушылар арасында мультикультурализмді жақтаушылар да, даттаушылар да жетерлік. Мультикультурализмді алға тартудың ешқандай пайдасы жоқ деп санайтын ғалымдар, көбінесе, Ұлыбритания, Франция, Германия тәрізді дамыған алпауыт елдердің тәжірибесіне сүйенеді. [4] Немістің канцлері Ангела Меркель, Ұлыбританияның экс-премьер-министры Дэвид Кэмерон, Францияның экс-президенті Николя Саркозилар өз елдерінде мультикультурализмнің құлап, сәтсіздікке ұшырағанын айтты. [5] Көптеген ғалымдардың пікірінше, Еуропа елдері мультикультурализмнен бас тартып отыр, сондықтан да елімізге ұлттық-рухани құндылықтарды сақтай отырып, қоғамға кедергі болатын кертартпа тұстардан аулақ болу керек, барша ұлыстарды ұйыстырушы ретіндегі қазақ халқының айрықша жауапкершілігін естен шығармауымыз қажет. Заңгер, профессор Ғ.Сапарғалиев [6] “Әр ұлттық топ байырғы ұлттық мәдениеттің ықпалына түскендіктен ол Қазақстанның біртұтас мәдени кеңістігі аясынан асып кетеді. Осының нәтижесінде ұлттық топтардың мәдениетіне қажетсіз идеологиялық элементтердің енуіне мүмкіндік туады. Ал бұл ұлтаралық келісімге қауіп төндіреді. Қатер тек аталған көздерден ғана туындамауы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарын теріс пиғылда пайдалану ақпараттық революциялық қазіргі жағдайында мәдениетке, Қазақстан халқының имандылығына қатер көзі болып табылады, олар үшін аумақтық мемлекеттік кеңістік деген ұғым болмайды” деп мультикультурализмнің қатерлі тұстарын атап өтті. Елбасымыз жақында, яғни 1 мамыр – Бірлік күні қарсаңында берген сұхбатында өзінің үнемі үрейленіп жүретіндігін айтты; “25 жыл жанжал, қақтығыссыз өмір сүріп үйреніп қалғанбыз, алайда әлемнің ең қауіпсіз елдерінің өзі террористік шабуылдың объектісіне айналып жатыр, сондықтан да этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар жіті бақылауда” [7], - деген еді. Тұрақтылық пен келісім өзімен-өзі қалыптаспайды, оған тұлға болып, ұлт болып, қоғам болып, мемлекет болып атсалысуың қажет, көп еңбекті талап ететін жұмыс.

Дегенмен, Елбасымыздың салған сара жолы, дара жолы, сындарлы да көреген саясаты негізінде дамыған көпмәдениеттілік, этностардың бір елдің шеңберінде бірге өмір сүруі және өзара ынтымақтаса қимылдауы өз жемісін берді: ерекше Қазақстандық (евразиялық) менталитет қарқындады, оқшаулануды, ұлтшылдықты қабылдамайтын ерекше рухани жағдай туды. [8] Ұлтжанды азаматтары бар, түрлі ұлт пен этностар арасында достық пен келісім орнаған бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқан біздің қоғамға, біздің елге бүкіл әлем көз тігіп отыр. Бұл дегеніміз - Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуының анық айғағы.

Еліміздегі мультикультурализмнің даму тарихына көз жүгіртер болсақ, ол сонау Патша үкіметі Қазақстанды отарлау саясатын жүргізуден бастау алады. Патша үкіметінің әкімшілік реформаларының әлсіздігі себебінен, XIX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, отарлаудың “ең сенімді” жолына көшті, яғни орыс және украин шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуы. [9] XIX ғасырдың соңында Қазақстанға ұйғырлар мен дүнгендер, [10] Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс, корей, ингуш, күрт, поляк, қалмақ, қарашай, шешен, балқар, қырым татарлары, месхет түріктері және тағы да басқа ұлттыр қоныс тепті. Қазақ жеріне XIX ғасырдың орта шенінен XX ғасырдың басында қоныс аударудың астарында Патша үкіметінің құйтырқы саясаты жатты – ол қазақ халқының саяси дербестігін



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

толығымен жою және қазақтың ең шұрайлы жерлерін иемдену. Патша үкіметі тоталитарлық жүйе арқылы ұлттық сананы жойып, мәңгүрттендіру процесін жүргізбек мақсатта болды. Ал, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы саясат – большевиктік билікті жүзеге асырушылардың халықты жау жағына шығып кетеді деп күдіктенуі. Осы күдікті сейілту мақсатында, біршама ұлттар жер аударылды; зорлықпен жер аударылғандардың саны 1945 жылғы мәліметтерге қарағанда, 2 млн 464 мыңға жуықтаған. [11] Отанға жаудан төнген қауіп-қатер, он бес одақтас республиканы құраған, КСРО аумағындағы барлық ұлттар мен халықтарды тығыз біріктірді. [12] КСРО күйрегеннен соң, осылайша қазақ жері қазіргі Қазақстанды мекен еткен түрлі ұлт өкілдерінің саналуан мәдениетінің ұштасып, тығыз байланысқан жеріне айналды. Жаһандық интеграция дәуірінде өмір сүргендіктен, бірлік пен келісім, татулық пен ауызбіршілік бар жерде ғана, мемлекет ілгері баса алады. Тұғыры биік тәуелсіздігімізді алу үшін ата-бабаларымыз қасық қаны тамғанша ел мен жерді қорғап, ұлттық мүддені жоғары қойды, ұлт пен елдің тұтастығының сақталуы, ауызбіршіліктің жігі ажырамауы үшін жанын берді. Ендеше, ата-баба үмітін ақтау үшін, атадан балаға, қазіргі өскелең ұрпаққа мирас етіп қалдырылған мұраны сақтау үшін, бүгінгі күннен ертеңіміз жарқын болады деген сенімділікті нығайту үшін, бәсеке қабілетті отыз елдің қатарына ену үшін ұлт болып, ұлыс болып үлесімізді қосуымыз абзал, бірлігімізді бағалай білуіміз, қазақстандық патриотизмді күшейтуіміз қажет. [13]

Мультикультурализмды толығымен зерттеуші Уилл Кимлика [14] оның мынадай белгілеріне тоқталған еді:

- Орталық аудандық және қалалық деңгейлерде мультикультурализмды конституциялық заңның және парламенттің растауы;
- мектеп бағдарламасында мультикультурализмды қабылдау;
- бұқаралық ақпарат құралдарында этникалық мүдделерін қорғауды енгізу;
- этникалық топ ұйымдарының мәдени іс-шараларын қолдау мақсатында, оларды қаржыландыру;
- екі тілді білім беруді қаржыландыру;
- жағдайы төмен иммигранттарға қолдау көрсету.

Қайрат Мәми республикалық «Айқын» газетіне 2012 жылы берген сұхбатында былай баяндап еді: “Елімізде бүгінде этностардың мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Мемлекет аумағында қазіргі күні 800-ден астам этномәдени бірлестіктер болса, оның ішінде 28-і республикалық болып табылады. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді” [15]. Жоғарыда Кимлика атап өткен белгілерге және Қайрат Мәмидың сұхбатына қарап, қорытар болсақ, Қазақстан Республикасында мультикультуралық идеяның не саясаттың біртіндеп жүзеге асып келе жатқандығын аңғаруға болады.

Көпмәдениетті, көпұлтты Қазақстан халқының құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін насихаттайтын бірден-бір ұйым – ол Қазақстан Республикасының Президентінің



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады. 1995 жылы 1 наурызда құрылған Қазақстан халқы ассамблеясының негізгі мақсаты мен міндеті - осы көпмәдениеттілік саясатын жүзеге асырып, Қазақстан халқына татулықты насихаттап, елге ауызбіршілікті паш етеді. Мемлекеттік өкімет билігі мен көпұлтты қоғам арасындағы диалогтың маңызды буыны ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы азаматтық қоғамның орнағанын нақты бейнелейді. [16] Күні кеше 26 сәуірде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясының тақырыбы – “Жаңғыру негізі тұрақтылық, бірлік, келісім” делінген болатын. Елбасымыз “Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру” мақаласында [17] ұлттық бірегейлік пен ұлттық құндылықтарды сақтау туралы алға тартты, этностар арасындағы өзара ынтымақтастық, достық қарым-қатынас, салтанат құрған бейбітшілік сөз етілді. Ұлттық бірегейлікті сақтау дегеніміз – Қазақстанды мекен ететін жүз отыздан астам ұлт өкілінің, діні мен ділінің, мәдениетінің, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының сан алуандығына қарамастан бейбіт қоғамда қақтығыссыз өмір сүруінің айқын дәлелі. Қаншама ұлттың баласына есігін айқара ашқан кең байтақ Қазақстан – қазіргі таңда тұрақтылық пен достықтың алтын бесігіне айналды. [18]

Қазақстан ұлтаралық татулық және дінаралық толеранттылықты көздейтін мультикультурализмнің еуразиялық үлгісін жүзеге асырып келеді. [19] Мультикультурализмді қоғамның гүлденуі, дамуы мақсатында елімізде бірқатар саяси-құқықтық іс-шаралар жүзеге асырылады, заңдар мен заңнамалар, құқықтық құжаттар дайындалады, олардың іске асып, орындалуын тиісті органдар қамтамасыз етеді. Жоғарыда атап өткендей, ең әуелі, мультикультурализм мәселесі негізгі Атазаңымыз - ҚР Конституциясында, “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” заңында, жыл сайын өтетін Қазақстан Халқы Ассамблеясы (ҚХА) сессияларында, одан кейін, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерінде талқыланады. Сонымен қатар, ол “Мәңгілік Ел” жалпыұлттық патриоттық идеясында, Елбасымыз құрған қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік моделінде, Қазақстан Халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасында, ҚР Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №147 Жарлығымен бекітілген, Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымында, ҚХА үндеулерінде [20] көрініс тауып, басты назарда екенін естен шығармауымыз керек.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі Астана қаласында әр екі жыл сайын өткізіледі. Оның миссиясы да бейбітшілікке, келісім мен ынтымақтастыққа ұмтылу болып табылады. 2015 жылы өткізілген V съездте мына мәселелер бойынша уағдаласты: “азаматтық қоғаммен тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жанжалдарды болдырмау және реттеу мақсатындағы диалогына жәрдем ету, бітімге келу және келіссөздер арқылы зорлық-зомбылыққа жол бермеу, бейбіт азаматтарды қорғау, барлық қайшылықтарды бейбіт жолмен шешуге шақыру; ұлттық деңгейде де, мемлекетаралық деңгейде де кез келген саяси және діни қайшылықтарды күшпен шешу әдісінен түбегейлі бас тарту”. [21]

1995 жылғы 30 тамыздағы Конституция нәсіліне, ұлтына, дініне және әлеуметтік тиесілігіне қарамастан барлық азаматтар құқықтарының теңдігіне кепілдік берді. Сонымен қатар, этностық, тілдік, мәдени, діни әралуандылықты мойындау негізінде қазақстандық бірегейлік пен бірлікті қалыптастырудың азаматтық қағидаттарын бекітті. [22] Ол – ортақ мүдде мен өзара сыйласуды білдіреді, және басқаға деген туысқандық пен сүйіспеншілікті көрсетеді, халықтардың өзіне тән ерекшеліктерін дамытатын және ұлттар арасында мәдени құндылықтармен алмасуының құралы болатын мәдени саналуандықты сақтау, [23] яғни



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

көпмәдениетті Қазақстанның ғұмырын баянды ету. Ал өз кезегінде баянды ету үшін, көпұлтты қоғамда толеранттылық [24] (төзімділік) сияқты маңызды либералдық құндылықты ілгерілету, дамытуымыз керек.

Қазақ тарихы, қазақ халқының дамуы, қазақ мәдениеті, Қазақстанда мекен ететін өзге ұлт өкілдерінің тарихы – тарихтың қойнауынан орын алатын, тамыры кеңге жайылған, баға жетпес құндылықтар жүйесі. Қазақстан Республикасындағы түрлі ұлт өкілдерінің тату-тәтті өмір сүруі, ұлтаралық келісім мен толеранттықты сақтау, бейбіт елде бірлігі жарасқан, бір қолдың саласындай жүз қырықтан астам ұлттардың өмір сүруі - осының барлығы Қазақстан Республикасының астарлы саясатының мықтылығы, Елбасымыздың көрегенділігі, еліміздегі көпмәдениеттілікке қатысты құқықтық заңнамалар мен заңдардың бұлжытпай орындалуының айқын көрінісі. Адам мен азамат құндылықтарын жоғары қоятын мемлекет ғана өркендей алады. Демек, мультикультурализм концепциясын дұрыс жүзеге асыра алатын мемлекет дамиды, гүлденеді. Қазақстанда этностардың бірлігі, елдегі және оның сыртындағы бейбітшілік, ұлттық бірегейлікті сақтау – қазақтардың жарқын болашағына алып келеді.

Көптүрліліктің, көпұлттылықтың және көпконфессиялықтың толерантты дамуы – ғаламдық бейбітшілік пен келісімнің кепілі. Ғасырдан ғасырға ауысып келген этномәдени алуантүрлілік болмысты бір мәдениет пен бір танымның туының астына енгізуге, қалыптастыруға талпыныс күшеюде. Сондықтан да мультикультуралық тіршілік пен диалог мәселелері қазіргі заманғы қоғам үшін аса өзекті болып табылады. [25] Ел бірлігі – ең асыл қасиет, Қазақстан халықтарының достығы – еліміздің баға жетпес игілігі. Барлығымыз бір шаңырақтың астында өмір сүреміз, түріміз басқа, тірегіміз бір, жүзіміз басқа, жүрегіміз бір – тату-тәтті бірлікте өмір сүрейік! Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін ең алдымен бірлігімізге бекем болуымыз керек. Қорытындылай келе, Елбасымыздың мағыналы да мәнді сөзімен аяқтағым келеді: “Қазақ әлсіресе өз арасындағы алауыздығынан әлсіреген. Күшейсе, бірлігімен күшейген.” Көпмәдениетті Қазақстанның ғұмыры ұзағынан болып, Мәңгілік Елге айналсын!

### Әдебиеттер:

1. <http://www.integration.lv/ru/chto-takoje-multikulturalizm-i-sljedujet-li-jego-opasatsja>
2. [hse.ru/data/2012/09/05/1242018158/Лекция%20№%201\\_ПМКиМК.pdf](http://hse.ru/data/2012/09/05/1242018158/Лекция%20№%201_ПМКиМК.pdf)
3. Varun Uberoi, Tariq Modood. Multiculturalism Rethought: Interpretations, Dilemmas and New Directions. - EUP, 2015. - p. 5
4. <http://abai.kz/post/14322>
5. <http://www.integration.lv/ru/chto-takoje-multikulturalizm-i-sljedujet-li-jego-opasatsja>
6. Ғ.Сапарғалиев. ҚР Конституциялық құқығы. - Алматы, Жеті Жарғы, 2008. - 213-214 бет
7. Экспресс К. Малая родина - залог большого мира. - №72. - 27 сәуір 2017. – стр.2
8. Достық үйі, Шығыс Қазақстан. Шығыс Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы. - Өскемен, 2003. - 11 бет
9. Қ.С.Қаражан, Ж.Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова, Т.Мекебаев, С.С.Саржанова, С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. - Алматы, 2009. - 171 бет
10. Қ.С.Қаражан, Ж.Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова, Т.Мекебаев, С.С.Саржанова, С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. - Алматы, 2009. - 174 бет
11. Б.Аяған. “ҚАЗАҚСТАН” Ұлттық энциклопедиясы. - Алматы, 2003. - 5 том. – 299 бет; М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Қ.Жүкешев. Қазақстан тарихы, Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, “Мектеп” баспасы, 2005. - 85 бет





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

**KAZNU**

12. Қ.С.Қаражан, Ж.Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова, Т.Мекебаев, С.С.Саржанова, С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. - Алматы, 2009. - 273 бет
13. Егемен Қазақстан. Жалпыұлттық Республикалық газет. Н.П.Калашникова. Бірлігімізді бағалай білейік. - № 82. - 28 сәуір, 2017. - 1 бет; Т.Ғабитов. Философия: жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқулық. - Алматы, 2004. - 348-349 бет
14. Will Kymlicka. The rise and fall of multiculturalism? New debates on inclusion and accommodation in diverse societies. - International Social Science Journal, 61(199), 2010. - p.101
15. Республикалық «Айқын» газеті. Қайрат Мәми. Астана – әлемдегі рухани жарастықтың дәнекері. - 2012
16. Достық үйі, Шығыс Қазақстан. Шығыс Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы. - Өскемен, 2003. - 12 бет
17. [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
18. Егемен Қазақстан. Жалпыұлттық Республикалық газет. Ш.Нұрымов. Татулық – басты байлығымыз. - № 82. - 28 сәуір, 2017. - 4 бет
19. <http://www.oinet.kz/news/alem/i1673>
20. <http://assembly.kz/kk/prezentaciya>
21. <http://www.religions-congress.org/content/view/391/69/lang,kazakh/>
22. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
23. Т.Ғабитов, Ж.Мүтәліпов, А.Құлсариева. Мәдениеттану: жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. - Алматы, 2001. - 339 бет
24. Е. П. Ананьева. Мультикультурализм и мораль в глобализированном общественном пространстве. - Вестник ИКВФУ, 2014. - Issue 12. - 139 бет
25. <http://www.religions-congress.org/content/view/391/69/lang,kazakh/>

### Регистрационная карта участника международной конференции

1	Фамилия, Имя, Отчество	Отыншиева Айдана <b>OTYNSHIYEVA Aidana</b>
2	Ученая степень, звание	Докторантка
3	Должность	Вед. спец. Центра стратегического развития
4	Полное название организации	Казахский национальный университет имени аль-Фараби
5	Страна, регион, город	Казахстан, Алматы
6	Адрес организации	просп. аль-Фараби 71
7	Телефон	+77026255900
8	E-mail	<a href="mailto:aidana-best91@mail.ru">aidana-best91@mail.ru</a>
9	Название статьи (доклада)	Қазақстандағы көпмәдениеттіліктің (мультикультурализмның) құқықтық аспектілері
10	Соавторы	Ибраева А.С.
11	Необходимость бронирования гостиницы (да / нет)	да



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

*May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY*

of which were confirmed experimentally at the time pedagogical collectives gymnasium № 9 of Karaganda, school № 5 of Taraz, secondary school № 6 of Arkalyk, school № 6 of Aktau, Kazakh girls' school of Ekibastuz and others.

- to determine the ranking of schools as the main criteria taken into account are not indicators of the UNT, which society has developed an extremely contradictory opinions, and the availability of educational system of the school, which is reflected in the indicators of the level of education of schoolchildren and efficiency of the organization of educational process of the school, which is essential for improving the quality of education students;
- relevance of education civic consciousness of students and the formation of citizenship requires a review of the relationship to the activities of the student government, "purify" them in the literal sense of formalism;
- requires serious organizational and pedagogical activities for children and youth organizations in the experiment which is currently preferred organization of mass events, losing sight of the individual approach to growing and developing the personality of the future citizen.

The implementation in the near future tasks mentioned, in our view, will create conditions for raising a true patriot and citizen of the country, others, human rights activists, the Guardian and the creator of the national culture.

### References:

1. Kusainov A.K., Kozhakhmetova K.J., Demeuov M.E. Do we know their children? - Almaty: "Rondo", 2003. - 192 p.
2. The concept of education in the continuing education of the Republic of Kazakhstan. - Astana, 2009. - 40 p.
3. Kozhakhmetova K.J. Kazakh pedagogy: methodology, theory and practice. Extras. and revised. - Almaty: SRC "Gylym", 2008. - 352 p.
4. Basharov R.B. Methodology development of multicultural education in Kazakhstan. Monograph. - Almaty: "Gylym", 2002. - 236 p.
5. Kozhakhmetova K.J., Yunusov M.S. Scientific and methodological principles of multicultural education and organization of the Sunday schools of the Republic of Kazakhstan. - Almaty, 2006. - 96 p.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ТУРИСТІК  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

DEVELOPMENT OF TOURISTIC INFRASTRUCTURE IN CROSS-BORDER AREAS OF  
KAZAKHSTAN

МАХАШЕВА Аигерим Сансызбаевна - Қырғызстан Республикасы.

Бішкек қаласы. Қырғызстан ел аралық университеті.

Туризм мамандығының

PhD докторанты

АЙГУЖИНА Сания Урингалиевна – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, география кафедрасы,

аға оқытушы

*Түйіндеме:* Мақалада Қазақстанның туризм саласында жүргізілген жұмыстарға талдау жасай отырып, Қазақстанның шекаралас аймақтарындағы туристік инфрақұрылымның ерекшеліктері туралы, туристік орындар жөнінде қысқаша географиялық тұрғыда негізделген ақпарат берілген.

*Кілт сөздер:* Туризм, туристік инфрақұрылым, трансшекаралық аймақтар, экономикалық аймақ, туристік ақпарат.

*Abstract:* In the current study is analysed range of works of tourism sphere in Kazakhstan such as feature of touristic infrastructure in cross-border areas of this country. Also, the study includes information about touristic places regarding geographical point of view.

*Key words:* tourism, touristic infrastructure, cross-border areas, economical area, touristic information.

Егемен Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы өте күрделі кезеңдерде жүріп жатыр. Қазір мемлекетіміздің қалыптасуының күрделі мәселелерінің маңыздыларының бірі – аумақты кеңістікте ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсету.

Мемлекетіміздің “Қазақстан - 2030” стратегиялық бағдарламасына сәйкес ұстанып отырған саясаты - ел бірлігін сақтау, халықтың тұрмыс тіршілігін, өмір сүру сапасын жақсартып отырып ел аумағын кеңістікте тиімді орналастыру болып табылады.

Қазақстан республикасы Еуразия құрлығының орталығында орналасқан. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 13394 км болса, оның 2000 км-ден астамы теңізбен. Қазақстан бастыста, солтүстік-батыста және солтүстікте 7591 км Ресеймен шектеседі. Республиканың Алтайдан Тянь-Шаньға дейінгі 1782 км созылып жатқан шығыс шекарасы Қытай Халық Республикасымен арадағы мемлекеттік шекара болып табылады. Ал оңтүстігінде тәуелсіз мемлекеттер: Түрікменстанмен – 426 км, Өзбекстанмен – 2354 км, Қырғызстанмен – 1241 км шектеседі. Республиканың шекарасы батысында – Каспий маңы ойпаты мен Жалпы Сырт қыратының біраз бөлігін, солтүстігінде Батыс Сібір жазығының оңтүстігін, оңтүстігінде Тұран ойпатын, ал шығысы мен оңтүстік шығысында Алтайдың батыс бөлігінің, Саур, Тарбағатай жоталарының, Жетісу (Жоңғар) Алатауының негізгі бөлігін және Тянь-Шаньның солтүстік жоталарын басып өтеді.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

Туристiк инфрақұрылымның дамуы өз кезегiнде iшкi және сыркы туризм өрiсiнiң кеңеюiне жол ашып бередi. Бiздiң мемлекетiмiзге келген туристер көбiнесе трансшекаралық туристiк инфрақұрылымымен байланыста болғаны анық. Сол себептi, бiз Қазақстанның трансшекаралық туристiк инфрақұрылымының дамытуына және жандануына мән беруге тиiспiз.

Қазақстандағы трансшекаралық туристiк нысандарға республиканың шекара аймақтарында ораласқан табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, тәуеп ету орындары жатады. Әсiресе батысында Маңғыстау өңiрi, шығысында Алтай өңiрi, оңтүстiгiнде Жетiсу алабы және оңтүстiктегi көне тарихи қалалардың орнына туристердiң қызығушылығы мол.

Елiмiздегi туризм саласындағы серiктестiктi нығайту тараптары:

1. Шекара аумағындағы мекендердiң туристiк қорын ескере отырып, арнайы туристiк маршруттарды құру, көрiктi жерлердi аралау, демалу, шипажай, тауар сатып алу, сауық құру секiлдi туристiк бағыттарды дамытуға.
2. Туризмге қолайлы жағдай тудыру үшiн серiктестiктi нығайту, туристердiң қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету және оқыс оқиғалардың орын алмауын қадағалауға.
3. Туристiк өнiмдер маркетингi саласында серiктестiктi нығайту, арнайы туристiк кадрларды даярлау және туристiк ақпарат алмасуға ниеттi.

Халықаралық Алтай өңiрi елдерiнiң мүмкiндiгi жоғары iскерлiк бағыттары:

1. Кен және металлургия. Өлке табиғи ресурстарға өте бай, әсiресе полиметалл, темiр кендерi және отын-энергетикалық ресурстар және т.б. Олардың әлi толықтай барланбаған және резервтік қорлары бар. Бұл мемлекеттердiң бiрлесiп мықты, бәсекеге қабiлеттi инустриялды-экономикалық iстестiк құруына жақсы мүмкiндiктер туғызады.

2. Ауылшаруашылығы. Алтай өлкесiнiң табиғи жағдайлары егiн егуге және малшаруашылығын дамытуға өте қолайлы. Шығыс Қазақстанда марал және омарта шаруашылығы дамыған. Қазiргi таңда аймақта өндiрiлетiн бал, панты (мүйiз) өнiмдерi шетелдерде де танымал, алдағы уақытта тауар маркiсiн жасау жұмыстары алға қойылған. Аймақтың шаруашылығы экологияны жасылдандыруға және таза өнiм шығаруға бағытталған. Экспорттық ауылшаруашылығын дамытудың мүмкiндiктерi өте зор.

3. Туризм. «Алтай - алтын таулары» трансшекаралық туристiк сақиналық маршруты мүше мемлекеттер үкiметтерiнiң бекiтуiнен өтiп, туристiк фирмалар жағынан басталып та кеттi. Бұл осы өңiрдегi жергiлiктi халықтың әл-ауқатын көтеруге оң әсерiн тигiзедi.

Бүгiнгi таңда халықаралық Алтай өңiрi деген үлкен бiр географиялық ұғым, оның қамтитын аумағы: Қытайдың Шыңжан Алтай аймағы - Өр Алтай; Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысы - Кендi Алтай; Ресейдiң Алтай шекара ауданы - Таулы Алтай және Монғолияның Қобда, сондай-ақ Баян-Өлгей аймақтары. Жалпы жер көлемi 78 мың км<sup>2</sup>, халық саны 5 млн-нан астам. Қазақстандық Алтай өлкесi, бұл - Алтай тауларының оңтүстiк бөлiгiнде орналасқан Шығыс Қазақстан облысы (Кендi Алтай). Жер көлемi 283,3 мың км<sup>2</sup>, 2015 жылғы мәлiмет бойынша халық саны 1 395,2 мың адам. Қытай Алтайы - Қытайдың солтүстiк-батыс шекарасында орналасқан аймақ. Әкiмшiлiк құрылымы Шыңжан-ұйғыр автономиялы ауданына қарайды. Жер ауданы 117 мың км<sup>2</sup>, халық саны 2015 жылғы соңғы деректер бойынша 700 мың адамды құрайды.

Ресейлiк Алтайға Алтай өлкесi кiредi. Алтай өлкесi – Ресей Федерациясының субъектiсi, Сiбiр Федералдық округiнiң құрамындағы аймақ. Халық саны 2 384,7 мың адам, жер көлемi 167 996 км<sup>2</sup>. Монғолияның Алтай өлкесiне Баян-Өлгей мен Ховда аймақтары кiредi. Баян-



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

Өлгей аймағы - Монғолияның ең батыстағы, ең биік таулы аймағы. Баян-Өлгей аймағының жер аумағы - 45 705 км<sup>2</sup>, халық саны 91,470 адам. Ховда аймағы - Монғолияның батысында орналасқан. Халық саны 91,687 адам, ал жер аумағы 76,100 км<sup>2</sup> құрайды.

Каспий теңізі - Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Иран және Түркіменстан бес мемлекетті біріктіретін үлкен тұйықталған су қоймасы. Сондықтан Маңғыстау облысында теңіз туризмін дамыту тиімді болмақ.

Қазақстан аймағында туризмнің барлық түрін дамытуға мүмкіншіліктер бар. Түрлі еуропалық және азиялықнарықтағы ахуалды зерделеу нәтижесінде мынадай қорытынды шығаруға болады:

- Тұтастай алғанда Орталық Азияның әне дәлірек айтқанда Қазақстанның әлі де болса халықаралық туристік бағыттар бөлігінде белгісіз болып қалып отыр.
- «Қазақстан» сөзі жиі танылады, бірақ әлі де арнаулы туристік имиджі жоқ.
- Еуропалық та, азиялық та туристік нарықта салыстырмалы түрде Қазақстанға келуге деген үлкен қызығушылық байқалады, мұның өзі нақты болашақта шетелдік туристер ағынының ұлғаю мүмкіндігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атамұра, 2008.
2. Башмаков А. Межрегиональное и приграничное сотрудничество Казахстана и России. Ж//Саясат, №1, 2005, с. 39.
3. А.Секенұлы, З.Т.Ауезова, А.М.Адилханова. Халықаралық Алтай өңіріндегі елдердің іскерлік бағыттағы экономикалық мүмкіндіктері. // Вестник ВКГТУ, №3, 2015, 91-95 с.
4. Гельдыева Г.В., Надыров Ш.М. Роль межгосударственных факторов в регулировании и управлении развитием Аральской природно-хозяйственной системы. // "Гидрометеорология и Экология», Алматы, 2002, №4, с. 175-190.
5. Бильчак В.С., Захаров В.Ф. Региональная экономика. Калининград, 1998. С. 40.
6. Маматканов Д.М., Проблемы использования водно-энергетических ресурсов региона в третьем тысячелетии и их межгосударственная интеграция. // Материалы II-ой международной научно-практической конференции «Экономическое сотрудничество в Центральной Азии: возможности, формы, механизмы реализации» 2-3 июня 1998 г., Бишкек, 1998. - С. 155-159.
7. Бандман М. К. Подход и основные этапы решения задачи оптимизации формирования ТПК. // Моделирование формирования территориально-производственных комплексов. – Новосибирск: ИЭиОПП, 1977. С.-100.
8. Основополагающие принципы устойчивого пространственного развития Европейского континента. Проект. Февраль 2000 г., Ганновер, 7-8 сентября 2000 г.
9. Надыров Ш.М. Синьцзян - Уйгурский Автономный Район в динамике экономических и политических отношений РК и КНР. Казахстан –Спектр, 2006, №1, с.14



**ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ**  
**MODERN EDUCATION IS THE DEMAND OF TIME**

Махметова Жанат Сейдинова

Алматы облысы дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын

Қарғалы №2 арнаулы гимназиясы директоры

Садыкова Дамежан Адилхановна

Жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Алматы қаласы, Қазақстан

**ТҮЙІНДЕМЕ:** Білім беру және оқыту бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі болып табылады. Ұлттық бәсекеге қабілетті қуатты мемлекет білім деңгейімен анықталады, ғылыми жаңалықтар мен жаңа технологияларды дамыту арқылы жаңа көзқарастағы білімді мамандардың санын арттыру, білім мен жас ұрпақтың талантын дамыту туралы мәселелер қарастырылған.

**Кілт сөздер:** білім, ғылым, бәсеке, ұрпақ, маман, технология

**ABSTRACT:** Education and training is the most pressing issue of the day. National competitive power of the state is determined by the level of education, scientific discoveries and new technologies through the development of a new approach to increase the number of trained people, is to have questions about the development of the knowledge and talent of the young generation.

**Key words:** education, science, competition, generation, technology specialist,

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі - әлеуметтік, экономикалық жағдайларға бейімделген шығармашылық, жоғары интелектілік, терең білімділік, кәсіби сауатты жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы бағытта жалпы білім беру мекемелері бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру ордасы болуы қажет. Осыған орай еліміздегі білім беру мекемелері қазіргі заман талаптарына сәйкес халықаралық деңгейде білім беру мәселелеріне басты назар аударуда. Жеке тұлға, болашақ маманның бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуында жан-жақты дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы мен ой-өрісінің кеңеюіне, функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде әлемдік іс-тәжірибелерді пайдаланып ұлттық деңгейде білім беру, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы болашақ маманның жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру мәселелері айқындалуда. Еліміздің білім беру үрдісінде соңғы уақытта, көбіне, оқушының жалпы білім, білік, дағдысын қалыптастыру ғана басты назарда болып келді. Оқу-тәрбие үрдістері тұлғаның жеке ерекшелігі ескерілмей құрылды. Қазіргі білім беруде бағыттарында әлемдік деңгейге сәйкес өзгерістер болуда. Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда<sup>1</sup>.

Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі педагогикасын жаңартып өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңаша білім

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-6



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

жүйесі қалыптасты. Жалпы білім беру мен бірге оқыту мен тәрбиелеу жүйесі түбірімен өзгеруде. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде қабылданған Қазақстанның стратегиялық дамуының 2030 жылға дейінгі бағыттары жас мемлекеттің ұлы таңдауы болса, қазір біз мемлекеттігіміз бен экономикамыз нық дамыған жаңа даму кезеңіне қадам басқан елге айналып отырмыз. Енді біздің алдымызда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның міндеттері тұр, яғни біз білім беру жүйесін әлемдік деңгейге жеткізуіміз қажеттілігі айқындалып отыр. Сондықтан білім беру мекемелерінің білім беру жүйесін өзгертумен бірге мектеп мұғалімдері мен ЖОО-ы оқытушыларына жоғарғы талап қажет. Педагог-оқытушы өз пәнін жетік білетін білімді, қашықтықтан оқыту жүйесі мен әлемдік интернет жүйесін пайдаланып білім беру, күнделікті дәрістерде ақпараттық жаңа технологияларды пайдаланып жаңашыл білім беру, әлемдік ақпараттарды пайдалануды дағдыға айналдыруы қажет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаева өз Жолдауында: «Он-лайн тәртібінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқулық теледидар құру қажет» - деп ерекше атап көрсеткендей дамыған шет мемлекет оқу орындарының ерекшеліктеріне тән болған Он-лайн жүйесінде білім беру, оқулық теледидарды білім беру мекемелерінде жүзеге асыру қажет. Адам капиталының сапалы өсуі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты екенін айқын. Сондықтан халықаралық талаптарға сай мамандар даярлауда оқу үдерісінің заманауи әдістері мен технологиясын енгізу арқылы білім беру сапасын да халықаралық дәрежеге жеткізу – бүгінгі күннің басты талабы. Білім мен ғылым саласын дамыту бағытында халықаралық «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылып көптеген жастарымыздың дамыған шет мемлекеттерде білім алуына, іс-тәжірибе алмасуына мүмкіншілік болды. Педагог мамандардың біліктілігін арттыру бағытында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы нәтижелі жұмыстар жүргізуде. Нәтижесінде білім саласы үлкен серпінмен дамуда<sup>2</sup>. Бұл Қазақстан үшін әлемдік стандартқа сай білім алу мүмкіндігін туғызды, білім сапасын жақсартуға ықпал етті. «Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы» еліміздің білім беру жүйесінің жұмысын заманауи талаптарға сай, түбегейлі өзгертудің сара жолы десек, артық емес деп ойлаймыз. Ғылымға деген кәсіби көзқарастарын, сүйіспеншілігін қалыптастырып жоғарғы талғамды ғылымға бейімделген жастарды тәрбиелеу, бағыт беру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Қазақстандық ғылым экономика қажеттіліктеріне бағдарланған болуы тиіс. Осы орайда, Елбасымыздың Жолдауына сәйкес екі ең маңызды мақсат біздің ғылыми зерттеулерімізді әлемдік деңгейге жеткізу және ғылымның инновациялық үрдіске тікелей байланысын қамтамасыз ету. Шынында да білім мен ғылым – келешектің кепілі екендігі рас. Ғылым білімді өндірісе, сапалы білім алу жұмыс күші мен халықтың білімділік сапасын арттырады. Ғылымның қозғаушы күші – білім. Білім мен ғылым бірге болғанда ғана нәтижелі болмақ, яғни жастарға білім бере отырып, оларды ғылымға бейімдеу қажет екендігі айқын. Осыған орай еліміздің орта білім беру мекемелері мемлекетіміздің алдындағы мақсат-міндеттері бойынша жүзеге асыруда. Сонымен бірге оқу жүйесіне әлемдік стандарттар енгізілді. Оқытудың кәсіби бейімделген және модульдік қағидалары, пәнаралық және мәселеге бағытталған оқыту біліктілік құзыреттілік қағидасы нақтыланды. Оқу сапасын жақсарту мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдаланып

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. 2004ж



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

жоғарғы деңгейде білім беру мәселелері қарастырылуда. Бұл мемлекетіміздің болашағы жастарымыздың әлемдік өркениет деңгейіне жетуінің дара жолы.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты ұрпағын қалыптастырудағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында: «Біздің болашағымыз өз елі мен жерін сүйетін білімді, саналы, тәрбиелі, дарынды, елжанды ұрпақ. Біз әрқашанда өз дарындарымызды қолдап дұрыс бағыт-бағдар беруіміз қажет. Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми өндірістеріміз үшін білімді мамандар қорын жасақтауымыз қажет» деп мемлекет болашағы дарынды ұрпақтың қолында екендігін айқындады. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Бәсекеге қабілетті болу үшін, біріншіден, білім сапасын жоғары деңгейге көтеру қажет. Екіншіден, білім алушылардың біліктілігімен сапалылық құрамы талапқа сәйкес болуы тиіс. Үшіншіден, оқу үрдісі инновацияға негізделуі және төртіншіден, оқу орнының материалдық – техникалық базасы мықты болуы керек. Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші - жастардың білім деңгейінің жоғары және олардың елжанды, тәрбиелі тұлғалар болып қалыптасуы. Өйткені бүгінгі күнгі жастар - ертеңгі зиялылар. «Тәрбие – ұлы іс, онымен адам тағдыры шешіледі» - деп В.Белинский айтқандай ұрпақ бойына патриоттық, елжандылық, адамгершілік қасиеттерді, саналы тәрбиені дарыта отырып білім беру қажет<sup>3</sup>.

Дүниежүзіндегі дамыған мемлекеттердің үлгі боларлықтай бағытын алып, өз халқымыздың ерекшелігіне, қасиетіне сәйкес келетін тәрбие мен білім беру жүйесін құру қажет. Бірақ шет мемлекеттердің тәжірибелері Қазақстан мемлекеті үшін ерекше көңіл аударарлықтай. Жапония, Қытай, Оңтүстік Шығыс Азия және Скандинавия мемлекеттерінің мәдени-экономикалық қарқынды өркендеуінің себебі жастарды тамыры терең ұлттық идея рухында тәрбиелеп, ұлттық мүдде төңірегінде жұмылдыратын жоғарғы білім жүйесін құра білуінде. Елімізде жаһандануға бел алып әлемдік бәсекелестікке жету үшін, ұлттық идеологияны, ұлттық рухани-мәдени құндылықтарымызды ескере отырып шет елдердің қажетті білім беру реформаларынан тәжірибе алып қуатты білім жүйесін құру негізгі өзекті мәселе.

«Ұстаздық - ұлы іс», деп кемеңгер жазушымыз М.Әуезов айтқандай ұрпақ тәрбиелеуде оқытушыларға қойылар талап өте жоғары. Ұстаз -кәсіби білімді, мәдениетті, ізгі қасиеттерімен зиялы адам, инновациялық жаңа бағыттағы іс-әрекетке әрқашан дайын, жоспар, диагностика, мониторинг жасайтын, жаңа технологиялармен жұмыс жасауға қабілетті, зерттеу талдау жұмыстарын жүргізетін, дарынды ұрпағының қабілетін одан әрі дамыта білетін тұлға болу керек.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог мамандардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі ұстаздардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

Сондықтан білім сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті жас ұрпақтарды дайындауда:





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

- Жалпы білім беру салаларында білімді мамандардың дәріс беруін қадағалау;
- Әлемдік өркениет деңгейіне білім алуға мүмкіншілік жасауды дамыту;
- Дарынды, талантты жастарға қолдау көрсету;
- Халықаралық деңгейде білім алуда маңызды роль атқаратын ағылшын тілін оқыту деңгейіне басты назар аудару;
- Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын әлемдік деңгейге жеткізу;
- Әлемдік іс-тәжірибе бағытында оқытушылардың шет мемлекеттерде тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыру;
- Дүниежүзіндегі дамыған мемлекеттердің үлгі боларлықтай бағытын алып, өз халқымыздың ерекшелігіне, қасиетіне сәйкес келетін тәрбие мен білім беру жүйесін құру қажет.

XXI ғасыр - білім ғасыры. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сол себептен де білім сапасын арттыру, болашақ маман жас ұрпақтың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сәйкес білім беру, оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, өзінің білімі мен шығармашылық қабілетін үздіксіз дамыту арқылы жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді, ғылыми жаңалықтар мен әлемдік өркениет іс-тәжірибелерін білім беруде пайдаланып ұрпақтың, болашақ маманның жан-жақты дамуына барлық мүмкіншіліктерін қарастыру білім саласындағы еңбек жолында жүрген әрбір оқытушының басты міндеті.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
2. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. 2004. 3-4б.
3. Қазақстан бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік
4. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б



## ҚАР СУЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ

## THE STUDY OF THE CHEMICAL COMPOSITION OF SNOW WATER

а/ш.ғ.к.қауымдастырылған профессор м.а, Медеуова Ғ.Ж.,  
б.ғ.к.профессор Жексембиев Р.Қ.

Б.ғ.д. Мауи Аділхан

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

Алматы қаласы Қазақстан

**Түйіндемe:** Мақалада 2011 жылғы Казгидрометтің бақылау нәтижелерінің қорытындысы бойынша Алматы қаласы Қазақстан қалаларының ішіндегі ауа ластануының жоғары деңгейін көрсетіп, бірінші орынға шыққан. Бүгінгі күнде Алматы дүниежүзіндегі 25 ластанған қаланың тізіміне еніп отыр. Қаламыздың Қазақстандағы ең лас қала аталуының бастысы бөлігі ауаның ластану жолдарының өзекті көзі – автокөліктерден шығатын зиянды заттар болып есептеледі. Оны қалалық жол полициясының есептері бойынша, 540 мыңнан астам көлік құралдары тіркелген. Олардың қатары жылына 40 мыңға дейін көбейіп отыр.

Сондай-ақ қалаға күнделікті 250 мыңның астам автомобильдер келіп -кетіп жатады екен. Ластағыш заттардың түспеген жері жоқ, ол заттар өзінің табиғатына, шоғырлануына, адам организміне әсер етуіне қарай әр түрлі зиянды сипаты алуан түрлі: олар түрлі металдардың коррозиясын үдетіп, адамның, жануарлардың тыныс жолдарының кілегей қабаттарына, терісіне әсер етіп өсімдіктерде көп зардап шегіп, улы болып келеді, сонымен қатар ытыңс туындауының бір себебі болады, ол заттар қысқа мерзімде адамдарға әсері-адамның басын айналдырып, құсқысын келтіреді, тамағын жыбырлатып, жөтелтіп, жаппай өкпе және басқа да ауруларға ұшыратады. Ондай улы заттар қалалардың үстіне желсіз күндері жиналған қара түтіндер не өнеркәсіптік кәсіпорындардан атмосфераға түтін шығатын үлкен мұржалар арқылы көптеген адам организміне зиянды улы заттардың қалдықтары, мысалы туралы айтылған.

**Кілт сөздер:** Оксидтері ( $CO_2$ ) және монооксид ( $CO$ ), күкірттің қос тотығы ( $SO_2$ ) бензапирен, альдегидтер), этилен, бензол, этан, метан, толуол, бенз(а)пирен, оксиді.

**Summary:** In the article according to results of Kazgidromet's monitoring in 2011, Almaty took first place among the cities of Kazakhstan by showing a high level of air pollution. At present day Almaty was included in the list of 25 polluted cities in the world. The main reason for our city to be called the most polluted city in Kazakhstan is the main source of air pollution – harmful substances that escapes from motor vehicles. City traffic police reports, that there are more than 540 thousand vehicles registered. Their number increases for 40 thousand each passing year.

Also there are 250 thousand vehicles that come in and out each day. There is no place that was not polluted by these harmful substances. Their harm may vary depending on their nature, its concentration, and its influence on human organism. For example, they accelerate the corrosion of different metals, harm the skin and respiratory tract of people and animals, plants are also suffering from them, and its nature is very poisonous. In addition, they are one of the reasons of smoke accumulation. Their short-term impact on the people: making people dizzy, to make them throw-up, making their throat itchy, to make them cough, to be the cause of many lung and other diseases.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Such poisonous substances exist in the dark clouds that accumulate in the windless days above the city. Or in the smokes that large chimneys produces by the industrial enterprises to the atmosphere. Poisonous substances in this smokes affects badly to human body.

**Key words:** (CO<sub>2</sub>) oxides and monoxide (CO), sulfur dioxide (SO<sub>2</sub>) benzopyrene, aldehydes), ethylene, methane, ethane, benzene, toluene, benzo (a) pyrene, nitrogen oxide.

Қазіргі кезде әрбір мың автомобильден күніне ауаға 3000 кг көміртек оксидтері (CO<sub>2</sub>) және монооксид (CO), күкірттің қос тотығы (SO<sub>2</sub>) т.с.с отынның толық емес жану өнімдері бөлінеді. Жыл сайын олар 280 млн тонна шамасында көміртек тотығын, 56 млн тонна көмірсутек, 28 млн тонна азот тотығын ауаға қосады екен. Бұл газдардың құрамында 200-ден астам өте күрделі заттар қосындылары (Pb, Hg, Cd, т.б. ауыр металдар, ішкі жану қозғалтқышының газдары - бензапирен, альдегидтер) бар.

Олардың ішінде зиянсыздары - азот, оттегі, сутек, су булары, зияндылары - көміртек, азот тотығы, этилен, бензол, этан, метан, толуол, бенз(а)пирен, күйе, күкіртті түтін т.б. Бұл физикалық-химиялық қоспалар тыныс алу кезінде адам мен жануарларға аса зиянды. Ластаушылар автомобильді қыздырған кезде және аз жылдамдықпен жүрген кезде ауаға тез тарайды.

Машина тоқтаған уақытта көмірсутегі мен көміртек оксиді, ал жүргенде азот оксиді шығады. Дизельді моторлы машиналар құрамында CO, NO заттары бар болғандықтан бензинді пайдаланатын машиналарға қарағанда кемшілігі мол. Себебі, олар түтінді көп шығарады, адам денсаулығына зиянды әсері жоғары. Атмосфераға көліктен бөлінген газдардың құрамында 25-27% қорғасын болатыны анықталған және оның 40% диаметрі 5 мкм-ге дейін жетеді.

Ауада ұзақ уақыт сақталып, онымен бірге адам ағзасына түсетіндігі белгілі. Автокөлік түтіні жасыл желекке зиянды әсер етуде - лас ауадан өсімдікте аурулар пайда болады. Жапырағы химиялық күйікке ұшырайды.

Атмосфералық ауаның ластануы автокөліктің техникалық жағдайына тікелей байланысты. Қала магистральдары бойында жүргізілген тексерулер бойынша автокөліктің 80%-да түтіндерінде зиянды заттар нормативтен 3-4 есе жоғары болған.

Атмосфералық ауаның ластануы автокөліктің техникалық жағдайына тікелей байланысты. Қала магистральдары бойында жүргізілген тексерулер бойынша автокөліктің 80%-да түтіндерінде зиянды заттар нормативтен 3-4 есе жоғары болған.

Автокөліктер ауаны көбінесе көшелер қиылысындағы бағдаршамдардың алдында және көше бойында бөгет болғанда басымырақ ластайды. Себебі, ондай жерлерде автокөлік көбірек шоғырланады және олардың моторы аз айналымда істеп тұрғанда ауаға улы газ көп бөлінеді.

2 миллион халқы бар Алматы ауасы ластанып жатқанда, 20 миллион халқы бар қалалар қандай күй кешуде дейтіндерде табылады арамыздан. Жоқ, ластану көрсеткіші жағынан қаламыз 20 миллионнан астам тұрғыны бар Мехико, 17 миллиондай халық өмір сүретін Тегеран, Шанхай, 10-15 миллионның аралығында халқы бар Нью-Йорк, Лос-Анжелес, Лондон, Ыстамбұл, Токио, Мәскеу сияқты қалалардың алдында тұрмыз. Олардың қасында Алматының экологиясын жақсартпай жүргеніміз қатты ойландырады.

**Ғылыми жұмыстың мақсаты:** Алматы қаласындағы жауған қардың химиялық құрамын анықтау.

**Зерттеу міндеттері:** 1. Қар суының физикалық-химиялық көрсеткішін



# AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

анықтау;

2. Қар суының кермектіктерін анықтау;

3. Қар суларының химиялық құрамын зерттеу

**Зерттеу әдістері:** титриметрия, рН-метрия, рефрактометрия, JSM-6510LA маркалы төменді вакуумды электронды микроскоп.

**Зерттеу нысанасы** ретінде 2015 жылдың қаңтар-ақпан айларында жауған қарлар алынды. Олар: Темір жол вокзалы-Алматы-1, Райымбек-Сейфуллин, Төле би-Сейфуллин көшелерінің қилысынан жинап алынды. Зерттеу нәтижесінің мәліметтері төмендегі 1-4 кестелер және 1-диаграммаларда көрсетілген.

### Кесте 1. Қар суының физика-химиялық көрсеткіштері

№	Шікі зат қар суы	рН	n сыну көрсеткіші	ρ, г/см <sup>3</sup>	Кермектік, ммоль/л		СО <sub>2</sub> , мг/л
					Уақытша	Жалпы	
1.	Темір жол вокзал-Алматы 1	7,681	1,3320	1,006	4,3	5,75	88
2.	Райымбек Сейфуллина	8,485	1,3320	1,008	3,15	6,25	22
3.	Төле би Сейфуллина	7,818	1,3320	1,008	5,65	5,075	44

1-Кестеге сүйенсек, Темір жол-Алматы 1 қар суының рН-ы 7,681 тең, ал Райымбек-Сейфуллин көшелерінің қилысынан алынған қар суының рН-ы 8,485-ға тең болса, Төле би-Сейфуллинадан алынған қар суының рН-ы 7,818-ға тең болады. Ерітінділердің рН-ы “И-160МИ” маркалы рН-метрде анықталды. Қар суының тығыздығы пикнометрлік әдіспен, сыну көрсеткіші рефрактометрлік әдіспен анықталды. Қар суының кермектіктері және СО<sub>2</sub> мөлшері титриметриялық әдіспен анықталды. Уақытша кермектіктің ең аз мөлшері Райымбек-Сейфуллина көшелерінің қилысының қар суы көрсетсе, ал ең жоғарысы Төле би-Сейфуллина көшелерінің қар суы көрсетеді. Ал жалпы кермектіктің мөлшері ауыз суда 3 ммоль/л аспау қажет. Дегенмен қар суының кермектігі 1,5-2 еседей жоғары. Райымбек-Сейфуллин көшелерінің қилысынан алынған қар суының құрамындағы көмірқышқылының мөлшері мен салыстырғанда Төле би-Сейфуллин көшелерінің қилысынан алынған қар суында 2 есе, ал Темір жол-Алматы-1 көшелерінің қилысынан алынған қар суында 4 есе жоғары екенін көруге болады.

### Кесте 2. Қар суының құрамындағы ауыр металдардың мөлшері

№	Элемент-тер	Төле би - Сейфуллин		Райымбек Сейфуллин		Темір жол вокзалы - Алматы 1	
		ШРК мг/л	Табылғаны мг/л	ШРК мг/л	Табылғаны мг/л	ШРК мг/л	Табылғаны мг/л
1	Хром	0,05	0,013	0,05	-	0,05	-
2	Мыс	1,00	0,024	1,00	0,43	1,00	0,94
3	Кадмий	0,001	2,52	0,001	0,08	0,001	0,017
4	Полифосфат	3,50	3,28	3,50	0,96	3,50	6,44
5	Жалпы	100	100	100	100	100	100

**AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences****May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY**

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy &amp; Other Disciplines

**IKSAD**

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

**KAZNU**

2-кесте мәліметтері көрсеткендей, Төле би – Сейфуллин көшелерінің қиылысынан алынған қар суының құрамындағы хромның мөлшері ШПК аспаған. Ал қалған екі жердегі қар суында хром мөлшері жоқ. Ал мыстың мөлшері үш жерде де ШПК-дан аспаған. Полифосфаттың мөлшері Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы қар суының құрамында ШПК-дан 3,5 еседей аз болса, керісінше Теміржол-Алматы-1 көшелерінің қиылысындағы қар суының құрамында 2 еседей жоғары. Кадмийдің мөлшеріне келетін болсақ Теміржол-Алматы-1 көшелерінің қиылысында 17 есе, Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысында 80есе, Төле би-Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы қардың құрамындағы кадмийдің мөлшері ШПК-дан 252 есе жоғары екенін байқадық.

**Кесте 3. Қар суының құрамындағы элементтер мөлшері, %**

№	Элементтер	Төле би - Сейфуллин		Райымбек Сейфуллин		Темір жол вокзалы – Алматы 1		ШПК мг/л
		Масса-сы	Атомдық массасы	Масса-сы	Атомдық массасы	Масса-сы	Атомдық массасы	
1	Көміртегі	11,99	19,76	22,67	33,87	14,29	23,36	
2	Оттегі	38,41	47,52	38,17	42,10	37,34	45,83	
3	Натрий	1,44	1,24	1,48	1,16	1,39	1,19	200
4	Магний	2,32	1,89	1,89	1,39	2,69	2,17	50
5	Алюминий	9,80	7,19	7,65	5,09	7,77	5,66	0,2
6	Кремний	24,90	17,52	19,33	12,35	24,94	17,43	
7	Калий	4,19	2,12	1,22	1,19	2,87	1,44	50
8	Кальций	1,92	0,95	4,99	0,55	1,39	0,68	180
9	Темір	5,02	7,78	1,60	1,60	6,00	2,11	0,3
10	Қорғасын	-	-	-	-	1,32	0,13	0,1

**Қар суының құрамындағы элементтер мөлшерінің диаграммасы**



# AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines




IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU



Кесте 4. Қар суы мөлшерінің ауыз судың құрамындағы ШРК-дан неше есе жоғары екенін көрсететін мәліметтер

№	Элементтер	Төле би - Сейфуллин	Райымбек - Сейфуллин	Темір жол вокзалы - Алматы 1
1.	Темір	259333,33 есе	53333,3 есе	70,000 есе
2.	Натрий	62 есе	5,8 есе	5,95 есе
3.	Магний	378 есе	27,8 есе	43,4 есе
4.	Алюминий	359500 есе	25,950 есе	283000 есе
5.	Калий	424 есе	23,8 есе	288 есе
6.	Кальций	52,78 есе	30,55 есе	37,77 есе
7.	Қорғасын			13,000 есе

4- кесте мәліметтері көрсеткендей қорғасынның мөлшері Темір жол вокзалы – Алматы 1 көшелерінің қиылысындағы қар суында ғана табылған. Оның мөлшері ШРК-дан 13000 есе жоғары.

Темір жол вокзалы – Алматы 1 көшелерінің қиылысындағы қар суындағы темірдің мөлшері ШРК-дан 70000 есе жоғары, ал Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысынан алынған қар суының құрамында 53333 есе, Төле би – Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы мөлшері 259333 есе жоғары екені анықталды.

Кальцийдің мөлшері Темір жол вокзалы – Алматы 1 көшелерінің қиылысында ШРК-дан 37,77 есе, Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысында 30,55 есе, Төле би – Сейфуллин көшелерінің қиылысында 52,78 есе жоғары.

Калийдің мөлшері Темір жол вокзалы – Алматы 1 көшелерінің қиылысында ШРК-дан 288 есе, Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысында 23,8есе, Төле би – Сейфуллин көшелерінің қиылысында 424 есе жоғары екені анықталды.

Алюминийдің мөлшері Темір жол вокзалы – Алматы 1 көшелерінің қиылысында ШРК-дан 28300 есе жоғары, ал Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысынан алынған қар суының құрамында 25450 есе, Төле би – Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы мөлшері 359500 есе жоғары.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Темір жол вокзалы – Алматы 1 көшелерінің қиылысындағы қар суындағы магнийдің мөлшері ШПК-дан (шекті рауалды концентрация) 43,4 есе жоғары, ал Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысынан алынған қар суының құрамында 27,8 есе, Төле би – Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы мөлшері 378 есе жоғары екені анықталды.

Натрийдің мөлшері Темір жол вокзалы – Алматы 1 көшелерінің қиылысында ШПК-дан 5,95 есе, Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысында 5,8 есе, Төле би – Сейфуллин көшелерінің қиылысында 62 есе жоғары.

### Қорытынды

Қоғам дамыған сайын,оның цивилизациясы мен техникасы өскен сайын қоршаған ортаға атмосфералық ауаға біршама зиян келеді.Осыған байланысты адамдар өз пайдасына қолданып,экологиялық жағдайына кері әсерін тигізетінін байқамайды. Осындай жағдайларға байланысты біз қар суының химиялық құрамын зерттеу барысында Алматы қаласының экологиялық жағдайын бағалай отырып,.Алматының проблемасы күрделі екендігін,оның негізгісі-ластанған ауның, қала тұрғындарының денсаулығына, топырағына, флора мен фаунаға, суларына кері әсерін тигізеді.Соған байланысты Алматы қаласының ауасындағы өмірге зиянды, көміртегі, қорғасын, т.б. қалдықтарды азайту үшін: автокөліктердің көшедегі кептелісін 2 есе азайту керек. Біздің мақалада:

1. Қар суының физика-химиялық құрамын;
2. Қар суының кермектілігін анықталды.
3. Қар суының ШПК мөлшерін анықтадық. Нәтижесінде Темір жол вокзалы – Алматы 1 көшелерінің қиылысындағы қар суындағы темірдің мөлшері ШПК-дан 70,000 есе жоғары, ал Райымбек - Сейфуллин көшелерінің қиылысынан алынған қар суы құрамында 53333,3 есе, Төле би – Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы мөлшері 259333,33 есе жоғары екені анықталды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ревич Б.А., Авалиани С.Л., Тихонова Г.И. «Экологическая эпидемиология-М» 2004 г.;
- 2.Дмитриев А.Н., Шитов А.В. «Техногенное воздействие на природные процессы Земли.Проблемы глобальной экологии.»Алматы.-2003г.;
- 3.Жатқамбаев Ж.Ж. «Экология негіздері»1998ж. 136-145 беттер;
- 4.Асқарова «Экология және қоршаған ортаны қорғау»Алматы-289 бет;
- 5.Частик «Экология»Учебник-пособие 139 стр;
- 6.Акимов Т.А. Хаскин В.В. «Экология»оқулық құрал,2005ж. 302бет;
- 7.Саданов А.К. «Практикум по экологии и охран окружающей среды»,2007г.,105 стр;
- 8.«Экологиялық жаршы » газеті-4сәуір 2010ж 2 бет;
- 9.Руководство по контролю качества питьевой воды.Т.1-3.-ВОЗ-2003г
- 10.Хотько Н.И., Дмитриев А.П. «Водный фактор в передаче инфекций» - Пенза.-2002г



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### PREVALENCE AND HARMFULNESS OF SUGAR BEET RHIZOMANIA IN KAZAKHSTAN

MAUI Adilkhan - Grand PhD in biological sciences

ZHEKSENBİYEY Rısmān - Ph.D, Biology, professor

MEDEUOVA Galiya - candidate.s degree in biological sciences,

SADYKOVA Damezhan-Master of Natural Sciences, senior lecturer

Kazakh State Women's Teacher Training University Almaty Republic of Kazakhstan

**Annotation:** Distribution of rhizomania in the zone of sugar beet cultivation of Kazakhstan is established. The causative agent of rhizomania was diagnosed in Almaty and Zhambyl oblasts. The greatest infectious load and affection with rhizomania were established in the farms of the Eskeldinsky district of the Almaty region. The carrier of the virus-fungus *Polymyxa betae* Keskin was detected in 69-78% of the samples from the zone of sugar beet cultivation in Kazakhstan.

Key words: sugar beet, rhizomania, pathogen, Almaty, Zhambyl, region, diagnostics, productivity, prevalence, harmfulness.

Rizomania was first discovered in Italy, in the Po river valley [1]. In 1964, due to the severe defeat of rhizomania, the cultivation of sugar beet in this country became unprofitable on an area of more than 10 thousand hectares, and until 1967, rhizomania completely enveloped the northern and eastern part of Central Italy. The spread of rhizomania from Italy to other countries of Western Europe was extremely rapid. Already in 1971, the first foci of disease in France and Yugoslavia were noted, and in 1972 in Greece [2].

In Japan, rhizomania was first registered in 1969, where the virus origin of the disease was determined, the causative agent - the virus of the necrotic yellowing of the veins of the beet and its carrier - the plasmodiophore fungus *Polymyxa betae* Keskin was identified [3]. Since then, the disease has spread to all countries of Western and Eastern Europe, a number of countries in Asia and America. So, if in 1995-1996. The areas affected by rhizomania in Western Europe were: 24 thousand hectares in Germany, 20,000 ha in France, 3,000 ha in Austria, 1 thousand in Greece, 300 in the Netherlands, etc., In 2000, more than 700 thousand hectares of sugar beet crops were affected, in particular, In the Netherlands, France and Germany, rhizomania covered, respectively, 70%, 46% and 35% of all agricultural land [4].

In Western Europe, rhizomania is widespread [5,6], however, in recent years there has been a significant reduction in the severity of the disease due to the use of resistant varieties and a number of preventive measures.

Data on the distribution of rhizomania in Eastern Europe was generalized by Rother [7]. So, in Hungary, rhizomania was first discovered in 2001, and since then it has spread to 25% of the acreage of sugar beet; 35% of the areas are sown resistant to rhizomania varieties. In Poland and the Czech Republic, the presence of VONY (virus of necrotic yellowing) is not recorded, but more than 60% of the area revealed the vector of the disease - *P. betae*. In Romania, rhizomania was found mainly in the valleys of the rivers Olt and Mures in an area of about 12.5 thousand hectares, and in Slovenia - 13.0 thousand hectares. In Croatia, about 2% of the acreage is affected by rhizomania, while in Serbia 80% of the area is sown with resistant varieties.





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Indicative are the data on the development of rhizomania in Slovakia - the disease was first diagnosed in 1990, and in 1997 the causative agent of the disease was identified in 19.0 thousand hectares, which is 40% of the acreage of sugar beet. Productivity of culture decreased by 40%, and sugar content - up to 10-12%.

In the CIS countries, the symptoms of rhizomania were described in the Chui valley of Kyrgyzstan in the late 1970s. The causative agent of rhizomania - VONY and its carrier *P. betae* were detected in this area in 1983-1984 [8,9]. The consequences of rhizomania for Kyrgyzstan were catastrophic. Previously, sugar beet was grown on an area of more than 50 thousand hectares, the average yield was 34.6 t / ha, 6 sugar plants were operating. The first symptoms of rhizomania on sugar beets were identified in 1979, and in 1985-1987 the number of affected plants reached 50-70%. The yield of sugar beet decreased to 20 t / ha, the sugar content in them was only 6-8%. In the early 90's, all 6 plants were closed and re-equipped for processing fruit and vegetable products, the production of sugar beets was discontinued. Production of sugar beet was restored only in the late 90's

In Ukraine, rhizomania is a quarantine disease and was first detected in 1997 [10]. For the years 1997-2005. The causative agent of the disease - VONY - was identified in 72 districts of 17 regions and in 4 districts of the Autonomous Republic of Crimea. In our republic VNPZHS was detected in 1985-1986. At present, rhizomania is common in sugar beet plantations, especially on old irrigated lands. The greatest damage to beets by disease (over 25%) was observed on the fields of the PC. Eskeldy, AF them. N.Aldabergenova of the Almaty region, in the Zhambyl region - in the farms of the Merken, Kordai and Chui districts. A typical sign of the disease on the leaves is the yellowing of the veins and the formation of yellow spots around them.

In all countries of the world where rhizomania is revealed, the widespread plasmodiographic fungus *Polymyxa betae* is widely spread. Vlasov [7] has shown that the minimal infectious load at which sugar beet infection occurs by rhizomania is 200 virofora cystosoris per 1 g of soil. In the root system of a single root crop, up to 10 million cystosauri are formed during the vegetative period. Immunosorbent electron microscopy showed that vinions of VONY appear in the rhizoids of sugar beet immediately after the penetration of *P. betae* into them. Systemic infection of plants, in which by the method of enzyme immunoassay it is possible to reliably determine the presence of VONY, occurs in 4-6 weeks.

The diagnosis of *P. betae* was performed using a light microscope. The most convenient and easiest way to identify the fungus is the phase of cystosorrhagia. In the sugar beet cell, there are from single to several hundred cystosorrhiza *P. betae*. Each cyst is an independent cell, after germination of which one primary zoospore is formed. To determine the prevalence of *P. betae* in the zone of sugar beet cultivation in Kazakhstan, the analysis of rhizoids - lateral roots of root crops for the presence of *P. Betae* cystosauri was carried out. The presence of *P. betae* cystosis in sugar beet rhizoids was determined using a light microscope [44].

According to the results of research in 2011, the presence of *P. betae* was found in 70.8% of root samples, and in 2012 the number of samples where *P. betae* was detected was 78.9% of the total number of samples (Table 1). In 2013, 85 samples of sugar beet roots were analyzed, the presence of *P. betae* cystosorrhoea was established in 69 samples (81.2%). The obtained data indicate the presence of fungus in all types of soils in the zone of sugar beet cultivation in Kazakhstan.

Table 1

The presence of *Polymyxa betae* cystometers in samples of sugar beet roots

Year of research	Total analyzed samples,	Reveled of cystosauri <i>P. betae</i>
------------------	-------------------------	---------------------------------------



# AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

	pieces.	pieces.	%
2001	65	46	70,8
2002	71	56	78,9
2003	85	69	81,2

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

**KAZNU**

<i>S. elaeagni</i>	<i>Elaeagnus oxycarpa</i>	16-32 x 2-3	6-8x3	<i>M. elaeagnicola</i>
--------------------	---------------------------	-------------	-------	------------------------

Бұл жерде *Septoria* туысының 5 түрінің де телеоморфты кезеңі анықталды. Телеоморфты *Mycosphaerella grossulariae*, *M. rubi*, *M. fragariae* сияқты түрлердің көбіне күзге қарай макро-, микроконидиальді кезеңі бірігіп жетілетін синанаморфасы бар. *M. crataegi*, *M. rubi*, *M. elaeagnicola* түрлерінің даму циклында күзде көбіне жемістік денелері псевдотецилерде немесе спермогонилерде спермацилер (ұзындығы 5, ені 1мкм - нан аспайтын эллипсоид, таяқша тәрізді, ылғалды ортада өнбейді) жетілді. Спермацилерді де арнайы әдебиеттерде \**Phyllosticta*, *Phoma* туысы түрлері деп көрсеткен. *S. crataegicola*, *S. fragariae* var. *fragariae*, *S. gei* f. *immarginata*, *S. elaeagni* түрлерінде микроконидиялары көктемде өсімдіктердің өлі мүшелерінде сапрофитті қоректенуі кезінде жетілді.

Кесте 2 – *Septoria* туысы түрлерінің Чапека коректік ортада конидиялар түзу ерекшелігі

<i>Septoria</i> туысы түрлері	Макроконидиялар өлшемі, мкм	Микроконидиялар өлшемі, мкм	Спермацилер өлшемі, мкм	Аскоспоралар өлшемі, мкм
<i>S. crataegicola</i>	62-76 x 2-3	7-10x1,5-3	-	-
<i>S. gei</i> f. <i>immarginata</i>	20-25 x 2-2,5	7-8x1,5-2,5	-	-
<i>S. rubi</i> var. <i>rubi</i>	28-59 x 2,5-3,4	4-11x2-3	4,5x1	17x 4
<i>S. elaeagni</i>	-	-	3-4 x 1,3	-

Пикнидаларда *Phoma* типтес конидиялар түзілді. Асклы саңырауқұлақ *Mycosphaerella* түрлерінің (телеоморфа) даму циклында микроконидиальді кезеңі *Phoma* типтес түрлер.

**Қорытынды:** Арнайы әдебиеттердегі мәліметтер және біздің тәжірибелеріміздің нәтижесі жалпы тек «қара биотипті» колонияларда пикнидаларда макроконидиялар, «ақ биотипті» колонияларда пикнидаларда микроконидиялар және жіпшумақтың жіпшелерінен (гифа) түзілген конидия сағақтарынан екінші реттегі макро-, және микроконидиялардың түзілетіндігін көрсетеді.

*Septoria* туысының 2 түрінде, тек «ақ биотипі» пайда болып, микроконидиальді жетілді. *S. elaeagni* түрінің, таза дақылдарында склероцилермен араласып жетілген жемістік денелерде (псевдотеций) пішіні шар, бүйірлері қысыңқы шар тәрізді, өлшемі 156-180x80-132 мкм, өлшемі 4x1 мкм спермацилер пайда болды. *S. rubi* var. *rubi* түрінен көбіне «ақ биотипті» колониялар жетілді. Қара биотипі аздап әр жерінде араласа өскен колонияларда спермогонилерде таяқша тәрізді, 4,5x1 мкм спермацилер пайда болды. 90- тәуліктегі жүргізілген микроскоптық зерттеулер сол колонияларда өте көп мөлшерде псевдотецилердің түзілгендігін көрсетті.

*Septoria* туысының түрлері даралары таза дақылдық жағдайында табиғаттағы даму, циклын қайталайды. Тек таза дақылдық жағдайында микроконидиальді кезеңі басым болды. Себебі *Septoria* туысының түрлерінің басым көпшілігі факультативті паразиттер.

**Әдебиеттер**



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

- 1 Бызова З.М., Васягина М.П., Деева Н.Г., Калымбетов Б.К., Писарева Н.Ф., Шварцман С.Р. Флора споровых растений Казахстана. 1. Сферопсидные – Sphaeropsidales. Алма-Ата: Наука, 1970. -Т. 5., кн. 3. -557с.
- 2 Қалымбетов Б.К. Микологическая флора Заилийского Алатау. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 462 с.
- 3 Кужантаева Ж.Ж. Биоэкологические особенности грибов рода *Septoria* Sacc. На Юге Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1994. – 157с.
- 4 Андрианова Т.В. Особенности развития некоторых видов рода *Septoria* Sacc. в культуре //Микол. и фитопатология. 1986. - Т. 20, №1. - С. 5-10.
- 5 Кужантаева Ж.Ж. Морфолого-культуральные особенности грибов рода *Septoria* Sacc. //Мат-лы Седьмой конф. по споровым растениям Средней Азии и Казахстана. Тез. докл. - Алма-Ата, 1984б. - 122- 123 с.
- 6 Ануарова Л.Е. Пикнидалы саңырауқұлақтар *Septoria* Sacc., *Ascochyta* Lib., *Phoma* Sacc. туыстары түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері // Биологиялық әртүрлілік және табиғат пен қоғамның тұрақты дамуы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдығы және биология факультетінің 75 жылдығына арналған конференция. – Алматы, 2009. – 5-7 б.
- 7 Тетеревникова-Бабаян Д.Н. Грибы рода Септория в СССР. – Арм ССР, Ереван, 1987. – 478
- 8 Tulasne L.-R. et Tulasne Ch. *Selecta fungorum carpologia*. – Paris, 1963. V.2. –P.22



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### ОРХОН ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ – РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ

### MONUMENTS ORHON-YENISEIASA MEANS OF EDUCATION TO SPIRITUALLY MORAL VALUES

Саипов А.А. – педагогика ғылымдарының докторы  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры  
Мұратбаева Г.А. – педагогика ғылымдарының докторы  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры  
Садыкова Д.А – тарих пәні оқытушысы  
Алматы қаласы  
Қазақстан Республикасы

professor Saipov A.A.  
L.N Gumilyov Eurasian National University  
saipov1954@mail.ru  
professor Muratbayeva G.A.,  
Kazakh State Women's Teacher Training University  
muratbaeva11@mail.ru  
Lecturer of history Sadykova D.A  
Almaty city, Kazakhstan

#### Резюме

Автором в данной статье рассмотрены вопросы воспитания духовно-нравственных ценностей обучающихся на основе изучения Орхоно-Енисейских памятников, как древнейших письменных памятников тюрко-язычных народов. Автор останавливается на смысловых оттенках письменности, обнаруженных на берегу реки Орхон в северной Монголии, которые содержали пространное поэтическое повествование, состоящее из длинных строк и представляющее собой эпитафию, высеченную на камнях в честь семнадцатого кагана Восточнотюркского каганата Бильге - кагана (прежнее имя Могилян) и его младшего брата, наследного принца, доблестного полководца – военачальника Кюльтегина.

#### Annotation

The author in this article examines issues of upbringing of spiritual and moral values of students through the study Orhono- Yenisei monuments, as the oldest written records of the Turkic-speaking peoples. The author dwells on the meaning of writing shades found on the banks of the Orkhon River in northern Mongolia, which contained a lengthy poetic narrative, consisting of long lines and represents the epitaph carved on the stone in honor of the seventeenth Hagan Vostochnotyurkskogo Kaganate Bilge - Kagan (former name Mogilany) and younger brother, the Crown Prince, the valiant commander - commander Kul-tegin.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

Бүгінгі таңда жастарға рухани тәрбие мен білім беру мәселесі адамның өмірді танып-түсінуіндегі құндылық, табиғатпен үйлесімділікте ұстай білуімен бағаланады.

Тәрбие – қоғамдық тәжірибені білім, жеке тұлғаның теориялық және практикалық ілімдерді меңгерудегі құзыреттілігі мен шығармашылығы, әлеуметтік және рухани қарым-қатынастағы түрлі іс-әрекеті. Демек, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарға бағыттау мәселесі ең алдымен, оның жете түсінуі мен тәрбие алуы, өз пікірі мен жинақтаған тәжірибесін сыни тұрғыдан тануға, соның негізінде адами қасиеттерді өз бойына сіңіре білуіне бағыт-бағдар берілуінде.

Сондықтан да рухани-адамгершілік құндылықтар жеке тұлғаның ізгілік, мейірімділік, имандылық ұстанымдарын тәрбиелеуге, ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін реттеуге, өмірдің құбылыстарын түсініп, қабылдауға септігін тигізетіні сөзсіз.

Өнердің барлық түрлері белгілі бір сатыда дамиды және өз көрермендеріне ие болады. Ал өнер иесі өз шығармаларында өмірдің көрінісіндегі кей дүниелерді бейнелеу арқылы шынайылықты айқындап береді. Негізінен, білім беру жүйесінде білім алушыларды өнер туындылары арқылы тәрбие беру мәселесі көркем шығармадан алған әсерінен туындайды. Дегенмен де, әрбір дәуірдің елеулі, мазмұнды оқиғаларын өз заманының белгілі ақын-жазушылары дастан-жырларға, ойшылдары оны шынайы тарих-шежіреге айналдырып, ал шеберлер сәулет өнерінде бейнелеп қалдырған. Сондай бүкіл түркі халықтары мәдениетінің тарихында өшпес орын алатын ескерткіштердің мәні өте зор. Бұл орайда құнды рухани мұралардың қазақ жерінде де көптеп жасалғандығы біздің халқымыз мақтан тұтып, оның құндылығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді. Көне дәуір мәдениетінің өшпес мұрасы бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тауып, сақталып, өшпес мұралардың бірі, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.).

Бұл ескерткіштердің ұрпаққа қалдырар ізгілігі мен мәнділігі мол. Әрбір көне ескерткіштің көрінісі сол дәуірдің оқиғалар мерзімі мен жазу стилі жағынан ескі түркі жазуының соңғы – жаңа дәуірін танытады. Оның бер жағында Орхон жазулары, көптеген ғалымдар еңбектерінде айтылғандай, халық арасына кеңінен таралғаны дәлелденеді.

Күлтегін ескерткіштерінде мынадай сөйлемдер кездеседі: «Түркі салқын тиып, ел еткендерінді де мұнда бастым, жаңылып кеткендерінді де мұнда бастым. Барлық сөзімді айтар мәңгілік тасқа бастым, бұдан қарап біліңдер түркінің қазіргі халқының бектері» – дейді [1].

Орхон ескерткіштері оқып-үйрену арқылы білім алушыларды ерекше ойға бөлейтіні белгілі. Ал оның ойы, сезінуі, есте сақтауы - бір орта, ал сол ортадағы көріністер кез келген өнер туындысы ретінде мәңгі өмір сүреді. Көптеген ғалымдар өз кезегінде мұндай тарихи туындыларды өскелең ұрпаққа қатысты өз ойларын түсіндіреді. Айталық, Б.Неменский өз пікірін былайша тұжырымдайды: «Әр туынды – бұл тек қана жеке қадам емес, жеке ашылу, жеке сәттіліктер немесе сәтсіздіктер – өйткені бұл қадам, тәжірибе, сәттілік немесе қателік және барлық ұрпаққа, өз уақытында, өзін танытатын қадам.

Білім беру үдерісінде тиімді қолданылған өнер туындылары білім алушыларды сол шығарманың тарихи мазмұнын түсінуге, тілі мен дінін, кейіпкердің жан дүниесін қабылдауға бағыт-бағдар алып, өзінің ішкі жан дүниесіне жаңалық ретінде қабылдауы керек.

Білім алушылар мұндай тарихи мазмұнды ескерткіштерді қабылдап, одан туындаған ойлардан кейін өзін-өзі тексеріп, қандай ойға бөленгенін ортаға салып отыруы қажет. Әйтпесе, өнердің ең басты жасаушысы - халықтың жан дүниесімен санасып, өзінің бүкіл болмысымен жақсы қасиеттерін саналы түрде тәрбиелейді.





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

Ең бастысы, суретші өзінің шеберлігін және табиғат берген сыйын пайдалана отырып, үлкен өнер туындысын жасау қажет. Ал адам қиялынан туындаған үлкен өнерді көрермен терең түсініп, дұрыс қабылдай алмаса, суретші өнердегі өз орнын түсінуді әрі сезінуді жоғалтады. Суретшінің шығармасы арқылы бейнеленген халықтың күш-қуаты сол халықты рухани байытуға әрі өзін қоршаған ортаның әдемілігі мен әсемдігін жаңа деңгейге көтеруге қызмет етуі тиіс.

Суретшілер кашанда қоғамның, өз уақытының барлық рухани қазыналарын аса терең сезінуші адамдар болып есептеледі. Өйткені, суретшінің негізгі мақсаты – адамның жан дүниесін тану. Ол өз танымын адамның жан дүниесін тану еркінің нәтижесінде емес, қайта ол туралы өзінің түсінуі мен ойлауын және айналадағы ақиқат шындықты қабылдаудың қажеттілігі нәтижесінде жасайды.

Өнер туындылары білім алушылардың әлемді тануының, сезінуінің және түсінуінің жаңа көрінісі ретінде білім саласында айрықша көңіл бөлінеді. Сондықтан да, өнер – адамзатты өмір шындығына жетелеп, рухани-адамгершілік құндылықтар бағдарын қабылдауға, бойында имандылық ұстанымдарын тәрбиелеуге, ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін реттеуге, ал негізгі түйіні – білім алушылар қоршаған ортадағы, дүниедегі, болмыстағы көзқарасты, қарым-қатынасты көркемдік тұрғыда үйлесімді бейнеленген тарихи ескерткіштерді оқып, зерлеуге септігін тигізеді.

Өнер туындыларының көркемдік құндылықтарын қабылдауда білім алушы белгілі бір нақтылы тарихи жағдайларға шолу жасап, ғылыми ізденістерге жол ашады, сонымен бірге оның қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жете түсініп, әлеуметтік ортада қоғам мүшелерімен алуан түрлі қарым-қатынасқа түсу арқылы өз мәдениетін дамытып, меңгерген білік-дағдыларын кәсіби іс-әрекетінде шыңдайды.

Демек, қоғам талаптарына сай, бүгінгі күні өмірдің өзгермелі жағдайына бейімделуге, шешім қабылдай білу сынды өзекті мәселелерді шешуде өнердің тәрбиелік маңыздылығы үлкен қуатқа ие. Өйткені, ғасырдан ғасырға өз мәнін жоғалтпай, қай уақытта да заманның әлеуметтік және рухани талаптарынан туындаған көкейкесті мәселені көтеретін, өнер туындысы көркем құбылыстар мен түрлі ағымдар туралы мағлұматтар беріп, олардың ішкі бірлігі мен үндестігін сақтап, білім алушылардың теориялық танымын тереңдетуге септігін тигізеді. Сонынмен қатар, өнер мен шығармашылықтың күрделі негіздерін түсінуде, өнер туындыларының озық тәжірибесін зерттеуде білім берудің жаңа ұлттық моделін жасақтау қажеттілігі де осыдан туындайды.

Қазіргі заман талабы, керісінше, әр студент сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны көбіне өзі игеріп, ізденіп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, үнемі даму үстінде болуы қажет. Осыған орай, әлемдегі озық педагогикалық бағыт – жоғары білікті маман даярлау идеясын басшылыққа алу керектігін міндеттейді. Олай болса, дәстүрлі оқыту жүйесінің озық тәжірибесін үйреніп, оқытудың жаңаша әдістемелерді тиімді пайдалануды зерделеп отыру қажет.

Дәстүр – халықтың өміріндегі шындықтың бейнесі, оны жасаушы – халық. Ал халықтың әдет-ғұрпы дәстүрлі қоғамдық өмірдің материалдық жағдайының өзгеруімен сипатталады. Біздің халқымыздың ұлттық төл өнері өзімізді қоршаған дүниені танып-білудің, шығармашылық толғаныстың және рухани-адамгершілік тәрбие берудің қайнар көзі болып табылады. Сондықтан да, білім алушының рухани болмысы мен сезімін, әсемдікті түсіну қабілетін дамыту, адамгершіліктің ізгі қасиеттерін сіңіруге көмектесу, өнерге деген қызығуы



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

мен сүйіспеншілігін ояту, шығармашылық және креативтік ойлау қабілетін арттыру бүгінгі жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар қауымының басты міндеті.

Ежелден келе жатқан халқымыздың тұрмысынан тамаша озық дәстүрлердің сан алуан түрлерін байқауымызға болады. Ғасырлар бойы қалыптасқан халық мәдениеті, өнері оның ізгі тілектерін бейнелейді.

Ертедегі Орта Азия, Қазақстан жері дүние жүзіндегі өнер, білім, мәдениеті дамыған орталықтардың бірі болған. Әбу Райхан әл-Берунидің жазбаларына қарағанда, Орта Азияның ең ежелгі мемлекеттерінің бірі - Хорезм үлкен мәдениет орталығы саналған.

Біздің жыл санауымыздан екі мың жыл бұрын мұнда сәулет, мүсіндеу және бейнелеу өнері жоғары деңгейде дамыған. Мұндай көріністердегі көне ескерткіштер бейнесі бүгінгі күнге дейін өз әдібін жоғалтпай келеді. Жалпы Орта Азия мен Қазақстандағы бейнелеу өнерінің тамыры сонау неолит және қола дәуірінен басталады. Бұған Жасыбай мен Ұлытау маңындағы тастарға ойып салған суреттер дәлел, ою-өрнектер куә.

Ата-бабаларымыздың өмір салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болған емес. Туған жерінің өзен-көлін, тау-тасын, орман-тоғайын, жан-жануар көзінің карашығындай қорғап аялай білген. Бабаларымыздың ұрпаққа деген өсиет үлгісі өнер арқылы жеткен. Сондықтан болашақ өнер саласы мамандарын тәрбиелеудегі ең басты Қасиеттердің бірі - өнерімізді алдымен көркем тілмен мәнерлеп баяндай білуге үйрету. Көркем сөз өрнектері арқылы көнеден келе жатқан рухани байлығымыздың құдыреттілігін алушының санасына ұялатып, оның шығармашылық қабілетін оятуға мүмкіндік мол болады. Ауыз әдебиетіміздегі теңеу сөздер, бейнелік маржан сөздер арқылы айтылған жұмбақтар, халқымыздың мақал-мәтелдері, аңыз ертегілері, шешендік сөздері тікелей тәрбиемен байланысты. Атадан балаға, анадан қызына мирас болып келе жатқан қолданбалы-сәндік өнердің өзі ұлттық мәдениетіміздің дамуына өзіндік ықпалын тигізді. Бабаларымыздың сұлулық туралы талғамы киіз үйі арқылы көрініс тапқан. Өнер - ғасырлар қолтаңбасы, ата-бабалар тіршілігінің тірі куәгері, солардан қалған өпшес мұра. Солай екен, өнер алдағы уақытта да өз өрісін кеңейте түсері сөзсіз. Өйткені, көне жазбалар өнері есте өшпейді, тамыры терендеп, бұтақтарын кең жая бермек. Бұған ата - салтымыз бен дәстүріміздің қайта оралуы даңғыл жол ашып отыр.

Көне түркі жазбалары – рухани-адамгершілік тәрбиенің етене жақын буыны. Мұның өзі Аталмыш өнердің көркем бейнелеуінің ерекше түрі екендігінен туындайды. Көне түркі жазбаларының ескерткіштері кез келген түрі адамның танымдық мүмкіндігін кеңейтуге және рухани-адамгершілік тәрбиенің қыр-сырларын түсінуіне әсер етеді. Сондықтан да білім алушылардың рухани-адамгершілік сезімі мен талғамын қалыптастыруда көне түркі жазбаларының нақты бейнеленген көріністерін тусіне білуге баулуымыз қажет.

Көптеген әдебиеттерге сүйенетін болсақ, өнердің алғашқы түрлері өткен заманда ілгергі тас ғасырында пайда болған. Бұл ескерткіштер үлгісінен, алғашқы өнер туындыларындағы тасқа басылған түрлі ою-өрнектер мен әр түрлі сурет-бейнелерден ежелгі қоғамда адамның еңбек етуіне үлкен мән берілгенін көреміз. Заман ағымының қай кезеңінде болса да, өнердің тарихи даму барысына қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер өз әсерін тигізген.

Ғасырлар бойы сақталып келе жатқан әсем ғимараттар, күмбезді сарайлар мен тас мүсіндер туралы құнды деректер көптеген ғалымдар еңбектерінде зерттелген. Мәселен, педагогикалық пәндер бағдарламасы бойынша «Орхон Енисей ескерткіштері» атты тақырыбындағы дәріс сабағы көне ескерткіштерді, түрік жазбаларының әдеби көріністерін зерделейді. Бұл орайда



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

мультимедиалық технологияны тиімді қолдана отырып, білім алушыларға экран арқылы ұсынылған бейнежазба үзінділері арқылы тақырыпты жан-жақты, терең, көңілге қонымды етіп түсіндіруге болады («Орхон Енисей ескерткіштері» бейнежазба материалы) [2].

Бұл бейнежазба арқылы білім алушылар түркітануда бүгінгі Монғолия жеріндегі Орхон Енисей ескерткіштері туралы көптеген мәліметтермен танысады. Бейнежазба арқылы Орхон алқабы сан мыңдаған тарихи ескерткіштерге аса бай өлке екендігіне көз жеткізеді. Сонымен қатар, Орхон ескерткіштерінің Алтай, Қаңлай, Соян, Кеңтай тау жоталары, Гоби шөл даласы және осы таулы, жоталы, далалы алқаптағы Керумен, Хобда өзендерінің бойында Қырғыз, Қарасу, Қобсы көлдерінің жағауларына дейінгі өңірде сақталғанын тамашалайды.

Орхон ескерткіштері көшпелі этносаяси бірлестіктерінің Қаған, Яңлу, Чур, Тархан және т.б. түрік бекзаттарына арналып жасалғанын біледі. Бұл арада қарапайым халықтардың тұрмыс-тіршілігіне арналған ескерткіштер де аталған. Олар алғаш табылған жер, су атауларымен аталып, ғылыми айналымға енген екен. Сөйтіп, әрі қарай студенттер келтірілген деректермен, мысалдармен танысады. Айта кететін жай, студенттер бейнежазба көріністерінен әрбір ескерткіштер кешені, тас үйіндісі, тастарда қашалған таңбалар, мәтіндер мазмұны туралы толығырақ мәлімет алады. Айталық, Күлтегін ескерткіш кешені жалпы Күлтегін өмірбаянына құрылған 68 жол мәтіннен тұрады. Ал енді Білге қаған ескерткіш кешені қамап туралы да қызықты деректер келтірілген. Білге қаған құрылысының ішкі қабырғаларында суреттер салынған. Деректерге қарағанда, бұл суреттердің өзіндік мәні бар көрінеді. Осы қамал құрылысының сыртқы кенересі бойымен 100-ге 55 метр су ағарлар салынған. Ескерткіш көгілдір мәрмәр тастан жасалынған. Білге қаған ескерткіші тасбақа үстіне орнатылған. Оның төбесінде үш қос айдаһар бейнелеген. Бір жақ қапталындағы үшбұрышты шаршысында қаған таңбаларын білдіретін марал, елік, киік бейнелері өрнектелген.

Араб қарпімен жазылған ортағасырлық дүниелер қаншама жалпы түрік халықтары XVI ғасырға дейін оннан астам жазу үлгісін қолданып, пайдаланған кездерінде қыруар мұралар қалдырған [3]. Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тонына, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жыраулардың кейіпкерлеріне, сомды тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данагой данышпандары өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсіргені барша әлемге мәлім [4].

Сонымен қатар, студенттер Шивээт, Хүйіс Толгой, Ел етміш, Тұнық-ұқ, Күлі-чұр, Алтын Тамған, Тархан, Чойр ескерткіштері туралы алған мәліметтерін ой елегінен өткізіп, олардың тарихи маңызына ой жібереді.

Мұндай көріністер білім алушыларға өнердің өміршеңдігі туралы ой салады, өнер туындыларындағы рухани-адамгершілік сезімдерін оятады. Сонымен қатар, жаңа тақырыпты меңгерту барысында хабарлау, баяндау әдістерін ұштастыра отырып, слайд көріністері арқылы білім алушыларды кәсіптік дағдыға, іскерлікке үйретуге мүмкіндік аламыз.

Кеңістік пен зат өте тығыз болғандықтан, білім алушылардың өмір шындығын бейнелеген әрбір көне қолтаңба көріністерінде кеңістік ұғымын қалыптастырудың маңызы зор. Өмірдегі қандай зат пен құбылыс болсын белгілі кеңістіктен (табиғаттағы дала көрішсі, белме іші, т.б.) табылады. Заттың кеңістіктегі орны оның алыс-жақындығына байланысты. Мәселен, бізге бір топ адамдар жақындап келе жатыр делік, онан алыста ауыл, өте алыста тау көрінеді. Бұл заттардың көлемдерін бір-біріне салыстырып айқындауға болады. Білім алушылардың рухани-адамгершілік сезімдерін арттырып, оның пәнге деген қызығушылығын



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

ынталандыру үшін білім беру үдерісінде кең көлемде көрнекті құралдарды пайдалану қажет, сабақты түрлендіріп өткізуді көздеп, даярланған бейнежазба материалдары тақырыптың мазмұнын ашуға септігін тигізеді.

Білім беру үдерісінде студенттерге рухани-адамгершілік тәрбие беру, ұлттың ерекшелігін насихаттау, елге деген сүйіспеншілігін арттыру, оларды жан-жақты білімді етіп тәрбиелеу мақсатында еңбек ету - әрбір педагогтің міндеті. Қоғамдық қатынастар мен саяси-экономикалық саладағы өзгерістер тәуелсіз елдің білімді ұрпағын қайта тәрбиелеу қажеттілігін туындатады.

Өнер – ғасырлар қолтаңбасы, ата-бабалар тіршілігінің тірі куәгері, солардан қалған өшпес мұра. Солай екен, өнер алдағы уақытта да өз өрісін кеңейте түсері сөзсіз. Өйткені, көне түркі жазбаларының ескерткіштері есте өшпейді, тамыры тереңдеп, бұтақтарын кең жая бермек. Бұған ата-салтымыз бен дәстүріміздің қайта оралуы даңғыл жол ашып отыр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бартольд В.В. Соч.,5.-М.,1968.-С.45
- 2.«Орхон- Енисей ескерткіштері» бейнежазба материалы
3. Ертедегі қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Күлтегін (кіші жазу) Алматы, 1967,29 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, Ана тілі. 1991.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### ЖАРНАМА МӘТІНІНДЕГІ ЭКСПРЕССИВТІ-ЭМОЦИОНАЛДЫ ТӘСІЛДЕР

САҒИРА ОДАНОВА

ф.ғ.к., профессор

Қазмемқызпу

ҚАТИРА БАЛАБЕКОВА

магистр-аға оқытушы

Қазмемқызпу

sagira68@mail.ru

#### Түйіндеме

Соңғы жиырма бес жыл ішінде елімізде нарықтық қатынастарға негізделген жүйе қалыптаса бастағаннан бері жарнама қоғамдық өмірдің ажырамас бір бөлігіне айналды. Осы кезеңнен бастап жарнама тілін зерттеу тіл білімі ғылымында да алға қойылды. Жарнама қоғамның барлық сферасына ене отырып, оның әлеуметтік институтына және онда өмір сүріп отырған адамдар өміріне белсенді түрде әсер етуде. Қазіргі таңда жарнама берілу жолына қарай тележарнама, радиожарнама, баспа жарнамасы, көше жарнамалары және желілік жарнама болып бөлінеді.

Тіл біліміндегі бағалауыштық мән әртүрлі тіл деңгейлерінде көрініс тауып коммуниканттардың көздеген мақсатына жетуіне қызмет етеді. Жарнама мәтінде бағалауыштық мәнді беретін ең негізгі бірліктер – **сөз таптары**. Жарнама тілінің бағалауыштық мәнді беруінде **стилистикалық аспектісі** тұрғысынан көркемдегіш құралдар жарнаманың құндылығын арттырып, ішкі бояуын аша түседі. **Эпитет, метафора және оның түрлері, теңеу, сөзойнатым («каламбур» терминін «сөзойнатым» деп алғанды жөн көрдік), шендестіру, салыстыру, кейіптеу** сынды көркемдегіш құралдар актив түрде қолданылып, қазақ тілді жарнамалардың мәтінде ұтымды қолданылған.

**Кілт сөздер:** жарнама, жарнама мәтіні, жарнама тілі, тележарнама, бағалауыштық мән, сын есімдер.

#### Summary

Having become a part of advertizing of the integral public life in the country the last twenty within five years since the beginning of operation to be formed market, based on the relation system. Since this period forward and linguistics to science of language of advertizing of a research of a bifidumbakterin. We live in a situation, its social institute and that, influence on lives of people from advertizing, but all societies is active. Now TV commercial, a radio advertizing, printing and network advertizing advertizing, the street of advertizing depending on advertizing in a line of transfer of an alevrit.

Language in knowledge of a kommunikanttarda achievements of the treasured purpose and value of a ba□alauyshta қ various language in levels representation. Most important units - in the text of advertizing, value of a ba□alauyshta қ parts of speech. That қ k□rkemdeg\_sh means and values internal color stylistic aspect of advertizing to open value from the point of view of language of advertizing of a ba• alauyshta. The epithet, a metaphor and its types, an epithet, a pun ("the pun the term" "Pun" follows process, we saw), the leader k• rkemdeg\_sh means an asset with image kazakhoyazychny advertizing of the legislation, in the text, verifications to represent, such as rational accepted.



**Keywords:** Advertizing, advertizing text, advertizing language, TV commercial, ba□alauyshta k value, criticism of names.

Жарнама мәтінінің әрекет ету механизмін қарастыруға жақындау психологтардың тарапынан қарапайым түсіндіріледі. Жарнамалық хабарлама көрермен көз алдына тауар бейнесімен байланысатын оң эмоцияны индукциялайды. Бәріне белгілі болғандай, жақсы жарнама санадан тыс (бұлыңғыр) әсер етеді, мүлдем логикалық сендіруді қажет етпейді. Бұл әрекет етудің негізінде бәрінен бұрын адам психикасының ойлау және эмоционалды өзегіне бағытталған тілдік айла жатыр. Жарнама тілі – бұл «адресаттың когнитивті және мінез-құлықтық қызметіне жасырын әсер ету мақсатында нақты бір ресурстарды қолдану жолдарымен» жасалатын, мифтер, нышандар, бейнелер.

Бұл адамның психологиялық ерекшелігімен байланысты сөздің екі есе әсер етуі нәтижесінде болады: «Ми сөзді екі түрлі жағдайда қабылдайды: рационалды-логикалық; және эмоционалды-бейнелі. Көп сөздер жасырын бағалауыштық компонент ұстайды: «жақсы», «жаман». Сонымен бірге олар нақты ассоциациялық көру, есту және сезу әрекеттерін тудырады. Сөзбен арбау арқылы адам санасында өздері түсінбейтін жақсы немесе жаман түсініктер қалыптастыруға болады. Бұл сөздер «итеру» немесе «шақыру».[1, 232б.] Оларды дұрыс қолдана білу тұтынушыға жарнаманың әсерін арттырады.

Жарнаманың бағалауыштық тілінен «жай ғана қысым туады, бірақ қысымның әрекеті сезілмеуі де мүмкін», міне, сол себептенде жарнама мәтінінен адресатпен алынған барлық ақпарат тура бағалауға ұшырамайды және ешқандай қарсылық тудырмайды, нәтижесінде оның ары қарайғы шешімі мен әрекеті оның жекеменшігі ретінде қабылданады.

Бұл функциялардың барлығы адамның ойлауына, сезіміне, қатынасы мен мінезіне әсер ететін, ерекше экспрессивті образдылығымен және модальдылығымен ерекшеленетін, жарнама мәтінінде оның тілімен жүзеге асырылады, яғни лексиканың, синтаксистік құрылымы мен стилистикалық тәсілдердің деңгейінде қадағаланады.

Жарнама тілінің мәнерлілік тәсілдеріне мыналарды жатқызуға болады:

- 1) *оң бағалауыштық семантикалы эмоционалды-бағалауыштық лексика;*
- 2) *оң бағалаудағы гипербодаларды қолдану тәсілдері: сын есімнің асырмалы шырайы мен үстулер, күшейткіш үстеулер мен шылаулар, сапаны арттыру морфемалары, жалпылама есімдіктер, жоғары стильге тән лексика, ауызекі тілдегі гипербодалар;*
- 3) *сәндік сөздер;*
- 4) *шет ел сөздері, тіл айналымы мен нақыл сөздер;*
- 5) *диалект сөздер мен айналымдар;*
- 6) *синтаксис ерекшелігі: эмоционалды инверсия, парцелляция, аяқталмаған сөйлемдер, шешендік сұраулар мен лепті сөздер;*
- 7) *барлық деңгейлерді қайталау: фонетикалық, морфемалық, лексикалық, синтаксистік;*
- 8) *сөз ойыны, метафоралар, салыстырулар, авторлық қосарланған сөз тіркестері мен стильдің басқа лексикалық бейнелері;*
- 9) *стилистикалық боялған лексика: қарапайым сөздер, жаргон, жоғары стиль[2, 252б].*

Қазақ тілді жарнамалардың мәтіні көп жағдайда орыс тілінен аударма болып келеді. Соның салдарынан мәтіндегі ой қазақи оймен үйлеспей, жарнамадағы жарнамаланып отырған тауардың табиғаты ашылмай, халыққа жетпей жатады. Төмендегі қытай қазақтарының шаш



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

сабынды жарнамалаған бейнеролигіндегі жарнама мәтініне назар аударайық: **«Ақ шағала» шаш сабынының жарнама мәтіні:** «Көркемдігі көз байлаған сайын даланың төрінен жұпар иісті дәрі шөбінен жасалған, жусаңыз шашыңызға нәр беретін, көркіңізге өзгеше сән беретін «Ақ шағала» маркалы шаш сабынын іздесеңіз, құлан шашыңыз жібектей судырап, ажарыңызды аша түседі. Сүмбіл шашыңыздың сенімді серігі, сұлу сымбатыңыздың көрігі, арулардың арманы – «Ақшағала» шаш сабыны». Көркемдегіш құралдар мен қазақ тілінің сұлулығына толы бұл жарнаманың біздің халқымыздың рухани жан дүниесі жақындығын бір оқығаннан-ақ байқауға болады. Жарнама мәтінінде *сайын дала, жұпар иісті, құлан шашыңыз, сүмбіл шашыңыз, сұлу сымбатыңыз* сынды эпитеттерді орынды қолданып, жарнамадағы бағалауыштық қызметті атқаруда бағалауыштық мәнге ие болып тұр. Жарнамаланып отырған «Ақ шағала» шаш сабынының қасиетін эпитеттердың бағалауыштық мәнге ие болуы арқылы ашып тұр.

Жарнама мәтініндегі **қайталаудың** қолданылуы жарнамаланатын тауардың ерекше қасиетін ашып, танытады. Бағалауыштық мәнге ие бола отырып, қайталаулар тауардың сапалық ерекшелігін көрсетеді. Мәселен **«Сникерс» шоколадының жарнама мәтіні:** *«Жер жаңғақ! Жер жаңғақ карамельде. Жер жаңғақ шоколадта. Жер жаңғақ нугада. Жер жаңғақ әр жерде. Сникерс - жер жаңғаққа лық толы. Ол кез келген аштықты жеңеді. Сникерс: Ашыққан сен – сен емессің».* Бұл 7 сөйлемнен тұратын жарнама мәтінінде 6 рет *жер жаңғақ* лексемасын қолданған. Осы арқылы жарнамада мәтініндегі әрбір сөзге бағалауыштық мән үстеп тұр. Осы лексеманы бір рет қана «жер жаңғақ шоколадта, карамельде, нугада, әр жерде» деп қолданса, оның мәтіндегі бағалауыштық қызметі, көркемдік бояуы төменірек болатын еді. Бұл сөз басындағы қайталаудың бағалауыштық қызметінің ауқымы кең екендігін көрсетіп тұр. Сондай-ақ «Coca cola» сусынының жарнама мәтінінде:

«Мейрам келе жатыр

Мейрам келе жатыр/брет

Шаттыққа толы дәмі сергітеді

Нағыз мейрамның дәміне не жетеді?!

Жаңа жыл «Coca cola»-мен таңғажайып өтпек!» жарнама мәтінінде де «Мейрам келе жатыр» сөйлемі 8 рет қайталана отырып, жарнаманың бағалауыштық қызметін атқарып тұр. Сөз соңындағы қайталаудың бағалауыштық мәнін танытатын мына бір жарнама мәтініне назар аударайық: *«Оян! Бүгін табиғат ұйқысынан тұрады. Махаббат пен жақсылықты оят! Жылу мен қуанышты оят! Наурызбен шаттық оянсын! «Coca-cola». Бақытыңа жол аш!».* «Оян, оят» етістігін қайта-қайта қолдану арқылы жаңа уақыттың басталғанын, жаңа мезгілдің келгенін таныта отырып, халықтың сонау тарих толқындарынан бері келе жатқан «Оян, қазақ» түсінігін қайта жаңғыртқандай әсер қалдырады. Және бұл сөз соңындағы қайталаудың бағалауыштық мәнінің нәтижеге жеткенін көрсетеді.

**Салыстыру** – жарнамадағы мәтінінде қолданылатын ең басты көркемдік әдістердің бірі. Себебі жарнаманың өзі бір заттың екінші бір заттан жақсы екендігін дәлелдеуге ұмтылады. Және мәтіндерде де логикалық тұрғыдан салыстырулар байқалады. Бұл сөйлемдер қарсылықты мәнді сөйлемдердің үлгісінде құрылады. Мәселен: **қақ кетіргіш «Калгон»-ның жарнамасында:** *«Кір жуушы машиналар ма? Мен олар туралы бәрін білемін. Мынау жақсы жұмыс істейді. Ал мынаны жөндеуге болмайды. Оны қаспақ басты. Басқа машина жап жаңа болып қалды. Өйткені оның ішінде «Калгон» пайдаланды. Ол барлық өмірлік қажетті бөлшектерді сақтайды: жылыту элементі насос пен барабан. Осыған байланысты «Калгонды» жетекші өндірушілер ұсынады. Машина ұзақ уақыт қызмет атқарсын!».* Осы



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

арқылы жарнамаланушы тауардың бағасын асырып, келесі бір тауардың бағасын түсіріп тұр. «Дирол» сағызының жарнамасында: ««Дирол»-дың достары, «Дирол»-дың жаңа қантамасын ашқан оңай дейді ғой?! Қақпақты ысырсаң болғаны. Керемет! Тексереміз бе? Тәжірибе өткізейік?! «Дирол»-ды жүгіріп бара жатқанда ашқан оңай ма екен? Көрейік?! Әп сәтте ашылу!». Осы жарнама мәтінде жарнамаланып отырған сағызды басқа сағыз түрімен, осы сағыздың өзімен, тура айтқанда бұрынғы, осыған дейінгі сағыз қорапшасымен салыстыруда. Бұны *ішпей салыстыру* деп тануға болады. Салыстыру әдісінің бағалаушылық қызметі өте зор екендігін барлық жарнамаларда дерлік қолданылуынан байқауға болады.

Көркемдегіш құралдардың бір түрі кейіптеудің жарнама мәтінін жасауда сирек кездесетінін жарнама мәтіндерін талдау барысында көз жеткіздік. «Кока-кола» сусынының: «Оян! Бүгін табиғат ұйқысынан тұрады. Махаббат пен жақсылықты оят! Жылу мен қуанышты оят! Наурызбен шаттық оянсын! «Coca-cola». Бақытыңа жол аш!» деген мәтінге құрылған жарнамасы тұнып тұрған кейіптеуге құрылған. «Бүгін табиғат ұйқысынан тұрады» деп адамдарға тән әрекетті табиғатқа теліді, сондай-ақ «Махаббат пен жақсылықты оят, Жылу мен қуанышты оят, Наурызбен шаттық оянсын» сөйлемдерінде де кейіптеу құбылыстары байқалады. Себебі адамдар ұйқысынан ояғандай табиғатты да, жақсылық пен шаттықты да, махаббат пен жылулықты да ұйқысынан оятады. Осы сусынның келесі жарнама мәтінде: «Аңызға айналған шыны бөтелке! Аңыздан дәм тат!» жарнама мәтінде «аңыздан дәм тат» қолданысы да кейіптеудің көрінісі. Аңызды оқуға болады, бірақ оны жеуге немесе ішуге болмайтыны анық. Аталған сусынның тағы бір жарнама мәтінде: «...Шаттыққа толы дәмі сергітеді, Нағыз мейрамның дәміне не жетеді?!» деп басталатын жарнама мәтіндегі «мейрамның дәмі» қолданысы да кейіптеудің үлгісі.

Жарнама мәтіндерінде бағалаушылық мәнді беруде *сөздің тура және ауыс мағыналарының* да қызметі кездеседі. Мәселен, «Чистая линия» кремнің жарнама мәтінде: «Байкал қорығында ерекше шөптер өседі. «Чистая линия» институтында біз ең бағалысын тандап алдық. Байкал томаға шөбі әжімдерге қарсы әрекет етеді. Мүк – жастықтың қайнар көзі. Осылардың қоспасымен біз жаңа «Чистая линия» 55 жастан кремдерін жасап шығардық. Күндізгі, түнгі және қабаққа арналған. Томаға шөп беттің терісін тартады, мүк теріге сінеді. «Чистая линия» фитотерапия – сіздің теріңіздің әдемілігі мен балғындығы. Бұл менің сүйікті кремім». Осы мәтіндегі «қайнар көзі» тіркесіндегі «көзі» ауыс мағынада тұр. Сондай-ақ бағалаушылық мәнді білдіретін сын есімдер: *ерекше, бағалы, сүйікті және қарсы әрекет етеді, тартады, сінеді* сынды етістіктер кездеседі.

Жарнамадағы мәнерлі және көлемді троптардың бірі – **метафора**. **Метафора** – жарнамалық мәтіннің бағалаушылық мәнін беруде айтарлықтай жиі қолданылатын негізгі мәнерлі тәсілдерінің бірі. Метафораны тілдік және көркемдік, жеке-авторлық деп бөлу кеңінен танымал. Кез-келген мәтін секілді жарнамалық мәтін өшірілген және бейнелі тілдік метафоралардан болуы мүмкін. ««Оливье» салатына майонез қажет, бірақ әдеттегідей емес, «Оливье»». «Оливье» - *салаттың патшасы*». Майонез маңызды тұлға ретінде келтіріледі, соның салдарынан ерекше дәмді салат дайындалады. *Салат патшасы* деген тіркестің өзі оң коннотация туғызады: «Оливье» майонезі – басқалардың ішіндегі үздігі (футбол патшасы, вальс патшасы т.б.). «Принцесса Нури» шәйінің жарнамасындағы бағалаушылық метафора прагматикалық түсінікті: ««Принцесса Нури» шәйі – *күн түйіршіктерінің қуаты*». Жарнамаланушы өнім шәйдің әрбір түйіршігін күнмен, сәуле қуатымен салыстырады. Күн бейнесі жарықпен, жылумен, жинақылықпен беріледі. Басқа маркаларды жарнама





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

жасаушылар сусынды әдетте, хош иісті, қанық тұнба мен кремет жқпар иісті деп ұсынады. Осы жарнама мәтінінің астарында жарнамаланатын тауардың маңыздылығы, қажеттілігі, өте бағалылығы ашық көрініп тұрады.

Жарнама мәтіндерінің авторлары жарнамаланатын өнімді айшықтау мақсатында оның жетістіктерін метафораға жақын болатын ұран-дербестеуді пайдаланады.

«Жарайсың, Балтимор»,

Тұздықты жақсы дайындайды!

Өзі неге келмеді?

Ол әркезде шақырылған қонақ.

«**Балтимор**» - қалаулы қонақ»,

Бұл жарнамада «Балтимор» тұздығы дербестеніп тұр. Оған адами қасиеттер беріліп тұр: жақсы ие, қалаулы қонақ. Жарнама жасаушылардың ойынша, өнімнің сапасы соншалықты жоғары, оған тірі зат ретінде қарайды: өзі неге келмеді?

«Comet» ұнтағының жарнамасы да дербестенеді.

««Comet» тазалағыш ұнтағы кез-келген кірді кетіреді; басқалардың күші жетпейтінді тазартады». «Comet» ұнтағы адамға тән сапамен берілген: **ол еңбекқор, жинақы, шаруашыл**».

Қанық үлгідегі дербестенуді «Я» шырынынан кездестіруге болады:

«*Бұл менің құрбым*, ал мына «Я» жұмсақ мәйегімен». Менде жемістер өте көп, яғни дәмі мен дәрумендері көбірек, сондықтан ол мені ешнәрсеге ауыстырмайды. «Я» шырыны. Сапасы өзі үшін сөйлейді».

Жандыны пайдалану оң эмоция тудырады, шырынды ешқашанда ешнәрсеге айырбастамайтын сүйікті адамымен салыстырады. Осы сапаларды елестете отырып, жарнамаланатын өнімнің атынан нәтижеге қол жеткізеді. Осы жарнаманың ұранында «сапа» түсінігі метафорланады, оған адами қасиеттер берілгеносы өнімнің сапасының жоғарылығы соншалықты, өзі үшін сөйлей алады.

Сарапталынған жарнамалық мәтіндердегі метафораларды метафоралық ауыспалығына байланысты шартты түрде бес топқа бөлуге болады:

**1. Антропоморфты метафора.** Донор-саласы «Адам» семантикалық саласы болып табылады. Метафоралық ауысу: адам – зат: «ФРИДЕРМ – Сіздің *шашыңыздың дәрігері*», «СУПРИМА-ЛОР – *денсаулығыңыздың серігі*», «ЦИТОВИР – вирустарды жеңуші», «Суыққа қарсы үштік. Басты рөлде: КСИМЕЛИН, БРОМГЕКСИН, ГЕВАДАЛ».

**2. Заттық метафора.** Донорлы саласы «Зат» семантикалық саласы болып табылады. Метафоралық ауысу заттан затқа ауысу түрінде жүреді: «ТРИОВИТ - Сіздің *қорғаушы қалқаныңыз!*», НИТРОМИНТ. Ауыру кезіндегі Сіздің құтқарушы шеңберіңіз».

**3. Физикалық метафора.** «Физикалық әлем» семантикалық саласы болып табылатын донор-сала. Метафорлық ауысу былай жүзеге асырылады:

1) табиғи құбылыстан затқа: «САНА-СОЛ. Денсаулық пен Күн», «АКТОВЕГИН – өмір қуаты»;

2) табиғи құбылыстан физиологиялық күйге: НИТРОМИНТ. Ауыру кезіндегі Сіздің құтқарушы шеңберіңіз». Әрі қарай жарнамада ауырудың толқыны жөнінде ақпарат беріледі (соңғы мысал – кейіптеу, заттан адамға метафоралық ауысу);

3) адамдармен жасалынған әрекеттен затқа: «ВУКА ВУКА. Белсіздікке африкалық тұрғыдан соққы беру», «КЛАРИСЕНС. Аллергияның кез-келген түріне қирата соққы беру», «ВИТРУМ – денсаулық жеңіл қадам басу».



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Сәтті шыққан антропоморфты, заттық және физикалық метафоралар анық және есте тез сақталынады. Олар жарнамаланып отырған зат жөнінде, оның қасиеті мен күтілетін емдік әсері жөнінде нақты-сезімтал түсінік береді, бірақ, басқа да шығармашылық табыстар секілді сирек кездеседі.

**4. Психикалық метафора.** «Психикалық әлем» семантикалық саласы болып табылатын донор-саласы. Метафоралық ауысу психикалық әлем нысанынан затқа ауысу арқылы жүзеге асырылады: «РИМАДИЛ. Шынайы жәрдем», «ОВЕСТИН – қарапайым шешім», «ЛОМИЛАН – онымен аллергияны ұмытасың, сенің қорғаушың».

Психикалық метафора жиі кездеседі, әйтседе, образдылығы азырақ, образды мағынаны жиі қолданғаннан сөз өшіріледі. Мәселе сонда, сәтті жолды таба отырып, жарнама оның сансыз санын бірақ рет пайдаланады. Осындай сүйікті метафоралардың бірі – «дәрі – мәселенің шешімі» - адресаттың назарын аударатын ешбір қасиеті болмаса да, әрбір екінші жарнамада қолданылады. Алайда психикалық метафора саласында өз орындары бар, мысалы: «МИЛАНА – Ресейдің нәзік секторы», «МУЛЬТИ-ТАБС – ақылды дәрумендер», «МАГНЕ В<sub>6</sub> – күнделікті үйлесім».

**5. Абстрактылы метафора.** «Абстракция» семантикалық саласы болып табылатын донор-саласы. Метафоралық ауысу абстрактылық түсініктен затқа ауысу арқылы жүзеге асырылады: «АКТОВЕГИН – өмір мәні», «ВИТАМАКС – өмірдің жаңа шегі».

Жоғарыда көрсеткеніміздей, метафоралық ауысулар жарнамада жалпы тілдік заңдылық бойынша іске асырылады: «Тектік және түрлік семаларды қалпына келтіру және потенциалды семаларды өзекті ету». Алайда жүйелі метафоралық ауысулар тілдік ауысулармен сәйкес келмейді. Тілде жүйелі ауысулар заттан психикалық әлемнің нысанына немесе абстрактылыққа ауысу болып табылады.

Жарнамалық метафора – жарнама затын жаңаша таныстыруға мүмкіндік беретін, оның жақсы жақтарын көрсететін, жарнамаланатын марканы есте сақтауға себеп болатын мықты мәнерлі тәсіл. Сондықтанда жарнамалық метафора көп жағдайда «фирманың айқай-ұраны» - жарнама ұранына орналастырылады.

Мәтіннің ерекше үндестігі онда **стилистикалық бояудың және эмоционалды-бағалауыштық лексиканың** болуының арқасында жасалады.

Жарнамалық мәтіндерде қолданылатын барлық экспрессивті-эмоционалды тәсілдер қатысымдық-прагматикалық мақсатпен тығыз байланысты бағалауыштық модальды береді. Эмоционалды-бағалауыштық әлеует арқылы лексика, стилистикалық тәсілдер және синтаксистік құрылымдар көмегімен жасалатын жарнамалық мәтіндегі бағалау мен эмоцияның семантикалық модальдық алаңы анық көрсетілген қатысымдық-прагматикалық бағытқа ие, адресатты сендіруге ұмтылу, нақты бір әрекетке тарту, жарнамаланатын өнімді алу немесе фирма қызметіне жүгіну. Жарнама жасаушылары жарнаманың негізгі тағайындауларын орындай отырып, негізгі сөздер, ұрандар мен кескіндер арқылы тілдің мәнерлі тәсілдері арқылы эмоционалдық деңгейде әрекет етуге тырысады.

### Әдебиеттер

1. Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки М., 1985. 232 с
2. Дымшиц, Михаил Наумович. Манипулирование покупателем./ М.: Омега – Л, 2004. – 252 с.
3. Тележарнамалардағы жарнама мәтіндері  
Оданова Сагира Амангелдиевна



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

**Оданова Сагира Амангелдіқызы**

Қазгосженпу, к.ф.н, профессор,

**Балабекова Катирша Шахмановна**

### Резюме

С периода года независимости в казахской лингвистике рассматривается языки рекламы. Потому что, в этом периоде наше республика перешла на капиталическое общество. Сейчас жизнь современного человека немислима без рекламного фона, который является все более очевидным, более активным и действующим. Реклама, проникшая и проникающая во все сферы общества, активно воздействует на его социальные институты и оказывает значительное влияние на социальное поведение живущих в нем людей.

Оценочное значение в языкознании отражается в разных языковых уровнях и служат для достижения целей коммуникантов. Самыми основными единицами, формирующих оценочное значение, являются **части речи. Имя прилагательное** – самый производный путь передачи оценочного значения в рекламах на казахском языке. Категории сравнительной степени имен прилагательных, лексические группы являются обладателями оценочного значения любого вида рекламы. В статье делается разбор на группы слов, которые считаются неотъемлемой частью общества, с оценочными значениями, сделанные с помощью имени прилагательного и были сделаны научные выводы.

**Odanova Sagira Amangeldiqyzy**

**Balabekova Katira Shakmanovna**

### Summary

Since the period of year of independence in the Kazakh linguistics it is considered advertizing languages. Because, in this period the republic passed ours to market society. Now life of the modern person is inconceivable without advertizing background which is more and more obvious, more active and acting. The advertizing which got and getting into all spheres of society actively influences its social institutes and has considerable impact on social behavior of the people living in it.

Estimated value in linguistics is reflected in the different language levels and are used to achieve the objectives of the communicants. The most basic units forming the **estimated value**, are part of speech. **Adjective** - the derived transmission path estimated value in advertizing in the Kazakh language. Categories comparative degree of adjectives, lexical group are owners of the estimated value of any kind of advertizing (+, -). The article is an analysis on a group of words, which are considered an integral part of society, with estimates made using the adjective and the findings were made by scientists.

**Keywords:** advertizing, ad text , the language of advertizing , television advertizing , estimated value , style.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АУА БАССЕЙІНІН ЖАҚСARTУ, АПТАП ЫСТЫҚТАН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЛАДА ҚАНДАЙ АҒАШТАРДЫ КӨБІРЕК ӨСІРУ КЕРЕК

### ВОПРОСЫ УЛУЧШЕНИЯ ВОЗДУШНОГО БАССЕЙНА АЛМАТЫ, ЗАЩИТА ОТ ЗНОЙНОЙ ЖАРЫ И КАКИЕ ДЕРЕВЬЯ СЛЕДУЕТ БОЛЬШЕ ВЫРАЩИВАТЬ В ГОРОДЕ

К.Н.Жайлыбай, б.ғ.д., профессор, Россия Жаратылыстану Академиясының академигі  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы  
E-mail: Vakobb@mail.ru

**Аннотация.** Алматы ауасын ластаушы негізгі көздердердің бірі- машиналар. Алматы қаласында 570 мың автокөлік тіркелген, ал қалаға күніне 170 мың автокөлік келіп кетеді. Солардың ішінде орташа есеппен 10500 машина қалада тәулік бойы қозғалыста болады және олардың двигателі 5250 сағат бойы жұмыс істеп тұрады. Яғни, бір тәулік ішінде 13125 литр жанармай жағылып, оған 39375 литр оттегі жұмсалынады (жағылады), ал бұл оттегімен 882-885 адам жыл бойы тыныс алар еді. Жетілген бір емен ағашының фотосинтезі процесінде жыл бойы шығарылған оттегімен 40-45 адам, ал аршаның шығарған оттегімен 20-25 адам тыныс алады. Сонымен бірге, емен ағашы 30-40 тонна, ал арша ағашы – 15-20 тонна шаңтозаңды залалсыздандырады. Сондықтан аталған ағаштарды Алматы қаласында көптеп өсіру керек, оларды үйде, балконда, офистерде, университеттер және мектептер аудиторияларда өсіруге болады.

**Кілттік сөздер:** Алматы қаласының экологиясы, ауасын ластаушы газдар, залалсыздандыру жолдары, емен, арша өсірудің арзан әдістемесі.

К.Н.Жайлыбай, д.б.н., профессор, академик РАН  
Казахский государственный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы.  
E-mail: Vakobb@mail.ru

**Аннотация.** Одним из основных источников, загрязняющие атмосферы являются легковые и грузовые автомобили. В г. Алматы зарегистрирован 570 тыс. автомобилей, ежедневно в город приходит и уходит 170 тыс. машин. Из них в среднем 10500 автомобилей находится в состоянии круглосуточного движения и их двигатели работают в течение 5250 часов. В течение суток сжигаются 13125 литров горючего и на это расходуются 39375 литров кислорода. Этим кислородом может дышать 882-885 человек в течение года. Выделенные одним взрослым дубом в процессе фотосинтеза кислородом могут дышать 40-45 человек, выделенные можжевельником кислородом может дышать 20-25 человек в течение года. Кроме того, дуб нейтрализует 30-40 тонны, а можжевельник- 15-20 тонны пыли, вредных газов. Поэтому названных деревьев следует больше выращивать в городе, их можно выращивать в домиках, на балконе, в офисах, в аудиториях университетов и школ.

**Ключевые слова:** экология г. Алматы, загрязняющие атмосферы газы, пути нейтрализации этих газов, самый дешевый способ выращивания дуба, можжевельника и других деревьев.

### ISSUES OF AIR QUALITY IMPROVEMENT IN ALMATY, PROTECTION FROM THE SWELTERING HEAT AND WHICH TREES SHOULD BE GROWN IN THE CITY

K. N. Zhailybay, Grand PhD in biological sciences, Professor,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

academician in Russian Academy of Natural History,  
Kazakh State Women's Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan  
E-mail: Bakobb@mail.ru

**Annotation.** One of the major sources of atmospheric pollutants are cars and trucks. 570 thousand of cars are registered in Almaty. 170 thousand of cars are daily come and leave the city. Of these, about 10,500 vehicles are in a state of the round the clock movement and their engines operate for 5,250 hours. During the day, 13,125 litres of fuel are combusted, and 39,375 litres of oxygen is consumed for this. 882-885 people can breath this oxygen during the year. In the course of the photosynthesis process, one mature oak tree can produce oxygen than can be breathed by 40-45 people, oxygen produced by juniper can be breathed by 20-25 people during the year. Furthermore, oak neutralizes 30-40 tons, and juniper - 15-20 tons of dust and harmful gases. Therefore, these trees should be grown in the city in large quantities. They can be grown in the houses, on a balcony, in offices, in the classrooms of universities, and in schools.

**Keywords:** ecology, Almaty, polluting gases of the atmosphere, ways of the neutralization of these gases, the cheapest way of growing oak, juniper, and other trees.

Қоршаған ортаның кейінгі кезеңдердегі ең күшті өзгерістерінің бірі- *биосфераның әлемдік жылынуы*, яғни атмосфераның және гидросфераның біртіндеп, бірақ үздіксіз жылынуы. Бұл ғылымда және қоғамдық пікірде дәлелденген факт. БҰҰ мамандарының мәліметі және біздің пікіріміз бойынша, климаттың әлемдік жылынуының негізгі себептері [1,2,3] :

*Біріншіден*- бұл адамзаттың тіршілік әрекеті нәтижесі. Адам баласы өндірісті, техниканы, транспортты зор қарқынмен дамытты, ауыл шаруашылығы интенсивтендірілді. Нәтижесінде атмосфераға “жылыжай эффекті” беретін CO<sub>2</sub>, улы СО газдары, метан, күкірт пен азот оксидтері және басқада зиянды газдар заводтар мен жылу электростанциялары трубаларынан, автокөліктерден орасан көп мөлшерде шығарылуда. Мысалы, 1960-1990 жылдары ішінде ауаға шығарылған CO<sub>2</sub> және басқа газдар мөлшері 13%-ға артқан, 1991-2014 жылдары бұл процесс 2-4 есеге күшейген. Кейінгі кезеңдерде дүниежүзі бойынша тәулігіне 4,5 млрд. тонна жанармай жағылады екен. Бұл биосфераның әлемдік жылынуын күшейте түсуде және де ауаны ластауда. Ал, ластанған ауа планетамызда жылына 7 млн. адамның өліміне себепкер болуда, ал жануарлар мен жәндіктерге, өсімдіктерге тигізген зиянды әсері жөнінде мәліметтер жоқ. Қыс айларында (2015 ж. желтоқсан), үлкен мегаполис қалаларда, мысалы Римде, Миланда улы тұман (*смог*) байқалды, ал Пекинде, Қытайдың солтүстігінде ауаның ластануы қалыпты деңгейден 10-20 есе жоғары болды, улы тұманның ұзақ сақталуына сәйкес ауаның ластануының «*сары, қызғылт деңгейі*» жарияланды. Қыс айларында Алматы қаласының ауа бассейнінде де түтінді тұман жиі болады.

Алматы қаласында ауа бассейнін ластаушы негізгі көздердің бірі- автокөліктерден шығарылатын улы газдар. Қазақстан бойынша 5 млн. 755 мың жеңіл автокөлік, ал Алматы қаласында 570 мың автокөлік тіркелген. Сырттан Алматыға күніне 170 мың автокөлік келіп кетеді. Соның ішінде орташа есеппен 10500 көлік қала ішінде тәулік бойы қозғалыста болады. Олардың әрқайсысы қозғалыста болып, әрі кептелісте 30 мин. тұрып қалса, аталған көліктердің двигателі 5250 сағат бойы жұмыс істеп тұрады. Яғни, бір тәулік ішінде 13125 литр жанармай жағылып, оған 39375 литр оттегі (O<sub>2</sub>) жұмсалынады (жағылады), ал бұл оттегімен 882-885 адам жыл бойы тыныс алар еді. Алматы қаласында ағаштар көп өсіріледі,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

қала жасыл желекке бөленген. Дегенмен қалада қандай ағашты өсімдіктерді көбірек өсіру керек?

Жетілген бір емен өсімдігінің биіктігі 40-50 м болады, және ол 1000-1500 жыл өмір сүреді. Жетілген бір еменнің фотосинтезі процесінде жаз бойы шығарылған оттегі мөлшері 40-45 адамның жыл бойы, ал өсіп тұрған 1000 түп еменнің шығарған оттегімен 45000 адамның жаз бойы тыныс алуына жетеді екен. Сонымен қатар бір емен ағашы жыл бойы 30-40 тонна шаң-тозаңды залалсыздандырады және көктемнен күзге дейін микробтардың өсіп дамуын тежейді, немесе жояды екен.

Арша биіктігі 10-25 м болатын, 300-800 жыл өмір сүретін ағашты өсімдік. Жетілген бір аршаның шығарған оттегі мөлшері 20-25 адамның бір жыл тыныс алуына жетеді екен. Сонымен қатар арша бір жыл ішінде 15-20 тонна шаң-тозаңды залалсыздандырады. Сондықтан, емен және арша ағаштары қалалардың, әсіресе Алматы қаласының көшелерінде, парктерінде, скверлерінде көптеп егіліп өсірілгені жөн. Арша мен еменді үйде балконда, офистерде, университеттер мен мектептердің аудиторияларында 1-1,5 м биіктікке жеткенше өсіруге болады, ал бұл ағаштар бөлмелердің ауасын тазартады, микробтардың өсіп дамуын тежейді немесе жояды. Біздің зерттеу нәтижелеріне қарағанда, студенттер, оқушылар көп болатын аудиторияларда, клиенттер көп болатын офистерде микробтар споралары және вирустар көбірек болады екен. Арша, емен ағаштарымен қатар акация, үйеңкі, бозарша (туя), терек т.б. ағаштарын өсіру керек. Сосын аталған ағашты өсімдіктерді далаға (топыраққа) отырғызуға болады (1,2 суреттер).

Алматы қаласына жаз айларында ыстық ауа (40-47<sup>0</sup>С) батыстан, табаны ашылған Үлкен Аралдан, оның маңайындағы құмдардан, және Жезқазған жақтан келеді. Сондықтан Алматы қаласымен Алтын Орда базары арасында 100 қатар, немесе оданда көп қатар емен, арша, бозарша (туя), акация, үйеңкі, терек ағаштары өсірілсе. Үйеңкі, қарағаш және терек ағаштарының арасы 5 метрден, осы ағаштар арасына арша, емен, бозарша, акация отырғызылса (олардың арасы 1,5 метрден). Мұндай қатарлап өсірілген ағаштар тізбегі тау етегінен басталып, 1-Алматының солтүстігіне қарай дуга болып жалғастырылса. Осылай өсірілген ағаштар тізбегі Алматыға Арал теңізі жақтан келетін аптап ыстық ауаға барьер, кедергі болар еді. Үйеңкі, қарағаш және терек ағаштары тез өседі, сондықтан олар әдепкіде баяу өсетін емен, арша, бозарша (туя), акация ағаштарына көлеңке болып, олардың дұрыс өсуіне қолайлы микроклимат қалыптастырады [2,3,4,5].



1 сурет. Үйдегі балконда (3 этаж) өсірілген арша (горшоктарда), үйеңкі (үлкен баклажкада), арша (бірінші қатардағы стаканчиктерде), емен (екінші қатардағы стаканчиктерде).



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU



2 сурет. Үйдегі балконда өсірілген арша өсімдігі

Осындай әдіспен аталған ағаштарды Алтын Орда базары мен Қаскелең кенті арасында, Қаскелең мен Ұзынағаш қалашықтары арасындада отырғызып өсірген жөн. Осылай өсірілген ағаштар тізбегі Алматыға Арал теңізі жақтан келетін аптап ыстық ауаға (42-47<sup>0</sup> градус) барьер, кедергі болар еді.

Сонымен қатар, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда қалаларында ағаштарды осылай, жоғарыда көрсетілген тәсілмен өсірген жөн және осы қалалар әкімшіліктерімен келісімге келу керек.

Емен және арша өсімдіктерін тұқымынан өсіру әдістемелері [2,3,4,5]:

**Емен тұқымдарын жинау, егуге дайындау, егу.** Емен негізінен тұқымы арқылы көбейеді. Сәуір-мамыр айларында гүлдеп, қыркүйек-қазан айларында жеміс береді. Тұқымы жаңғақ, оны қыркүйек айында, жауын-шашын аз болып, ауа, топырақ құрғақ болған кезде жинаған дұрыс. Емен жаңғағын жинағанда оның қабығының шытынамағаны дұрыс. Шытынаған жағдайда ол жерлерге микробтар түсіп, ылғал болған жағдайда тұқымдарды шірітеді. Жиналған жаңғақ тұқымы 10-15 күн “жатып сақталуы” керек, сосын егуге болады (3 сурет).



3 сурет. Емен өсімдігінің тұқымы – жаңғақ.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

**Тұқымдарды егу.** Бұл үшін бір рет пайдаланатын (одноразовый) стакандар алынып, біреуінің түбін шприцтік инемен немесе бізбен теседі (3-5 рет), ал екіншісі тесілмейді. Тесілген стаканды тесілмеген стакан ішіне кигізеді, сосын көң араластырылған топырақпен, дұрысы гүлдер өсіруге арналған қара топырақты жергілікті топырақпен араластырып (ара қатнасы 1:1) толтырады, шамалы нығыздайды (гүл өсіруге арналған топырақтың сипаттамасы төменде келтірілген, қараңыз). Әрбір стаканға емен жаңғағы 3-ден себіледі. Беті топырақпен жабылады, бірақ тұқым тереңге түспеуі керек, беті жабылса болды, тереңдігі 0,8-1 см, сосын жаймен су құйылады. Топырақ тұрақты түрде ылғалды болуы керек, сонымен бірге тұқымның өнуі үшін оттегіде қажет. Ол үшін 1 күн өтіп, 2-ші күні әрбір стакандар суарылады, бірақ су көп құйылмауы керек. Нәтижесінде стакандағы топырақ ылғалды болады, әрі арасына ауа кіріп, бөрткен тұқымдар оттегімен қамтамасыз етіледі. Егілген емен тұқымы 40-65 күнде таяқша болып шығады. Бір мезгілде егілген жағдайдың өзінде әрбір стакандағы емен жаңғағы әртүрлі уақытта (45-80 күн аралығында) шығады және өсу жылдамдығы әртүрлі болады (4,6,7,8 суреттер).

Стакандарды толтыратын топырақ гүлді және басқа өсімдіктерді өсіруге пайдаланылатын әмбебап (универсальды) қоректік грунт, оның құрамы: төменгі және жоғарғы торфқа құм, керамзитті дренаж, доломитті ұн араластырылған, микроэлементтері бар комплексті минералды тыңайтқыштар қосылған. Топырақтағы өсімдіктерге сіңімді қоректік элементтер мөлшері (мг/кг): N- 350 мг/кг, P<sub>2</sub>O<sub>5</sub>- 300 мг/кг, K<sub>2</sub>O- 450 мг/кг. Осы топырақты жергілікті топырақтармен салмағы немесе көлемі бойынша 1 : 1. есебімен араластырып, стакандарды, горшоктарды, баклашкаларды толтырып, емен, арша, үйеңкі, бозарша (туя), акация ағаштары тұқымдарын егіп өсіруге болады.

**Стакандардағы емен өскіндерін күтіп-баптау.** Күтіп-баптау шаралары – негізінен суару. Екі күн өтіп, 3-ші күні стакандағы өскіндер аздап суарылады. Егер стакандарға су көбірек құйылса емен тамырларына ауа жетіспегендіктен әлсіреп ауруға шалдығады, сосын өледі. Әрбір стаканға егілген, еменнің 3 жаңғақ тұқымының барлығы түгел шыға бермейді. Өйткені тұқымдардың табиғи жағдайдағы физиологиялық қасиеті, шығымдылығы әртүрлі. Сондықтан тұқым себілген стакандардың кейбіреулерінде бір өскіннен, көпшілігінде екеуден, аз бөлігінде 3-ден шыққан. Өскіндер шыққан стакандар терезеге жақын, күн сәулесі түсетін жерде столға орналастырып, қыс бойы күтіліп бапталады (4 суреттер). Осы әдістеме арқылы өте көп мөлшерде емен өскіндерін өсіріп дайындауға болады (4,6,7,8 суреттер) және бұл өте арзанға түседі.







4 сурет. Емен тұқымы әрбір стаканға үшеуден себілген жағдайда өніп шыққан өскіндер

**Аршаның тұқымдарын жинау және егу.** Аршаның жеміс бүрі жидек пішіндес немесе шар тәріздес, 4-6 жапырақша бірігіп өскен, әрбір жапырақша түбінде бір дән бар. Ішіндегі дәні (тұқымы) қыркүйек айында піседі. Жеміс бүрі әдепкіде көкшілдеу болады (5 сурет, 1). Тұқым піскен кезде жапырақшалар қоңыр түсті болады да, жапырақшалар ашылып (5 сурет, 2), дәндер (4-5 тұқым) жерге түсіп шашылады. Сосын оны жинап алу өте қиын, өйткені дәндердің түсі топырақ тәріздес әрі майда (5 сурет, 3). Сондықтан жеміс бүрі жапырақшалары ашылмай тұрғанда, шамалы қоңырқай түсті болғанда, қыркүйек, қазан айларында жинайды. Жиналған тұқым жетіліп піскенше 10 күн “*жатып сақталуы*” керек, сосын егуге болады.



5 сурет. Арша өсімдігінің жеміс бүрі (1), ашылған жеміс бүрі жапырақшалары (2) және тұқымы (3)



6 сурет. Стакандарға бір мезгілде себілген емен тұқымынан әртүрлі сандағы және

деңгейдегі (биіктіктегі) өскіндер өсіп шығады

**Тұқымдарын егу.** Бұл үшін бір рет пайдаланатын (одноразовый) стакандар алынып, біреуінің түбін шприцтік инемен немесе бізбен теседі (3-5 рет), ал екіншісі тесілмейді. Тесілген стаканды тесілмеген стакан ішіне кигізеді, сосын көң араластырылған топырақпен, дұрысы гүлдер өсіруге арналған қара топырақты жергілікті топырақпен араластырып (ара қатнасы 1:1) толтырады, шамалы нығыздайды. (Гүлдер өсіруге арналған қара топырақ магазиндерде (базарларда) сатылады, және ол арзан). Әрбір стаканға арша тұқымы бесеуден себіледі; Беті топырақпен жабылады, бірақ тұқым тереңге түспеуі керек, беті жабылса болды, тереңдігі 0,8-1 см, сосын жаймен су құйылады. Топырақ тұрақты түрде ылғалды болуы керек, сонымен бірге тұқымның өнуі үшін оттегіде қажет. Ол үшін 2 күн өтіп, 3-ші күні әрбір стакандар суарылады, бірақ су көп құйылмауы керек. Нәтижесінде стакандағы топырақ ылғалды болады, әрі арасына ауа кіріп, бөрткен тұқымдар оттегімен қамтамасыз етіледі. Егілген арша тұқымы 40-45 күннен кейін екі ұрық жапырақты болып шығады (5,7,8 суреттер). **Өскіндерді күтіп-баптау.** Әрбір стаканға егілген аршаның 3-5 тұқымының барлығы түгел шыға бермейді. Өйткені тұқымдардың табиғи жағдайдағы физиологиялық қасиеті, шығымдылығы әртүрлі. Сондықтан тұқым себілген стакандардың кейбіреулерінде бір өскіннен, көпшілігінде екеуден, аз бөлігінде 3-5-ден шыққан (6,7,8 суреттер). Өскіндер шыққан стакандар терезеге жақын, күн сәулесі түсетін жерде столға орналастырып, қыс бойы күтіліп бапталады.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



İKSAD

www.iksad.org


kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU



7 7 сурет. Арша тұқымы әрбір стаканға бесеуден себілген жағдайда өніп шыққан өскіндер



сурет. Арша тұқымын өте көп мөлшерде өскіндерді осылай көптеп

8

өсіруге болады.

Күтіп-баптау шаралары – негізінен суару. Үш күн өтіп, 4-ші күні стакандағы өскіндер аздап суарылады (7 сурет). Егер стакандарға су көбірек құйылса арша тамырларына ауа жетіспегендіктен әлсіреп ауруға шалдығады, сосын өледі.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Жайлыбай К.Н., Нұрмаш К.Н. Биологиялық экология (Оқулық). Алматы: Қыздар университеті. 2016.- 516 бет.
2. Жайлыбай К.Н. Емен, арша, акация, үйеңкі, бозарша, сирень өсірудің ең арзан әдістемесі және жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеу. Алматы: Эверо. 2016.- 56 бет.
3. Жайлыбай К.Н. Біздің мақсатымыз Елбасының “жасыл белдеу” идеясын жастар арқылы жүзеге асыру // “Айқын” газеті. 15.03.2014, № 46.
4. Жайлыбай К.Н. Үйеңкі- емен- арша- терек (Алматы айналасына ағаштар осы реттілікпен орналастырылса шаһардың ауа бассейні әдеуір жақсарар еді) // “Алматы ақшамы” газеті, 2016, 18.08, № 96.
5. Жайлыбай К.Н. Алматы қаласының ауа бассейнін жақсарту мәселелері және қалада қандай ағаштарды көбірек өсіріу керек //Жаратылыстану: химия, биология, география, биотехнология, экология салаларындағы ғылым мен білімнің заманауи даму процестері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Алматы: Қыздар университеті (25-26 қараша 2016 ж.). Алматы: Ғылым.- 2016.- Б.261-267.



ӘОЖ 633.18 / UDC 633.18 (035.3)

**КҮРІШ СОРТТАРЫНЫҢ ФОТОСИНТЕТИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТІ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ДӘН ӨНІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

**PHOTOSYNTHETIC ACTIVITY OF RICE CULTIVARS AND FORMATION OF HIGH GRAIN YIELDS**

К.Н.Жайлыбай, б.ғ.д., профессор, Россия Жаратылыстану Академиясының академикі;

Г.К.Жайлыбаева, б.ғ.к., доцент

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы,

E-mail: Bakobb@mail.Ru

K. N. Zhaylybay, Grand PhD in biological sciences, Professor, G. K. Zhaylybaeva, PhD in biological sciences, Associate Professor  
*Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

**Аннотация.** Күріш егісі - өздігінен реттелетін динамикалық агроценоз. Жоғары агрофонда егістің қалыңдығына және қоректену алаңына байланысты күріш өсімдігінің бір-біріне әсері өзгереді. Бұл өзгерістер сорттардың архитектуралық пішініне, фотосинтез интенсивтілігі мен өнімділігіне және басқа да физиологиялық, генетикалық ерекшеліктеріне байланысты. Егістіктің (агроценоздың) әртүрлі қалыңдығына байланысты фотосинтетикалық әрекеті (қызметі) мен өсу процестері өзгереді, бұл дән өнімі мөлшеріне және сапасына әсер етеді. Осыған сәйкес, орта бойлы, жіңішке, тік жапырақты (Кубань 3, Краснодарский 424, Дубовский 129) және орта бойлы, ірі жапырақты (4-15, Кызылординский 5, КзРОС 356, Маржан) сорттары мен үлгілері қоректену алаңы және тыңайтқыштар мөлшеріне байланысты зерттелді.

Дән өнімі (Өшар, ц/га) мөлшері мен фотосинтездің таза өнімділігі (Фтө, г/м<sup>2</sup> тәулік) көрсеткіші арасында белгілі деңгейде байланыс бар. Атап айтқанда, жоғары өнімді агроценозда және тыңайтқыштар дозасы оптимальды (N160-180P120 кг/га э.з.) болып, күріш егістігіндегі жапырақ алаңы (ЖА, мың м<sup>2</sup>/га), фотосинтетикалық потенциал (ФП, млн. м<sup>2</sup>тәулік/га), биомасса (Өбиол, ц/га) жоғары, бірақ қолайлы мөлшерде болғанда Фтө көрсеткішінің 5,18-6,03 г/м<sup>2</sup>тәулік деңгейінен 6,71-8,05 г/м<sup>2</sup>тәулік деңгейіне дейін артуы күріш сорттарының дән өнімін күрт арттырады. Тыңайтқыштар жоғары дозада (N240P180 кг/га э.з.) берілгенде күріш дақылы биік болып өсіп (135-145 см), ертерек, дән сүттену-қамырлану фазасында жатып қалады да, толыспаған, семік дәндер саны көбейеді. Бұл жағдайда жалпы биомасса мөлшері артқанымен дән өнімі төмендейді әрі сапасы нашарлайды.

**Түйін сөздер:** күріш, агроэкологиялық факторлар, күріш сорттарының фотосинтетикалық әрекеті, фотосинтетикалық потенциал, биологиялық өнім, фотосинтездің таза өнімділігі, фотосинтездің шаруашылық тиімділігі.

**Annotation.** Rice crops are self-regulating dynamic agrocenosis. At high agricultural background, plant density, and feeding areas, the mutual influence of plants in crops is varying. These changes are associated with architectonics of plants, the rate of photosynthesis and other physiological and genetic characteristics of rice cultivars. With the change of plant density and the feeding area,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

indicators of photosynthetic activity and growth processes are also changing. This had a significant effect on yield and grain quality. In this regard, the medium-grown and narrowleaf cultivars were studied (Kuban 3, Krasnodar 424, Dubovskiy 129) and the large-leaved cultivars and samples of rice (Marzhan, KzROS 356, Kyzylordinskiy 5, 4-15) at different feeding areas, dose of methods of fertilizer distribution.

There is a certain relationship between the grain yield ( $Y_{econom.}$ , q/ha) and net photosynthetic productivity ( $Ph_{n.pr.}$  g/m<sup>2</sup>day). Thus, at high-productive crops and the optimal dose (N160-180R120 kg/ha rate of application) of fertilizer, the large area of leaves (AL, thousand m<sup>2</sup>/ha), strong photosynthetic potential (PhP, mln. m<sup>2</sup>/day), high biomass ( $Y_{biol.}$ , q/ha) are formed. Under such conditions, increase in net photosynthetic productivity ( $Ph_{n.pr.}$  g/ m<sup>2</sup>day) per one unit, i.e., from 5.18-6.05 g/m<sup>2</sup>day to the level of 6.71-8.05 g/m<sup>2</sup>day sharply increases grain yield of rice cultivars. When applying a high dose (N240R180 kg/ha rate of application), the rice grows high (135-145 cm), early lodges, the number of shrivelled and empty grains increases, grain yield and its quality decreases, while the total biomass ( $Y_{biol.}$ , q/ha) is greatly increasing.

**Keywords.** Rice, agro-ecological factors, photosynthetic activity of rice cultivars, photosynthetic potential, biological yield, net photosynthetic productivity, economic efficiency of photosynthesis.

Күріш егісі - өздігінен реттелетін динамикалық агроценоз. Жоғары агрофонда егістің қалыңдығына және қоректену алаңына байланысты күріш өсімдігінің бір-біріне әсері өзгереді. Бұл өзгерістер сорттардың архитектуралық пішініне, фотосинтез интенсивтілігі мен өнімділігіне және басқа да физиологиялық, генетикалық ерекшеліктеріне байланысты. Егістіктің (агроценоздың) әртүрлі қалыңдығына байланысты фотосинтетикалық әрекеті (қызметі) мен өсу процестері өзгереді, бұл дән өнімі мөлшеріне және сапасына әсер етеді [1,2]. Осыған сәйкес, орта бойлы, жіңішке, тік жапырақты (Кубань 3, Краснодарский 424, Дубовский 129) және орта бойлы, ірі жапырақты (4-15, Кызылординский 5, КзРОС 356, Маржан) сорттары мен үлгілері қоректену алаңы және тыңайтқыштар мөлшеріне байланысты зерттелді.

**Жапырақ алаңы, фотосинтетикалық потенциал және биологиялық өнімі.** Күріш үлгілері мен сорттарының ЖА мен биомасының (Өбиол.,ц/га) қалыптасу сипаты қоректену алаңы мен тыңайтқыштар мөлшеріне байланысты көп өзгереді [1,2]. Тыңайтқыштар қолайлы мөлшерде (N180P120 кг/га) берілгенде жапырақ алаңының (ЖА-ның, мың м<sup>2</sup>/га) қалыптасу динамикасы қоректену алаңына байланысты – бір төбелі қисық сызық. Әдепкі кезде жапырақ алаңының ауданы мөлшері тез өсіп қалыптасады, ең жоғары деңгейі масақтану кезеңіне сәйкес, сосын төменгі жапырақтардың сарғайып, өлуіне байланысты жапырақтың жалпы алаңы (ЖА, см<sup>2</sup>) біртіндеп кішірейеді. Күріштің ірі жапырақты үлгілері (4-15, Кызылординский 5, КзРОС 356) 100, 300 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде бір өсімдікке есептегенде үлкен жапырақ алаңын (ЖА, см<sup>2</sup>) қалыптастырып, жоғары биомасса (Өбиол, г) құрайды. Ал, қоректену алаңы кішірейіп, өсімдік тығыздылығы артқанда (яғни, 500, 700 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде) жапырақ алаңы ауданы көп кішірейеді. Жіңішке жапырақты сорттарда бұл көрсеткіштер - орташа деңгейде (1,2 суреттер).

Орта бойлы, жіңішке, тік жапырақты сорттар егістігінде бір өсімдіктің ЖА (см<sup>2</sup>) ауданының максималды деңгейі 300 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде байқалды, ал егістік тығыздылығы артқанда - кішірейеді (1 сурет). Соған қарамастан, егістіктегі өсімдіктер тығыздылығы артқанда (500, 700 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде) агроценоздың жапырақ алаңы ауданы (ЖА, мың м<sup>2</sup>/га), ФП (млн. м<sup>2</sup> тәулік/га), жалпы биомасса (Өбиол, ц/га) көп мөлшерде артты. Күріштің Кубань 3, Краснодарский 424 сорттары егістігінде ең көп мөлшерде биомасса



# AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD


www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

құралы 500, 700 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде байқалса, Дубовский 129 сорты бойынша – 300,500 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде байқалды 1,2 суреттер). Орта бойлы, жіңішке жапырақты сорттардың ең жоғары дән өнімі (Өшар, ц/га) 500, 700 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде қалыптасты: Кубань 3 сорты бойынша – ЖА ауданы 53,7-78,8 мың м<sup>2</sup>/га, ФП – 2712-4286 мың м<sup>2</sup> тәулік/га; Краснодарский 424 сорты бойынша ЖА ауданы 76,3-85,4 мың м<sup>2</sup>/га, ФП – 3853-4313 мың м<sup>2</sup> тәулік/га; Дубовский 129 сорты бойынша жапырақ алаңы (ЖА) 57,3-57,7 мың м<sup>2</sup>/га, ФП – 2538-2646 мың м<sup>2</sup> тәулік/га болғанда қалыптасты. Аталған сорттар агроценозында өсімдіктер өте тығыз болғанда (900 дана/м<sup>2</sup>) ЖА ауданы және ФП мөлшерінің артуы дән өнімін төмендетті (3 сурет). Ірі жапырақты күріш үлгілері егістігінде басқаша заңдылықтар байқалды. Аталған күріш үлгілерінің бір өсімдікке есептелген ЖА (см<sup>2</sup>) ауданының ең жоғары деңгейі 100, 300 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде байқалады, ал егістіктегі өсімдіктер тығыздылығы артқанда ЖА ауданы кішірейеді. Ірі жапырақты 4-15, Кызылординский 5, КзРОС 356 үлгілері егістігінің ассимиляциялаушы ЖА ауданы (мың м<sup>2</sup>/га) мен ФП қуаттылығының (млн. м<sup>2</sup> тәулік/га) ең жоғары деңгейі 300, 500 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде байқалды, ал егістіктегі өсімдік тығыздылығы артқанда бұл көрсеткіштер деңгейі төмендейді. Сонымен, ірі жапырақты үлгілерінің бір өсімдікке есептегенде ең жоғары биомасса (Өбиол, ц/га) 100, 300 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде байқалды. Агроценозда өсімдіктер тығыздылығы артқан жағдайда ірі жапырақты күріш үлгілері егістігінде өсімдіктердің бір-біріне қолайсыз ценодикалық әсері күшейе түседі. Сондықтан 700, 900 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілген тығыз егістікте ірі жапырақты үлгілерінің бір өсімдігінің жалпы биомассасы (Өбиол, ц/га) көп төмендеді (1,2 сурет).



1 сурет. Күріштің орта бойлы сорттары мен үлгілерінің коректену алаңы және тыңайтқыштар дозасына байланысты бір өсімдіктің жапырақ алаңының (ЖА, см<sup>2</sup>) қалыптасу динамикасы.

Белгілер: 0- N0P0, 700


дана/м<sup>2</sup>; 1- N180P120 кг/га, 100 дана/м<sup>2</sup>; 2- N180P120 кг/га, 300 дана/м<sup>2</sup>; 3- N180P120 кг/га, 500 дана/м<sup>2</sup>; 4- N180P120 кг/га ә.з., 700 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілген.

**Фотосинтездің таза өнімділігі (Фтө, г/м<sup>2</sup>тәулік) және шаруашылық тиімділігі (Кшар, %).** Ассимиляциялаушы жапырақ алаңының жалпы биомасса және дән өнімін



құраудағы фотосинтез активтілігін және өнімділігін сипаттайтын көрсеткіш бұл фотосинтездің таза өнімділігі ( $\Phi_{тө}$ , г/м<sup>2</sup> тәулік). ЖА ауданы мен  $\Phi_{тө}$  арасында коррелятивтік байланыс бар. Жапырақ алаңы ұлғайып, ФП қуаттылығы артқанда  $\Phi_{тө}$  деңгейі төмендейді [1,2].

Біздің зерттеулеріміз бойынша (3 сурет), тыңайтқыштар оптималды мөлшерде (N180P120 кг/га ә.з.) беріліп, ЖА ауданы мен ФП деңгейі артқанда және егістіктегі өсімдіктер тығыздылығы жиілігіне сәйкес  $\Phi_{т.ө}$  мөлшері азаяды. Дегенмен, орта бойлы, жіңішке, тік жапырақты Кубань 3, Краснодарский 424, Дубовский 129 сорттарының  $\Phi_{тө}$  көрсеткіші агроценоздың әртүрлі тығыздылығында жоғары деңгейде болады. Яғни, 500, 700 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілген мөлтек тәжірибелерде (тәжірибе алаңы 5 м<sup>2</sup>) аталған сорттардың  $\Phi_{тө}$  деңгейі салыстырмалы тұрғыда жоғары – 6,71-9,03 г/м<sup>2</sup> тәулік мөлшерінде болды, ал дән өнімі мөлтек тәжірибеде – 92,8-107,8 ц/га, далалық тәжірибеде – 46,3-53,8 ц/га деңгейіне жетті. Ірі жапырақты күріш үлгілерінің (4-15, Кызылординский 5) жоғарыдағыдай, яғни 500, 700 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілген егістігінде  $\Phi_{тө}$  - 6,02-7,66 г/м<sup>2</sup> тәулік мөлшерінде болып, дән өнімі мөлтек тәжірибеде 80,4-93,2 ц/га, далалық тәжірибеде-40,2-45,4 ц/га деңгейінде болды, яғни дән өнімі – 6,1-8,4 ц/га төмен болды. Сонымен, үлкен ЖА, қуатты ФП қалыптасқанда  $\Phi_{тө}$  көрсеткішінің салыстырмалы тұрғыда жоғары болуы мол дән өнімін құраудың негізгі себептерінің бірі (3 сурет).



Анықтау кезеңдері

2 сурет. Күріштің орта бойлы сорттары мен үлгілерінің қоректену алаңы және тыңайтқыштар дозасына байланысты бір өсімдік биомассасының жинақталу қарқындылығы.

Белгілер: 0- N0P0, 700 дана/м<sup>2</sup>; 1- N180P120 кг/га, 100 дана/м<sup>2</sup>; 2- N180P120 кг/га, 300 дана/м<sup>2</sup>; 3- N180P120 кг/га, 500 дана/м<sup>2</sup>; 4- N180P120 кг/га ә.з., 700 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілген.


Ірі жапырақты үлгілердің (4-5 Кызылординский 5)  $\Phi_{т.ө}$  көрсеткішінің жоғары деңгейі сирек (100 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілген) егістікте байқалды. Егістіктегі өсімдіктер





тығыздылығы артқанда  $\Phi_{т.ө.}$  әсіресе 4-15, Кызылординский 5, КзРОС 356 үлгілерінде күрт төмендеді, өйткені олардың жапырақтары ірі әрі доға тәрізді иілген (3 сурет).

Фотосинтездің шаруашылық тиімділігінің (Кшар, %) артуының практикалық маңызы үлкен, өйткені бұл көрсеткіштің деңгейі дақыл генотипіне және сортына, егістіктегі өсімдіктер тығыздылығына, агрофон мөлшеріне және басқа да өсіру технологиясы деңгейіне байланысты көп өзгереді [1,2,3,4]. Мысалы, зерттелінген үлгілер мен сорттардың Кшар коэффициенті 100 дана/м<sup>2</sup> тұқым себілгенде ең жоғары деңгейде болды, ал егістіктегі өсімдіктер тығыздылығы артқанда көп төмендеді. Яғни, агроценозда өсімдіктер тығыздылығы артқанда олардың бірін-бірі көлеңкелеуі, басқада ценотикалық қолайсыз жағдайлар күшейе түседі де, өсімдіктің вегетативті және репродуктивті мүшелерінің арасында органикалық заттардың бөлінуі өзгереді. Ассимиляциялаушы жапырақ алаңы үлкен болып қалыптасып, агроценоз ішінде жарықтың нашарлауы, азаюы,



3 сурет. Қоректену алаңына және тыңайтқыштардың оптимальды агрофонында күріш сорттары мен үлгілерінің фотосинтетикалық әрекеті көрсеткіштерінің өзара әсерлесуі.

Белгілер: 1- егістіктің жапырақ алаңы (ЖА), мың м<sup>2</sup>/га; 2- фотосинтетикалық потенциал (ФП), млн. м<sup>2</sup> тәулік/га; 3- биомасса  $\Phi_{биол}$ , ц/га; 4- дән өнімі  $\Phi_{шар}$ , ц/га; 5- фотосинтездің таза өнімділігі ( $\Phi_{т.ө.}$ ) г/м<sup>2</sup> тәулік/га; 6- Кшар, %.

әлсіреуі нәтижесінде ассимиляттар сабақтар мен жапырақтардың өзінде жинақталады және де басқада теріс әсерін тигізеді. Нәтижесінде  $\Phi_{т.ө.}$  және Кшар,% көрсеткіштерінің деңгейі төмендейді (3 сурет)..

Орта бойлы күріш сорттары егістігіне оптимальды (N180P120 кг/га э.э.) мөлшерінде



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

тыңайтқыштар берілгенде агроценоздағы ең жоғарғы фотосинтетикалық әрекетке (қызметке) сәйкес ассимиляциялаушы жапырақ аппараты қалыптасады. Күріш егістігінде оптималды жапырақ алаңы және қуатты (үлкен) фотосинтетикалық потенциал қалыптасқан жағдайда көп мөлшерде биологиялық өнім (Өбиол, ц/га) синтезделіп жинақталады. Ал, бұл орта бойлы күріш сорттары егісінде жоғары дән өнімінің қалыптасуының алғы шарты. Мұндай жағдайда фотосинтездің таза өнімділігі (Ф<sub>тө</sub>, г/м<sup>2</sup> тәулік) бір өлшемге (деңгейге) артқанның өзінде дән өнімі күрт артады.

Атап айтқанда, күріш егістігіне берілген тыңайтқыштар дозасы артып, оптималды мөлшерде (N180P120 кг/га э.з.) жеткенде орта бойлы күріш сорттары (Кубань 3, Краснодарский 424, Маржан, Арал 202) агроценозында қолайлы деңгейде жапырақ алаңы (ЖА, мың м<sup>2</sup>/га), фотосинтетикалық потенциал (ФП, млн. м<sup>2</sup> тәулік/га) және биомасса (Өбиол, ц/га) құралады. Ал, күріш егістігіне N240P180 кг/га э.з. мөлшерінде тыңайтқыштар берілгенде Кубань 3 сорты агроценозында ЖА ұлғайып, 82,0-86,8 мың м<sup>2</sup>/га, Краснодарский 424, Маржан, Арал 202 сорттары егістігінде 90,8 мың м<sup>2</sup>/га деңгейіне жетіп, фотосинтетикалық потенциал 3,85-4,02 млн. м<sup>2</sup> тәулік/га болғанда фотосинтездің таза өнімділігі (Ф<sub>т.ө.</sub>, г/м<sup>2</sup> тәулік) төмендеп, дән өнімі азаяды. Мұндай агроценозда өсімдіктер жапырақтары бірін-бірі көлеңкелеп, қолайсыз ценодикалық әсерлердің туындауынан дән өнімі төмендейді.


Сонымен, орта бойлы және аласа бойлы, ірі жапырақты күріш сорттарының жоғары дозада (N240P180 кг/га э.з.) дән өнімділігінің төмендеуінің негізгі себептерінің бірі – қолайсыз агроценоз құрылымының қалыптасуы және Ф<sub>т.ө.</sub> төмендеуі салдарынан. Мұндай агроценоздарда өте жоғары жапырақ алаңы индексі (ЖАИ, 8-10 м<sup>2</sup>/м<sup>2</sup>) және үлкен, қуатты фотосинтетикалық потенциал (4,02 млн. м<sup>2</sup> тәулік/га көрсеткішінен жоғары) ФП қалыптасады. Аталған агроценозда (егістікте) жапырақ алаңының негізгі бөлігі биіктік бойынша төменгі 30-60 см қабатта орналасады. Мұндай жағдайда көрші, қатар өскен күріш өсімдіктерінің жапырақтары бірін-бірі көлеңкелеп, фотосинтез интенсивтілігі және өнімділігі төмендейді. Нәтижесінде жапырақтардың органикалық заттарды синтездеуші мүше ретінде ролі нашарлайды. Сонымен бірге, тыңайтқыштар жоғары дозада (N240P180 кг/га э.з.) берілгенде күріш дақылы биік болып өсіп (135-145 см), ертерек, дән сүттену-қамырлану фазасында жатып қалады да, толыспаған, семік дәндер саны көбейеді. Бұл жағдайда жалпы биомасса мөлшері артқанымен дән өнімі төмендейді әрі сапасы нашарлайды [1,2].

Күріш сорттары мен үлгілерінің агроценоздағы фотосинтетикалық әрекетінің дән өнімімен өзара байланыстылығын корреляциялық талдау нәтижелеріне қарағанда (4,5 суреттер), орта бойлы, жіңішке, тік жапырақты сорттары егістігінде дән өнімі (Өшар) мөлшері мен ЖА, ФП, Өбиол көрсеткіштерінің арасында күшті оң байланыс бар екені анықталды. Ал, орта бойлы, ірі жапырақты сорттары егістігінде дән өнімі (Өшар, ц/га) мен ФП, Өбиол көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланыс бәсеңдейді (нашарлайды). Яғни, тыңайтқыштар дозасы артқанда үлкен жапырақ алаңы (ЖА, мың м<sup>2</sup>/га) қалыптасады, бірақ бұл жағдайда дән өнімі (Өшар) мөлшері төмендейді.

Биіктігі, архитекtonикасы, пісу мерзімі әртүрлі күріш сорттары мен үлгілерінің фотосинтетикалық әрекеті көрсеткіштерінің өзара байланысын зерттеп талдау нәтижелеріне қарағанда (4,5,6 суреттер), фотосинтездің таза өнімділігі (Ф<sub>тө</sub>, г/м<sup>2</sup>тәулік) интегральды, жан-жақты көрсеткіш екені анықталды. Өйткені, Ф<sub>тө</sub> көрсеткіші биологиялық зат алмасу процестерімен, фотосинтездің интенсивтілігімен және жапырақ алаңы индексімен (ЖАИ, м<sup>2</sup>/м<sup>2</sup>), фотосинтез потенциалымен (ФП), өсіру технологиясын оптимизациялау, өсіп даму фазаларымен күрделі функциональды (әрекеттік) байланыста болатыны айқындалды.




Бұл процестерге техногендік, агроэкологиялық факторлар (мелиорация, тыңайтқыштар мөлшері, егістіктегі өсімдіктер тығыздылығы, қоректену алаңы, т.б.), экологиялық факторлар (топырақ құнарлылығы, тұздылығы, суару және жер асты суларының минерализациялануы, орта температурасы, т.б.), сорттардың биіктігі, архитектурасы, ЖА, ФП, Өбиол қалыптасу ерекшеліктері тікелей, жанама және өзара байланыста әсер етеді.



4 сурет. Қоректену алаңы мен тыңайтқыштар мөлшеріне байланысты күріштің жіңішке және ірі жапырақты сорттары мен үлгілерінің фотосинтетикалық қызметі көрсеткіштерінің арасындағы корреляция.

Белгілер: 1- бір өсімдіктің жапырақ алаңы (ЖА), см<sup>2</sup>; 2- егістіктің ЖА, мың м<sup>2</sup>/га; 3- фотосинтетикалық потенциал (ФП), млн. м<sup>2</sup> тәулік/га; 4- фотосинтездің таза өнімділігі, (Фт.ө., г/м<sup>2</sup>тәулік/га); 5- бір өсімдіктің құрғақ биомассасы (Өбиол, г); 6- егістіктің биомассасы (Өбиол, ц/га); 7-К<sub>ШАР</sub>, %; 8- дән өнімі Ө<sub>ШАР</sub>, ц/га.


Байланыстар: ——— оң күшті, ——— оң әлсіз, - - - теріс күшті, ····· теріс әлсіз.



5 сурет. Жоғары өнімді егістікте және оптимальды доза тыңайтқыш берілгенде күріштің орта бойлы, жіңішке жапырақты және ірі жапырақты сорттары агроценозының фотосинтетикалық процесстерінің типтері (түрлері).

Белгілер: 1- жапырақ алаңының қалыптасу қарқыны (ЖА, мың м<sup>2</sup>/га); 2- фотосинтети-калық потенциал қалыптасу қарқыны (ФП, мың м<sup>2</sup>тәулік/га); 3- дәннің толысу кезіндегі жапырақ алаңының биіктік бойынша орналасуы (ЖА, см<sup>2</sup>); 4- биомасаның құралу қарқыны (Өбиол, т/га), 5- дән өнімінің құралу қарқыны (Өшар, т/га); 6- күріш егісі арасындағы жарық мөлшерінің өзгеруі %; 7- өсу дәуіріндегі фотосинтездің таза өнімділігінің орташа мәнінің қарқыны (Фт.ө., г/м<sup>2</sup> тәулік/га); 8- масақтану кезеңіндегі фотосинтездің таза өнімділігінің орташа мәнінің қарқыны (Фт.ө., г/м<sup>2</sup> тәулік/га); 9- фотосинтездің шаруашылық тиімділігі (Кшар, %); 10- дән өнімі, т/га.

А, Б, В- бас сабақтағы жалау жапырақтың, 2-ші және 3-ші жапырақтардың ұзындығы (а, см), ені (б, мм); Г, Д, Е- жанама сабақтағы жалау жапырақтың, 2-ші және 3-ші жапырақтардың ұзындығы (а, см), ені (б, мм).



6 сурет. Фотосинтез және күріш агроценозы өнімділігі.

Сондықтан,  $F_{тө}$  және дән өнімі ( $\Theta_{шар}$ , ц/га) көрсеткіштері арасында тікелей байланыс жоқ екені анықталды. Дегенмен, дән өнімі мөлшері мен  $F_{тө}$  ( $г/м^2$  тәулік) көрсеткіші арасында белгілі деңгейде байланыс бар. Атап айтқанда, жоғары өнімді агроценозда және тыңайтқыштар дозасы оптимальды ( $N_{160-180P_{120}}$  кг/га э.з.) болып, күріш егістігіндегі жапырақ алаңы (ЖА, мың  $м^2/га$ ), фотосинтетикалық потенциал (ФП, млн.  $м^2$ тәулік/га), биомасса ( $\Theta_{биол}$ , ц/га) жоғары, бірақ қолайлы мөлшерде болғанда  $F_{тө}$  көрсеткішінің 5,18-6,03  $г/м^2$ тәулік деңгейінен 6,71-8,05  $г/м^2$ тәулік деңгейіне дейін артуы күріш сорттарының дән өнімін күрт арттырады [1,2,3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жайлыбай К.Н. Күріш. Алматы: Ғылым.- 2015.- 351 б. 2.  
 Жайлыбай К.Н. Фотосинтетические и агроэкологические основы высокой урожайности риса. Алматы: Бастау. 2001.- 256 с. 3. Жайлыбай К.Н.  
 Фотосинтез и продуктивность высокоурожайных сортов риса (*Oryza sativa* L.) в агрофитоценозе //Вестник с.-х. науки Казахстана. 2006, № 1.- С.9-12. 4. Ничипорович  
 А.А.,Строганова Л.Е.,Чмора С.Н.,Власова Г.П. Фотосинтетическая деятельность растений в посевах. М.: Изд-во АН СССР. 1961.- 132 с.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### ҒАРЫШТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР

### THE ENVIRONMENTAL PROBLEMS OF SPACE

Садыкова Дамежан Әділханқызы

ж.ғ.м., аға оқытушы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Алматы қаласы

Дәутбек Алан Нұрланұлы

студент 3 курса специальности

Математическое и компьютерное моделирование

Международный Университет Информационных Технологий

Әділхан Қуаныш Маратұлы

Специальности - Технологические машины

Казахский Агротехнический университет им

С.Сейфуллина

Астана, Қазақстан Республикасы

Sadykova Damezhan

Master of Science, senior lecturer

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

damelia\_71@mail.ru

Dautbek Alan

Researcher International Information Technology University Almaty, Kazakhstan

dautbekov07@gmail.com

Adilhan Kuanis

Researcher S. Seifullin Kazak Agrotechnical University

Astana, Kazakhstan

**Түйіндеме:** Мақалада ғарыш кеңістігі, ғарыш кеңістігінің экологиялық проблемалары, алдын алу шаралары туралы мәселелер қарастырылған. Ғарыш кеңістігінің экологиялық мәселелерін шешудегі әлемдік іс-тәжірибелер мен жобаларын пайдаланудың салыстырмалы әдістері мен оларды тиімді пайдаланудың жолдары көрсетіледі.

**Кілттік сөздер:** астероид, комета, ғарыш зымыраны, спутник, экология, гарпун, техногендік.

**Abstract :** The articles of outer space, space environmental issues, issues of prevention measures is provided. Space and environmental projects addressing issues of global practices and comparative methods and how to use them effectively.

**Keywords:** asteroid, comet, space rocket, satellite, ecology, harpoon, man.

Ғарышты игеру әлемдік ғылыми - техникалық дамудың негізгі өнімін айқындайды. Ғарыштық қызмет және оның ғылыми-өндірістік базасы әмбебап заңдылықтар мен даму үрдістеріне бағынатын ғаламдық экономиканың табиғи қызмет ететін саласына айналып отыр.

Ғарышты игеру және ғарыштық қызмет қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың барлық салаларындағы сарқылмас әрі үздіксіз дамып отыратын инновациялық технологиялар көзі болып табылады. Сондықтан ғарыш қызметінің дамуына



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

әлемдік экономикадағы көптеген өндіріс пен қызмет салалары тікелей байланысты болады. Осыған орай жыл сайын ғарыш қызметі мен ғарышты игеруге байланысты шаралар мемлекеттер мен олардың бірлестіктерінің ғана емес, сондай-ақ трансұлттық корпорациялардың да назарын аударып отыр.

Ғарышты игеру бағытында ғарыш қызметінің табысы 1990-шы жылдардың ортасында 77 млрд. АҚШ долларын құраған және ғарыш өндірісі әлемдегі миллионнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз ететін әлемдік экономиканың ірі, коммерциялық тартымды құрамдас бөлігіне айналған. Ғарыштық қызметтерге деген сұраныстың артуы әлемнің аэроғарыштық саланың дамуына әсер етеді. 2005 жылы 1999 жылмен салыстырғанда оның орташа жылдық табысы 93,3% өскен, яғни өсім 168,2 млрд. АҚШ доллары, 2006 жылы - 220 млрд. АҚШ долларын құраған. Қазіргі кезде әлемдік ғарыш нарығы 10% пайыздан асатын жыл сайынғы табысты көрсетіп отыр, ал 2007 жылдың соңындағы деректер бойынша нарықтың жиынтық көлемі 251,16 млрд. АҚШ долл. құраған. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша 2012 жылы ғарыш саласының жалпы әлемдік бюджеті кемінде 73 млрд. доллар болған екен. Сонымен қатар, түрлі ғарыштық өнімдер мен қызметтерден түсетін табыс шамамен 300 млрд. долларға жетіпті. Тағы бір дерек ғарыш саласына салынатын әрбір доллар кемінде 5-6 доллар пайда әкелетінін алға тартады. Ендеше, бұл саланың келешегі кемел [[www.inform.kz:8080/kaz/article/2671394](http://www.inform.kz:8080/kaz/article/2671394) 23 Маусым 2014]. Талдау көрсетіп отырғандай, 1997–2007 жж. аралығында коммерциялық ғарыштық ұшырулар нарығында өсіп отырған бәсекелестік сұраныстың артуымен орны толтырылды. Кейінгі 10 жылда спутниктерді геостационарлық орбитаға белсенді түрде шығарумен байланысты ұшыру нарығы секторын біршама кеңейту жүзеге асырылады. Өткен онжылдың ішінде әлемдік ғарыш нарығының дамуы әлемнің барлық аймақтарын қамтыды, және де жаңа ғарыштық бағдарламалар әзірлеу, ғарыштық қызметке жаңа мемлекеттердің кіруі, соның нәтижесінде бәсекелестіктің табиғи күшеюі ғарыштың коммерциялық потенциалын арттырып, жаңа технологиялық әзірлемелерді дамыта отырып оларды қолданудың жаңа салаларының дамуын біршама арттырды.

Euroconsult 2007 жылға арналған талдамалық есеп деректері бойынша ғарыштық қызметке белгілі бір шамада 79 мемлекет қатысқан. Сондай-ақ бұлардың ішінен өздерінің ұлттық ғарыштық (азаматтық және әскери) бағдарламаларын белсенді әрі мақсатқа лайық дамытып отырған, меншікті ғарыштық аппараттары бар, коммерциялық негізде белгілі бір ғарыштық қызметтер көрсететін, халықаралық ғарыштық жобаларға белсенді түрде ат салысатын 30 мемлекетті ерекше атауға болады.

Оларға: Солтүстік Америка (АҚШ, Канада), Латын Америкасы (Бразилия, Аргентина), Батыс Еуропа (Франция, Италия, Германия, Ұлыбритания, Австрия, Бельгия, Дания, Финляндия, Ирландия, Нидерланды, Норвегия, Португалия, Испания, Швеция, Швейцария), Орталық Еуразия (Ресей, Украина), Таяу Шығыс және Африка (Израиль), Азия (Жапония, Үндістан, Қытай, Австралия, Оңтүстік Корея, Тайвань, Малайзия, Вьетнам).

Ғарыш кеңістігін игеру адамзат үшін маңызды мәселе болғанымен антропогендік іс-әрекеттен ғарыш кеңістіктердегі қоқыстардың көбеюі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ғарыш кеңістігінде адамзаттың зерттеу жұмыстарын жүргізумен бірге әртүрлі қоқыс қалдықтардың қалыптасуы Күн сәулесіне, ғарыштық құбылыстардың қалыптасуына кері әсерін тигізуде. Сонымен бірге климаттың өзгеруі мен әлемдік экологиялық мәселелердің пайда болуына әсерін тигізуде.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

Соңғы 54 жылда адамдар бірінші техногенді аппараттарды ғарышқа ұшыра бастады, соның салдарынан ғарышта 1200 әртүрлі көлемдегі нысандар пайда болды. Барлық нысандар бастапқыда берілген қызметтерін орындамағандықтан атмосферада жарылып әртүрлі қоқыстардың пайда болуына әсер етті. Оларды ғалымдар «ғарыштық қоқыс» деп атайды [Урсул А. Д. *Экологические перспективы и космонавтика.— Земля и Вселенная, 1976, N 2, с. 32.*].

Атмосфераға жыл сайын жүздеген тонна әртүрлі заттар түсуде, оның көпшілігі Жерге жетпей жанып кетеді. Кейбір нысандар атмосфера қабатынан өтіп Жерге түсуі мүмкін. Ғарыш кеңістігінде қоқыстың элементтері үнемі бір-бірімен және әуе аппараттарымен соқтығысады. Қоқыстың көпшілігі – зымырандардың және ғарыш кемелерінің жарылу салдарынан пайда болды. Осыған орай Жер ғаламшарын айнала қоршаған қоқыстардан қорғау, ғарыш кеңістігінің тазалығын сақтау бағытында дамыған және дамушы мемлекеттер жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы алдын алу бағыттарын қарастырылуда. Ғарыштық экологиялық мәселелерді шешу бағытында әлемдік деңгейдегі әртүрлі мемлекеттердің ұсыныстары мен жобаларын айқындау, экологиялық талдау әдістері және басқа ғылыми болжау әдістері арқылы алдын алу шаралары нақтыланды [Акишин А. И., Новиков Л. С. *Воздействие окружающей среды на материалы космических аппаратов. М., Знание, 1983*].

Қазіргі таңда ғалымдар ғарышты зерттеу арқылы қоқыстарды ғарыштан алып тастау керек деп тұжырым жасауда. Орбитада зымыран қоқыстары аз болу үшін ғарыштық әмбебап платформаларды құруды ойластырып отыр.

Ресей Федерациясы ғарыштық қоқыстың шағын бөлшектерін алып тастау және жобаларды дамыту үшін «Құпия» жұмыс істейтін мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталықтарын ашты. Барлық зертханалар жаңа ақпараттық технологиялар мен жабдықталған. Ғылыми орталықтың ірі жобаларының бірі- энергияның үзінділерін сіңіретін үлкен көбікті шар. Басқа жоба бойынша қоқысты лазер сәулесі арқылы сәулелендіру жоспарлануда. Осыдан 10 жыл бұрын, ұялы байланыс арқылы ақпарат ағымын болдырмайтын құрылғы – супрессора ғана ұялы даму сатысында болды. Бүгінде, олар барлық жерде бар. Кезінде ғалымдардың қиялында болған ғарыштық қоқыс жинаушы бүгінде іске қосылуға дайын. Олардың біріншісі 2011 жылдың соңына жоспарланған.

Сонымен бірге ғарыштағы қоқыстармен күресу бағытындағы Британдық инженерлердің арнайы гарпундық жүйені өңдеп жасауы туралы мәселелер айқындалды. Қоқыс қалдықтары ғарыш зымырандарына шынайы қауіп төндіруде, себебі орбиталық қоқыстар жылдан жылға қарқынынды өсуде. Ғалымдардың пікірінше арнайы ғарыштық аппаратына орналасқан гарпун өте жақын қашықтықта ғарыштық қоқысқа қосылады. Қалдық бөлшектер орбитада жойылып кетуі, олардың Жер атмосферасында жанып кетуі қажет. Қазіргі таңда зертханаларда Astrium UK-да гарпунға тесттік бақылаулар жүргізілуде.

Практикалық тәжірибеде ғарыштық қоқыстарды жою орбитадан шамамен 600 км шамасында жүргізілуде. Зерттеу жұмыстары мен бақылауды ұйымдастыруда Ресей және АҚШ мемлекеттерінің мүмкіншіліктері жоғары. Олар жерге жақын ғарыштық кеңістікті бақылай алады. Бақылау нәтижелері де ғарыштық қоқыстардың Жер ғаламшарын айнала ұшып жүргендіктерін нақтылайды. Ғалымдардың есебі бойынша, қазіргі таңда Жер айналасында, әртүрлі орбитада 19 мың әртүрлі «ғарыштық қоқыс» шамамен 10 см.





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Олардың арасында мөлшері кіші қоқыстарда бар, олар өте қауіпті келеді, себебі оларды табу, яғни жою өте күрделі.

Ресей тұңғыш рет экологиялық таза зымыранды ғарышқа ұшырмақ. Жоспар бойынша, 27 маусымда Плесецк ғарыш айлағынан соңғы үлгідегі «Ангара» зымыраны ғарыш кеңістігіне аттанады деп, «Россия-24» телеарнасы хабарлады. Зымыранға орнатылған РД-191 қозғалтқышы улы гептилмен емес, оттегі мен керосин негізінде жұмыс істейді. Демек, «Протоннан» әлдеқайда қауіпсіз. Ғарыш айлағы маңындағы аумақтарға экологиялық қауіп төнбейді. «Роскомос»-тың өкілі «РИА Новости» агенттігіне берген сұхбатында соңғы үлгідегі «Ангара» зымыранының іске қосылуы Ресейге өз аймағынан ғарышқа кез келген жер серіктерін шығаруға мүмкіндік туғызады [[www.bayterek.kz/kz/info/space\\_activities](http://www.bayterek.kz/kz/info/space_activities)].

Бастапқы кезеңде «Ангара» зымырандары Плесецк ғарыш айлағынан ұшырылады. Ал, болашақта Сібірдегі «Восточный» ғарыш айлағынан ұшыру көзделген. 2017 жылы экипажбен басқарылатын «Ангара» ғарыш кемесін аттандыру жоспарланып отыр. Қорытындылай келгенімізде ғарыштық қоқыстарды жою, экологиялық тиімді жолдарын жан-жақты қарастыру, ғарыш аймақтарын қорғау, қалпына келтіру, алдын алу мәселелері болашағымыз үшін өте маңызды деп санаймыз.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Федоров Е. К. Экологический кризис и социальный прогресс. Л., Гидрометеоздат, 1977.
2. Урсул А. Д. Экологические перспективы и космонавтика.— Земля и Вселенная, 1976, N 2, с. 32.
3. Advances in Space Research, 1982, v. 2, N 3.
4. [www.bayterek.kz/kz/info/space\\_activities](http://www.bayterek.kz/kz/info/space_activities)
5. [[www.inform.kz:8080/kaz/article/2671394](http://www.inform.kz:8080/kaz/article/2671394) 23 Маусым 2014].
6. Осипьян Ю., Регель Л. Становление физики невесомости.— Правда, 1985, 12 ноября.
7. Акишин А. И., Новиков Л. С. Воздействие окружающей среды на материалы космических аппаратов. М., Знание, 1983
8. Новиков Ю.В. Экология, окружающая среда и человек. М., «ФАИР-ПРЕСС», 2003.
9. Асқарова, Ұ. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау : оқу құралы / Ұ. Б Асқарова.- Алматы: Заң әдебиеті, 2004.- 89, [1] б.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ БАСҚАРУ ҰСТАНЫМДАРЫ

### PRINCIPLES OF MANAGEMENT OF SOCIAL AND PEDAGOGICAL TRENDS IN EDUCATION DEPARTMENT

Педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор Халитова И.Р.  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті,  
Педагогика ғылымдарының кандидаты  
Садықова М.К.  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
аға оқытушы Райымкулова С.К.  
Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын  
№2 Қарғалы арнаулы гимназиясы

Professor, Doctor of pedagogical science Halitova I.R.  
Abai kazakh national pedagogical university  
Candidate of pedagogical science  
Sadykova M.K.  
Kazakh state women's teacher training university  
makha\_63@mail.ru  
Raimkulova S.K.  
senior lecturer of special school Kargali №2  
The Republic of Kazakhstan, Almaty city  
saule.raimkulova@mail.ru

**Түйіндеме:** Бұл мақалада білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагогикалық процесті басқарудың ұстанымдары туралы мәселелер қарастырылған.

**Тірек сөздер:** әлеуметтік педагогика, әлеуметтік-педагогикалық процесс, басқару, басқару ұстанымы, әлеуметтік-педагогикалық процесті басқару, әлеуметтік-педагогикалық іс- әрекет, басқару, әлеуметтік педагог.

**Abstract:** This article is viewing principles of management of social pedagogical process in educational organization.

**Keywords:** social pedagogics, social and pedagogical process, management, managements of social and pedagogical actions, managements of social pedagogics, social and pedagogical process, actions, managements, social teacher.

Әрқандай оқу-тәрбие мекемесі өз алдына шағын қоғам іспетті. Оның мүшелері оқушы және оқытушы, тәрбиелеуші және тәрбиеленуші, білім алушылар мен ұстаздардан құралатын қауым. Ондағы жекелеген тұлғалардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, көзқарасы, пікірі, мінез-құлқы, арман мақсаты мен мұраты бар. Әр мекеменің мемлекет тарапынан қойылған талаптары мен заңдар негізінде түзілген жарғысы, ереже қағидасы болады.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Ғылыми әдебиеттерде көбінесе әлеуметтік үрдістер жайлы айтылады. Біздің қарастыратын мәселеміз - әлеуметтік- педагогикалық үрдістер. Бұған кейбір анықтамалар берілгенімен, түбегейлі зерттелмеген және ол үрдістерді басқару мәселесі енді ғана қолға алынып келеді. Бұл мақалада біз әлеуметтік-педагогикалық үрдіс, әлеуметтік-педагогикалық үрдісті басқару, оқу –тәрбие мекемелеріндегі әлеуметтік педагогикалық үрдістерді басқару ұғымдарына анықтама беріп, оның құрамын айқындап, оны басқару ұстанымдары және олардың маңызын ашып көрсетпекшіміз.

Әлеуметтік үрдістердің ұғымдары – әлеуметтік құрылым және оның элементтері жайында: А.Г.Романовский осы элементтер арасындағы әлеуметтік байланыстар[1]; Е.А.Подольская әлеуметтік аумақта[2] өзгермейтін объекті мен субъектілер жоқ, мәдени кешендер өзгереді, топтардың құрамы, Г.И.Козырев олардың арасындағы өзара байланыстар да өзгереді[3], П.Штомпка әлеуметтік байланыстар өзгереді[4] - деп атап өтеді. Бұл өз кезегінде қоғамның өзгеруіне алып келеді, оның саясатына, өмір салтына, мысалы төңкеріске дейінгі қазақтың өмір салты мен төңкерістен кейінгі, кеңес дәуірі кезіндегі және қазіргі т.с.с.

Педагогика ұстанымдары, оның ішінде оқыту мен тәрбие ұстанымдары, әлеуметтік жұмыс ұстанымдар, басқару ұстанымдары әр түрлі қырынан қарастырылған. Басқару нысаны– объектісі, субъектілері, мазмұны, формалары, әдістері мен ұстанымдары, педагогикалық үрдіс және оны басқару отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Біз көтеріп отырған мәселе, оқу–тәрбие мекемелеріндегі әлеуметтік–педагогикалық үрдістер және оларды басқару ұстанымдары. Мақала осыны қарастырады.

Басқару – жүйені реттеу, жетілдіру және дамыту мақсатында оған ықпал ету, сапалық ерекшеліктерін сақтап қалу үшін істелетін әрекеттер. Жалпы қоғамды әлеуметтік басқарудың құрамды бөлігі. Басқару теориясы XIX-XX ғғ.аралығында қоғамдық талаптардан туындап, ғылым мен техниканың дамуына алып келді, өз кезегінде материалдық өнімдер мен бизнеске зор ықпал етті.

Қоғамды ғылыми тұрғыда басқару теориясын Ф.Тейлор, Г.Форд, Г.Эмерсон, А.Файоль, Э.Мэйо т.б. ғылыми менеджмент негізін қалаушылар жасаған. Мысалы, Анри Файол басқару – бұл болашақты танып білу, оны болжау және соған сәйкес бағдарлама түзу; ұйымдастыру – бұл кәсіпорынның қабат материалдық және әлеуметтік құрылымын жасау; билік ету - кәсіпорын қызметкерлерін іске қосу; келісім -күш біріктіру, іс -қимылды байланыстыру, тұтастыру; бақылау – барлығы белгіленген тәртіп пен ереже және айтылған биліктің дұрыс орындалуын байқастыру, - деп жазды. Өткен ғасырдың 80 –жылдарынан бастап басқару белгілі үрдіске қатысушыларға жоспарлы, мақсатты түрде ықпал ету түрінде болды. Сөйтіп басқару - басқарылу жүйелері, бағынушылар мен басқарушылар арасындағы мақсатты жоспарлы ықпалдастық арқылы белгіленген сапалық нәтижеге қол жеткізу немесе көздеген мақсатты іске асыру деген пікірдеміз.

Басқару жайлы келтірілген танымал мектептердің басты пікірлері мынадай: американдық менеджмент-құлшыныс(инициатива), жоғары деңгейдегі кәсіпқойлық, жігерлілік (решительность), іскерлік пен өзін ұйымдастыру; Жапонияда –әр қызметкерге қамқорлық, ынтымақтастық, жетілуге ынтықсын арттыру, ішкі үйлесімділік, өндірістің әлеуметтік қауіпсіздігі; француздық менеджмент- ұйымдастыру мәдениетіндегі ізгілік, өзара байланыстардың жоғары деңгейдегі мәдениеті; ұлт тарихынан қазіргі басқару жүйесіне қажетті мәдениет, дәстүр ерекшеліктеріне тиесілі тұстарын тауып ендіру;

Басқарудың ұлттық ерекшеліктерін ескеретін төмендегідей жалпы тәсілдері бар:

- тұлғаның жеке әлеуетінің ашылуына жағдай қалыптастыру;



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

- адамның мүддесі, сұрау талаптары мен үмітін айқындау;
- адамның тырысып еңбектенуі нәтижесінде өз қажеттіктерін қамтамасыз етуіне жағдай туындату;

- басқарудың демократиялы, қалыпты, икемді әдіс тәсілдеріне ұмтылу;

Оқу- тәрбие мекемесіндегі әлеуметтік- педагогикалық үрдістерді басқару жалпы менеджменттің негізгі ұстанымдарына табан тірейді:

- мақсатты көздеу және бірізділік;
- жарыстыру және шешім қабылдауға орындаушыларды тарту;
- ғылымилықтың басқару өнерімен ұштасуы;
- қызметтегі кәсіпқойлық пен іс-әрекеттегі әмбебаптық арасындағы байланыс;
- орталықтан реттеу мен өзіндік басқарудың ұтымды тұтасуы;
- қызметкерлердің жеке ерешеліктерін ескеру;
- әр желіде құқық пен жауапкершіліктің бірлігін қамтамасыз ету;
- бірізділік пен үздіксіздік;
- бақылау және үйлестіру іс-қимылдары;
- тұлғаралық мәміле, топтық құлықтардың заңдылықтарын ескеру;
- білім мекемесінің әкімшілігі, бір жағынан басқару субъектілерін біріктірсе, екінші жағынан, өзінен жоғары тұрған басқару орындары үшін объект болып саналады. Мысалы, белгілі бір педагогикалық университет әкімшілігі өз қызметкерлері басқару міндетін атқарса, тағы бір жақтан ол білім министірлігінің объектісі болып табылады.

Мемлекеттік басқару ғымы қоғамның барлық салаларына тиесілі бола тұрып, соның ішінде білім саласына да қатысты. Бұл саланы басқару мемлекет тарапынан заң түрінде белгіленген ұстанымдарды негізге алады. Бұл ретте жалпы басқару ұстанымдары екі топқа бөлінеді: біріншісі- әлеуметтік құқықтық, екіншісі- ұйымдастырушылық.

Әлеуметтік құқықтық ұстанымдарға төмендегілер кіреді:

- орталықтан басқаруды демократияландыру;
- ұлттардың теңқұқылығы;
- жоспарлы басқару;
- басқару ісіне көпшіліктің қатысуы;
- басқаруда заңды неізге алу;

Ұйымдастыру ұстанымдары:

- өкілеттік пен қызметтегі айқындық және дифференциация ұстанымы;
- құзыреттеліктегі жауапкершілік ұстанымы;
- аумақтық салааралық және салалық басқаруды ұштастыру ұстанымы;
- жоғары басқару орындары мен оған тәуелді орындар арасындағы өзара байланыс пен атқарушылық ұстанымы;
- коллегиялық пен басқарушының тұтастығы және коллегияның басшылығы ұстанымы;

Қазақстан Республикасында білім саласын басқару құқықтық негізде бекітілген мемлекеттік Заңдарға сәйкес іске асырылады. Білім туралы Заңда инклюзивті мектеп туралы мәселе көтеріліп, онда дене мүмкіндігі шектеулі жастар мен балалардың қатар білім алуына, тәрбиеленуі мен дамуына жаңаша көзқарас қалыптастырып, оларды қатарға қосу мәселесіне назар аударылды.

Кез келген мекеменің қызметінде қателіктер болуы мүмкін, бірақ олар заң талаптарынан аспауы тиіс. Басқару кезінде кейбір қателіктердің кетуі де заңдылық, мысалы, құқық бұзушылық белгілерін көрсетуге болады: жекелеген азаматтардың заңды мүддесіне,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

мемлекетке, қоғамға қайшы істер; заңға қайшы келетін әрекеттер, мысалы, жерге, еңбек қатынастарына, қаржыға т.б. қатыстылары әкімшілік жауапкершілікпен қорғалатындар; кінә тағу жасалған іс қасақана, не болмаса байқамай істелсе де; жазалану бойынша әкімшілік жауаптылығы заңмен белгілеп көрсетілген т.б. Әлеуметтік педагогтар өз қызметінде қаперде тұтатын және күнделікті жұмыс барысында ұстануы тиіс бірқатар ережелер де анықталды, олар педагогтардың әлеуметтік этикалық құзыреттілігі ретінде белгіленді:

- қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік - этикалық құндылықтарды білуі және өзінің кәсіби қызметінде соларға сүйенуі ;
- қызметкерлердің этика нормаларын сақтауы, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын игеруі;
- Қазақстан халықтарының дәстүрі мен мәдениетін білуі;
- әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне төзімділікпен қарауы;
- Қазақстан Заңнамасының және құқықтық жүйесінің негіздерін білуі;
- Қоғамның әлеуметтік дамуының тенденцияларын білуі;
- түрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс бағыт ұстана білуі;
- командада жұмыс істеуге қабілетті болып, өзінің көзқарасын қорғай біліп, жаңа шешімдер ұсына білуі;
- келісімге келіп, өз пікірін ұжым пікірімен байланыстыруы керек;
- кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылуы керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [5] (Астана 2010), Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 ж. арналған бағдарламасында[6], «Қазақстан – 2050» стратегиясында, Еңбек қоғамына 20 қадам құжаттарындағы және басқа да басқару мәселелеріне арналған еңбектерде басқару ілімінің негізгі ұғымдары, ұстанымдары мен жалпы теориясы қарастырылған. Осылардың барлығына негіздей келе оқу-тәрбие мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық үрдісті басқару ұстанымдарын төмендегіше анықтадық:

- 1) Шешім қабылдаудан бұрын оны көпшілік педагог қауымның назарына ұсыну арқылы, талқылау және шешімді барлығының қолдауына негіздей отырып шығару;
- 2) Оқу-тәрбие мекемесіндегі жұмыстың тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз ету үшін басқарудың барлық әдіс- тәсілдерінің сабақтастығын ескеру;
- 3) Стратегиялық мақсатқа қол жеткізу жолында жекелеген әлеуметтік педагогтың іс әрекетінің басқалардың да қимыл әрекеттері мен сабақтастығына мән беру;
- 4) Әлеуметтік педагогикалық үрдістерді басқаруда оның ғылымилығын назарға алу. Мұнда мемлекеттік құжаттар мен әлеуметтік педагог, әлеуметтік психолог және басқа да ғалымдардың еңбектерін, тарихи тәжірибелерді негізге алу;
- 5) Әлеуметтік педагогикалық үрдісті басқаруды болжау(прогноз). Бұл басқару іс- әрекетінің барысын, нәтижеге жету үшін таңдалған іс-шаралардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.
- 6) Оқушы жастар мен балалардың бойындағы түрліше ауытқуларды реттеуде оқу әрекетінің тәрбиелік ықпалын тиімді пайдалану үшін ынталандыру(стимул) шараларын қолдану;
- 7) Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік педагогикалық үрдісті басқаруының нәтижелілігіне жауапкершілігін арттыру. Бұл әлеуметтік педагогтың жалғыз өзінің ғана жауапкершілігімен шектелмейді. Сондықтан оқу-тәрбие мекемелеріндегі барлық субъектілерінің күш біріктіруімен қамтамасыз етіледі;
- 8) Мекемедегі әлеуметтік педагогикалық үрдістің тиімділігі. Бұл мекеме ұжымының ниеттестігі, кез - келген мәселені шешуде басшылықтан бастап барлық педагог қауымның,



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

оған қоса отбасы және жекелеген оқушының өзінің күш біріктіруімен ғана қол жеткізуге болатындығымен ерекшеленеді;

9) Басқару объектісі мен субъектісі, олардың арасындағы ықпалдастықтың жүйелілігі. Бұл - әлеуметтік педагогтың қолданатын барлық шараларының бірізділігі, объектінің ерекшеліктерін ескеруі, әдіс - тәсіл, технологиялардың бір құбылыстың тараптары ретінде қабылдануы мен олардың мақсат - міндеттерге сәйкестігімен қамтамасыз етіледі.

10) Басқару іс-әрекетінде қолданатын әдістер, тәсілдер, технологиялардың қарапайымдылығымен түрлерінің көп және оңтайлы болуы. Әлеуметтік педагогикалық үрдістер қаншалықты күрделі болса да оны басқару әрекетінің қарапайым және жеңіл, оңай жүзеге асатындай болуымен қамтамасыз етіледі.

11) Кері байланыстың сөзсіз орнауы. Бұл бастапқы ахуал мен алынған нәтижені салыстырмалау арқылы анықталады. Нәтижеде кемшіліктер мен жеткіліксіз тұстары айқындалады, болашақ әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің бағыт - бағдарын пайымдауға мүмкіндік береді.

12) Басқаруда ізгілік пен адамгершілік қағидаларының ескерілуі. Әлеуметтік педагог ұстанатын ережелер мен қағидаларды меңгеру және оны практикада ескеруімен қамтамасыз етіледі.

Келтірілген әлеуметтік-педагогикалық үрдістерді басқару ұстанымдарын қамтамасыз ету тетіктері өзгеше зерттеуді қажетсінеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Романовский А.Г. Основы теории управления социальными системами/ 2001. 325с., с.23-39
2. Подольская Е.А. Управление социальными процессами: Учеб. пособие для студентов, обучающихся по специальности. – Социология (заоч. -дистанц. форма обучения) / Е. А. Подольская; Нар. укр. акад. [Каф. социологии]. – Х.: Изд-во НУА, 2007. – 208 с., с.38.
3. Козырев Г.И. Социальные процессы и изменения / Г. И. Козырев // Социол. исслед. – 2005. – № 3. – С.113–119
4. Штомпка П. Социология социальных изменений. Москва. -1996. 237 с. с.144
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. - Астана. - 2010.
6. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 ж. арналған бағдарламасы.- Астана.-2010



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАЛАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ PATRIOTIC UPBRINGING OF CHILDREN IN THE FAMILY

п.ғ.к., Сайдахметова Лаззат

п.ғ.к., Қоңырбаева Сараш

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Алматы қаласы

оқытушы Садыкова Марияш

№24 Степное орта мектебі Қордай, Жамбыл облысы Қазақстан Республикасы

associate professor Saydahmetova Lazzat

associate professor Konyrbayeva Sarash.

Kazakh State Women's Teacher Training University Almaty, Kazakhstan

lecturer Sadykova Mariyash

№24 Stepnoe secondary school Korday, Zhambyl region Kazakhstan

saydahmetova72@mail.ru

**Түйіндеме:** Мақалада отбасы жағдайындағы бала тәрбиесі және оларды отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу мәселелері қарастырылған.

**Кілттік сөздер:** отбасы, отбасы тәрбиесі, тәрбие процесі, патриоттық тәрбие, отаншылдыққа тәрбиелеу, ата-ананың рөлі

**Summary:** This article is viewing child's education in family and the problems of child's education in nationalism and patriotism.

**Keywords:** family, family education, educational process in a family, patriotic education, a role of parents

Қазақстан Республикасының халыққа білім беру жөніндегі заң негіздерінде оқыту мен тәрбиелеудің басты принциптері: оқыту мен тәрбиенің бірлігі, балалар мен жастарды тәрбиелеудегі мектептің отбасы мен жұртшылықтың өзара ынтымағы, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің өмірмен байланысы. Бастауыш сыныптардағы тәрбие жұмысының нақты мазмұны мен методикасы осы принциптердің негізінде жасалады.

Отбасы - адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Себебі: адам баласы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Кәмілеттік жасқа толғаннан кейін де өзі отбасын құрып бөлек шықпайынша, туған ата-анасының қол астында, қамқорлығында болмақ. Демек, отбасы – негізгі қамқорлық мектебі.

Балаларды тәрбиелеу - өте күрделі, нәзікте жауапты іс. Әрбір тұлғаның тәрбиесі отбасынан басталады. Әрине отбасы белгілі бір ұлт өкілдерінің ошағы. Ондағы тәрбие сол ұлттық игі іс әрекеттер арқылы әдет ғұрыпқа айналып, ол әдеп болып негізделеді.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

“Тәрбие бала дүниеге келген сәттен басталады” деген сөздің жаны бар. Бесік жыры, ана әлдиін естіп өскен, халық дәстүрінде тәрбиеленген баладан туған халқын сүйетін дінін, тілін құрметтейтін мейрімді де, тәрбиелі азамат өсіп шығары анық.

Бүгінгі мектептердегі жүргізілетін тәрбиенің негізгі мақсаты да, мектептегі оқушының жас ерекшеліктеріне қарай құндылықтар маңызын санасына сіңіріп, осыған байланысты тәрбие түрлерін анықтау.

*Педагог оқушыларды оқыта және тәрбиелей жүріп баланың қалай дамып келе жатқанын, оның түрлі қылықтарына түрткі болған себептерді ұдайы талдап отырады. Баланы тәрбиелеу, оның жеке бастық қасиетін қалыптастыру күнделікті өмірдің әр күнінде жүзеге асырылады. Баланың дамуына ықпал жасайтын факторлар өте көп. Балалармен тәрбие жұмысын жүргізгенде олардың бәрін ескерген жөн.*

*Егемен еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Қазақ халқының өмірінде тәрбие жеке отбасының ғана мұраты болған емес, ұрпақ болашағы ежелден ортақ мүдде деп түсінілген. Біздің болашағымыз – өсіп келе жатқан жас өскіндер мен жас өспірімдер. Жас ұрпақ ел-тірегі, ертегіміздің кепілі деген сөз бар. Әсіресе, баланың эстетикалық, көркемдік талғамын ұштап ұлттық тәрбие беруіміз керек. Тіл ана сүтімен бала бойына дарып, мектеп атты ұяда дамып жетіледі. Онсыз бала мәңгүрт болып елін-жерін сүймейді. Сусыз құрғақ жерге, таса көлеңкелі жерге дән тастағанмен өнбейтін сияқты, жас баланы біліммен сусындатып, бағып – күтпесек, көкірегін ашып, тәрбие бермесек өспейді, өнбейді. Баламен тіл табысып, оның бойына білім ұрығын себетін басты тұлға – ұстаз. Ұстазы білімді болса ғана, осы ұлы мақсатқа - егеменді терезесі тең елге айналуға мойын бұрамыз. Қай қоғамда болсын, ұрпақ тәрбиесін алатын орны ерекше. Білім негізі бастауышта қаланады десек ұрпақ тәрбиесі алдында бастауыш сынып мұғалімдерінің жауапкершілігі орасан зор. Күнде өзгеріс болып жатқан бүгінгі таңда халқымыздың арғы бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларымызды біліп, қастерлеп, бүгінгімізбен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру әрбір мұғалімнің азаматтық парызы.*

Бүгінгі мектеп табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршін - ол ертеңгі қоғам иесі. Сондықтан оқытудың алғашқы сатысынан бастап, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, халықтық педагогиканы нәрлі қайнармен сусындату үшін ұстаздар қауымы ғасырлар бойы қалыптасқан педагогикалық шеберліктің, тәжірибенің негіздерін дұрыс қолдана білуі тиіс.

Баланың өмір тәжірбиесі аз, сондықтан оған айтатын ақыл-насихат, өнеге-өсиет, әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәні бар болу керек. Ұрпағымызды ана тілін ардақтауға, ұлтымызды сақтауға, көтеруге, қазіргі өмірге қолдануға қолайсыз, тіпті теріс тәрбиелейтін қасиеттерден сақ болуға, ақылға қонымды сөздер айту арқылы баланы тәрбиелейді және санасын арттырады. Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені әр адам – өз заманының баласы. Сол себептен адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Қай қоғамда да тәрбие жөнінде талай ойшыл – педагогтар адам бойындағы теріс қылықтар мен жаман мінез-құлықтар әлеуметтік құрлыстың кемшіліктерінен туады... халықтың экономикалық тұрмыс жағдайларын, тіршілік – күйін өзгерту керек, сонда адамның өзінде өзгереді, – деп тұжырымдаған. Сондықтан “туа жаман жоқ, жүре жаман бар”, “Заман түзелсе, жаман түзеледі”, – деп халық педагогикасы тәрбиенің заманға, қоғамға оның материалдық, рухани байлығына тәуелді екенін дөп басып жеткізген.





## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

KAZNU

Жас адамды есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден бір парызы. Өйткені “Ес түзелмей, ел түзелмейді” олай болса, егеменді еліміздің болашағы отбасында тал бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарына есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілетін.

Оқушыларға жан-жақты білім, тәрбие беру мектеп атаулының басты міндеті орта, жоғары оқу орындары мен мектептен тыс мекемелер жүйесінде білім беру және тәрбие мақсатын жүзеге асыру үдерісін тұтас педагогикалық үдеріс немесе оқу тәрбие үдерісі деп атайды.

*Білім беру мен тәрбие міндеттерін толық шешу үшін сабақ үстінде әрбір тақырып бойынша оқуды тәрбиемен үйлестіріп өткізу – оқу-тәрбие процесінің басты шарты.*

Тәрбие процесі – бұл күрделі диалектикалық процесс. Тәрбие процесі әруақытта динамикалық (қозғалысты) жылжымалы болады. Сондықтан педагогикалық ықпал бір балаға жағымды, ал екінші балаға теріс ықпал етеді. Осыған байланысты тәрбие процесінде жөн. Қазіргі педагогикалық теорияда тәрбие әдісі ұғымы әліде жете зерттелмеген мәселелердің бірі. Өйткені бұл жөнінде әртүрлі көзқарастардың бар екені байқалуда. Бұған көптеген авторлардың тәрбие әдісіне берген анықтамалардың өзі-ақ дәлел бола алады.

Оқу-тәрбие үдерісін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды олар өзара тығыз байланысты. Тәрбиені күнделікті сабақта оқушының бойына сіңіреміз. Оқу мен тәрбие егіз. Ұстаз бастауыш сыныпта әрі мұғалім, әрі сол сыныптың жетекшісі. Бала шыбық, қалай исең солай майысады, оны тәрбиелеп, мінсіз азамат етіп жеткізудің кілті бірінші – ұстаз, екінші – ата-ана. *Аса көрнекті педагог В.А. Сухомлинский адамгершілікті, мейірбандықты, қайырымдылықты тәрбиелейтін шын мектеп - отбасы дейді. Мұғалім оқушыларға күнделікті сабақта тәрбиені бойына сіңіреді. Баланың қалай болып өсетіні ары бар және адал қызметкер жақсы адам, жер бетіндегі жақсылық атаулы үшін күрескер болып шығатыны немесе ұсақшыл, өзімшіл тіпті ашықтан - ашық адам зұлым адам болып өсетіні көп ретте мұғалімнің балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістеріне байланысты.*

*Ата-ана баланы халықтық салт-дәстүрлердің отбасында сақталуына жол беріп, дәріптеп отырғаны жөн. Отбасылық қуаныштарда, ағайын туыспен араласқанда, құда-жекжат шақырысқанда, ұлттық және діни мерекелерді тойлағанда жол-жоралғы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің орындалуына мән бергені жақсы. Баланың ұлттық құндылығымыз бен мәдениетімізге құрмет қалыптастырудың бірден-бір жолы: ата-ананың баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап, туған-туыс, ел-жұрт, халық, ұлт, туған жер, Отан, Қазақстан, мемлекеттік ту, әнұран, елтаңба сияқты ұғымдарды терең түсініп, құрметпен қарауға үнемі насихаттап отыру. Сондай-ақ, діни ұғымдарға да түсінік беріп, имандылық негіздерін отбасында ұғындыру шарт.*

*Отбасы иелері талапты тек балаға қоюмен шектелсе, тәрбие ісі жемісті бола алмайды. Ата-ананың жауапкершілігі бәрінен биік болмақ. Сондықтан ата-ана басты талапты өздеріне қойғандары жөн. Баланың білім мен тәрбие алуына, қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауы үшін әрбір ата-ана педагогикалық әдіс-тәсілдерге сүйенгені дұрыс.*

Мектеп оқушыларының басты іс-әрекеті - білім алу, танымдық мүмкіндіктерін арттыру, қабілеттерін дамыту. Бұлармен бірге қоғамдық іс-шараларға белсенді қатынасуы, өзіне қызмет етуі, үй шаруасына көмектесу секілді іс-әрекеттер бар. Ұстаздар мен ата-аналар басқа да ересек адамдардың басты міндеті осыларға отаншылдық сипат беру. Басқаша айтқанда оқушының жеке басының мүддесін ұлттық, отан, мемлекет, халық мүддесімен ұштастырып отыру. Бұл ретте, А.Кенжалин мысалға келтірген немістердің 11 қағидасының негізінде үлгі



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



**IKSAD**

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

**KAZNU**

жасап, негізге алу бүгінгі күні отаншылдыққа тәрбиеле мен отбасындағы ата-ананың тәрбие барысындағы өзекті мәселесін шешуге көмектесер еді. Біз мұны, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып былайша жүзеге асыру ықтимал деген ойдамыз:

1. Мына қағиданы жаттап ал! Береке-бірлік пен өзін-өзі білуге ұмтылу әр қазақ ұстанатын басты идея болуы керек.
2. Береке-бірліктің басы өз-ара ана тілінде сөйлеу: отбасында, сыныптас, дос жолдастарыңмен қазақша сөйлес;
3. Балалар мен жастар мұзыкаға құмар: өз жан дүниенді қазақ музыкасымен байытуға ұмтыл;
4. Басқаларға еліктеме, өз салт-дәстүріңді ұстан. Ол: үлкендерге ізет құрмет, кішіге мейрімді болудан басталады.
5. Ұлттық сипат отбасынан басталады, қазақстанда шыққан шайді, қазақша кесеге құйып іш, үйдегі ит, мысық, папугай т.б. жануарларға қазақша ат қой.
6. Өз ұлтыңның тарихын, әдебиетін оқып үйренуге ұмтыл. Ол әлемдегі ешбір халықтың тарихы мен мәдениетінен кем емес, тіпті, кейбір тұстары артық.
7. Өзіңнің қазақ ұлтының өкілі екеніңді ұмытпа. Жақсылықты алдымен қазаққа істе.
8. Жақсы оқып білімді болуға, әр нәрсені үйреніп, өнерлі болуға әрекеттен, бұл алдымен өз басына одан соң отбасына, одан барып халқыңа, отаныңа пайда.
9. Телевизор, радиодан қазақ тіліндегі хабарларды көріп, тыңда.
10. Қазақ халқы ұлы мәдениетке ие ежелгі халық, бұқпантайлап қорықпай, жасқанбай еңсенді биік ұста.

Бұдан басқа да көптеген қағидалар шығаруға болады, біз оның кейбіреулерін ғана келтірдік. Сынып жетекшілері мен ата-ана осыларды балаларға түсіндіріп, балалардың өз ойларын тыңдап, толықтырулар енгізе отырып, сынып бұрышына жазып іліп қойғаны абзал.

Осы қойылған талаптарды орындаудың өзін бейбітшілікте әр тұлғаның отаншылдығын көрсететін уәзіні деп қарауға болады.

### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі:***

1. Жұмадуллаева А.А. Отбасы некелік тәрбие негізі –Алматы: Нұр прес. 2008. -146 б.
2. Ковалев С.В. Психология семейных отношений. –М: Педагогика, 1987. -159б.
3. Қоңырбаева С.С. Жастарды отбасылық өмірге даярлаудағы этномәдени құндылықтар мәселесі // ҚПҒА хабаршысы -2012. № 5. - 51-56 б.
4. Қоңырбаева С.С. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылық сапарлар // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. -2010. N5-6. -59-61 б.
5. Кенжалин Ж. Ұлт туралы ойлағанда //Ақиқат. 2007. N7, -19-27б.



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

### ЗАМАНУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ МЕДИАОРТАНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

### FEATURES OF THE MEDIA CENTRE DEVELOPMENT OF THE MODERN INFORMATION SOCIETY

PhD Таженова Г.С.  
аға оқытушы Тәжен Қ.П.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы.  
М.Х.Дуллати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы  
Оқытушы Сейтова Ирина  
Досмухамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті

PhD Tazhenova G.S  
senior lecturer Tazhen K.P.  
Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan  
Taraz State Pedagogical University  
Taraz, Kazakhstan  
Lecturer Irina SEYTOVA  
Dosmukhamedov Atyrau State University  
karakulovagulsara@bk.ru

**Аннотация:** В статье раскрывается важность формирования у студентов медиакомпетентности при работе студентов со СМИ, чтобы получить всестороннюю подготовку на их пути к формированию теоретической и прикладной медиакомпетентности.

**Кілт сөздер:** Медиаорта, ақпарат, қоғам, заманауи, жаһандану

**Abstract:** The article deals with importance of formation of students' media competence when dealing with the media to receive comprehensive training on their way to formation Theoretical and Applied media competence.

**Keywords:** Media, globalization, information, society, modern,

Бүгінгі таңда сырттан келетін ақпаратқа тосқауыл қою өте күрделі және оны шектеудің өзіндік қиындықтары бар. Әрі сырттан келетін ақпаратқа тыйым салу арқылы проблеманы шешу мүмкін емес. Қоғамның маргиналдануына бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы көп. Жаһандану заманында бір жағынан ақпаратты кедергісіз алатын қоғамның орнауы заңдылық деп табылса, екінші жағынан, жастардың ақпарат тасқынының кері ықпалынан сақтандыру, антигумандық ақпараттар ағынынан өзін - өзі қорғай алу дағдыларын қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады.

Осы ретте, мәнмәтінде ақпараттық қоғамның маңызды сипаттамаларын, елімізде ақпараттық қоғамның даму кезеңіндегі медиаортаның қалыптасу факторларын және қазіргі



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

жағдайдағы медиакөшіліктегі студент тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық аспектілерін талдау мәселесі туындайды.

«Ақпарат» термині ғылыми айналымға түспей тұрып, коммуникация құралдарының қарқынды дамуы - қазіргі заманның таңбалау мағынасына ауыспастан, көп бұрын пайда болған. Философия өз кезегінде, ақпараттың біріне-бірі қарсы – атрибутивті және функционалды екі тұжырымдамасын қалыптастырды. Атрибутистер ақпаратты материя атрибуты ретінде жіктесе, ал функционалистер ақпаратты тек күрделі, өздігінен құрылатын жүйелердің қызмет етуімен байланыстырады. С.Н. Данилин бұл екі тәсілдің де толық еместігін көрсетіп: «Ақпарат – қоршаған ортадағы өмір сүру немесе көрініс формасына қарамастан, ол кез келген объектілер мен үрдістердің, құбылыстар немесе оқиғалардың сандық және сапалық шамасы» деп тұжырым жасайды[1].

Е.П.Тавокин, ақпарат табиғатының екі жақтылығын анықтап, оның объективті әлем құбылыстарының, үрдістерінің көрінісі ретінде идеалды болғанымен, материалды объектілер арқылы: белгілер, дыбыстар және т.с.с. арқылы берілетінін, оның пайда болуының (көрінуінің) ең маңызды шарты – белсенді (өзін-өзі ұйымдастыратын) субъектінің өзара әрекетіне қатысуы екеніне тоқталады. Оның көпшілікке ұсынған анықтамасында: «Ақпарат – ол субъектінің басқа субъектінің (-тердің) қабылдауына арналған нақты немесе идеалды дүниенің белгілі бір фрагменттерін саналы немесе санасыз көрсетуінің материалданған нәтижесі» деп тұжырымдаған[2]. Бұл анықтамалар, өз кезегінде «ақпарат» категориясын әрі қарай талдау және оны университет студенттерінің медиақұзіреттілік тақырыбы бойынша зерттеулерінде қолдану үшін негіз болады.

Ақпарат өздігінен тұтынушыға жете алмайды, сондықтан осы саналы көріністің материалданған нәтижесін беруге қабілетті белгілі бір технологияларды қажет етеді. 1962 жылдың өзінде-ақ, Маршалл Маклюэн «Гутенберг галактикасы: баспамен айналысатын адамның қалыптасуы» деген кітабында, коммуникациялық технологиялар (көбіне жазу және кітап басып шығару) қоғамдағы когнитивтік үрдістерді ұйымдастыруға қалай әсер ететініне жауап беруге тырысқан. М. Маклюэннің пікірі бойынша, бұқаралық ақпарат құралдары өздігінен олардың мазмұнына (контентіне) қарамастын, зерттеу объектісі болуы керек. Бұқаралық ақпарат (коммуникация) құралдары қоғамға ең алдымен мазмұнымен емес, оның басқа бұқаралық ақпарат құралдардан ерекшеленетін сипаттамасымен ықпал ететіні негізгі идея болып табылады.

Маклюэннің өркениет даму кезеңдерін төмендегідей көрсетуге болады:

*а) алғашқы жазуға дейінгі мәдениет – байланыстың ауызша түрі мен өмірдің ұжымдық түрінің қағидаларына, қоршаған ортаны қабылдауы мен түсінуіне негізделген ақпаратты беру;*

*ә) жазба- баспа мәдениеті («Гутенберг галактикасы») – табиғилық пен ұжымдық даралықты ұжымды тарату және детрайбализациямен ауыстырған дадактизм және национализм дәуірі;*

*б) «жаһанды ауылдың» қазіргі кезеңі – әлемді аудио-визуалды, көп шамалы қабылдауды және ұжымдылық табиғи қабылдауды тудыратын, бірақ жазба-баспа қатынас тілін редиотелевизиялық және желілік бұқаралық ақпарат құралдарымен ауыстыру арқылы - жаңа электрондық негізде қабылдау [3].*

Ғылыми басылымдар, аналитикалық шолулар, ақпараттық қоғамның даму мәселелеріне арналған мақалаларда, осы саладағы ірі мемлекеттік және мемлекетаралық бағдарламалардың басталу мерзімі ретінде 1993 - 1994 жылдар көрсетіледі. Бірінші кезекте



ол У.Дж. Клинтон мен А. Гордың (ақпан 1993 ж.) Меморандумында ресми жарияланған американдық «Ұлттық ақпараттық инфрақұрылым» құру бойынша бастамасы және 1994 ж. желтоқсан айында ЕО Комиссиясы бекіткен еуропалық «Ақпараттық қоғам» тұжырымдамасы (Information Society - IS).

Қоғам өмірінің әртүрлі салаларын компьютерлендіру мен ақпараттандырудың технологиялық және әлеуметтік салдарының тереңдігі мен ауқымын ескере отырып, оларды кейде компьютерлік немесе ақпараттық төңкеріс деп те атайды. Бұдан басқа, батыстық қоғамдық-саяси ой, мақсаты ғылыми-техникалық прогресстің жаңа кезеңі – компьютерлік және ақпараттық төңкеріс тудырған ең жаңа құбылыстарды түсіндіру болып табылатын «ақпараттық қоғам» деп аталатын тұжырымдаманың әртүрлі нұсқаларын ұсынды. Қазіргі кезде Батыстық қоғамдық-саяси көзқарастарда 70-жылдары постиндустриалды қоғам теориясы алған орынға біртіндеп жылжып барады.

Постиндустриалды қоғам теориясын ұсынған жетекші зерттеушілердің бірқатары, соның ішінде Д.Белл, қазіргі уақытта ақпараттық қоғам тұжырымдамасының қолдаушысы ретінде көрінеді. Д.Белл үшін ақпараттық қоғам тұжырымдамасы постиндустриалды қоғам теориясын дамытудың өзіндік жаңа кезеңі болып отыр. Сондай-ақ, Д.Беллдің пікірінше, ақпарат пен басты рөлде компьютер ойнайтын білімді ұйымдастыру мен өңдеудегі төңкеріс – постиндустриалды қоғам деп атайтын мәнмәтінде дамиды [4]. У. Мартин ақпараттық қоғамның негізі сипаттамаларын келесі критерийлер бойынша төмендегідей бөліп, қарауды ұсынады:

*технологиялық* (негізгі фактор — өндірісте, мекемелерде, білім жүйесі мен тұрмыста кеңінен қолданылатын ақпараттық технология);

- *әлеуметтік* (ақпарат өмір сапасын өзгертудің маңызды ынталандырушысы ретінде болады, ақпаратқа кеңінен қолжетімдік болған жағдайда, «ақпараттық сана» қалыптасады және бекиді);

- *экономикалық* (ақпарат - ресурс, қызмет, тауар, қосалқы құн мен жұмыс бастылық көзі ретінде экономикада негізгі факторды құрайды);

- *саяси* (халықтың әртүрлі таптары және әлеуметтік топтары арасындағы өсіп келе жатқан қатысулар және консенсуспен сипатталатын саяси үрдіске әкеліп соғатын ақпарат еркіндігі);

- *мәдени* (жеке индивидтің немесе жалпы қоғамның дамуы үшін ақпараттық құндылықтарды бекітуге ықпал ету арқылы ақпараттың мәдени құндылығын мойындау).

Бұл орайда У.Мартин, коммуникация ақпараттық қоғамның негізгі элементі болып табылатындығына баса назар аударады. Автордың пікірінше, ақпараттық қоғамды - өмір сапасы әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық даму перспективалары сияқты (үдемелі түрде) ақпарат пен оны пайдалануға тәуелді болатын қоғам ретінде анықтауға болады. Осындай қоғамда өмір стандарттары, еңбек пен демалыс формалары, білім жүйесі мен нарық, ақпарат пен білім саласындағы жетістіктердің айтарлықтай ықпалында болады.

Ақпараттандыру мен компьютерлендіру адамдардан компьютерленген қоғамның жағдайлары мен шындығына бейімделуді және оған қоғамда лайықты орынды қамтамасыз ететін жаңа дағдыларды, жаңа білім мен жаңа ойды талап етеді. Сондықтан, У.Мартиннің ақпараттандыру қоғам мүшелерінің барлығында дерлік жеке деңгейінде, ұйымдасқан деңгейінде, жұмыс орнында, тұрмыста да өмір салты мен сапасына ықпал етеді,- деген ойымен келіспеуге болмайды. Ол жақсы болса да, жаман болса да, тұтас қауымдастар өмірін тек өзгертіп қана қоймайды, сонымен бірге, ол адамдар арасындағы қатынастар мәнмәтінің өзін қайта құруға ықпал етеді, - дейді автор [5].



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

Заманауи ақпараттық қоғамның коммуникациялық кеңістігі құрылатын техникалық құралдарды белгілеу және сипаттау үшін, «бұқаралық ақпарат құралдары» ұғымы пайдаланылады. Оған ХХ ғасырдың негізгі коммуникациялық құралдары болған теледидар, радио, пресса жатады, солар арқылы кәсіби журналистер ақпарат дайындап, таратқан болатын. Алайда, жаңа техникалық құралдың – компьютердің, сондай-ақ, Интернеттің пайда болуы - бұқаралық коммуникацияның қалыптасқан жүйесіне маңызды өзгерістер енгізді. Ол өзінің үйреншікті институционалды құрылымдарының шегінен шығып кетті. Мысалы, ұялы байланыстың пайда болуы индивидтің тұлғааралық коммуникациясы үшін де (телефон), сондай-ақ бұқаралық (радио тыңдау) коммуникациясы үшін де пайдаланатын құрылғысының пайда болуына әкеліп соқты. Яғни, дәстүрлі «бұқаралық коммуникация» және «бұқаралық ақпарат құралдары» ұғымдарымен беріле алмайтын және тұжырымдалмайтын техникалық құралдар пайда болды.

«Медиа» ұғымы коммуникативтік техникалық құралдар қызметін талдаудың бейтарап векторын білдіреді. Онда «бұқаралық» ұғымымен байланысты көп мағыналы коннотация жоқ, ол электрондық коммуникативтік құралдардың дербестендіру жағына қарай дамуы жағдайында ерекше маңызды болып табылады.

М. Маклюэн коммуникацияның әртүрлі құралдарын білдіру үшін қолданылатын «media» терминін ең бірінші болып пайдаланғандардың бірі. Ғалым заманауи қоғамға (атап айтқанда, балалар аудиториясына) теледидар сияқты коммуникация құралының ықпал ету әсерін сәуегейлікпен айтқан болатын. М.Маклюэннің: «The Medium is the message» («Хабарды беру құралының өзі (медианың) хабарлама болып табылады») деген атақты цитатасы, ғалымның хабарлама болып табылатын медиамәтіндер әртүрлі қабылдануы мүмкін, деген пікірін айтарлықтай анық білдіреді [6].

Сонымен, *алғашқы медиа*, адам тілі, ым және мимика сияқты тура коммуникацияны беру формалары болып табылады. *Екінші медиа* деп, техникалық тасымалдаушылар қолдау көрсететін ақпаратты жанамалау формаларын түсінеді. Ол, мысалы, кітап, суреттер, фрескалар, фотографиялар болуы мүмкін.

Дегенмен, коммуникативтік мазмұндағы өнімді («хабарламаны») жіберуші тарапынан техникалық құрал қажет (қалам, қарындаш, баспа білігі, кисть, бояу және т.б.). Қабылдаушы тарапынан хабарламаны алу үшін («оқу» үшін) шифрден шығаратын қосалқы құралдың қажеті жоқ. Бірде техникалық тасымалдаушылар жазып алған осы екінші медиалар өздігінен тасымалдаушысыз да қабылдана алады.

*Үшінші медиа* қабылдаудың техникалық жүйесі, техникалық тасымалдаушы, берудің техникалық жүйесі, көрсетудің техникалық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте хабарламаны жіберушіге де, алушыға да техникалық құрылғылар, құралдар қажет болады. Үшінші медиаларға, мысалы, теледидарды, радионы, CD, DVD және мультимедиялық-қосымшалар деп аталатын құрылғылар жатады.

Техникалық типологиямен қатар, Х. Бонфаделли ұсынғандай, «медиа» ұғымының мәнін қолдану бойынша да ажыратуға болады. Х. Просс берген жіктеуді Бонфаделли, *медианың* адами белгі жүйесін сақтау мен тасымалдау үшін жарамды барлық адамдық артефактілер мен техникалық құралдарды қамтитын техникалық ұғымы ретінде қарастырады («Коммуникативтік арналар»).

*Ол медианың семиотивтік ұғымы, мысалы,* коммуникологияда (коммуникативистикада) ол тапқан бір немесе бірнеше белгі жүйелері («Кодтар») арқылы



## AL-FARABI 1<sup>st</sup> International Congress on Social Sciences

May 11-14, 2017 Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines



IKSAD

www.iksad.org

kongreiksad@gmail.com

www.iksadkongre.org

KAZNU

